

НАРХОЗ Университеті

ӘОЖ 338.43; 631.162

Қолжазба құқығында

**БЕРДИМУРАТ НАЗИМГУЛЬ**

**Мал шаруашылығы өнімдерінің калькуляциясы және  
шығындарының басқару есебі (қолдану әдіснамасы)**

6D050800 – Есеп және аудит

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші  
э.ғ.д., профессор Тайгашинова К.Т.  
Шетелдік ғылыми кеңесші:  
э.ғ.д., профессор Чайковская Л.А.

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2016

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</b> .....	3
<b>АНЫҚТАМАЛАР</b> .....	4
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР</b> .....	5
<b>КІРІСПЕ</b> .....	7
<b>1 БАСҚАРУ ЕСЕБІН ТЕОРИЯЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК ДАМУЫ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ</b>	
1.1 Басқару есебін дамыту және жетілдіру негіздері.....	12
1.2 Жайылымдық мал шаруашылығындағы басқару есебінің теориясы мен әдіснамасы.....	22
1.3 Басқару есебіндегі сапа мен бәсекеге қабілеттілікті басқару негіздері.....	33
<b>2 МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ ӘСЕРІ</b>	
2.1 Асыл тұқымды мал шаруашылығының жағдайы мен дамуы және жайылымдық мал шаруашылығының басқару есебіне тигізетін ықпалы.....	45
2.2 Жайылымдық мал шаруашылығының дамуы және оның есепке тигізетін ықпалы .....	56
2.3 Жайылымдық мал шаруашылығы асыл тұқымды қасиеттерінің зоотехникалық-басқару есебін құру.....	70
<b>3 ШЫҒЫНДАР ЕСЕБІ МЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗА ӨНІМ ӨНДІРУ КАЛЬКУЛЯЦИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ЕСЕБІНІҢ МЕХАНИЗМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ</b>	
3.1 Экологиялық таза өнімді өндірумен байланысты шығындар есебінің жаңа объектілерін ұйымдастыру аспектілері.....	89
3.2 Басқару есебінде экологиялық таза өнім өндірісін ұйымдастыру мәселелері .....	101
3.3 Жайылымдық мал шаруашылығын экологияландыру, экологиялық таза өнім өндірісі шығындарының басқару есебі, калькуляция әдістері.....	115
3.4 Экологиялық таза өнім өндірісі шығындарының есебі мен калькуляциясы.....	135
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	148
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	156
<b>ҚОСЫМШАЛАР</b> .....	167

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл жұмыста мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

Ауыл шаруашылығы» 41 ХҚЕС Халықаралық қаржылық есептілік стандарты - 2006 ж.

Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспары. «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234-III ҚР Заңына сәйкес әзірленген.

Қазақстан Республикасының Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы 1998 жылғы 9 шілдедегі № 278-1 Заңы (2015.27.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Қазақстан Республикасының Мал өсіру туралы 2001 жылғы 14 желтоқсанда өзгерістер енгізілген 1998 жылғы 09 мамырдағы № 278-1 Заңы.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Мал шаруашылығы департаменті туралы» ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2001 жылғы 06 қарашадағы № 350 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының Жер кодексі 2008 жылғы 05 шілдеде енгізілген өзгерістермен 2006, 2003 жылғы № 442-II.

«Азаматтар мен заңды тұлғаларға жер теліміне меншік құқығын, жермен тұрақты пайдалану құқығын беру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 сәуірдегі № 402 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын бекіту туралы» 2007 жылғы 28 мамырдағы № 185 бұйрығы.

«Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234-III Заңы. 2007 жылғы 01 қарашадағы «Қазақстандағы құқық» модулі.

Бухгалтерлік есепті жүргізу ережесі. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2007 жылғы 22 маусымдағы № 221 бұйрығы, 28с.

«Малдың денсаулығы туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-II Заңы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Малдың арасында туберкулез бен бруцеллездің таралуын бақылау бағдарламасын қабылдау туралы» 1999 жылғы 09 наурыздағы № 215 қаулысы.

«Мал дәрігерлік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңы.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Ұлттық қаржы есептілігінің стандарты № 1. «ФБ-ға қосымша» № 30 (330) 2007 жылғы шілде – 3-б.

## АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертацияда тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады:

**Шығындар** – бұл кіріс алу мақсатында өндіріс шығынының пайда болуымен байланысты активтердің азаюы немесе міндеттемелердің ұлғаюы.

**Еттің өнімділігі** – көптеген көрсеткіштерге байланысты, оған малды ұстап, өсірген кездегі өнімнің мөлшері, тірідей салмағы, малды сойғанда алынатын өсім, малдың биологиялық толыққандығы мен күйлілігі ескерілген оның сапасының сипаттамасы кіреді.

**Негізгі өндіріс** – өнім өндірісінің тікелей үдерісі жүзеге асырылатын, сатуға арналған жұмыстар орындалатын, қызметтер көрсетілетін өндіріс.

**Кірістер** – субъектінің негізгі және негізгі емес қызметінен алынған, ҰҚЕС-қа сәйкес танылып, есептелетін оның жиынтық жылдық кірісін құрайды. Кіріс өнім немесе «Биологиялық активтерді» сатудан, шаруашылыққа тиесілі активтерді пайдалануға беруден алынуы мүмкін.

**Шығыстар** – мал шаруашылығының сатылған өнімінің толық өзіндік құнына кіретін шығындардың жиынтығын білдіреді.

**Калькуляция** – шығындарды топтастыру тәсілі және өнім мен қызметтердің бірлігінің өзіндік құнын есептеу.

**Калькуляциялау** – алынған өнімнің немесе «Биологиялық активтердің», малдың өзіндік құны анықталатын есептеу жүйесі. Осы өндіріс тұрғысынан алып қарағанда даяр деп саналатын өнімнің кез-келген түрі немесе орындалған жұмыстар мен қызметтер калькуляциялау объектісі болып табылады.

**Бағалау** – шаруашылық құбылыстарды ақшалай өлшемде көрсету тәсілі. Бағалау мөлшері есептелетін объектілерді жасауға немесе сатып алуға жұмсалған еңбек, материалдық шығынының мөлшерімен анықталады.

**Түгендеу** – мүлік пен міндеттемелер жөніндегі бухгалтерлік есеп деректерінің олардың нақты жәй-күйіне сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп әдісі. Түгендеу – бұл жылдық есеп жасаудың алдында жүргізілетін даярлық жұмысы.

**Негізгі шығындар** – өнім өндірісінің, мысалы, мал шаруашылығының негізгі операцияларын жүргізу кезінде жұмсалады.

**Тікелей шығындар** өнімнің (жұмыстың, қызметтің) осы түрінің өндірісімен тікелей байланысты (жем-шөп, тұқым, материалдар, жартылай фабрикаттар, жұмысшыларға еңбекақы төлеу) және осы өнім түрінің (жұмыстың, қызметтің) өзіндік құнында ескеріледі.

**Үстеме шығын** – бұл өндіріске қызмет көрсету мен оны басқаруға жұмсалатын шығын.

**Шығын баптары** – бұл құрамына жем-шөп, тұқым, барлық жұмысшылардың еңбекақысына жұмсалатын шығын, жұмсалған материалдық құндылықтардың құны, негізгі құрал-жабдық объектілерінің амортизациясы,

материалдық емес активтердің құны, сақтандыру төлемдері, үстеме шығындар және т.б. кіретін баптар.

**Кешенді шығындарға** элементтік топтар (жалпы өндірістік, келешектегі кезеңдердің шығындары және т.б.) кіреді.

**Өндірістік қорлар** – бұл еңбек құралдары, мысалы, мал шаруашылығында бір өндірістік циклда тұтынылатын, өзінің құнын жаңадан жасалатын өнімге толықтай көшіретін жем-шөп.

**Өнім сату** - бұл төлемді есеп айырысу шотына толықтай аударған немесе қолма-қол ақша төлеген сатып алушыға жөнелтілген дайын өнім немесе мал, жұмыртқа.

**Өнімнің өзіндік құны** – өнім өндірісі мен оны сатуға жұмсалған ақшалай нысандағы шығын.

**Дайын өнім** – өндірістік үдерістің соңғы өнімі, мысалы, мал шаруашылығында малдың тірі салмағының өсімі, жүн, сүт және т.б.

**Әділ құн** – «Ауыл шаруашылығы» № 41 ХҚЕС-да белгіленгендей жақсы мәліметі бар, операция жасауға келіскен тәуелсіз тараптар арасында операция жасалғанда актив айырбастауға және міндеттемені өтеуге болатын немесе берілген үлестік құралды айырбастауға болатын сома.

**Жем-шөп** – бұл мал мен құсты ұстап, жемдеуге арналған активтер.

**Биологиялық активтер** – «Малдар» – мал өсіріп, оны ұстаумен байланысты мал шаруашылығында малдар тобының түрлері .

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ABC - функционалдық шығындарды талдаудың ерекше нысаны (Activity Based Costing)

АӨК – агроөнеркәсіп кешені

БӘС – бірыңғай әлеуметтік салық

ІҚМ – ірі қара мал

ШПО – шығын пайда болған орыны

ҚЕХС – Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарты

ҚЕҰС – Қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттары

ҚҚС – Қосылған құн салығы

ЖӨШ – жалпы өндірістік шығындар

ЖШШ – жалпы шаруашылық шығыстары

НҚ – Негізгі құрал-жабдық

ҚР – Қазақстан Республикасы

ТМД – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы

ТДШ – Тасымалдау-даярлау шығындары

РЖЖ - Рұқсат етілетін жайылымдық жүктеме

ҒӨО – Ғылыми-өндірістік орталық

ТКЖ – Тауарлық-көліктік жүккұжат

АШМ – Ауыл шаруашылық министрлігі

МШ - Мал шаруашылығы

ЕМК - Еншілес мемлекеттік кәсіпорын

ДСҰ – Дүниежүзілік сауда ұйымы

ЕЭҚ – Еуропалық экономикалық қауымдастық

АР – Автономдық Республика

ДК – Дербес компьютер

БҰҰ – Біріккен ұлттар ұйымы

ШЖО - Шаруашылық жауапкершілік орталықтары

ТМФ - Табысқа жетудің маңызды факторлары

ӨҚШ - Өзіндік қосалқы шаруашылықтардағы

ҒЗИ - Ғылыми зерттеу институты

БҒЗИ - Бүкілодақтық ғылыми зерттеу институты

«ҚазақМШЖЖӨ ҒЗИ» - Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми зерттеу институты)

## КІРІСПЕ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Аграрлық саланың заманауи бизнес-үдерісінде елеміздегі мал шаруашылығының дамуы күмән тудырмайды.

Қазақстан «Агробизнес - 2020» бағдарламасының аясында жайылымдық мал шаруашылығын дамытуға ерекше назар аударды. Мал шаруашылығында малды жайылымда немесе қорада бағамыз. Малды қысы-жазы қораға қамап ұстаумен, салыстырғанда жайылымда бағу тиімді болады. Өйткені жайып баққан мал өнімі өтімді, сапалы, өзіндік құны төмен, эпидемиялық аурулармен көп ауыра бермейді. Бүгінгі күні, жайылымдары бар шалғай жерлерде жайылымдық мал шаруашылығының өсуі мен дамуы маңызды рөлді атқарады. Сонымен бірге, ірі және орта фермер шаруашылықтарымен мал шаруашылық өнім сапасының стандарттарын қамтамасыз ету жолында жайылымдағы малдардың асыл тұқымды мал басын өсіруді дамыту мен жетілдіру әрекеті өте маңызды. Жайылымдағы малдардан деликатес өнімді алатынымызды ескеретін болсақ, халықтың аталған өнімге деген сұранысы да тұрақты түрде өсіп отырады. Сол сияқты, елімізде жайылымдық мал шаруашылығының дамуы, шығындардың басқару есебі мен өнімнің өзіндік құнын есептеу механизмін құру қажеттілігін тудырды.

Осыған орай, заманауи жағдайларда жайылымдық мал шаруашылығында басқару есебін құру өзектілігі күмән тудырмайды.

Жайылымдық мал шаруашылығындағы басқару есебі жылқы шаруашылығын, түйе шаруашылығын, етті бағыттағы ІҚМ, қой шаруашылығын қамтиды.

**Тақырыптың ғылыми зерттелу деңгейі.** Келесідей ресейлік ғалымдардың еңбектері басқару есебінің механизмін құруға арналған: В.Ф.Палий, А.П.Варава, М.А.Вахрушина, Г.И.Гринман, А.А.Данилан, В.Б.Ивашкевич, Т.П.Карпова, В.Э.Керимов, И.А.Ламыкин, А.Д.Ларионов, Ф.А.Мишин, О.Е.Николаева, Н.К.Никольский, М.З.Пизенгольц, С.А.Щенков, А.Ш.Маргулис, Л.А.Чайковская және т.б.. Басқару есебін дамытуға ерекше үлес қосқан шетел ғалымдары: Х.Андерсон, А.Апчерч, Ч.Гаррисон, Э.Гарке, Ш.Датар, К.Друри, Дж.Никольсон, Б.Нидлз, М.Р.Матьюс, Ж.Ришар, М.И.Рорбах, Д.Колдзул, Р.Каплан, Ч.Т.Хорнгрен, Дж.Фостер, Р.Энтони, Дж.Рис және басқалары. Бұл бағытта келесідей қазақстандық ғалымдардың еңбектерін атап өтуге болады: Н.Г.Белов., К.К.Кеулимжаев, Ж.Н.Айтжанова, К.Ш.Дюсембаев, М.С. Ержанов, К.Н. Нарibaев, В.К.Радостовец, С.С.Сатубалдин, А.А.Сатмұрзаев, С.Д.Тажибаев, К.Т. Тайгашинова, Г.К.Тулешова, Е.Т.Тулегенов, С.Т.Миржакипова және т.б. Басқару есебінің теориясы мен әдіснамасының белгілі бір дәрежеде зерттелгендігіне қарамастан, біздің ойымызша, ғалымдар мен тәжірибешілер басқару есебінің даму жолындағы «қайнар көзінің тарихы» сияқты мәселені зерттемеген. Сонымен қатар, осы уақытқа дейін «жайылымдық мал шаруашылығындағы экологиялық таза өнім өндіру шығындарының басқару есебінің механизмін құру ерекшеліктеріне» қатысты ғылыми зерттеулер жүргізілмеген. Жайылымдық

мал шаруашылығы Қазақстанда жайылым жерлердің бар болуына тәуелді болып келетін, еліміздің дәстүрлі саласы. Дегенмен, осы салада өнімді сақтау мен өндіруге жұмсалатын шығындардың есебі жетілікті деңгейде ұйымдастырылмаған. Мұның себебі, шығындарды есепке алудың тиісті әдістемесінің жоқтығы болып табылады.

Жалпы, асыл тұқымды мал басын дамыту зоотехникалық басқару есебінің механизмін қалыптастырумен қатар жайылымдық малдан алынатын экологиялық таза өнім өндірісінің шығындарын басқару есебінің де қызығушылығын арттырды.

Ауыл шаруашылық саласындағы басшыларға шешім қабылдау үшін қажетті ақпараттарды дайындау мен ұсыну мақсатында басқару есебін жетілдіру жүйесінің өзектілігі ешбір күмән тудырмайды.

Жоғарыда аталған жағдайлар, сол сияқты, басқару есебінің ғылыми-әдістемелік мәселелерінің әзірленбегендігі, диссертациялық зерттеудің таңдалған тақырыбының өзектілігі мен маңыздылығын көрсетіп отыр, яғни жұмыстың мақсатын, міндеттерін, құрылымын және негізгі бағыттарын анықтады.

**Диссертациялық жұмыстың мақсаты** жайылымдық мал шаруашылығында экологиялық таза өнім өндірісінің басқару есебінің әдістемесін жетілдіру мен қалыптастыру бойынша теориялық ережелерді, әдіснамалық негіздерді және тәжірибелік ұсыныстарды дайындау мен дамыту болып табылады.

**Зерттеу жұмысының міндеттері.** Осы мақсатқа жету үшін келесідей міндеттерді зерттеу алға қойылады:

- мал шаруашылығын басқаруда басқару есебінің ерекшеліктері мен әдіснамасын және олардың өнім сапасына тигізетін ықпалын, жайылымдық мал шаруашылығының бәсекелестік артықшылықтарын зерттеу;

- жайылымдық мал шаруашылығы мен жайылым жерлердің жағдайын және дамуын, олардың басқару есебінің механизмін құруға, диеталық өнім өндірісінде қазақтардың дәстүрлі саласын дамытуға тигізетін ықпалын қарастыру;

- жайылымдық асыл тұқымды мал шаруашылығының зоотехникалық-басқару есебін құру әдістемесін әзірлеу;

- шығындар есебінің жаңа объектілерінің пайда болуымен байланысты шығындар есебін ұйымдастырудың қалыптасқан көзқарастарын жинақтау;

- экологиялық таза өнімді өндіру үшін экологиялық шығындар мәселелері және мал шаруашылығының ветеринарлық қауіпсіздігіне кепілдік берілуін зерттеу;

- өндірісті экологияландырудың талаптары мен әдістері негізінде экологиялық таза өнім өндірісінің шығындар сыныптамасын жасау, ABC әдісінің көмегімен аталған шығындарды есеп объектілері бойынша бөлу;

- ABC әдісін қолдану негізінде жылқы шаруашылығында экологиялық таза өнімнің өзіндік құнын анықтау.



**Зерттеу объектісі ретінде** Алматы облысының фермер шаруашылықтарында жайылымдық мал шаруашылығынан экологиялық таза өнім өндіру шығындарының басқару есебі, оның калькуляциясы болып табылады.

**Зерттеу пәні** жайылымдық мал шаруашылығында экологиялық таза өнім өндіру шығындарының басқару есебін ұйымдастыру болып саналады.

**Зерттеу әдіснамасы мен әдістемесі.** Зерттеу әдістемесі болып Қазақстан Республикасының заңнамалық нормативтік және құқықтық актілері, жалпы ғылыми есеп, талдау әдістері, топтастырулар, саластырулар, жайылымдық мал шаруашылығында басқару есебін ұйымдастыру мәселелері жөніндегі отандық және шетелдік авторлардың ғылыми зерттеулері, халықаралық ғылыми конференциялардың, монографиялық зерттеулердің материалдары, ғаламтор жаһандық желісінің, Қазақстан Республикасының статистика комитетінің ақпараттары, Қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттары, бухгалтерлік және статистикалық есептіліктің материалдары табылады.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы** шығындардың драйверіне негізделе отырып, ABC әдісі бойынша экологиялық таза өнімді өндіру, өндірісті экологияландыру шығындарын есепке алу үшін жайылымдық мал шаруашылығын күтіп-ұстау мен дамытуға бағытталған басқару есебінің механизмін құрудың теориялық және әдістемелік негіздерін дамыту болып табылады.

Ғылыми жаңалықтың мазмұны келесідей ғылыми нәтижелерімен расталады:

- малды қорада бағу әдісімен салыстырғанда жайылымдық малдың бәсекелестік артықшылығы мен өндірілетін өнім сапасы туралы басшылықты ақпаратпен қамтамасыз етуде басқару есебінің әдіснамасы әзірленді;

- жайылымдық мал шаруашылығының экологиялық жағдайы ашылды. Оларды емдеу және жайылымдық мал шаруашылығының дамуына әсер ететін өнімділікті арттыру әдістемесі келтірілді. Осы бағытта басқару есебінің механизмін қалыптастыру қажеттілігі дәлелденді;

- жайылымдық асыл тұқымды малдардың (жануарлардың) зоотехникалық-басқару есебінің әдістемесі келтірілді;

- экологиялық таза өнімді өндірумен байланысты шығындар есебінің жаңа объектілері ұсынылды;

- жайылымдық мал шаруашылығы өнімін өндіруде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әдістемесі және мемлекеттік субсидияларды тиімді пайдалану әдістемесі берілді;

- ABC әдісі бойынша шығындар драйверін қолданумен экологиялық таза өнімге қойылатын талаптар негізінде өндірісті экологияландыру шығындарын есепке алу әдістемесі ашылды;

- экологиялық өндіріс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін экологиялық таза өнім өндірісінде үстеме шығындарының калькуляциясы ұсынылды.

**Қорғауға шығарылатын негізгі ғылыми тұжырымдамалар:**

- жайылымдық мал шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін өндірілген өнімнің диеталық қасиеттерін сипаттайтын басқару есебінің негізделген әдіснамасы келтірілді;
- жайылымдық мал шаруашылығының дамуының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жайылымдық жерлерді сауықтырудың ұсынылған әдістемесі негізінде басқару есебінің механизмі берілді;
- асыл тұқымды малдардың зоотехникалық басқару есебінің әдістемесі мен сүт бағытындағы асыл тұқымды биелерді және құлындарды есепке алу тізімдемесі әзірленді;
- өндірісті экологияландыру шығындарының есебін ұйымдастыру үшін экологиялық таза өнімді өндіру шығындарын есепке алудың жаңа объектілері белгіленді;
- мал шаруашылығы өнімін өндірудің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін экологиялық шығындардың сыныптамасы әзірленді;
- ABC әдісі бойынша өндірісті экологияландыру шығындарының басқару есебінің әдістемесі ұсынылды;
- ABC әдісі бойынша шығындар драйвері негізінде өндірісті экологияландыру калькуляциясы келтірілді.

**Зерттеудің ақпараттық базасы ретінде келесілердің мәліметтері қолданылды:** Қазақстан Республикасының заңнамалық нормативтік және құқықтық актілер, Қазақстан Республикасының АӨК дамыту бойынша мемлекеттік бағдарламалар, жайылымдық мал шаруашылығында басқару есебін ұйымдастыру мәселелері жөніндегі отандық және шетелдік авторлардың ғылыми зерттеулері болып табылады. Қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттары, бухгалтерлік және статистикалық есептіліктің, халықаралық ғылыми конференциялардың, монографиялық зерттеулердің материалдары, мерзімді баспа басылымдары, ғаламтор жаһандық желісінің ақпараты, ауыл шаруашылығы және Қазақстан Республикасының статистика комитетінің материалдары.

Қазақстан Республикасының АӨК дамыту бойынша мемлекеттік бағдарламалар, техникалық регламенттер және басқа да нормативтік құжаттар зерттелінді

### **Тәжірибелік маңыздылығы және зерттеуге енгізілген нәтижесі**

Зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы жайылымдағы малдарды күтіп-ұстауға жұмсалатын шығындардың басқару есебін құру механизмін ұйымдастыру жөніндегі ұйымдастырушылық және әдістемелік ережелерді негіздеу болып табылады. Заманауи агробизнес шаруашылықтарда жайылымдағы асыл тұқымды малдарды есепке алуды талап етті, осыған орай басқарушыларға, басқарушылық шешімдерді қабылдауда ақпаратты дайындайтын және ұсынатын зоотехникалық-басқару есебінің әдістемесі ұсынылды. Зерттеулер және диссертацияда ұсынылып отырған өнім өндірісін экологияландыру жөніндегі зерттемелер шаруашылықтарға экологиялық таза өнімді өндіру талаптарын орындауға көмек береді. Диссертацияның ғылыми бағдарламалармен немесе ғылыми-зерттеу жұмыстармен байланысы.

Диссертацияда зерттеліп отырған, мал шаруашылығы басқару есебін ұйымдастыруды дамыту және оның механизімін құру, сол сияқты экологиялық таза өнім өндіру жөніндегі мәселелер, 2018 жылға арналған «Қазақстан Республикасында табынды жылқы шаруашылығының экологиялық таза өнім өндірісінің басқару есебін дамыту стратегиясы» (Тіркеу нөмірі 0116РК00072) жобасының аясында жазылған.

### **Жұмыстың мақұлдануы және жүзеге асырылуы**

Диссертацияның негізгі жағдайлары, қорытындылары және тәжірибелік нәтижелері халықаралық конференцияларда баяндалды; 19 жарияланымдарда бейнеленген, 1 ғылыми мақала Scopus мәліметтер базасына кіретін журналдарда жарияланды, 5 мақала ҚР БҒМ ККСОН ұсынған және 11 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалды, соның ішінде 4 басылым шетелдік. Жүргізілген зертеулердің нәтижелері бойынша жалпы көлемі 36,9 б.т. тұратын ғылыми жұмыс жарияланды.

Зерттеулер жүргізу барысында жарияланған ғылыми еңбектері жеткілікті. «Жайылымдық мал шаруашылығында өнімге жұмсалатын шығындардың есебі мен калькуляциясы» атты монография жарыққа шықты, «Экономика» баспасы, 2015. Алматы. Көлемі 13,0 б.т.

«Шығындарды есепке алу теориясы мен әдіснамасы және өнімдердің, жұмыстар мен қызметтердің калькуляциясы» атты оқу құралы жарыққа шықты, К.Т.Тайгашинова, Н.Бердимурат – Алматы: Экономика, 2015-140б. көлемі 16,3 б.т.

Диссертациялық жұмыстың ұсыныстары мен нәтижелері «Алматы облысы ауылшаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінде тәжірибелік жұмысқа ендірілгендігін дәлелдейді (17.10.2016ж. № 43-43/2077 еңгізу туралы актісі).

**Жұмыстың құрылымы мен көлемі** зерттеудің мақсаты, міндеттері, логикасымен анықталады және оның құрамына кіріспе, үш бөлім, қорытынды, 165 атаудан тұратын әдебиеттер тізімі, қосымшалар кіреді. Жұмыс 166 беттен мазмұндалады және 21 кесте, 20 сурет, қосымшалармен сипатталған.

# 1 БАСҚАРУ ЕСЕБІН ТЕОРИЯЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК ДАМУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ

## 1.1 Басқару есебін дамыту және жетілдіру негіздері

Заманауи ғылым ретінде, басқару есебін дамыту мәселелерін зерттеу өзектілігі, көптеген пікірталастардың күн тәртібінде орын алады.

Соңғы жиырма жылдықта ғылыми жұмыстарға, жарияланымдарға жүргізілген зерттеулер, басқару есебінің теориясы негіздерінің мәселелері таяу және алыс шетелдерде ғылыми тәжірибешілдермен белсенді түрде көтерілгендігін көрсетті.

Дегенмен, біздің ойымызша, басқару есебінің бастауында, қалыптасуында кімнің тұңғыш болғандығы, қашан және «қай елде» екендігіне қатысты мәселелер мәндерінің терең ашылмағандығы байқалып отыр.

Басқарушы есебі сияқты заманауи ғылымның қалыптасуында, оның өркендеуі мен дамуына кім, қайда үлес қосқандығы – өте маңызды болып табылады. Шет елдерде, әдеби көздерінің зерттеуі, М.Р.Мэтьюс, М.Х.Б. Перерераның басылымдарында «зерттеу бұл – университеттік жұмыстың маңызды аспектісі» - деп жазылған [1]. Сонау 1880 жылы, батыста есеп саласындағы ғылыми зерттеулерді университеттердің ғалымдары жүргізген.

1887 жылы ағылшын экономистері Дж.М.Фельс және Э.Гаркенің «Өндірістік шоттар: оларды жүргізу қағидалары мен тәжірибесі...» атты еңбектерінің бірінші басылымы жарыққа шықты. Авторлар деректердің ақпараттылығын арттыратын, олардың қолданылуына бақылауды күшейтуге мүмкіндік беретін, шығындарды есепке алудың мобильдік жүйесін құру әрекетін іске асырды.

Кейінірек, 1901 жылы Александар Гамельтон Черч басқару есебінің құрушысы ретінде танылды [2, б. 7].

1918 жылы Д.Рорбах және Д.Л.Никольсонмен «өндірістік есептің қажеттілігі алға тартылды.....» [3, б. 492].

XX ғасырдың басында АҚШ-та, содан соң Еуропада шығындарды нормалау идеясы өзекті бола бастады – деген идеяны Г.Эмерсон ұсынған.

Ч.Гарринсон жедел есепті жүргізу идеясының керектігін атап көрсетті [4]. Сонымен қатар, Дж. А.Хиггис ақталмаған шығындарды бақылау үшін, шығындарды бақылау бойынша жауапты тұлғаны тағайындау жолымен, «Шығындардың жауапкершілік орталықтары» атты тұжырымдаманы ұсынған [4, б. 71].

Қызығушылығы өндірістік және басқару есебімен байланысты АҚШ-тың бухгалтерлері «Басқару есебі бухгалтерлерінің ұлттық қауымдастығына» бірікті [5].

Б.Нидлз және К.Друри басқару есебінің даму кезеңдерін келесідей ашып көрсетті:

- бірінші кезең - 1950 жылға дейін басқару есебінің мақсаты бюджеттеу жүйесін және өнім, қызмет пен жұмысты калькуляциялаудың әдістерін бақылау мақсатымен шығындарды анықтау болып табылды;

– екінші кезең 1965 жылды қамтиды, басқару шешімдерін қабылдауды талдау әдістерін пайдалана отырып, басқарушылық жоспарлау мен бақылау мақсатында ақпаратты ұсыну және жауапкершілік орталықтары бойынша есепке алу кезеңі болып табылады;

– үшінші кезең 1985 ж. қамтиды, процесстік талдау мен шығындарды басқару әдістерінің көмегімен бизнес-үдерістерде қолданылатын қорлардың ысыраптарын қысқарту әрекеті негізге алынды;

– төртінші кезең 1995 ж. қамтиды, қосымша құнды құруды басқару, қорларды тиімді пайдалану, құнның элементтерін бағалау және жоспарлау әдістерін пайдалану мақсатында бағытты ауыстыру, жаңа технологиялар мен креативті басқару саласында инновацияларды пайдалану мен білімді капиталдандыру әрекетін басқару [5; 11].

Жоғарыда аталған кезеңдер субъектінің бизнес дамуының жаңа жағдайларына бейімделу нәтижесі болды. Сондықтан әрбір кезең бизнес стратегиялардың дамуымен болған жаңа әдістерді жетілдірумен анықталады.

Осыған орай, біздің алдымызда басқару есебінің негіздерін зерттеу міндеті тұрған жоқ, өйткені бұл мәселеге арналған көптеген еңбектер бар.

Сондықтан, заманауи бизнес-үдерісте басқару есебін дамыту мен жетілдіруді зерттеу әрекеті іске асырылды.

Біздің зерттеулеріміз көрсетіп отырғандай, «шет елде басқару есебі, көп уақыт бойы әзірленіп келген. Жүз жылдықтың ішінде, бұл ізденіспен ғалымдар мен бухгалтерлер-тәжірибешілдердің бірнеше ұрпақтары айналысқан», деп профессор К.Т.Тайгашинованың монографиясында белгіленген [6].

XX ғасырда батыс елдерінде нарықтық экономика стратегиясының дамуы ол басқару мақсатына сүйене отырып, бухгалтерлік есеп жүйесін жетілдіру мен «басқару есебі» механизмін қалыптастыру қажеттілігін талап етті.

Жоғарыда келтірілген шетел ғалымдарына жоғарғы бағалау керек деп есептейміз, олар басқару есебінің қалыптасуын дамытуды, басқару есебін ұйымдастыру мен жүргізу әдістемесін, оның негізгі категорияларын ашып көрсеткен.

Сонымен бірге, субъектінің даму уақытының талаптарына және оның бизнеске деген қатыстылығына негізделе отырып, басқару есебінің дамуы, басқару мақсаттарына қарай өзгереді. Осыған орай, басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін басқарушыға жедел ақпаратты дайындау, ұсыну аса маңызды бола бастады.

Қазіргі қолданыстағы басқару есебі жетілдіруді талап ететіндігі сөзсіз және келесідей мақсаттардың қарастырылмағандығы туралы атап көрсеткен .

К.Друри, оның себептерінің көп екендігі туралы жазған, яғни:

- қорларды басқару;
- өнімнің, қызметтердің сапасын басқару;
- бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету;
- шығындарды басқару [7,б. 5].

Гарвард университетінің ғалымдары Роберт Каплан мен Томас Джонсон былай деп жазған: «Дәстүрлі басқару есебі өндірісті дамытудың және қатаң бәсекелестіктің заманауи деңгейінің талаптарын қанағаттандырмайды» [8, б. 7].

К.Друри, «басқару есебі, қаржы есебінің талаптарын қолдана отырып, өзінің дербестігін жоғалтады...» - деп сендірген [9, б. 13].

Ч.Т. Хоренгрэн, Ш.Датар «Ресейлік мамандар өздеріне бизнесті басқаруға қажетті ақпаратты қалыптастырудың әдістемесі мен жаңа құралдарын ашқан уақытта, сол уақытта батыста дәстүрлі басқару есебі оның әрі қарай жетілуіне әкеп соқтырған қатал сынға ұшырады» деген [10, б.18].

Негіздер жеткілікті, ал оның ішінде ең маңыздысы, қолданыстағы басқару есебі «сыртқы пайдаланушыларға» ақпарат ұсынбайтындығы болып табылады.

Сыртқы ақпарат, бұл:

- ақпаратты басқару, өндірістің инновациялық, креативті әдістерді пайдалану;

- қорларды басқару, жабдықтаушылармен өзара байланыс, аса тиімді жабдықтаушыны таңдау;

- компанияның, өндірілетін өнімнің бәсекеге қабілеттілігі;

- өнімнің сапасы, сапа сертификаты, өнімді таныту бойынша презентациясы;

- экологиялық шығындар есебінің экологиялық аспектілері және т.б.

Міне сондықтан, қазіргі басқару есебін жетілдіру өзекті және уақытылы болып табылады.

Шетелдік ғалымдарының жиырма жылдан астам уақыт ішінде еңбектерін зерттей отырып, басқару есебі субъектінің ішінде ақпаратты дайындап, пайдаланатындығы анықталды. Яғни, басқару есебі тек ішкі ақпаратты ғана дайындайды.

Ол туралы Э.Дж. Доланның басылымдарында «басқару есебі бухгалтерлік істің бір саласы ретінде субъект ішінде пайдаланылатын ақпаратты ұсынумен байланысты. Басқару есебі баға белгілеу және кәсіби одақтармен келіссөздерді жүргізу, капитал қозғалысы мен ағымдағы операциялардың қорытындысын санау, салықтық аударымдарды жоспарлау үшін қолданылады» деп жазған [11, б. 168].

Біздің ойымызша, заманауи басқару есебі бизнесті басқарудағы ақпаратты пайдалануы тиіс, сондықтан ол сыртқы ақпаратты ұсынуы қажет: бәсекелестер немесе өндірілетін өнімнің сапасы, немесе қорларды басқару, жабдықтаушылармен өзара байланыс және т.б. туралы ақпарат.

Бизнес жөніндегі Оксфордтық түсіндірме сөздігі, басқару есебі компаниямен құрылған деректер қоры, және ол ақпарат тек компания басшылары үшін қол жетімді екендігін жариялайды. Бұл, ұйымның барлық басшыларына өз шешімдерін әзірлеу үшін бір дерекқорын пайдалану мүмкіндігін береді [12, б. 168].

Басқару есебімен дайындалған ақпарат компания басшылар үшін ғана емес, сонымен қатар оның менеджерлеріне де ұсынылады, шығындардың орталықтары бойынша шығындарды басқару, өзіндік құнды өндірістің

менеджерлері басқарады (технологтар), сертификаттау сапасын басқару, өнімнің презентациясы және т.б.

Ж.Ришардың пікірінше, «Басқару есебінің мақсаты жұмыстар мен қызметтердің өзіндік құнының калькуляциясы мен шығындардың есебін, олардың функциялары бойынша, жауапкершілік орталықтары, нарықтар бойынша жүргізу болып табылады және т.б. Өзіндік құнның орталықтары мен шығындардың орталықтары басқару есебі әдісінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады» [13, б. 56].

Функциялар бойынша, және жауапкершілік орталықтары бойынша шығындардың есебі, шығындарды басқару мен оңтайландыру үшін барлық мүмкіндіктерді туғызады деген, ғалымдардың пікірін қолдаймыз.

Ғалымдар Р.Энтони мен Дж. Рис былай деп жазған, «басқару есебі ұйымның аясында субъектінің басқару аппаратын ақпаратпен қамтамсыз ететін, жоспарлау үшін қолданылатын, субъектінің қызметін басқару мен бақылау үшін қолданылатын үдеріс. Бұл үдеріс келесілерді қарастырады: басқару аппаратының функцияларын орындау үшін қажетті ақпаратты анықтау, өлшеу, жинау, талдау, түсіндіру, табыстау және қабылдау» [14, б. 160].

Компания қызметінің салалық – бұл оның үдерістері: дайындау, өндіру, өндірілген өнімді өткізу және осы үдерістерді басқару.

Ч.Т. Хорнгрен және Дж. Фостер басқару есебі қандай да бір объектілерді басқару үшін қажетті ақпаратты сәйкестендіру мен өлшеу, жүйеге келтіру, талдау, жіктеу, түсіндіру мен табыстау екендігі туралы жазған [15, б. 89].

Осыған негізделіп, ғалымның пікірін қолдай отырып, объектілер – бұл, дайындау, өндіру, өткізу және оларды басқару үдерістері екендігін белгілеп өту қажет.

Т. Гроот және К.Лукка өз еңбектерінде басқару есебі – менеджерлердің жоспарлы-бақылау қызметінде оларға ақпарат алуға көмек көрсететін бизнес-функция деп көрсеткен [16, б. 236].

Осыған байланысты басқару есебі ақпаратты дайындау бойынша шараларды жүргізсе, ал ақпарат басқару шешімдерін уақытылы және тиімді қабылдауда ерекше мәнге ие болуда.

Бухгалтерлердің американдық қауымдастығы, басқару есебін, ақпаратты пайдаланатын тұлғаларға негізделген пайымдамаларды шығаруға және білікті шешімдерді қабылдауға мүмкіндік беретін ақпаратты жалпылау, өлшеу және салыстыру үдерісі ретінде анықтайды [17, б. 252].

А.Апчерч пікірінше, басқару есебі жоспарлау, бақылау, шешімдерді қабылдау сияқты негізгі салаларда менеджерлерге көмек көрсету мақсатында қаржы аппаратын ұсыну үдерісі болып анықталады [18, б. 234].

Менеджерлерге тек қаржы аппараты ғана дайындалмайды, негізінде қорларды дайындау, өнімді өндіру, оны өткізу, яғни қазіргі және болашақ кезеңде басқару мақсатында қажетті ақпарат, бұл жоспарлау бюджеттеу, ұйымдастыру мен ынталандыру болып табылады. Мұның барлығы, басқаруды жетілдіру, нарықтық механизмді құру басқару есебінің механизмін құрумен тікелей байланысты екендігін білдіреді.

Шетелдік ғалымдардың басқару есебін дамыту негіздері жөніндегі пікірлері бір мағыналы емес, бірақ, компания ішінде басқару шешімдерін қабылдауда компания қызметінің саласында менеджерлер үшін ішкі ақпаратты дайындау үдерісі жеткіліксіз [19, с. 230-238].

Шетелдік ғалымдар басқару есебінің теориялық негіздерін ашып көрсеткендей, аграрлы салада есептің бұл түрі қолданылмаған. Сонымен бірге өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы өндірісінің ерекшеліктері, шаруашылық ішінде ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өндіру (өз күшімен) аграрияда басқару есебінің даму негіздерін зерттеуді талап етті.

Бүгінде қатаң дағдарыс жағдайында басқару есебі біздің елімізде де Ресей сияқты он бес жылдан астам уақыт ішінде қалыптасу үстінде.

М.А. Вахрушина, О.Н. Волкова, Н.Д. Врублевский, И.Э. Гущина, В.Б. Ивашкевич, Т.П. Карпова, В. Керимов, О.Д. Коверин, Ю.А. Мишин, О.Е. Николаева, С.А. Стуков, В.И. Ткач, Н.Г. Чумаченко, Л.А. Чайковская, А.Д. Шеремет және т.б. еңбектері, басқару есебінің теориялық негіздерін зерттеу мәселесіне арналған.

О.Н. Волкова «Басқару есебін ұйымдастыру ұйым ішіндегі жұмыс болып табылады» деп жазған [20, б. 72]. Мұндай пікірге Ресейдің барлық ғалымдары да қосылады деуге болады.

Осыған сәйкес қазіргі басқару есебі жетілдіруді қажет етеді. Соған орай аграрлық салаға қатысты басқару есебінің механизмін әзірлеу заманға сай және өзекті болуда.

Сондықтан соңғы жылдары біздің зерттеулер көрсеткендей, басқару есебі жетіле келе, біздің көзқарасымыз бойынша басқару мақсаттарына сүйене отырып, басқару есебінің қызметтері өзгерді. Басқару есебінің ақпараттық қызметтері басты орын алады. Осыған байланысты Ресей ғалымдарының пікірі, әсіресе Т.П. Карпова басқару есебі – бұл оперативті басқару шешімдерін және кәсіпорынның болашақтағы даму мәселелерін бағдарлауға қажетті ақпаратты жүйелеп көрсететін шығындар мен табыстар, нормалау, жоспарлау, бақылау мен талдау есебінің шоғырландырылған жүйесі деп есептеген [21, б. 34].

Біздің ойымызша, ең бастысы, бұл жедел басқару шешімдерін қабылдау үшін ақпаратты жедел түрде ұсыну болып табылады.

Осы аспектіде П.Атриллдің пікіріне сәйкес, басқару есебі – ұйымды күнделікті басқару үшін менеджерлерге қажетті ақпаратты ұсыну болып табылады [22, б.100].

Дәл осы басқару есебінде келесі жедел ақпараттар сипатталады: төлдің алынуы, бие мен түйелерді саууға қою, әрбір есеп топ түріне қарай өнімнің шығуы, тәуліктік жемді пайдалану, бір күндік отын-энергиялық, еңбек шығындары немес түнгі бағыс. Олар шаруашылық қызметті басқаруға, күтілетін нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді.

Н.А.Ермакова, басқару есебі – өзіне басқарудың әр түрлі қосалқы жүйелер мен әдістерді біріктіретін және бірыңғай мақсатқа қол жеткізу үшін оларды бағындыратын, кәсіпорынды басқарудың ақпараттық жүйесі деп санайды [23, б. 204].



Басқару есебінің негізгі мақсаты-көмегі келесідей қызмет саласында менеджмент үшін ақпаратты дайындау болып табылады: дайындау, өндіру, өткізу және осы үдерістерді басқару.

Тоқсаныншы жылдары Д.У.Ураков қызметтің салалары бойынша шығындардың есебін ашқан [24, б. 5-52].

Басқарушылық үдерістің құрамдас бөлігі, бұл менеджерлерге қызмет саласын жоспарлауға, бақылауға, нәтижелерді бағалауға көмек беретін жедел ақпаратты ұсыну.

Осы бағытта И.Е.Мизяковский, басқару есебі дайын бұйымдар мен ұсынылатын қызметтер үшін шығындарды анықтау қажеттілігімен байланыстырып, бюджетті құрастыру мен кәсіпкерлік қызметті алдын ала жоспарлаудың көмегімен шығындардың деңгейін бақылауды қарастырды [25, б.53].

Болашаққа бағытталған жоспарлау заманауи бизнес-үдерістің саласында тиімді басқару мақсаттарының бірі болып табылады. Осы ретте біз бюджетті құрастыру жолымен шығындардың деңгейін бақылау – бұл басқарудың маңызды мақсаты деп белгілеген автордың пікірін қолдаймыз.

Сонымен бірге, О.Е.Николаеваның келесідей шараларды ашуға бағытталған ұсыныстары үлкен қызығушылық туғызады:

- стратегиялық және жедел жоспарлау;
- бюджеттеу;
- өндірістік есеп;
- басқарушылық есептілік жүйесі;
- ресурстарды тиімді пайдалану элементі;
- басқарушылық талдаудың жүйесі [26, б. 304].

Мұның барлығы, басқарудың жетілдірілуімен, зерттеулер жүргізілетін саланың стратегиялық дамуымен үздіксіз байланысты нарықтық механизмнің құрылуымен түсіндіріледі және ақпаратты қалыптастыруға және сол салада басқару есебін құру механизмін қалыптастыруға ықпал етеді.

Осыған орай, басқару есебі туралы ғылым тек нормалау, жоспарлау ғана емес, сондай-ақ Қазақстандағы ертеден келе жатқан жайылымдық мал шаруашылығын дамыту саласындағы операциялар бойынша шығындарды болжауға, бақылауға және талдауға әкелетін бюджеттеу жөніндегі білім аясы болып табылады. Сөйтсе де шығындар туралы ақпараттарды қалыптастыру механизмі сала технологиясының ерекшеліктеріне сүйеніп өзінің өңделуін керек етеді.

«Жоспарлау – басқарудың негізгі функцияларының бірі, оны іске асыру барысында объектінің жағдайын болжау жөніндегі ғылыми зерттеулер жүргізіледі» - деп қарастырған Е.Вайс, В.М.Васильцева сияқты және т.б. ғалымдардың зерттеулеріне ерекше назар аудару қажет [27, б. 39].

Сонымен бірге, ғалымдар «жоспарлау – стратегиялық басқарудың құрамдас бөлігі болып табылатын – стратегиялық жоспарлауды басқарудағы маңызды функциялардың бірі» деп есептеген [27, б. 64]. Олардың пікірлері, біздің ойымызша, мақұлдауға тұрарлық тұжырым болып табылады.

Стратегиялық жоспарлау – бұл, дәйекті және, параллельді түрде іске асырылатын және келесідей төрт шешімдердің жиынын қамтитын көп кезеңді үдеріс:

- Бизнесті анықтау.
- Бизнестің миссиясы және рөлі.
- Атқарымдық стратегиялар.
- Бюджеттеу [27, б. 66 ].

Осы бағытта ғалым Г.С.Тайкулакованың ойынша: «Стратегиялық жоспарлау – кәсіпорын қызметінің ұзақ мерзімді (белгілі кезеңге бағытталған) мақсаттарын және бағыттарын анықтау арқылы, жүйеге келтірілген және өзара келісілген жұмыстардың жиынтығын іске асыру үдерісі» болып табылады [28, б. 428].

Қазақстандағы Агробизнес-2020 бағдарламасын дамытуды стратегиялық жоспарлау, мемлекеттік деңгейде іске асырылған.

Ағымдағы жылы мал шаруашылығының саласын субсидиялауға, асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдау үшін және мал шаруашылығының өнімін арзандату үшін 38,8 млрд.теңге қарастырылды. 2014 ж.бастап «Агробизнес – 2020» бағдарламасын іске асыру аясында осы бағыттар бойынша субсидиялардың көлемі өсіп, барлығы 45 млрд.теңгені құрайды [29, б. 2].

2014 жылдан бастап, «Агробизнес» бағдарламасының аясында өсімдік шаруашылығының субсидиялау көлемдері 2,2 есеге өсіп, 85,4 млрд. теңгеге жетті. Сонымен бірге, өсімдік шаруашылығында субсидиялаудың барлық қолданыстағы бағыттары сақталады, дегенмен, өнімділікті барынша арттыру мен топырақтың құнарлылығын сақтау үшін егіс айналымдарын және ылғалдылық пен ресурстарды үнемдейтін технологияларды енгізуге қатысты талаптар артады. Аудандастырылған сұрыптардың жоғары репродукцияларының тұқымдарын екеннен кейін ғана, субсидиялар төленеді [29, б.2].

Еуропа бойынша халықаралық эпизоотиялық бюроның (ХЭБ) 24-ші Аймақтық конференциясында К.Мәсімов индустриалды дамудың мемлекеттік бағдарламасының маңызды бағыттарының бірі бола отырып, еліміздегі мал шаруашылығы жақын болашақта, индустриаландыру есебінен, экспортқа бағдарланған салаға айналатындығына тоқталды [30, б. 11].

Айтуынша, бүгінгі күні ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің жалпы көлемінде мал шаруашылығының барлық өнімінің үлесі 43%-ды құрайды және біздің еліміздің ішкі қажеттілігін толығымен қамтамасыз етеді.

Премьер, Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайлары, сонымен бірге үлкен жайылымдық пайдалы жерлер, саланы және экологиялық таза мал шаруашылығы өнімінің барлық түрлерін ары қарай дамыту үшін қолайлы жағдай жасайтындығына сенімді [31, б. 3].

М.И.Бухалковтың пікірінше: «қазіргі таңда, мемлекеттік деңгейде стратегиялық жоспарлаудың мазмұны, біздің елімізде экономиканы... экономикалық болжауды үкіметтік реттеудің өзара әрекетімен анықталады»

[32, б. 75]. Еліміздегі үкіметтік реттеуге қатысты қажеттілік, жайылымдық мал шаруашылығын дамытуға субсидия бөлумен байланысты.

Дегенмен, осыған орай, шығындар туралы ақпаратты қалыптастыру механизмі осы саладағы технологияның ерекшеліктеріне негізделі отырып, жетілдіруді қажет етеді.

Осы бағытта В.Керимов басқару есебін жедел (тактикалық) және болжамды (стратегиялық) басқарушылық шешімдерді қабылдау мақсатында бүкіл кәсіпорынның, сол сияқты оның жекелеген бөлімшелерінің шығындары мен қызметтің нәтижелері туралы ақпаратты жоспарлау, есепке алу, бақылау, талдау және бағалау жүйесі ретінде анықтауға болатындығына басты назар аударған [33, б. 3].

Осыған байланысты, жайылымдық мал шаруашылығының дәстүрлі саласын дамыту стратегиясы және тек шығындардың ғана емес, сол сияқты бөлінетін субсидиялардың басқару есебін қалыптастыру, оларды игеру, оңтайлы шешімдерді талдау мен бақылау және қабылдау үшін басшылыққа ақпаратты дайындау негізінде есепті қажет ететіндігі ешқандай күмән тудырмайды.

Жайылымдық мал шаруашылығының саласында басқару есебін жүргізуді ұйымдастыру мәселелеріне аса көңіл бөлінбеген және жайылымдық мал шаруашылығының саласын дамыту жоспары құрастырылмаған. Сондықтан, саланы дамыту болашағына қатысты ақпарат жоқ. Бүгінгі күні, жайылымдық мал шаруашылығын дамыту болашағына қатысты ақпаратты дайындауға байланысты күшті қажеттілік сезіліп отыр. Сонымен қатар, шаруашылықтың (фермерлік) қызмет саласы немесе кооперативтер, дайындау, өндіру, өткізу және осы үдерістерді басқару сияқты үдерістердің шегінде, болашақты қамтитын ақпаратты дайындау мен алуға қатысты қажеттілік туындап отыр. Басқарушы үшін ақпаратты дайындау мен ұсыну, басқару есебінің функциясына жатқызу қажет.

К.Т.Тайгашинованың пікірінше, «Басқару есебінің негізгі функциялары, өндірістің үдерістерін басқару және басқару шешімдерін қабылдау үшін әкімшілікке, менеджерлерге қажетті ақпаратты ұсынуды қажет етеді. Ұсынылған ақпараттың негізінде басқарушылық талдау жүргізіледі, қазіргі және болашақ кезеңдегі ауытқулар мен олардың себептері анықталады, жоспар-бюджетті салыстыра отырып, болашаққа бағытталған басқару шешімдері қабыладанады» [34, б. 40-41].

Басқару есебі – бұл, қызметтің салалары бойынша есеп, сонымен бірге шаруашылық жауапкершілік орталықтары бойынша өндіріске жұмсалатын шығындардың есебі мен өндірілген өнімнің калькуляциясы, шығындарды басқару, болжау, болашаққа арналған бюджеттеу, тиімді басқарушылық шешімдерді қабылдау екендігін белгілеп өту қажет. Қорларды, өнімді немесе қызметтерді өндіру, өткізуді, оның пайдалылығын басқару және табысты арттыру, бизнесті заманауи дамытудың негізгі талаптарының бірі болып табылады.

А.А.Сатмұрзаев, басқару есебінің жүйесін қалыптастыру әдістемесін аша отырып, «қызметтің салалары бойынша есепке алуды ұсынады [35]. Басқару есебі бұл дайындау, өндіру, өткізу сияқты қызметтің салалары, үдерістері бойынша менеджерлерді ақпараттық қамтамасыз ету жүйесі. Сонымен бірге, А.А.Сатмұрзаев, аграрлық саланың қызмет саласын басқару жолында ақпаратты ұсынуды қарастырады» [35].

В.Л.Назарова, өзінің зерттеулерінде «басқару есебі – бұл, басқарушылық қызметті жоспарлау, бақылау» және реттеу арқылы экономикалық субъектіні «шешімдерді қабылдау үдерісін басқару» деп санайды [36, б. 14].

Біздің ойымызша, басқару есебі менеджерлерге (фирма басшылығына) ақпаратты ұсына отырып, кәсіпкерлік қызметті басқарудың негізгі механизмі ретінде қарастырылуы тиіс.

Бірақ та, қазіргі заман бизнесіндегі негізгі кемшілік – ол басқаруда басқару шешімдерін қабылдауда «тиімділік» түсінігінің жоқтығы. Содан соң дайындау, өндіру және өткізу үрдістері шегіндегі аграрлы саланың қызмет аясын болжауының дамуы және саланың басқару мен дамуында жаңа технологияларды одан әрі тиімді қолдана алады. Артық шығындарды болдырмау үшін басшыға жедел ақпаратты қолдану арқылы болашақтағы мәселелерді шешу қажет. Жедел ақпаратты дайындау мен ұсынудағы басқару есебі ішкі ақпараттармен қоса сыртқы ақпараттармен де қамтамасыз етілуі тиіс (1 сурет).

Ақпаратты тиімді пайдалану үшін ұсынылған ішкі және сыртқы ақпарат белгілі бір талаптарға жауап беруі тиіс:

- қысқалығы – ешқандай артық ақпараттар болмай, анық болуы тиіс;
  - сенімділігі – менеджмент ақпараттарының мазмұнында қателердің жоқтығын немесе оның бұрмаланбағандығын білуі тиіс;
  - жеделдігі – ақпараттар тәуліктің немесе ауысымның аяқталуына дейін дайын болуы тиіс;
  - салыстырымдылығы – ақпараттар уақыт, бригада, бөлім, ферма бойынша салыстырылуы тиіс;
  - мақсаттылығы – дайындалған ақпараттар өзінің көздеген мақсатына жауап беруі қажет;
  - пайдалылығы – ақпараттардың дайындалуы, оны пайдаланудан туындайтын тиімділіктен артық болмауы тиіс.
  - атаулылығы – ақпараттар жауапты орындаушыға дейін жеткізілуі тиіс.
- Мұнда, құпиялылық сақталуы қажет.

Басқару есебінің қағидалары: жайылымдық мал шаруашылығы қызметінің үздіксіздігі және жоспарлау мен есепте біркелкі өлшем бірліктерін пайдалану; жалпы мал шаруашылығы бойынша және жыныстық жас топтары шегінде мал басын бағу шығындарын бағалау және талдау; жинау, өңдеу және жіберу барысында бастапқы құжаттардың сабақтастығы мен көп реттік пайдаланылуы; шаруашылық ішінде зоотехникалық басқару есебінің ұйымдастырылуы, сонымен бірге шығындарды басқаруда ақпараттың талдамалылығы.

Сол сияқты, экологиялық таза өнімді өндіруде, ұлт денсаулығын қамтамасыз етуде жайылымдық мал шаруашылығының мәнін анықтау үшін ең алдымен, жедел ақпараттың маңыздылығы мен қажеттілігі маңызды.



Сурет 1 – жедел ақпаратты дайындау мен ұсынудағы басқару есебі

Ескерту - Автор құрастырған

Мұнда, экологиялық таза өнімді өндіруде нарықтық қатынастардың дамуынан туындайтын талдамалы функцияларды күшейту қажет, бұл жылқы шаруашылығы мен түйе шаруашылығының деликатес өнімдерін өндіру мақсатында, болашаққа бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдауды қарастырады (биенің сүтін (саумал) – қымыз дайындау мақсатында қайта өңдеу, түйенің сүтін – шұбатты дайындау мақсатында қайта өңдеу).

Талдамалық қызмет ақпараттық қызметпен тығыз байланысты: бірақ та оны талдау үшін ақпараттық қамтамасыз ету ретінде қарастыру дұрыс емес. Бүгінгі күні талдамалы функцияны пайдалану, басқару есебінің бүкіл бөлімдеріне бақылау жүргізуге мүмкіндік береді, оның ішінде қорлардың барлық түрлерін пайдалану, атап айтқанда, жем - шөп, зооветеринарлық құралдар, жайылымдық мал шаруашылығын өндіру мен күтіп-ұстау үшін жұмсалатын шығындар (жылқы шаруашылығы, қой шаруашылығы мен түйе шаруашылығы), қолданылатын бағалардың сенімділігі, бұл әсіресе, нарықтық бағалардың әрекеттерінің бизнес-үдерісінде, инфляциялық үдерістер

жағдайында, жайылымдық мал шаруашылығы өнімінің өндірісін қамтамасыз ету жолында аса маңызды болып табылады.

## **1.2 Жайылымдық мал шаруашылығындағы басқару есебінің теориясы мен әдіснамасы**

Заманауи жағдайда, біздің еліміздегі басқару есебін дамыту өзекті және уақытылы болып табылады, және ешқандай күмән тудырмайды. Міне, жиырма жыл бойы ҚР басқару есебін қалыптастыру мен дамыту бағытында көп әрекеттер іске асырылды.

Бүгінгі күні, басқару есебі Қазақстан экономикасы салалары шегінде қарастылады: өнеркәсіптегі басқару есебі, күрделі құрылыстағы басқару есебі, көліктегі басқару есебі, банктердегі басқару есебі, білім беру саласындағы басқару есебі, денсаулық сақтау саласындағы басқару есебі, агрария саласындағы басқару есебі.

Басқару есебінің механизмін әзірлеудің қажеттілігі, әрбір саланы басқару мақсатында менеджментке ақпарат қажет болатындығымен түсіндіріледі. Экономиканың әрбір саласының өз технологиялық ерекшеліктері бар. Басқару есебі механизмінің құрылуы аталған технологиялық ерекшеліктерге байланысты болады.

Басқару есебін құру механизмін үш бағытта белгілеу қажет:

1. Экономиканың белгілі бір саласында басқару есебін ұйымдастыру. Өндіріс технологиясының ерекшеліктеріне негізделу жолымен.

2. Шығындардың басқару есебі мен өнімнің калькуляциясы. Шығындарды оңтайландыру және экономикалық пайда табу (табыс-пайда) мақсатында шығындарды есепке алудың ең жақсы әдістерін таңдау.

3. Өндірілетін өнімнің сапасын және шаруашылықтағы бәсекелестік артықшылықтарды қамтамасыз ету мақсатында, болашақты қамтитын, нақты саланың басқару есебі, нақты саланы жоспарлау, бюджеттеу, болжауды талдау мен бақылау.

Біздің ойымызша, басқару есебін мұндай жолмен бөлу, бизнесті құрудағы заманауи қатаң жағдайларында өндірістің дамуын басқару және бақылау мақсатында ақпарат алу үшін қажет.

Басқару есебін дамытудағы әдеби көздерінің зерттеулері көрсетіп отырғандай, осы бағытта біздің елімізде елеулі дәрежеде атқарылған жұмыс бар.

1997 жылы В.К.Радостовец «ғылыми пән ретінде - басқару есебінің мәнін және қағидаларын» ашқан [37, б. 421]. Қазіргі кезде біздің еліміздің ғалымдары К.Т.Тайгашинова [38, б.50], С.Т.Міржақыпова [39, б.45], А.А.Сатмұрзаев [40, б.39], Э.Т.Тулегенов [41, б. 42] және т.б. басқару есебін дамыту мәселелеріне қатысты зерттеулер жүргізген.

К.Т.Тайгашинова - Теміржол көлігінің теориясы мен әдіснамасын, С.Т.Міржақыпова - Банк қызметіндегі басқару есебінің жүйесін дамыту, А.А.Сатмұрзаев - Басқару есебінің және агроөнеркәсіптік кешеніндегі өнім

калькуляциясының жүйесін, Э.Тулегенов - Экономиканың өнеркәсіптік саласындағы басқару есебін дамыту әдіснамасын ашқан.

Агрария саласындағы басқару есебі толығымен ашылған жоқ. Отандық және шетелдік әдебиетте басқару есебі жүйесін дамытудың әдіснамалық аспектілері, оның жайылымдық мал шаруашылығының ұйымдастырушылық құрылымымен, экологиялық таза өнім өндірісінің үдерісін басқару жүйесімен және ішкі есептілікпен өзара байланысы аса көрініс тапқан жоқ. Сонымен қатар, жайылымдық мал шаруашылығы өнімінің өзіндік құнына қатысты мәселелер ғалымдардың зерттеулерінде жеткілікті деңгейде ашылмаған.

2 суретте жайылымдық мал шаруашылығындағы басқару есебін құрастыру сыныптамасы ұсынылған.

Жайылымдық мал шаруашылығына төмендегі шаруашылықтар жатады:

- табындық жылқы, сүт және ет бағытындағы;
- түйе шаруашылығы, сүт және ет бағытындағы;
- қой шаруашылығы, қаракөл және қылшық жүнді қой шаруашылығы;
- сиыр шаруашылығы, сүт және ет бағытындағы.

Табындық жылқыларда:

1. Есептік топтар бөлімінде мал басының қозғалысының басқару есебін ұйымдастыру;
2. Жылқыларда зоотехникалық басқару есебін құрастыру;
3. Өнімдердің кіріс және шығыстар есебін құрастыру;
4. Өнімдерді калькуляциялау.

Түйе шаруашылығында:


1. Есептік топтар бөлімінде мал басының қозғалысының басқару есебін ұйымдастыру;
2. Салалар бойынша өнімнің кіріс және шығыстар есебін құрастыру;
3. Есептік топтар бөлімінде өнімді калькуляциялау.

Қой шаруашылығында:

1. Есептік топтар бөлімінде мал басының қозғалысының басқару есебін ұйымдастыру (қаракөл және қылшық жүнді);
2. Салалар бойынша өнімнің кіріс және шығыстар есебін құрастыру;
3. Есептік топтар бөлімінде өнімдерді калькуляциялау.

«Агробизнес - 2020» бағдарламасын қалыптастыру кезеңінде ішкі бақылау және басқару есебінің саласындағы әзірлемелер толықтай есепке алынбаған. Жайылымдық жерлердің жағдайы мен зоотехникалық-басқару есебін құру мәселелері жеткілікті қарастырылмаған.

Ал жайылымдық мал шаруашылығындағы өнімді өндіру, шығындардың басқару есебінің әдістері қажет деңгейде әзірленбеген. Осыған орай, осы бағытта басқару есебін құру мәселелерін зерттеуге қатысты қызығушылықты кенеттен тудырған, ақпараттық қамтамасыз етудің жетіспеушілігі орын алды.



Сурет 2 – Жайылымдағы малдардың басқару есебінің құрастырылу жүйесі

Ескерту - Автор құрастырған



Сонымен қатар, аграрлық саладағы зоотехникалық-басқару есебінің қажеттілігі туралы мәселе пікірталастық мәселеге айналды. Сол сияқты, экономикалық ақпараттың басқа да түрлерімен, атап айтқанда жайылымдық мал шаруашылығының саласындағы ақпараттың түрлерімен арақатынасы.

Жайылымдық мал шаруашылығындағы басқару есебі әр түрлі ақпаратты қалыптастырады, мұның барлығы басқару мен бақылаудың мақсаттарына байланысты болады. Жайылымдық мал шаруашылығын басқару мақсатында басқару есебінің жүйесінде құрылатын ақпарат, бұл:

- Жайылымдық жерлердің жағдайын басқару және оның есебі;
- Жайылымдық мал шаруашылығын басқару, есепке алу және бақылау;
- Жайылымдық мал шаруашылығындағы басқару есебін құру механизмдері;
- Жайылымдық мал шаруашылығында өндірілетін экологиялық таза өнім сапасының мәселесін басқару және есепке алу;
- Өндірілетін өнімнің бәсекелестік артықшылықтары;
- Жайылымдық мал шаруашылығының өндірісін экологияландыру;
- Бизнес-стратегияны дамытуда экологиялық таза өнім өндірісінің үдерісін басқарудың ерекшеліктері;
- Экологиялық таза жылқы еті өндірісін басқаруда және есепке алуда қойылатын негізгі талаптар;
- Шығындарды басқару, шығындарды оңтайландыру мәселелері мен әдістері, артықшылықтары;
- Жайылымдық пайдалы жерлерді басқару мен есепке алу;
- Жайылымдық жерлердің және қоршаған ортаның экологиялық жағдайын басқару және есепке алу;
- Малдардың диагностикасы, профилактикасы және малдарды емдеу;
- Шығындарды есепке алу аспектілері және малдарға ветеринарлық қызмет көрсетуді нормалау;
- Экологиялық таза өнім өндірісі шығындарының баптарын қалыптастыруға шығындарды есепке алу әдісінің тигізетін ықпалы;
- Өнімнің өзіндік құнын басқару;
- Өнімді өткізуден түсетін табысты басқару және есепке алу.

Жоғарыда баяндалғанның барлығы, саланы тиімді басқаруға ықпал етеді. Дегенмен, бұл ақпаратты біз кейіннен, сыртқы және ішкі ақпарат деп бөлдік. Кейбір ғалымдардың пікірінше, басқару есебі ішкі есептің ешқандай ұсыныстарын қолданбайды және бұл тек шаруашылықтың мәселелеріне ғана қатысты болып табылады. Мұндай пікірлер қате, өйткені шет елдегі басқару есебінің, сыртқы институттармен әзірленген өз ұсыныстары бар. АҚШ-ң басқару есебінің институты басқару есебі жөніндегі ережені әзірледі [42].

Шетелде басқару есебінің әдіснамасында, бұл басқару мақсаттарына негізделе отырып, менеджментке ұсынылатын көптеген ақпараттық көрсеткіштер болып табылады. С.А.Николева әділ түрде былай деп жазған: «Басқару есебінің батыс жүйелерін, олардың түрлерін, отандық кәсіпорындардағы басқару есебін ескере отырып салыстыру қиын» [43, б. 7].

Біздің еліміздегі халықаралық та, басқару есебін де және қаржылық есептілікті де жүргізудің ұсынбалы сипатына қарамастан, бұл ұсыныстарды ескермеу, батыстың арзан несиелері мен қомақты инвестицияларынан айырылып қалуға және тиімсіз басқаруға әкеліп соқтырады. Екі жағдай да, парасатты ойлау тұрғысынан алғанда, есеп қызметінің бұл түрінен бас тарту—өзімізге қымбатқа түседі!

Бірақ, мемлекет нақты шаруашылықтағы инвестициялардың тиімділігін арттыру және таңдаулы басқарушылық шешімдерді қабылдау мәселелерінен қаншалықты алшақ болса, кәсіпкерлерді де жекелеген юрисдикциялардың мүдделері қызықтырмайды. Басқару есебі қажет, өткені қаржы есебі менеджментті қажетті ақпаратпен қамтамасыз етпейді.

Есептің бұл екі түрі (қаржы және басқару) ақпаратты ұсыну мерзімдері мен анықтығына қарай ерекшеленеді. Мысалы: акционерлік қоғам жылдық қаржы есептілігін есепті күннен кейінгі бес айдан соң ұсынатын болса, басқару ақпараты, басқару есебі күнделікті ұсынылады. Қаржы есебі «нақты», бірақ «жансыз», ал басқару есебі «нақты емес», бірақ «жанды» деген сөз қалыптасқан.

Егер қаржы есептілігі көбінесе «Өткен кезеңде не болды?» деген сұраққа жауап беретін болса, басқару есебі «Бизнес сәтті болу үшін, жақын болашақта не болуы тиіс?» деген сұраққа жауап береді.

Сонымен бірге, басқару есебінің тереңдігіне, уақытына бағдарланатын шешімдер бойынша, басқару есебі келесідей түрге бөлінеді:

- стратегиялық;
- жедел;
- тактикалық.

Тағы бір ерекшелігі - қаржы есептілігі қосарлы жазба ережелерінің, яғни қаржы есептілігінің стандартты (ҚЕХС) негізінде құрылады.

Өз кезегінде, басқару есептілігі – бұл, әрбір бизнес үшін ерекше болып келетін, нақты шаруашылықтың менеджерлерімен әзірленетін есептемелер. Мұндай есептемелердің саны нақты жағдаймен, бүгінгі және ертеңгі күннің талаптарымен анықталады. Ондағы ақпаратты ұсыну нысандары әр түрлі болып келеді – кестелер, сызбалар, диаграммалар, ауызша сипаттамалар және т.б.

Қаржы (бухгалтерлік) және басқару есебінің арасындағы ерекшеліктердің тізімі аталған аспектілермен шектелмейді.

Тағы бір айтып өтетін жайт: басқару есебінде ақшалай көрсеткіштерге емес, қаржы есебінде жоқ көрсеткіштерге көп көңіл бөлінеді. Мысалы:

- экологиялық таза өнімді өндіру, немесе өндірісті ұйымдастыру үдерісі айқындалатын, өндірісті экологияландыру;
- басқару есебінде көп көлемде болжау, бюджеттеу аппараты, математикалық статистика, талдаудың әр түрлі әдістері қолданылады;
- жалпы шаруашылықтың емес, жайылымдық жерлер, ветеринарлық қызмет, жайылымдық жерлердің жағдайы сияқты жекелеген салалардың ішіндегі қызметтің әр түрлі сегменттері көп көлемде зерттеледі.

Заманауи басқару есебін, шаруашылықтың қызметін жоспарлау, басқару және бақылау үшін қолданылатын ақпаратпен шаруашылықтың басқару

аппаратын қамтамасыз ететін бір шаруашылықтың аясындағы қызметті түрі ретінде анықтауға болады.

Бұл үдеріс, басқару функцияларын орындау үшін басқару аппаратын қажетті ақпаратты анықтау, өлшеу, жинау, талдау, дайындау, түсіндіру, табыстау және қабылдау үдерісінен тұрады.

Басқару есебі, бір уақытта зерттеулердің жүйесін және саласын білдіреді. Ол шаруашылықты басқару жүйесінің маңызды элементі. Басқару есебі – есеп үдерісі мен шаруашылықты басқарудың арасындағы байланыстырушы буын.

Басқару есебінің ерекшеліктерін зерттеу, ол туралы келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

- өндірісті басқару мен болашаққа арналған шешімдерді қабылдау үшін әкімшілікке қажетті ақпаратты ұсыну;

- өнімнің (жұмыстар, қызметтер) нақты өзіндік құнын және белгіленген нормалардан, стандарттардан, бюджеттерден, сметалардан ауытқуларды есептеу;

- өткізілген өнім, немесе олардың топтары бойынша, жаңа технологиялық шешімдер, шығындардың жауапкершілік орталықтары (жауапкершілік орталығы – бұл жұмыстың нәтижелеріне жауапкершілікті өз мойнына алатын басшымен басқарылатын құрылымдық бөлімше) немесе басқа да жағдайлар бойынша қаржы нәтижелерін анықтау.

Отандық тәжірибеде басқару есебінің түсінігі қолданылатындығын белгілеп өткен жөн. Оның көптеген элементтері Қазақстанда қалыптасқан өндірістік есептің жүйесіне кіреді:

- өндіріске жұмсалатын шығындарды есепке алу және өнімінің өзіндік құнын калькуляциялау,

- немесе жете нақтыланған (деталды) есеп, мысалы: жедел есеп; экономикалық талдау (өнімнің өзіндік құнын талдау);

- қабылданатын шешімдерді негіздеу,

- бюджеттеудің жоспарлы тапсырмаларының орындалуын бағалау;

- өндірістік есепте бизнес-жоспар құрылмайды, ол тек басқару есебінде ғана пайдаланылады.

Сонымен қатар, басқару есебінің отандық тәжірибесі, әлі де, маркетингпен үйлестірілмеген, нақты шығындардың болжамды шығындардан ауытқулары анықталмайды, болашақ теңге, болжамды экономикалық пайда, немесе банкроттықтың диагностикасын талдау сияқты санат қолданылмайды.

Шаруашылықтың басшысына сұрақ туындап отыр, ол қандай да бір жағдайда тек соқыр тәуекелге, өзінің интуициясына сүйене отырып белгілі бір маңызды басқарушылық шешімді қабылдаған жағдай болған шығар. Сол кезеңде қажетті ақпаратты алу мүмкіндігі жоқ болған. Оның басты себебі, басқарушылық шешімді қабылдау барысында, осы бағытта басшылыққа қажетті ақпаратты дайындауы тиіс, қажетті басқару есебінің әдістемесі, жедел есеп механизмінің ұйымдастырылмауы болып табылады. Сол себептен, тиісті нәтижелер болған жоқ. Сізде де, мұндай жағдай болған шығар? Яғни, шаруашылықтағы басқару есебін ұйымдастыру мен оның қойылуы – дәл сізге қажетті әрекет.

Компания басшысы әр кезеңде компания пайдалылығына қатысты мәселемен кездеседі және ол табысты ма және ары қарай қызметті жүргізу қажет пе деген мәселені шешумен айналысады. Бұл сұрақтараға жауап беру үшін, ол өндірілетін өнімнің өзіндік құнын және сату бағасын қалыптастырумен, жоспарлау, бюджеттеу, шығындардың жауапкершілік орталықтарын анықтаумен, сыртқы ортаны талдаумен және шаруашылықтың қызметіне толық және ашық бақылауды қамтамасыз ететін көптеген басқа да міндеттермен, жайылымдық мал шаруашылығын дамыту және күтіп-бағумен айналысады.

Нәтижесінде басшының жұмыс күні көптеген ұсақ, бірақ маңызды істерге толы болады – түгендеуді жүргізу, қаржы есептемелерін талдау және көп күш пен уақытты қажет ететін өзге де міндеттер. Мұндай әдістерді пайдалана отырып, басшы өзін толғандыратын мәселелер туралы нақты және уақытылы ақпаратты ала алмайды: өнімнің жеке түрлеріне деген сұраныс немесе малдарды күтіп-бағу технологиялары, мал төлі мен ересек малға көрсетілетін ветеринарлық қызмет мәселелері.

Ал қаржы есебі ше? Ол тиімсіз болып қалды ма? Әрине, мәселе мұнда емес. Қаржы есебі негізінде, салық және өзге органдарға есеп беру мақсатында сыртқы пайдаланушылар үшін жүргізіледі және жедел, ішкі есептің негізінде алынған жедел ақпаратты қажет ететін, шаруашылық қызметінің басты қатысушысы – яғни, оның басшысына тікелей бағытталмаған.

Менеджер, тек қаржы есебінің әдістеріне ғана негізделе отырып, еш уақытта қызметтің, саланың тұтас көрінісін көре алмайды, даму болашағын бағалай алмайды және биелерді жемдеу, емдеу, саууға орналастыру, құлындарды күтіп-бағуға қатысты болып жатқан ағымдағы өзгерістерге жедел әрекет ете алмайды. Алынған есептемелердің көмегімен, ол тек «оның қалай болғандығының» куәгері ғана болады, ал оқиғаның барысын өзгерту мүмкін емес.

Зерттеулер көрсеткендей, шет елдерде басқару есебін жетілдіру үшін ұзақ уақыт жұмсалған. Бұл ізденіс жүз жылдыққа созылып, ғалымдар мен есепші тәжірибешілердің бірнеше ұрпақтарын қамтыды.

Бүгінгі таңда, сыртқы экономикалық орта негізінде есептің мақсаттарына анықтау жайында даулар жүруде. АҚШ-та есеп алдымен несиелер саласына, содан сон инвесторлардың рөлдеріне негізделе отырып, оларға бағытталған, соңғы жылдары оның «жаңа бейнесі пайда болды - бұл ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады. Осыдан мынандай қорытынды туындайды - есеп мақсаттарының өзгеруі, өндірістік есепті құру өзгерістеріне әкеліп соғады. Сонымен қатар, әр мемлекетте бухгалтерлік есеп әр түрлі жолдармен жетілдіріледі [44,б. 5].

Шаруашылықты қаржы есебінің деректерінің көмегімен ғана басқарған өте қиын, өйткені бухгалтерия қызметкерлері қаржы есебін жүргізудің негізгі қағидаларының біреуімен шектелген, оған сәйкес, қандай дай бір болмашы ақпарат болғандығына қарамастан, ол ақпарат құжатпен расталуы тиіс. Егер құжат болмаған жағдайда, немесе дұрыс ресімделмеген болса, онда бухгалтерлік жазба болмайды.

Сәйкесінше, басқару мен ойлануға қажетті ақпаратта болмайды. Әдеттегі жағдай – басқа ұйымнан алынуы тиіс құжаттың кідірісі (шот-фактура, жүкқұжат). Жүк жөнелтілді, өнім алынды, ал құжат әлі алынбады. Яғни, операция іс жүзінде іске асырылмаған секілді болып отыр. Ақпараттың осылай кешіктірілуі және дәлсіздігі, табыстар мен шығыстарға тұрақты бақылауды жүргізуге мүмкіндік бермейді, сонымен қатар өткізу үдерістерінде кідірісті тудыруы мүмкін, мысалы: өнім үшін төлемнің жүргізілмеуі немесе өзге де мәселелер. Шаруашылықтарда басқару есебін енгізу – шаруашылықтың алдында туындайтын мәселелерді шешудің ең тиімді тәсілдерінің бірі. Біздің шетелдік экономист-әріптесеріміз оны бұрынғы кезден-ақ, және тиімді пайдаланып келеді. Басқару есебінің әдістері шаруашылық қызметін жүргізу қателіктерін уақытында анықтауға, оларды түзетуге және алынған ақпараттың негізінде негізделген басқарушылық шешімдерді қабылдауға мүмкіндік береді.

Басқару есебі нақты нені білдіреді және оның тиімділігі қалай айқындалады, ең бастысы ақпаратты дайындаудағы жеделдігі.

С.А.Николаева: «Басқару есебінің батыс жүйелерінің маңызды сипаттамасы шығындар есебінің жеделдігі болып табылады», - деп атап көрсеткен [43, б. 7].

Басқарушылық шешімдерді қабылдау барысындағы уақыттылығы, мысалы: малдарды диагностикадан өткізу нәтижелері және оларды емдеу және профилактикасы жөніндегі басқарушылық шешімдерді уақытында қабылдау.

Басқару есебі – бұл, ақпаратты жинау жүйесі, ол қаржы есебі секілді ақпаратты өлшеумен, жалпылаумен және тіркеумен айналысады. Бірақ, есептің ұқсас жүйелерінің арасында үлкен айырмашылық бар. Яғни, басқару есебі компания қызметінің деректерін тіркеп қана қоймай, сол сияқты, алынған ақпаратты менеджерге ұсына отырып, оны түсіндіреді, ал менеджер өз кезегінде сол ақпараттың негізінде басқарушылық шешімдерді қабылдайды.

Кейбір әдеби көздерде «басқару есебі» түсінігі «болжамды есеп» түсінігіне ауыстырылады, бұл ешқандай да қате болып саналмайды. Егер жоғарыда баяндалғанды басқа сөзбен айтатын болсақ, қаржы есебі «қалай болғандығын» көрсетеді, ал басқару есебі бюджеттеу, жоспарлау және болжау сияқты экономикалық құралдарды пайдалана отырып, «қалай болуы тиіс» екендігін түсіндіреді.

Дамып келе жатқан кезеңіне қарамастан, басқару есебі әдіснамасының негізінде, әр шаруашылықта шығындарды басқару, жем - шөп қорларын басқару, жайылымдық малдарды күтіп-бағуды басқаруға қатысты бастапқы механизмі бар. Бүгінгі күні, агробизнесе шығындарды есепке алудың дұрыс таңдалған жүйесі, оның механизмі немесе таңдалған әдісі, бизнестің тиімділігін айтаралықтай кеңейтуге және шаруашылықтың табысын арттыруға мүмкіндік беретіндігі ешкімге құпия емес. Дегенмен, шығындарды есепке алудың қолайлы жүйесін таңдау ғана жеткілікті емес, мысалы: шығындардың ШЖО (шаруашылық жауапкершілік орталықтары), сол сияқты оған қатысты басқару есебінің әдістерін пайдалану қажет. Олар қаржы есебінің тұрғысынан емес, ондағы шығындардың бөлінуіне қарай, өнімнің өзіндік құнын есептеуге мүмкіндік береді (тікелей және жанама, тұрақты және айнымалы), бұл

менеджерлерге шығындардың құрамы туралы нақты ақпаратты алуға мүмкіндік береді.

Мұнда, басқару есебі шығындардың есебімен айналысатындығын білген маңызды. Осыған орай, басқару есебінің функциялары әлдеқайда кең болып келеді.

Басқару есебі, жайылымдық мал шаруашылығының ішкі шаруашылық қызметін анықтай отырып, реттеу, жоспарлау және болжау сияқты экономикалық үдерістерге негізделеді. Қаржы есебі, деректерді жинау, жинақтау және тіркеумен ғана шектеледі. Есептің бұл түрінің «лауазымдық міндеттеріне» нормативтік көрсеткіштерден ықтимал ауытқуларды анықтау және талдау ғана емес, сол сияқты, оларды жою бойынша шараларды ұйымдастыру кіреді.

Кез келген шаруашылықтағы басқару есебі жауап беретін негізгі функциялардың қарапайым сызбасы келесідей: ақпаратты ұсыну – талдау – жоспарлау – бюджеттеу – мотивация – үйлестіру – бақылау мен банкроттықтың диагностикасы.

Оларды екі түрге бөлуге болады: ақпаратты алмастыруға жауап беретін функциялар, оның сапасына кепілдік беретін функциялар.

Бірінші түріне ақпаратты алмастыру жүйесін енгізу, оны ұсыну, кейінгі қызметті талдау, жоспарлау мен бюджеттеу жатады. Екінші түріне – персоналдың мотивациясы, жекелеген бөлімшелердің қызметін үйлестіру және жоспарлы, болжамды көрсеткіштердің тиісті тәртіпте орындалуын бақылау. Олардың әрқайсысын қысқаша түрде қарастырып көрейік.

Шешімдерді жоспарлау, бақылау және қабылдау үшін қажетті ақпаратты басқару құрамына ұсыну – басқару есебінің басты функцияларының бірі болып табылады. Ақпаратты ұсынбас бұрын, оны алу және шаруашылықтың әр түрлі сегменттері арасында алмастыру жүйесін ретке келтіру қажет.

Басқару есебі басшылыққа келесідей ақпаратты ұсынады:

- қорларды бағалау туралы;
- пайданы есептеу;
- өзіндік құнды құру;
- сату бағаларын негіздеу;
- табыстар мен шығыстар.

Ақпарат алынғаннан кейін, ол мұқият талданып, шешімдерді қабылдау үшін дайындалады. Өндірістік талдау барысында:

- ресурстарды анағұрлым оңтайлы пайдалану жолдары анықталады;
- оның ары қарай өсуіне және дамуына қатысты ұйымдастыру қабілеттіліктері анықталады;
- ағымдағы сұрыпталым, өндіріс немесе сату көлемдері туралы ақпарат дайындалады;
- инвестициялық саясат әзірленеді.

Алынған және талданған ақпарат басқару есебінің келесі функциясы болып табылатын – жоспарлаудың негізі болып табылады. Оған сәйкес келесі әрекеттер іске асырылады:

- болжамды көрсеткіштер құрылады;

- тактикалық және жедел жоспарлар әзірленеді;
- жайылымдық мал шаруашылығын дамытудың ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жоспарларын құру үшін деректер дайындалады.

Жоспарлау – бұл, басқару есебінің маңызды құралдарының бірі, оның көмегімен жайылымдық мал шаруашылығы өзінің даму стратегиясын анықтайды, ал оның әдістері оның кейінгі сақталуына себепші болады.

Басқару есебінің қызметінде мамандардың, қызметкерлердің мотивациясы маңызды мәселе болып табылады, өйткені олар көбіне жаңалықтарға қайшы келеді, және жұмыс үдерісін ұйымдастырудың өзге жүйесін үйренуді қаламайды.

Персоналды дұрыс мотивациялауға:

- менеджерлер үшін шығындардың жауапкершілік орталықтарын бөлу;
- басқарушы буын жұмысының тиімділігін бағалау әдістерін әзірлеу және т.б. ықпал етеді.

Бақылау – басқару есебінің ықпал ету саласының маңызды үдерісі болып табылады.

Басқару есебі өзінің қағидаларына негізделе отырып, шаруашылықта толық басқару және қаржы бақылауын ұйымдастырады, нақты және жоспарлы көрсеткіштерді салыстыра отырып, ішкі бақылау жүйесін құрады, қаражаттың артық жұмсалуына жол бермеу және шығындарды оңтайландыру бойынша шара қолданады, шаруашылыққа басқару есебінің қажет екендігін түсіну үшін, шаруашылықтың келесідей жағдайларда жұмсайтын ақшалай қаражатының жуық мөлшерін есептеу қажет:

- бизнес ашық болмаған жағдайда;
- жоспарлау үдерісі анық болмай, оған жағдайлық сипат тән болса;
- шығындардың бақылауы жуық шамамен айқындалып, анық болмаса;
- персоналды мотивациялау жүйесі жоқ болса;
- шешімдер жедел түрде қабылданбайтын болса;
- қажетті ақпаратты уақытында табу мүмкіндігі жоқ болған жағдайда.

Осылайша, сіз, өзіңіздің шаруашылығыңызда басқару есебінің қажет екендігі туралы шешім қабылдадыңыз. Оны енгізбес бұрын, дайындық жұмыстарын жүргізу қажет. Оларға, шығындар мен қаржыны шаруашылық жауапкершілік орталықтары (ШЖО) бойынша бөлу үдерісі жатады.

Бүгінгі күні, нарықтық экономика жағдайында сыртқы және өзгерістерге тез арада назар аударып, әрекет ету, кез келген шаруашылық қызметінің тиімділігінің кепілі екендігі ешкімге құпия емес. Сондықтан, шығындарды жауапкершілік орталықтары бойынша бөлу, компанияның өз мақсаттарына қол жеткізу жолындағы алғашқы қадамы.

Заманауи жағдайларда шығындарды есепке алудың болашағы бар бағыттарының бірнеше әдістері бар, бұл:

- шығындардың шаруашылық жауапкершілік орталықтары (ШЖО);
- JiT «Just in Time», «Дәл мерзімде» әдісі;
- ABC әдісі.

1. Дайындық жұмыстарының аясында әрбір оқшауландырылған бөлімше, яғни шаруашылық жауапкершілік орталығы, жоспарларды басқару туралы

шешімдерді дербес түрде қабылдауға, жеке есептілігін құруға және шығындардың жоспарлы көрсеткіштерінен ауытқуларды анықтауға құқылы. Басқару есебінің жүйесі үшін шаруашылық жауапкершілік орталығының рөлі зор, өйткені бөлімшелерде шығындарды есепке алу нәтижесінде өз жұмысының тікелей нәтижелеріне жауапты тұлға пайда болады, бұл шаруашылықтағы басқару есебінің тиімділігін бірнеше есеге арттырады.

Өткен ғасырдың шетелдік тәжірибесінде – «Ақталмаған шығындарға тұрақты бақылау жүргізу үшін, Дж.А.Хиггис, шығындарды бақылау үшін жауапты тұлғаны белгілей отырып, «жауапкершілік орталықтарының» тұжырымдамасын әзірлеген», - деп К.Т.Тайгашинова атап көрсеткен [44, б. 5]

Шығындар шаруашылық жауапкершілік орталықтары бойынша бөлінгеннен кейін, басқару есебінің жүйесін енгізуге кірісуге болады.

2. JiT «Just in Time», «дәл мерзімде» әдісі 1940 жылы Жапонияда пайда болды және бұл әдістің пайда болуын Toyota концернімен байланыстырады [45, б. 64].

«Шығындар-сапа» арақатынасы секілді, шектелген ресурстарды пайдаланудың басқа тиімді жолы жоқ [46, б. 121; 47, б. 300].

Бұл жүйені белгілеу үшін Жапонияда «карточка» немесе «жазбаның визуалды жүйесін» білдіретін «**Канбан**» термині қолданылған [45, б. 301].

JiT «дәл мерзімде» жүйесінің артықшылықтары:

- қосылған құнды құрмайтын қызмет түрінің жойылатындығы;
- нөлдік қорлар;
- ақаудың жоқтығы,
- ешбір іркіліс пен сыну оқиғаларының жоқтығы;
- жүз пайыздық уақытылы жеткізілім; [48].
- ұйымда жетілдіруге қатысты атмосфераны құру ұмтылысы (TQM) [49, б.171].

3. ABC әдісі – әдістің алгоритмі жанама шығындарды бөлу операциясына, шығындардың драйверіне байланысты болады. Шығындардың есебі операциялардың (немесе жұмыстардың түрлері) шегінде жүргізіледі, операциялардың өзіндік құны анықталады. Мұндай жете нақтыланған (деталды) әдіс, шығындардың есебінде және осы шығындарды басқаруда ашықтықты қамтамасыз етеді [50, б. 52]. Бұл әдіс біздің зерттеп отырған «Жайылымдық мал шаруашылығының» объектілері үшін пайдалануға тұрарлық. Атап айтқанда, биелерді саууды ұйымдастыру жұмыстарының түрлері бойынша шығындардың басқару есебін ұйымдастыру және экологиялық таза өнімді өндіру жұмыстарының түрлері. Сонымен бірге, барлық болашағы бар әдістер біздің зерттеулеріміздегі шығындарды есепке алу объектілері үшін қолдануға болады.

Қорытынды кезең бұл, басқару есебінің әдіснамасын енгізу болып табылады, оның сәтті орындалуы, тұтас алғанда жүйенің реттелген және әдісқой жұмысымен белгіленеді. Дегенмен, ол жұмыстың барысында енгізілетін кейбір түзетулер мен өзгерістерді де жоққа шығармайды, өз кезегінде, олар өзінің мақсаттылығын жоғалтпайды.



Басқару есебін енгізудің жоғарыда аталған кезеңдерінің жиынтығы әрекеттілік пен тиімділікті қамтамасыз етуге қабілетті, яғни шаруашылықты дамытудың жалпы стратегиясына ықпал етеді.

Әрине, басқару есебі қызметінің барлық деңгейлерінде мәселелер мен қиындықтардың мүлдем болмауы мүмкін емес.

Есеп жүйесін енгізуде менеджерлердің көп кездестіретін негізгі сыни кезеңдері келесідей:

- басқару есебін жүргізумен айналысатын мамандарды оқыту мен іріктеудің күрделілігі;

- бухгалтерлік есептің арасындағы елеулі айырмашылық, басқару есебінің негіздерін және әдістерін дұрыс ұғынбау;

- жүйені техникалық және бағдарламалармен қамтамасыз ету мәселелері;

- шаруашылық жұмыскерлерінің жаңалықтарға қарсыласуы.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, шаруашылықта басқару есебінің қойылымында шешілмейтін мәселе жоқ. Білікті мамандар, жүргізіліп отырған жұмысқа басшының қызығушылығы, шыдамдылық пен сауатты стратегия, мұның барлығы, шаруашылықта басқару есебінің тиісті қызмет етуі үшін, аз шығындармен, қиыншылықтардан өтуге көмек береді.

### **1.3 Басқару есебіндегі сапа мен бәсекеге қабілеттілікті басқару негіздері**

Дағдарыстың дамуымен, басқару есебі мен ұсынылған ақпарат кәсіпкерлік қызметті басқару механизміне айналып келеді. Сонымен қатар, егер басқару есебі, оның ақпаратпен қамтамасыз етуі, басқару механизмін реформалаудан артта қалатын болса, онда қажетті нәтижелерге қол жеткізу қиынға соғады. Сондықтан, басқару есебі мен оның ақпаратпен қамтамасыз етуі, нарықтың дамуындағы экономикалық заңдардың талаптарына ілесіп дамуы қажет.

Осыған орай, шаруашылықтың басшылығы үшін ақпаратты дайындаудағы сапа есебінің мәселелерін зерттеу, өндірілетін өнімнің сапасын бақылайтын әсерлі құрал болып табылады. Әдетте, басқарушылық шешімдерді қабылдауда, әзірлеу барысында басшылық үшін, әсіресе сапа менеджменті үшін маңызды болып табылатын, тиімді басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін оған қандай ақпарат қажет екендігі жайлы мәселе қарастырылмайды.

Ақпарат келесідей бағыттарда дайындалады:

- өнім, оның сапасы;

- пайдалы қасиеттерінің көрсеткіштеріне зертханалық талдау жүргізу;

- өнімнің емдік қасиеттері;

- сапа сертификаты;

- ұлт денсаулығын сақтау мақсатында өнімге деген сатып алушылық сұраныс;

- экологиялық таза өнімнің өзіндік құны және бағасы;

- өткізу, сатып алушылар, тұтынушылар және олардың төлем қабілеттілігі;

- тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігі (коммуникациялар).

Жоғарыда баяндалған стратегияны іске асыруда бухгалтер-талдаушының рөлі күрт өзгереді, басқару есебінің әдістемелік аспектісінде оның жұмысы жетілідіруді қажет етеді. Бұл, басқару есебінің бухгалтерлері міндеттерді шешу (салыстырмалы талдаудан бастап шешімдерді қабылдауға дейін), есепті жүргізуден бастап (деректерді жинау мен есептерде сенімді ақпаратты ұсыну) назар аударудың басымдылықтарын белгілеу бағыттарын анықтауға дейінгі (менеджерлерге басымдылықтарды дұрыс анықтауға көмек көрсету) әр түрлі функцияларды атқарады.

Әрекеттердің баламалы нұсқаларын іздестіру, болжамды конъюнктура мен экономикалық жағдайдың өзгерістері туралы ақпараттың тапшылығымен байланысты, болашаққа арналған болжамды іске асыру, өндірілген экологиялық таза өнімдердің нарығында жағдайдың даму болашағын және сол өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін қарастыру қажет.

Біздің елімізде, емдік қасиеті бар сусындар ретінде қымыз бен шұбаттың өндірісін қамтамасыз ететін жайылымдық мал шаруашылығы тұрақты дамып келеді, және олардың емдік қасиеттері бүгінгі күні, маңызды рөлді атқарады.

Бірақ, заманауи бизнес-үдерісте, есептегі негізгі кемшілік, өнім немесе қызметтердің сапа көрсеткіштері дерекқорларының жоқтығы.

Өндірілген өнімнің сапасы туралы ақпарат қаржы есебінде де қолданыс тапқан жоқ. Қазіргі таңда, басқару есебі өнімнің, жұмыстардың, қызметтердің сапасы туралы ақпаратты айқындамайды.


Дайындалған ақпараттың негізінде сапа менеджментінің басқарушылық шешімдері қабылданады. Қабылданатын басқарушылық шешімдерді әзірлеу технологиясы 3 суретте көрсетілген.

Тауар өндірушінің шаруашылық қызметінде болатын көптеген өзгерістер, тұрақты түрде, тіпті жедел араласуды, тиімді басқарушылық шешімдерді әзірлеп, қабылдауды талап етеді. Күнделікті тәжірибедегі басқарушылық шешімдері, менеджменттің ой қызметінің еңбек өнімі болып табылады.

Заманауи нарықтағы тауар өндірушінің маңызды стратегиясы – өнімнің сапасын сақтай отырып (немесе арттыру) тұтыну бағасын төмендету.

Бұл стратегияны іске асыру – заманауи бизнестегі басқару шешімдері, шығындар, өзіндік құн, сапа сертификатын қамтамасыз етуде өндіріс технологиясы, ішкі және сыртқы экономикалық қатынастар арқылы тауар өндірушінің экономикасын басқару үдерісімен тығыз байланысты.

Сонымен қатар, басқарушылық шешімдерді қабылдау жүйесінде шешімдердің орындалуын бақылау мен ғылыми игеру, оның ішінде орындаушылардың, іске асырылған шаралардың тиімділігін бағалау кезеңі қарастырылады. Осыған орай, шешімдердің орындалуын ұйымдастыру және оларға мониторинг жүргізу кезеңіне ерекше назар аудару қажет. Жағдайлардың мониторингі және шешімдерді орындау, шешу және орындау үдерістерінің тұтастығын қамтамасыз етуді, қателер мен ауытқуларды уақытында алдын алуды, өндірілетін жаңа өнім сапасының мерзімдерін және сапа кепілдігін қатаң сақтауды қарастырады.



Сурет 3 – экологиялық таза өнімді өндіру үшін сапа менеджментінің басқарушылық шешімдері

Ескерту - Автор құрастырған

Мониторингі инновациялық өндірісті анықтаумен қатар, экологиялық таза өнім өндірісінің сақтық қорларына, оның әлеуетті мүмкіндіктеріне бағдарлау маңызды болып табылады.

Басқару есебі экологиялық таза өнім өндірісінің басқару үдерісін есеп үдерісімен байланыстыра отырып, тек өзіне тән инновациялық тәсілдерді, әдістер мен қағидаларды пайдаланады. Басқару есебі, қол жеткізілген нәтижелердің экологиялық таза өнімді өндіру мақсаттарына жету үшін сапа мен шығындарды қамтамасыз етуде алдыға қойылған мақсаттардың арақатынасы арқылы қабылданатын шешімдер мен шаралардың әрекеттілігін бағалауға мүмкіндік береді.

Тиімді шешімдерді қабылдау үшін негізделген ақпарат қажет. Есептік ақпаратқа қойылатын негізгі талаптар: анықтығы, толықтығы, айқындығы, уақыттылығы, қайшылықсыздығы. Сапалы сенімді есептік ақпарат дұрыс емес, қате шешімдерді қабылдау ықтималдылығын азайтады.

Бүгінгі таңда, басқарушылық шешімдерді әзірлеу дегеніміз – бұл, мақсаттарды анықтау, нұсқаларды іздестіру, ықтимал нормалар мен нормативтерді есептеу, ысыраптардың алдын алу, тәуекел шамасын анықтау, шешімдердің тиімділігін бағалау болып табылады.

Біздің ойымызша, неғұрлым мәселе айқын болса, соғұрлым дұрыс шешім қабылданады.

Шаруашылықты басқару жүйесінде басқарушылық шешімдерді әзірлеу және қабылдау, нақты шығындарды есепке алу және бөлімше, бригаданың даму болашағының салдары және сатып алушылар мен жабдықтаушылардың өзара байланысы болып табылады. Ақпарат, басшы үшін өнім өндірісін басқару үдерісін жүргізу үшін ғана емес, сонымен қатар, өнімді өндіру мен өткізуге жұмсалатын шығындарды басқару үдерісін жүргізу үшін де қажет. Сондықтан, басқару есебі басқару есебінің бір бөлігіне (мысалы: тек шығындар) ғана емес, сол сияқты, кәсіпкерлік қызметтің бүкіл механизміне қызмет көрсетеді. Көптеген ғалымдардың пікірінше, басқару есебінің құзыреті дегеніміз – бұл, шығындарды немесе өзіндік құнды, немесе өндірістің үдерістерін басқару.

Жайылымдық мал шаруашылығының саласын басқару, алдыға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін, оның өндірістік үдерістерін үйлестіру және реттеу қажет деп есептейміз. Заманауи жағдайлардағы негізгі мақсат, бұл тауар өндірушінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету жолында өндірілетін экологиялық таза өнімнің сапасы, халықтың денсаулығын сақтау. Сонымен бірге, басқару есебі қорлар туралы, шығындар, табыстар, орындалған жұмыстардың көлемі туралы, өндірілген өнімнің қолдағы мөлшері мен оны пайдалану туралы, тауар өндірушінің қолындағы қаражаты, шаруашылық үдерістер мен қызметтің қаржы нәтижелері туралы, есеп айырысулар мен міндеттемелер туралы ақпаратты ұсынудың негізгі жабдықтаушысы болып табылады. Басқару есебі шаруашылықтың ақпараттық жүйесінің құрамдас бөлігі. Өндірістік үдерісті басқару тиімділігі, фермерлік шаруашылықтағы жайылымдық мал шаруашылығы саласының құрылымдық бөлімшелерінің қызметін дамыту туралы ақпаратпен қамтамасыз етіледі. Менеджерлер дұрыс басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін, басқару есебі шаруашылықтың ішінде ғана емес, басқарудың әр түрлі деңгейлеріндегі менеджерлер үшін жедел ақпаратты ұсынады.

Басқару есебінің ақпаратын дайындау мазмұны басқару мақсаттарымен анықталады.

Әрбір шаруашылық қызметінің екі ортасы бар: ішкі және сыртқы. Шаруашылықтың басшылығы осы екі жақты қамтитын шешімдерді қабылдайды.

Сыртқы орта – бұл фермер шаруашылығының қызметіне ықпал ететін сыртқы факторлармен өзара әрекет ету. Оларға, қолданыстағы заң, арнайы жергілікті жағдайлар (шарттар), ең бастысы жабдықтаушылар және сатып алушылармен, инвестор банкпен, табиғатты қорғау қызметтерімен өзара байланыс жатады, өйткені кез келген өндіріс экологияға ықпал етеді. Ең жақсы жабдықтаушыларды таңдау және қорлар мен қызметтер жеткізілімдерінің шарттарын орындау. Қорытындылай отырып, бүгінгі күні, өндірушімен ұсынылатын өндірілген өнімнің сапасы мен әрленімін ескере отырып, сатып алушылық сұраныстың ерекшеліктері маңызды болып табылады. Сатып алушылар фермер шаруашылығы қызметінің сыртқы жағын қабылдайды және бағалайды, оның түпкілікті нәтижесі өндірілген өнімнің белгілі беделін қалыптастыру болып табылады. Сонымен бірге, экологиялық таза өнім өндірісінің экологиялық қауіпсіздігін сақтау.

Өнімді өткізу көлемі өнім сапасын ескере отырып, нарықтағы сол өнімге деген сұранысқа байланысты болады. Нарыққа ұсынылатын өндірілген өнімнің жоғары көлемін өткізу үшін, тауар өндіруші сұранысқа ықпал ететін көптеген факторларды ескеруі тиіс, ең бастысы, бұл, әлеуетті сатып алушылардың экологиялық таза өнімге қатысты болжамдары.

Осыған орай, басқару есебінің функциялары кеңейтіледі. Сыртқы факторлармен өзара әрекеті өндірілген өнімнің сапасы мен оның бәсекеге қабілеттілігі болып табылады. Сондықтан, біздің ойымызша, басқару есебінің функциясына өнімді және оның бәсекеге қабілеттілігін енгізу қажет.

Тұтынушылардың белгілі бір тобына тартымды болу үшін, бәсекелестермен салыстырғанда өнімде болуы тиіс сапалы қасиеттерді, үздік әрленімді анықтау үшін ақпарат дайындалуы тиіс. Жөнелтім мерзімдерін орындау менеджменттің негізгі міндеті болып табылады, біріншіден, экологиялық таза өнімнің сапа сертификатын ұсыну, басқарушылық шешімдерді қабылдау барысында менеджмент үшін ақпараттық қамтамасыз етуге кіреді.

Шаруашылықтың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында ақпаратты дайындау, басқару есебі келесідей бағыттарда дамуы қажет:

- малдарды күтіп-бағу, профилактикасы, диагностикасы мен емдеу үдерісінің инновациялары;
- жаңа технологияның-инновациялық жобасы;
- экологиялық таза өнім өндірісін басқару жүйесіндегі инновациялар;
- бизнестің инновациялық-инвестициялық белсенділігі;
- тауар өндіруші ретінде фермердің бәсекеге қабілеттілігі.

Дәл осы элементтер, тауар өндірушінің бәсекеге қабілеттілігін, оның бәсекелестер алдындағы артықшылықтарын анықтайды. Өнімнің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігінің ақпараттық жүйесіндегі тапшылық, басқарушылық

шешімдерді қабылдау тиімділігін қамтамасыз етпейді. Осыған орай, бұл бағытта ақпаратты дайындаудың өз ерекшеліктері бар.

Бәсекелестер туралы ақпараттың зерттелуі бұл сыртқы ақпарат, тауар өндіруші үшін оның өндірістегі және нарыққа өз өнімін бәсекелеске қарағанда тиімді өткізу қабілеттіліктерін анықтау мақсатында ақпаратты дайындау мен өңдеу маңызды болып табылады

Мәселеге жүргізілген зерттеу көрсеткендей, XVIII ғ. Адам Смит бәсекелестіктің мәнін, әр түрлі сатушылардың нарықта бақылау орнатудың өзара тәуелді әрекеттерінің жиынтығы ретінде белгілеген, мұнда тауарларды сату, немесе сатып алудың аса тиімді жағдайларына қатысты бақталастыққа ерекше назар аударылған. Нарықтық бәсекелестік, бұл фирмаларға қолжетімді нарық сегменттерінде, тұтынушылардың төлемқабілетті сұранысының шектелген көлемі үшін фирмалардың арасында жүргізілетін күрес [51].

Сол кезеңдері өнім өндірісінің шығындарына бақылау орнату және өткізу нарығына сол өнімді өткізу жолындағы бақталастық орын алған, ал заманауи бизнесте бәсекелестік күшейе түседі.

Австриялық экономист, элеументтанушы Йозеф Шумпетер бәсекелестікті «ескінің» «жаңамен», өндірістің инновациялық тәсілінің дәстүрлі тәсілімен күресі ретінде анықтады. Әдетте, инновациялар нарықта сыни көзбен қабылданады, бірақ, егер кәсіпкер-жаңашыл инновацияларды іске асыра алатын болса, бәсекелестік механизмі ескірген технологияларды қолданатын кәсіпкерді нарықтан ығыстырып шығарады [52].

Автордың пікірінше, инновацияларды пайдаланатын тауар өндірушілер өзінің өндіретін тауардың сапасын қамтамасыз етуде өзінің тиісті нәтижелеріне қол жеткізеді және оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуде, баламалы өнімнің өндірісінде инновацияларды қолданбайтын бәсекелестердің алдында басымдылығы жоғары болады.

Сонымен бірге, өнім өндірісіне жұмсалатын шығындарды төмендету аясындағы көшбасшы болу, өз бәсекелестерінің алдында өткізу нарығында белгілі басымдылықты қалыптастырады. Тауар өндірушілердің ортасында көшбасшы болу үшін бәсекелестіктің көптеген тәсілдері бар.

Американдық ғалым Филип Котлер бәсекелестіктің төрт бағытын белгілеген:

– сауда таңбаларының бәсекелестігі – салыстырылмалы бағалар бойынша бірдей мақсатты сатып алушыларға ұқсас тауарларды ұсынатын бизнес субъектілерінің бақталастығы;

– салалық бәсекелестік – ұқсас немесе біртекті тауарларды немесе тауарлардың тобын өндіретін және өткізетін фирмалардың бақталастығы;

– ресми бәсекелестік – бірдей қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған өнімді өндіретін бизнес субъектілерінің бақталастығы;

– жалпы бәсекелестік – барлық экономикалық субъектілердің тұтынушылардың ақшалай ресурстары үшін бақталастығы [53].

Бәсекелестіктің аталған бағыттары бойынша бөлінісін, бәсекелестіктің сыныптамасына жатқызуға болады. Бірақ, осының барлығына ақпарат алу үшін басқару есебін ұйымдастыру қажет.

Р.Макконнелл және С.Л.Брю, «бәсекелестік – бұл, нарықта көптеген тәуелсіз сатып алушылар мен сатушылардың болуы, сатып алушылар мен сатушылардың нарыққа еркін кіру және одан шығу мүмкіндігі» деп сендіреді [54].

Сонымен бірге, осы тәуелсіз сатып алушылар мен сатушылар бағадағы көшбасшылықты мойындау, тауар бағасын мойындау, жаулап алу жолында күрес жүргізеді, өндіріске жұмсалатын шығындар, өндірілген өнімді өткізудің қолайлы жағдайлары, сәттіліктің негізгі факторларына қатысты көшбасшылық қамтамасыз етілген болса, ол баға төмен болады.

Соған қоса «бәсекелестік артықшылық» түсінігімен қатар «табысқа жетудің маңызды факторлары (ТМФ)» түсінігі қолданылады, ал бұл тауар өндіретін сала компаниялары үшін ортақ анықтама. Оны қолдану бәсекелестік позицияны жақсартуды қамтамасыз етеді.


А.А. Томсон бұл бағытта «Әрбір сала үшін ең алдыменен әртүрлі ұсыныстарды салыстырған кезде клиенттермен ескерілетін факторлардың өзіндік бір жинағы бар» екенін атап өтті [55,б. 153-154].

Әдетте, сала үшін бірнеше анықтаушы факторлар тән болып келеді. ТМФ-ның:

- инновациялық-инвестициялық өндіріске;
- жаңа өнімді өткізуге;
- маркетингті креативті басқаруға;
- кәсіби дағдылардың адами факторларына;
- жаңа ұйымдастырушылық мүмкіндіктерге жатататын факторлардың сыныптамасы бар.

Бәсекелестік артықшылықтар әмбебап емес және уақыт өте өзгеруі мүмкін. Бәсекелестік артықшылық, әр уақытта салыстыру үдерсінің нәтижесін салыстыру барысында қатыстырмалы болып табылады.

Майкл Портер бәсекелестіктің негізгі түсініктері мен мәнін аша отырып, бәсекелестік артықшылықтың қалыптамасын ұсынады (сурет 4).




Сурет 4 – М.Портердің қалыптамасы

Ескерту - [56, 17 б.] дерек көзінен алынған

Бәсекелестік күрестің пайда болу себептерін кешенді қарастыра отырып, М.Портер фирмалармен ұсынылатын бағаларға, өндіріске жұмсалатын

шығындарға және өнімді өткізуге, өткізу нарығында ұсынылатын тұтынушылық қасиеттерге ықпал ететін «бәсекелестіктің бес күшін» анықтаған (сурет 5).



Сурет 5 – бәсекелестіктің бес күші

Ескерту - [56, 17 б.] дерек көзінен алынған

Бәсекелестік артықшылықтың қалыптамасы мен бәсекелестіктің бес күші, осы бағытта ақпаратты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

М.Портердің «бәсекелестіктің бес күші» үлгісі өзінің танымалдылығымен қатар, бір уақытта сынға ұшыраған.

Бұл, стратегиялық бизнес-құралдарының тұрақты түрде өзгеріп отыратындығымен байланыстырып, Л.Доунс үш күшті ұсынады, бұл цифрлендіру, жаһандану, қайта реттеу [57].

Цифровациялау – жаңа бизнес-үлгілердің пайда болуына қарай қолданылады, сонымен бірге, ақпараттық технологиялар, телебайланыстар, электрондық сауда өсіп келеді.

Жаһандану – коммуникация болған кездегі жаһандану деңгейінде ынтымақтастық, логистикалық жүйелерді қолдану, олардың жүйелі нарығында бизнеске деген жаңа талаптар пайда болады.

Реттеушілік – Еуропада қазіргі бизнестің даму бағыттары толықтай мемлекеттік араласуын тоқтатқан кезде орын алды. Осыған байланысты жаңа ақпараттық жүйелер ескі модельдерді ығыстырды дегенді білдіретін сияқты.

Бірақ сонымен бірге Қазақстандық ғалым О.С.Сабден «Дегенмен, салалық динамикалар мен бизнес-модельдердегі барлық өзгерістерге қарамастан, М.Портердің ойлары ескірмеген. Ол бойынша әрбір бизнес «жабдықтаушы, сатып алушы, бәсекелес, нарықтың жаңа қатысушысы және тауар-алмастырушы» координаталар жүйесінде жұмыс атқарады. Бұл ой кез келген бәсекелестік экономика шегінде ғана іске асады деп есептеді [58, 265 б.].

Ғалымның пікірін қолдай отырып, біздің ойымызша, біздің жағдайымызда, бие сүті немесе қымызды, түйе сүті немесе шұбатты алмастырушы өнім туралы ешқандай сөз қозғалмауы тиіс. Алмастырушы өнімнің емдік қасиеттері



болмайды. Компания және оның технологиялық, немесе өндірістік үдерісі, сол сияқты бизнес үдерістер қисынды түрде байланысқан, және жабдықтаушылармен жеткізілетін шикізаттың сапасына тәуелді, өндірілген өнімнің сапасына өзара тәуелді болып табылады (бизнес операциялар). Осыған орай, жабдықтау және жабдықтаушылармен шартқа отыру үдерісінде, жабдықтаушының жеткізілетін шикізат сапасының сақталуына ерекше назар аудару қажет. Міне сондықтан, тауар өндірушінің бәсекелестер алдындағы көшбасшылық есебін келесідей бағыттарда іске асыруға болады; егер оны біздің зерттеулеріміздің тұрғысынан қарастырған жағдайда:

- өндірілетін өнімнің сапасы;
- өнімді бөлшектеп өлшеу әрленімі;
- өткізу нарығындағы қолайлы баға;
- төмен шығындар (шығындар мен шығыстар);
- экологиялық таза өнім;
- азық-түлік өнімдері – халық денсаулығын сақтау. [59, 105-114б.]

Г.Л.Азоев «Бәсекелестік деп бір мақсатқа жетуді көздеген жекелеген заңды және жеке тұлғалар арасындағы қандай бір саладағы бақталастық» деп тұжырымдайды [60].

Сонымен қатар, бәсекелестің әлеуетті мүмкіндіктерін анықтау, өндірісті ұйымдастыру мен басқару үдерістері үшін ақпаратты құрастыруда басқару есебіне белсенді ықпал ету, саланың бәсекеге қабілеттілігін дамытуда нарықтың талаптарына жауап беретін есептік жүйесін құру барысында, артықшылықтар шарттарына жасалатын (жағдайларын) таңдауды анықтайды.

Осыған орай, Г.Я.Киперман бәсекелестікті «өнімді өткізу барысында өндірушілер мен жабдықтаушылардың өзара әрекет ету, өзара байланыстары мен күресу үдерісі, өткізудің ең қолайлы шарттары үшін жекеленген тауар өндірушілер немесе тауарларды жабдықтаушылардың арасындағы экономикалық бақталастық» деп көрсеткен [61].

Заманауи жағдайлардағы бәсекелестік – бұл, өнімнің сапасына негізделі отырып, өткізу нарығында тұтынушылардың төлемқабілетті сұранысына ықпал етуді қамсыздандыру, оның емдік қасиеттері әр уақытта бәсекелестік артықшылықтармен қамтамасыз етеді.

Р.А. Фатхутдиновтың пікірінше, бәсекелестік – «бұл, заң шегінде немесе табиғи жағдайлардың аясында, объективті немесе субъективті қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін бәсекелестермен күрес жүргізуде жеңіске немесе басқа да мақсаттарға қол жеткізу үшін, субъектінің өз бәсекелестік артықшылықтарын басқару үдерісі» [62].

Тұтынушылар қалауларының, олардың бағаға деген сезімталдығының өзгеруі тауар, қызмет сапасына және басқа жағымды сипаттамаларға оң әсер етеді.

Осы мәселе бойынша В.Б.Ивашкевич «өткізілетін бұйым мен қызметтердің бағасы туралы шешімдерді қабылдау үдерісінде, нарықтық жағдайларда, өткізілетін бұйым мен қызметтердің бағасы, көп жағдайда сұраныс пен ұсыныстың арақатынасына, бәсекелестердің болуына, бәсекелестермен ұсынылған шарттарға байланысты екендігін ескеру қажет» деп есептейді [63].

Бәсекелестер – бұл, басқарудың инновациялық технологияларын, немесе инновациялық әдістерді пайдалана отырып, болашақта бәсекеге түсетін немесе әлдеқашан бәсекелес болып танылған, өнім немесе қызметтерді өндіретін субъектілер, мамандар, менеджерлер, компаниялар.

Белгілі ғалым С.С.Арыстанбаеваның ойынша: әсіресе, бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету туралы сөз қозғалып отырған жағдайда – бұл, ғылымдағы прогресстің негізі деп қарастырған [64, 433 б.].

Басқарушылық шешімдерді қабылдау үдерісі ғылыми шешімдер, тиімді нәтижелерді іздестіруге бағытталуы тиіс. Қабылданатын инновациялық басқарушылық шешімдердің тиімділігі, өнімнің сапасын қамтамасыз ете отырып, өнімді өндіру көлемі мен жаңа технологияға қатысты болса, жалпы тиімділіктің шамасы жоғары деңгейде болған жағдайда іздестіру жолымен анықталады. Шешімдерді орындау дегеніміз, бұл ең алдымен, ғылыми жағдайды бақылау, салдарды талдау және ауытқуларды анықтау.

В.А.Баринов және В.Л.Харченконың кәсіпорынның бәсекелестік ортасы – бұл бәсекелестердің зерттелуі, яғни сатып алушы мен сыртқы ортадан алуға ұмтылатын ресурстар үшін күрес жүргізуге мәжбүр болатын ұйымның бәсекелестерін зерттеу, олармен бәсекелестік жүргізуде өз стратегиясын құрастыру дағдысы деп есептейді [65, 117 б.].

К.Н.Алданиязов өз еңбегінде өнімнің әрбір өндірушісі бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету үшін тұтынушының бағасын есептей отырып, оны бәсекелестер - тұтынушыларының тұтыну бағасымен салыстыруы тиіс және техникалық пен нормативтік параметрлерді сақтау жолымен бағаны барынша төмендетуге қол жеткізу тиіс деп түсіндірген [66, 60 б.].

Қазіргі таңда, «менеджмент сапасы» бәсекелестердің алдында артықшылықтардың құрылуын зерттейді, оның негізгі мақсаты өнімнің сапасын қамтамасыз етумен қатар, өндірістің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету болып табылады.

Осы бағытта, Ю.А.Мишиннің пікірінше: «кез келген фирма тәжірибеде бәсекелестік артықшылықтарды құрастыру бағыттарына және қолдағы ресурстарға сәйкес, өз стратегиясын әзірлеуі қажет» [67, 26 б.].

Бүгінгі күні, бәсекелестік артықшылықтардың құрылуы, бірқатар факторларға байланысты. Сонымен қатар, кез келген жағдайда, бәсекелестік стратегияны таңдау барысында келесідей шарттарды іске асыру маңызды болып табылады:

– тұтынушылардың сұрауларына бағытталу – бұл, өндірілген өнімнің немесе қызметтердің сапасы;

– біздің өніміміз қажет және құнды екендігіне, қол жеткізілген бәсекелестік артықшылықтар тұтынушылармен қабылданатындығына көз жеткізу. Жанжал, бақталастыққа қатысты басқарушылық шешімдерді қабылдау үдерісі менеджменттің, және өнім өндірісінің, тұтас алғанда компания жұмысының бәсекеге қабілеттілігін, келісушілігі мен тиімділігін арттыру мақсаты бар инновациялық әдістердің жиынтығына негізделуі тиіс. Нәтижесінде, ол аймақтың және елдің бәсекеге қабілеттілігіне ықпал етеді.

Осы бағытта И. В. Аверчев былай деп белгілеп өткен: «Компания үшін бәсекеге қабілеттілік, бұл бәсекелестер алдындағы басымдылықпен қатар, клиенттер мен сатып алушылардың алдында фирманың басымдылығын білдіреді» [68, 94б].

Бәсекелестік күресте оңтайлы басқару шешімдерін қабылдауға дайындалу, ең алдымен, бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету, өнімнің сапасын ескере отырып, өндірілетін өнімнің мәселелерін анықтау, бағалау, талдау және болжау үдерісі болып табылады.

Э. Чемберлиннің көзқарасы бойынша, сапа бәсекелестігі, «Бағалардың бәсекелестігінен тиімді» [69].

Тауар өндірушінің табыстылығы бағамен қатар, өндірілген өнім сапасының тұтынушылық қасиеттеріне, немесе көрсетілген қызметтердің сервисіне де байланысты болады.

С.Байзаков «мемлекет аймақтарында бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттыру еңбек өнімділігін арттыруға, тауар сапасын жақсартуға әкеп соқтарады» деп есептейді [70, 110б.].

Мұнда, өндірілетін өнімнің сапасын жақсартуда еңбек өнімділігінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге және әр түрлі жағдайларды, бәсекелеске байланысты ең қолайлы нұсқаларды іске асырудан туындайтын болжамды артықшылықтарды бағалауға ерекше көңіл бөлу қажет.

Еңбек өнімділігі туралы, өнімділік өндірістің шығындары мен көлемінің сандық арақатынасы болып табылады (өнімнің шығарылымы). Шығындар орындалған жұмыстың нәтижелеріне қарсы қойылып салыстырылады (жұмыс уақыты, шикізат пен материалдардың шығысы) [71]:

$$\text{Өнімділік} = \frac{\text{Өнім (бірліктер, метр, килограмм түрінде)}}{\text{Шикізат пен материалдардың, жұмыс уақытының, өндірістік капиталдың белгілі санын пайдалану}} \quad (1)$$

Өнімділік дегеніміз мөлшерлердің техникалық арақатынасы, ондағы сандар ешқандай рөлді атқармайды, табыстылық дегеніміз, табыстың шығындарға немесе орындалған жұмыстың шығындарға қатынасы болып табылады:

$$\text{Табыстылық} = \frac{\text{Табыс}}{\text{Шығындар}} \text{ немесе } \frac{\text{Өнім мен қызметтер (кәсіпорынның табыстары)}}{\text{Шығындар}} \quad (2)$$

Бизнес-стратегияның заманауи дамуында бәсекелестіктің деңгейлері бар. Олардың біреуі – салалық бәсекелестік. Аграрияда, мал шаруашылығы саласында, атап айтқанда жайылымдық мал шаруашылығы – оның бәсекеге қабілеттілігі. Осыған орай, шаруашылықтың салалық бәсекелестігі – бәсекелестер ретінде, дәл өзінің бақталасы өндіретін өнімді өндіретін шаруашылықтарды қарастырады.

Біздің мақсатымыз қазіргі нарықта жылқы шаруашылығы мен түйе шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету [59].

Қымыз бен шұбатқа қайта өңделген бие, түйе сүті емдік қасиеттерге ие бола отырып (сүтті өнім), басқа мал шаруашылығымен салыстырғанда бәсекелестік артықшылықтармен ерекшеленетіндігін атап айтуға болады.

Бұл тарауда басқару есебінің шетелдердегі қайнар көзін кім ашқандығы және алғашқы негізін қалаушыларының еңбектері зерттелді. Жайылымдағы малды күтіп-бағу шығындарының басқару есебін құру, механизмін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ережелер негізделді. Дәстүрлі басқару есебін жетілдіру қажеттілігін негізге ала отырып, басқару есебі сыртқы ақпараттарды пайдалануы тиістілігі жөнінде ұсыныстар жасалынып, дәлелдер келтірілді. Сыртқы ортамен өзара байланысы мен өндірілетін өнім сапасы, оны сертификаттау туралы ақпаратты дайындау мен малды қорада күтіп-бағумен салыстырғанда жайылымдық мал шаруашылығы саласының бәсекеқабілеттілігі және қымыз, шұбат сияқты емдік сусындар мен емдәмдік өнім, жылқы еті деликатестерінің бәсекелестік артықшылықтары ашылған. Басқару есебі басшы басқарушылық шешімдерді дұрыс қабылдау үшін, шаруашылықтың ішіндегі басқару есебімен қатар басқарудың әр түрлі деңгейлеріндегі жедел ақпаратты ұсынады.

Әр түрлі ақпаратты құруы тиіс жайылымдық мал шаруашылығындағы басқару есебінің қажеттілігі дәлелденді, оның барлығы басқару мен бақылау мақсаттарына тәуелді.

Жүргізілген зерттеулер бойынша біз алғашқы есептердегі жетіспеушіліктерді анықтадық. Алғашқы құжаттардың болмауы, жайылымдық мал шаруашылығының жеке салалары бойынша алынған өнімдердің саны мен сапасының есебін жүргізуге мүмкіндік бермейтінін көрсетті. Егерде өнім шығарылымының алғашқы есебі болмаса, онда бұл өнімнің есебі туралы мәселені қозғаудың қажеті жоқ.

Бұл есептік көрсеткіштердегі негізгі кемшілік ол жастық, топтық белгіленбеген. Бірақ мал басының жасына және жыныстық-жастық топтарына байланысты ақшалай құны да әртүрлі болады. Малдардың «тірі салмағын», жыныстық-жастық топтары арқылы, ақшалай сипаттағы «құнын» айқындауға болады. Сол сияқты түйе, ИҚМ, қой шаруашылығына да аналитикалық есебін жүргізу керек. Әр аналитикалық есепте жайылымдық жылқы басының қозғалысы жасына қарай жіктеу топтамасымен әрбір бас бөлек жүргізуді ұсынамыз.

## **2 МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ ӘСЕРІ**

### **2.1 Асыл тұқымды мал шаруашылығының жағдайы мен дамуы және жайылымдық мал шаруашылығының басқару есебіне тигізетін ықпалы**

Кең байтақ жеріміздің әлемдік экономиканың интеграциялану үдерісіне Қазақстанның ауыл шаруашылығы салаласының әлеуеті көп әсерін тигізіп келе жатыр. Нәтижесінде көріп отырғанымыздай біз дүниежүзіндегі астықтықты державалардың бірі болдық. Ендігі кезекте мал шаруашылығының дамуына ел басымыз үлкен үміт артуда. Саланы дамытуға мемлекет тарапынан қарастырылып жатқан бағдарламалар мен заңдар оң әсерін тигізуде. Сонымен қатар асыл тұқымды мал басын субсидиялау шаралары да жүргізіліп жатыр.

Ауыл шаруашылық есебінің ерекшелігі, ең алдымен, мұнда өндіріс үдерісі жанды табиғатпен, жермен және еңбек заты болып табылатын жануарлар мен өсімдіктер сияқты тірі ағзалармен байланысты болуында.

Өндірістік циклдың елеулі бөлігі осы аталғандарға мақсатты түрде ықпал етуден тұрады – оларды белгілі бір кезеңге дейін өсіру, олардың адамға қажетті пайдалы қасиеттерін, сапаны игеруі. Табиғи климаттық жағдайлардан туындайтын үзілістердің салдарынан, ауыл шаруашылығындағы өндірістік цикл басқа салалармен салыстырғанда анағұрлым ұзақ болып келеді. Осылайша, ірі қара мал етінің өндірісі бірнеше жылды қажет етеді, жеміс дақылдарын өсіру – көптеген жылдарды өсімдік шаруашылығының өнімдерін өндіру бір жылды қажет етеді.

Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп мал басының есебін және ондағы болатын өзгерістердің есебін (тірі салмақ өсімі, төл және т.б.), сонымен қатар өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы ерекшеліктер мен қайталанбас ерекшеліктеріне қарамастан, осы шаруашылықтардағы өндірістік үдерістерді қамтамасыз етуі тиіс.

Ауыл шаруашылық кәсіпорындары өндіріс құралдарының бір бөлігін табиғи түрде өздері қайта өндіріп отырады. Мысалы, шаруашылықта өсірілген малды өнім беретін және жұмысқа салынатын мал (өндіріс құралдары) ретінде пайдаланады. Өндіріс өнімінің бір бөлігін әрі қарай ұдайы өндіріс үшін пайдаланады.

Мал шаруашылық өндірісінің биологиялық ерекшелігі ол белгілі бір мал түрінен бір уақытта бірнеше өнім түрлерін алатындығымен байланысты [72, 70б.].

Мал шаруашылығын оңтайлы дамыту үшін мал шаруашылығы саласын дамытудың заң шығару арнайы базасы құрылып, Үкіметпен «Агроөнеркәсіптік кешенді мен ауылдық аймақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы», «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы», «Мал дәрігерлігі туралы», «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» және т.б. заңнамалық актілер қабылданды.

Сонымен қатар, заманауи жағдайларда Қазақстан Республикасының үкіметі мал шаруашылығының саласын дамыту жағдайларын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Ел басы «Қазақстан - 2050» Стратегиясында белгілеп өткендей, еліміздің, ауыл шаруашылық өндірісінде сапалы серпіліс жасау үшін күш-жігері жеткілікті. Бұл әсіресе, қазіргі таңда, жаһандық азық-түлік нарық жөніндегі болжам құбылмалы болып отырған кезеңде өте маңызды болып отыр. Егер де Қазақстан дәл осы уақытта сапалы өніммен сыртқы нарықтарға шығатын болса, бұл жағдайда, сапалы ет өнімімен, онда біз ірі экспорттаушыға, сол сияқты, әлемдік нарықта өте құнды болып саналатын экологиялық таза өнімді өндіру саласындағы ірі ойыншыға айналуымыз мүмкін [73].

Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нигматулин, Қазақстан Республикасындағы мал шаруашылығын дамытудағы тақырыбына арналған парламенттік тыңдауларда, мұқият назарды талап ететін бірқатар негізгі мәселелерді белгілеп өтті.

Олардың қатарында – республикамыздағы мал шаруашылығының ұсақ тауарлылығы, сонымен қатар ауыл шаруашылық малдардың генетикалық әлеуетінің төмен деңгейі. Ауыл шаруашылық мал басының 80%-нан астамы халықтың жеке қосалқы шаруашылықтарында ұсталынады. Осыған орай, біздің ойымызша бұл мәселелерді шешу үшін, шетелдік жоғары өнімді асыл тұқымды мал басын әкелу жолымен, мал дәрігері мамандарының, сол сияқты асыл тұқымдық іс саласындағы отандық және шетелдік сарапшылардың қатысуымен, орталықтандырған жұмысты жүргізу қажет.

Мал шаруашылығында «Сыбаға», «Құлан», «Алтын асық», «Аманат» бағдарламалары аясында асыл тұқымды мал басы көбейіп келеді, «Ырыс» бағдарламасы бойынша 50-100 бас малы бар отбасылық тауарлы-сүт фермаларын құру ісі ынталандырылуда.

Бұл Елбасының тапсырмасымен іске асырылатын «Сыбаға» атты бағдарламасының жүзеге аырылуының нәтижесі. 2011 -2012 жылдары фермер шаруашылықтары үшін 82,0 мың мал басы жоспарланып нақты 115,0 мың төлдейтін мал басы сатып алынды, яғни бұның өзі жоспардың 40%-ға артық орындалғандығын көрсетеді. Қазіргі таңда жоспарлы көрсеткіштермен салыстырғанда мал басын сатып алуға қатысты сұраныспен және осы бағдарлама бойынша бөлінетін қаражаттардың артқандығы байқалып отыр. Осылайша, бизнес бұл бағдарламаның сұранысқа ие екендігін көрсетіп отыр.

2015 жылы фермер шаруашылықтарымен ІҚМ кем дегенде 42 мың мал басы сатып алу жоспарланып, 17 маусымда жағдайына ІҚМ басы 23 924 мың төлдейтін мал және 1409 бас асыл тұқымды бұқалар сатып алынды, бұл жоспарға қарағанда бойынша 57% және 101% құрады.

Бұл бағдарламаның іске асырылуына қатысты мониторингті, көпшілік үшін жобаның ашықтығын қамтамасыз ету үшін [www.sybaga.kz](http://www.sybaga.kz) ақпараттық ресурсы құрылды. Бұл ресурс, ең алдымен, жақын туыстық будандастыруға жол бермеумен, субсидиялауда тұқымдық түрлендіруді бақылауға, сонымен бірге аудандар мен облыстардың рейтингтерін, талдамалы кестелердің түрінде өзгерістердің серпінін қарауға мүмкіндік береді.

Сол сияқты ІҚМ етін өндіру бойыншада экспорттық әлеуетті дамыту жөніндегі бағдарламаның өзге де бағыттары белсенді түрде іске асырылып келеді. Мысалы, қолда бар асыл тұқымды мал басын арттыру жөніндегі

шаралармен қатар, жоба негізінде 2016 жылға дейін 72 000 мал басын құрайтын асыл тұқымды ірі қара малдың импорты қарастырылған.

2 жылдың ішінде импортталған мал басы 30 000 астам (2011- ж. – 10 мың мал басы, 2012 ж. – 12 мың мал басы жоспарланған). Етті бағыттағы ірі қара малды тасып әкелу жөніндегі жоспар 2011 жылы 35%-ға асыра орындалса, 2012 жылы 38%-ға асыра орындалды. Ағымдағы жылы ІҚМ-ң 14 мың басын тасып әкелу жоспарланған. Мал шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлердің өздері әкелінетіндігін тағы бір мәрте айта кету керек, малдың таңдалуы, олардың бағасы мен тасымалдау шарттары АШМ немесе КазАгро арқылы емес, бизнестің өзімен анықталады. Әрине, әлдекім бұның барлығы субсидия арқылы іске асырылатындығын айтуы мүмкін, бірақ адал көзқараспен қарайтын болсақ: бизнес әр уақытта мемлекеттік бағдарламалар мен ынталандыру шараларына белсенді түрде назар аудармайды. Яғни, асыл тұқымды мал басын жақсарту мен оны арттыруға қатысты объективті қажеттілікпен бірге, асыл тұқымды өнімге сұраныс бар.

Бүгінгі күнге бордақылау алаңдары салыну үстінде. Өткен 2 жыл ішінде агро қалыптастыру жоспарында 37,5 мың бордақылау орындары көзделсе, ал нақты 35,2 мың бордақылау алаңдары салынып, пайдалануға берілді. Ағымдағы жылы 30,4 мың бордақылау орындарынан тұратын бордақылау алаңдарының желілерін салу жоспарланып отыр.

Осы жылдан бастап «Сыбаға» бағдарламасына ұқсас қой шаруашылығында «Алтын асық» жоба іске асырылады. Біздің ойымызша, несиелеудің жеңілдікті шарттары бұл бағытты айтарлықтай дамытуы мүмкін. Екінші шектеуші фактор – төмен генетикалық әлеуеттің салдары болып табылатын ауыл шаруашылығы жануарларында төмен өнімділігі. Мысалы, 2013 жылдың 1 қаңтарында жалпы табындағы асыл тұқымды ірі қара мал басының үлесі 8%-ды құраған, қойлар – шамамен 14%, шошқалар - 19%, жылқылар мен құстар сәйкесінше - 7 және 11%-ға тең болды. Бұл мал шаруашылығының төмен пайдалылығы мен тиімділігінің негізгі айқын себептерінің бірі болып табылады.

Мал шаруашылығы жоғары дамыған елдердегі бұл көрсеткіш шамамен 40-50%-ды құрайды. Бұл мәселелерді шешу үшін белгілі кадамдар жасалды. 2012 жылы ірі қара малға қатысты мал шаруашылығы саласындағы қайта реттеуді қарайтын, асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңнамаға өзгертулер енгізілді.

Қазір асыл тұқымды мал мәртебесі мемлекеттік емес палаталармен анықталады. Сонымен қатар, субсидиялау механизмдеріне өзгертулер енгізілді. Қазіргі таңда малды сатып алушылар субсидиялар алады, яғни олар сұранысты анықтайды. Егер бұрынғы кезде асыл тұқымды мал шаруашылығы субсидияны мәртебе үшін алған болса, бүгінгі күні олар өз өнімін өткізу мақсатында нақты асыл тұқымды жұмыспен айналысулары тиіс.

Сонымен қатар селекциялық – асыл тұқымды жұмыстардың жаңа бағыттарын субсидиялау шаралары басталды. Мысалы, 2012 жылы мал өсіру шаруашылықтарында аналық мал басын күтіп-бағу үшін алғаш рет субсидия бөлінді. Субсидиялар асыл тұқымды малды, сонымен бірге тауарлық малды

күтіп-бағу үшін бөлінеді. Сонымен қатар, субсидиялар асыл тұқымды бұқалар және оны уақытында ауыстыру үшін бөлінеді (дәл осы әрекет асыл тұқымды өнімге деген сұранысты туғызады). Яғни малды күтіп-бағу мақсатында жұмсалатын шығындарды өтеумен қатар, мұндай шаралар тауарлық мал басының генетикасын жақсартады.

Сол сияқты, қоғамдық мал үшін асыл тұқымды бұқаларды күтіп-бағу үшін субсидиялар бөлінеді. Бұл әрекет бізге, өзіндік қосалқы шаруашылықтардағы (ӨҚШ) мал өнімділігін біртіндеп жақсартуға мүмкіндік береді.

Қабылданған шаралардың көмегімен асыл тұқымды бұқаларға деген сұраныс арта түсті. Мысалы, бірнеше жыл бұрын асыл тұқымды шаруашылықтар асыл тұқымды бұқаларды союға жіберіп отырған, ал қазіргі таңдағы өткізіліп жүрген сауда мен аукциондар оларға деген сұранысты көрсетеді, олардың кейбір дербес түрлерінің бағалары 1-1,5 млн теңгеге дейін жетеді.

Мал шаруашылығының осы салаларында асыл тұқымды іске жоғарыда аталған қайта реттеу шараларын жүргізуді ұсынып отырған қой өсірушілер мен құс өсірушілер қауымдастықтарының ұсынып отырған бастамалары, асыл тұқымды істі реттеу жолында қабылданған шаралардың дұрыстығын растайды.

Осы жылдан бастап аталған қағидаға сәйкес, 1 мал басына 1500 теңге есебінен қой өсіру шаруашылықтарындағы аналық мал басын күтіп-бағу үшін субсидия бөліне бастайды. Сол сияқты, төлді сатып алуды субсидиялау механизмі жеңілдетілді, бұрын субсидиялардың көлемі малдың тірі салмағы бойынша есептелетін болса, қазіргі таңда мал басы бойынша субсидияланады, бұл әрекет басқаруды жеңілдетеді.

2010 жылдан бастап мал шаруашылығында асыл тұқымды малдарды сатып алуға субсидия шаралары қарастырыла бастады (16 599,6 млн теңгеден), 2011 жылы 23 138,8 млн теңге, 2012 жылы 31 454,2 млн теңге, 2013 жылы 38 716,5 млн теңген, 2014 жылы 49 763,9 млн теңге 2015 жылы 69 032,8 млн теңгеге дейін мемлекеттен бөлінді. Яғни жыл санап субсидия көлемі де үш еседен көп артып отыр (сурет 6).

Мемлекеттік қолдаулардың көлемі 2020 жылға қарай ауыл шаруашылығын 4,5 есе арттыру көзделіп отыр. Соған қарамастан жемшөп саласын қарастыратын болсақ дамымағандығын көреміз.

Кеңестік кезеңнен кейінгі уақыттарда мал шаруашылығы саласындағы құлдырау жемшөпке деген сұраныстың төмендеуінің әсерінен олардың өндіріс көлемінің 4,5 есеге қысқаруына әкеліп соқты. Айтайын дегеніміз жалпы жеткілікті азықтың мөлшерінде ғана еместігі, құнарлы және шырынды азықтардың, жемдердің жеткіліксіздігінде болып отыр.

Жалпы, мал шаруашылығының дамуымен туындайтын жемшөпке деген сұраныс өздігінен жемшөп өндірісінің дамуын талап етеді. Бүгінгі күні жемшөп өндірісінің дамуын ынталандыру бойынша қосымша бағдарламалар қабылдануда.

Республика бойынша 2010-2015 жылдары бөлінген субсидиялардың көлемі (млн. теңге).





Сурет 6 – Мал шаруашылығына мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау динамикасы, млн. тг

Ескерту - [74, 126] дерек көзінен алынған

Нарықтық экономика жағдайларында өнімділікті арттыру мақсатында мал шаруашылығының асыл тұқымды қасиеттері өте маңызды. Зоотехникалық басқару есебін ұйымдастыру, бағдарламалардың аясында мал шаруашылығын дамытудың өзектілігі ешқандай күмән тудырмайды.

Осыған орай, мал шаруашылығы салалары және бағдарламалары аясында «малдың асыл тұқымды қасиеттерінің есебі» бұрын сонды заманауи бизнес-үдерісінде қарастырылмаған, есепті ұйымдастыруды және бастапқы құжаттар мен есеп тіркелімдерін ресімдеуді қажет етеді.

Өкінішке орай, Қаржы есептілігінің ұлттық стандарттарында ҚЕҰС-1 жануарлардың (малдың) асыл тұқымды қасиеттерін есепке алу туралы жазба жоқ [75]. Сонымен қатар, бизнес стратегияны дамыту жағдайында асыл тұқымды малды бағалау және есепке алу әрекеттері түсіндіруді қажет етеді.

Ауыл шаруашылығында есепті ұйымдастыру ерекшеліктері мен инновациялық қызметке тигізетін ықпалы жеке есептілікті әзірлеу қажеттілігін тудырады.

Ауыл шаруашылық қызмет – сатуға арналған ауыл шаруашылық өнімді немесе қосымша биологиялық активтердің алу мақсатында биологиялық активтердің түрленуін басқаруға бағытталған ұйымның қызметі. Ауыл шаруашылық өнім – аграрлық саланың биологиялық активтерінен жиналған

және Қазақстан Республикасының 28.02.2007 №234-III «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік» туралы Заңды пайдалануы тиіс өнім [76]. Онда, Қолданыстағы Заң Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін реттейтіндігі, бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті құру қағидалары, негізгі сапалы көрсеткіштері мен ережелерін белгілейтіндігі жазылған. Биологиялық активтердің есебі, барлық тиісті танылулар) 41-ші «Ауыл шаруашылығы» ҚЕХС-да ұсынылған [77].

Бұл стандарт өз қолданысын коммерциялық аграрлық салада табады. Біздің зерттеулерімізде Қазақстан Республикасындағы мал шаруашылығының өнімін өндірумен айналысатын, соның ішінде инновациялық үдерістерді пайдалана отырып айналысатын аграрлық саланың ерекшеліктеріне негізделе отырып, біздің елімізде 41-ші «Ауыл шаруашылығы» стандартын пайдалану мүмкіндігі жоқ. Бұл стандартта мал шаруашылығы өндірісінің үдерісі ашылмаған және әділ құны бойынша ауыл шаруашылық өнімнің өткізілуін айқындай отырып, саланың коммерциялық бағытын қарастырады. Сондықтан Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі «Қаржы есептілігінің ұлттық стандартын» әзірлеп, бекітті (ҚЕҰС-1). Онда аграрлық саладағы шығындар есебінің барлық ерекшеліктері және «биологиялық активтерді» есепке алу тәртібі қарастырылған. Малдар. Биологиялық активтердің синтетикалық есебі 2510 «Малдар» шоттарында айқындалады [75].


ҚЕҰС-1 синтетикалық есепте шығындар есебінің ұйымдастырылуын қарастырмайды және онда жайылымдық мал шаруашылығында салалар мен есептік топтар бойынша көрсетілуі тиіс, шығындардың талдамалы шоты жөніндегі ақпарат жоқ.

Жайылымдық мал шаруашылығы өнімінің өндірісіне жұмсалатын шығындарды 8110 «Негізгі өндіріс» шотының дебеті бойынша, «Жайылымдық мал шаруашылығы» қосалқы шоты бойынша 1310, 1350, 3150, 3350 және т.б. шоттардың кредитінде көрсету қажет [75, б. 1-30].

Мал шаруашылығы өнімінің шығымы 8110 «Негізгі өндіріс» шотының кредиті, «Жайылымдық мал шаруашылығы» қосалқы шоты, жайылымдағы малдың есептік топтарының талдамалы шоттары негізінде көрсетіледі.

Осы баяндалғанның негізінде шығындарды есепке алу объектілерін және калькуляция объектілерін шығындардың тасымалдаушылары бойынша есепке алуды ұсынуға болады. Бұл саладағы ұсынылып отырған әдістемелік зерттемелер, шығындар есебінің дәлдігін, өнім калькуляциясының сенімділігін және сәйкесінше табыстың сенімділігін қамтамасыз етеді. Жайылымдық мал шаруашылығындағы шығындардың өндірістік есебін ұйымдастыру үлгісі 7 суретте көрсетілген.

Ұсынылып отырған үлгі әдістемеде, әрбір қарастырылып отырған саладағы өнімнің шығымы мен шығындардың талдамалы, жиынтық, синтетикалық есебін ұйымдастыру механизмін көрсету жүйелілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Үлгі, бағдарламашылар үшін, балансқа шығумен бастапқы құжаттардан бастап, қаржы есептілігінің нысандарын құруға дейін, есептегі барлық операцияларды жүйелі түрде көрсету үшін бағдарламалық камсыздандыруды орындауға мүмкіндік береді [78].



Сурет 6 – жайылымдық мал шаруашылығындағы шығындарды және өнімдердің шығуын есептеуді ұйымдастыру үлгісі

Ескерту - Автор құрастырған

Аграрлық салада шаруашылық операцияларды рәсімдеуде бастапқы есепті қамтамасыз ететін құжаттардың бірыңғай, мамандандырылған нысандары қолданылады. Аграрлық салада ұйымдастырушылықта бірыңғай бастапқы құжаттаманың болуының маңызы бар. Бастапқы есеп нысандарының құрамында мал шаруашылығы бойынша құжаттар ерекше белгіленген. Мал шаруашылығы бойынша құжаттарға малдың қозғалысын есепке алу, тірі салмақты есепке алу, мал өсімін есепке алу, негізгі құралдарды есепке алу, еңбекті және мал шаруашылығындағы өнім түсімін есепке алу, азық, химикаттар мен дәрі-дәрмектерді есепке алу бойынша құжаттар жатады және т.б., бұл құжаттар мал шаруашылығының технологиялық ерекшеліктерінде көрсетіледі. Қажет болған жағдайда, бастапқы құжаттарда қажетті инновациялық өзгерістер айқындалады, яғни аталған бастапқы құжаттардың мүлтіксіздігі. Мысалы: азықты дайындаудың инновациялық өзгерістерін және азықтың шығыс нормаларының өзгерістерін азықты кіріске және есепке алу тізімдемесіне енгізу қажет.

Бастапқы құжаттама, бухгалтерлік есепті құру негізі ретінде, мал шаруашылығы өндірісінің технологиялық қағидаларын айқындайды.

«Малдар» биологиялық активтерінің есебі аграрлық салада малдың саласы мен малдың есептік топтары шегінде ұйымдастырылады.

Ауыл шаруашылық өнімі мал шаруашылығының өнімін алу нәтижесінде алғашқы рет танылады (мойындалады), таңдаулы тұқым өндіру барысында оны құжат негізінде рәсімдеу қажет.

Биологиялық активтерді есепке алу объектісі фермадағы малдың түрі мен топтары болып табылады.

Салалар шегінде мал басы қозғалысының талдамалы есебі, таңдаулы тұқымды өсіру жағдайында, есепте малдың осы тұқымының айқандалуын қажет ететін малдың түрлері мен топтары бойынша жүргізіледі.

1. Ірі қара мал (нәтижесінде, ІҚМ):

- сүтті бағыттағы ІҚМ;
- мал басының негізгі табыны, тірі салмақ, құны;
- әр түрлі жастағы төл мен бордақылаудағы сақа мал, мал басының саны, тірі салмағы, құны.

2. Етті бағыттағы ІҚМ:

- негізгі табын, мал басының саны, тірі салмағы, құны;
- жастан асқан төл және бордақылаудағы сақа мал, мал басының саны, тірі салмағы, құны.

3. Қой шаруашылығы:

- жүнді және етті қой шаруашылығы, мал басының саны, тірі салмағы, құны.
- қаракөл шаруашылығы, мал басының саны, тірі салмағы, құны.
- төл және бордақылаудағы сақа қой, мал басының саны, тірі салмағы, құны.

4. Жылқы шаруашылығы, түйе шаруашылығы (асыл тұқымды, сүтті, табынды):

- негізгі табын, мал басының саны, тірі салмағы, құны;

- төл (асыл тұқымды жылқы шаруашылығы мен түйе шаруашылығында – туған жылы бойынша), мал басының саны, тірі салмағы, құны және т.б.

Жұмыс көлемі шектеулі болғандықтан, өзге салаларды мысалға алынбаған.

Жоғарыда баяндалғанның барлығы «Малдар» биологиялық активтерінің есебін дұрыс ұйымдастыру үшін ғана емес, сонымен қатар, мал қозғалысының есебін ұйымдастыру, және оларды жақсарту бойынша жүргізілетін инновациялық жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру үшін қажет, бұл саланың бәсекеқабілеттілігін қамтамасыз етеді.

ІҚМ негізгі табынын, биологиялық активтер ретінде, ұзақ мерзімді активтердің құрамында 2520 «Малдар» шотында есепке алу қажет.

ІҚМ төлін, қысқамерзімді активтердің құрамында есепке алу қажет. Бірақ, «биологиялық активтерді» есепке алу шоттарының Үлгі жоспарында өсімдік және мал шаруашылығының ауыл шаруашылық өнімінің салалары шегінде мал төліне қатысты бухгалтерлік шоттар белгіленбеген. Жоғарыда айтылған салалардан алынатын өнім түсімінің есебін ұйымдастыру үшін, сол сияқты, биологиялық активтерді құру үшін, бастапқы бухгалтерлік құжаттар ықпал етеді.

Малдың құрамында (және бордақылаудағы мал) оларды күтіп-ұстау, өсіру кезеңінде әр түрлі өзгерістер болады: төлді алу есебінен мал басын арттыру, оның салмағының ұлғаюы, сатылуы, сойылуы, басқа есептік топтарға ауыстырылуы, басқа фермерлік шаруашылықтарға табысталуы және негізгі табынды толтыруы. Барлық үдерістер ауыл шаруашылық есебінің таңбасымен белгіленген бастапқы құжаттаманың негізінде рәсімделеді. Әдетте, бұл құжаттар фермаларда зоотехникалық есеп үшін қолданылмайды, содан соң, белгіленген мерзім ішінде оны малдың есептік топтарының шегінде фермерлер бойынша мал шаруашылығынан алынатын өнім түсімін есепке алу үшін бухгалтерияға табысталады. Сонымен, бордақылдаудағы мал басына қатысты инновациялық әдістер және «бордақылаудың жаңа технологиялары» іске асырылады, және де есепте осының барлығы малдың жыныстық-жастық тобын белгілеу арқылы көрсетіледі [79, б. 448-457].

Заманауи жағдайларда фермер шаруашылығында асыл тұқымды сапа көрсеткіштерін есепке алу әрекеттеріне аса көңіл бөлінбеген, тиісінше зоотехникалық басқару есебі жүргізілмеген. Бірақ, бүгінгі күні, біздің ойымызша зоотехникалық басқару есебін жүргізу қажет, өйткені бұл ақпарат асыл тұқымды мал басын сатып алу үшін бюджеттен қаржылық көмекті алу мақсатында фермер үшін қажет (1 кесте, 1 қосымша А).

Асыл тұқымды мал болған жағдайда, асыл тұқымды малды өткізу кезінде экономикалық пайданы жоғалтып алу тәуекелі аз емес. Заманауи жағдайларда асыл тұқымды мал шаруашылығын және олардың асыл тұқымды қасиеттерін дамыту, фермер үшін әр уақытта, бұрын соңды болмағандай маңызды және өзекті болуы қажет.

Осыған орай, асыл тұқымды малдың зоотехникалық басқару есебімен айналыспайтын болсақ, онда фермер шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігі туралы сөз қозғаудың қажеті жоқ.

Кесте 1 – Алматы облысы бойынша 2015 жылдың қарашасында жергілікті бюджеттен «Мал шаруашылығын қолдау» бағдарламасы бойынша бөлінген және игерілген қаражаттар

	2013 ж	2014 ж	2015 ж
	9646411,2	10486028,0	11885232,0
Соның ішінде жылқы шаруашылығына бөлінгені			
Асыл тұқымды жылқы сатып алу үшін	431 бас 17 240 000 теңге	327 бас 13 080 000 теңге	1169 бас 46 760 000 теңге
Қымыз	1 338 200 литр 80 292 000 теңге	1 697 400 литр 101 844 000 теңге	1 168 300 литр 70 098 000 теңге
Ет	1 078 800 кг 99 249 600 теңге	462 700 кг 42 568 400 теңге	550 500 кг 50 633 300 теңге
Ескерту - Алматы облыстық мал шаруашылық басқармасының мәліметтері негізінде автормен құрастырылған			

Қазақстанда саланың даму болашағын талдауға тоқтаталатын болсақ, онда Қазақстанда іске асырылып отырған экономикалық өсу стратегиясының негізінде, бір жағынан, әлемдік шаруашылық жүйесіне органикалық түрде біріге алатын, екінші жағынан, елімізде жүргізілетін Қазақстанның ұлттық шаруашылығын, соның ішінде агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі жоспарына жауап бере алатын үлгіні құру ұмтылысы жатыр.

Осы бағытта ғалым М.И.Сигарев: «Дамыған елдердің ауыл шаруашылығының қызмет етуіне жүргізілген талдау көрсетіп отырғандай, саланың инновациялық дамуы аграрлық өндірістің жоғары тиімділігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді деп -, «КазакЗерно.kz» басылым беттерінде «Қазақ АӨК экономикасы және ауылдық аймақтарды дамыту ҒЗИ» ғалымдары жазған. Осылайша, ғылыми зерттеулердің нәтижелері АҚШ ауыл шаруашылығындағы шығындардың тиімділігін арттырудың шешуші факторына айналды. Биология, генетика, биохимия мен биофизика, химия мен техника салаларындағы жаңалықтар жануарлар мен өсімдіктердің сапасын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік берді. Ауыл шаруашылық малдарын будандастыру әдістері жетілдірілді, ауыл шаруашылық өнімін қайта өңдеу, оны сақтау, буып-түю мен тасымалдаудың жаңа технологиялары құрылды» деп жазған [80].

Қазіргі таңда отандық ауыл шаруашылық тауар өндірушілер әлемдік нарықта бәсекеге қабілетсіз болып келеді, дегенмен соған қарамастан, Кеден одағына мүше елдермен салыстырғанда, көрсетілетін мемлекеттік қолдау төмен деңгейде қалып отар.

Талдау көрсеткендей, Қазақстанда асыл тұқымды өнімнің өскен импорты жағдайында мал шаруашылығының жеке асыл тұқымды базасы әлсіреген, көптеген шаруашылықтарда зоотехник-селекционер лауазымы жойылды, асыл тұқымды материалды сатып алу мен сатудың нарықтық жүйесі көптеген делдалдармен қатар стихиялық түрде құрылады. Селекциялық-асыл тұқымды

жұмыстың бірыңғай жоспары жоқ, бұл әрекеттердің келісілмегендігіне әкеліп соғады және олардың тиімділігін төмендетеді.

Қазақстандағы ауыл шаруашылық малдардың селекциялық-асыл тұқымды әлеуетіне жүргізілген талдау, асыл тұқымды мәртебесі бар мал басының төмен деңгейін көрсетіп отыр. Осылайша, мал шаруашылығында асыл тұқымды малдардың үлесі 7%-ды құрайды, яғни 5 млн. астам ірі қара мал басының ішінде тек 401 мың мал басы асыл тұқымды мәртебеге ие болып отыр, сонымен бірге сүтті бағыттағы малдар 3%-ды, етті бағыттағы - 4%-ды, және қос бағыттағы малдар – 21,3%-ды құрайды. Қой өсіру шаруашылығында асыл тұқымды малдардың үлес салмағы 11,1%-ға тең. Малдардың жалпы саны Қазақстанда өсірілетін негізгі тұқымы ұсынылған шошқа өсіру шаруашылығында ірі ақ шошқа 91%-ды құрайтын болса, асыл тұқымды малдардың үлес салмағы 13%-ға тең.

Жылқы шаруашылығы саласында асыл тұқымды малдың негізгі үлесі 6,8%, өнімді бағытта қалыптастырылған – 104 мың мал басы (96%).

Түйе шаруашылығында асыл тұқымды малдардың негізгі үлесі 10%, және негізгі 70% үлесін (12 мың мал басы) қазақтың бактериан отандық тұқымы және 30%-н түркменнің арван тұқымы құрайды.

Салыстыру мақсатында мал шаруашылығы саласы дамыған елдерде асыл тұқымды малдардың үлесі орта есеппен 30-40%-ды құрайды.

Ауыл шаруашылық өнім өндірісін дамыту, негізгі өнімдер бойынша импортқа тәуекелділікті төмендету үшін, 2013 жылы Қазақстанда 2013-2020 жылдарға арналған ҚР агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға байланысты Бағдарламасы (Агробизнес-2020) қабылданды, онда бюджеттік шығыстарды арттыру және АӨК қолдау көрсету үшін бірқатар жаңа механизмдер жоспарланып отыр.

Басымды бағыттарды іске асыру жолында пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау үшін 337 млрд. теңге бөлу жоспарланып отыр; кепілдік беру мен сақтандыру үшін – 104; инвестициялық субсидиялар – 156; асыл тұқымды істі субсидиялау үшін – 237; өнім өндірісін субсидиялау үшін – 361 млрд. теңге. Дегенмен, біздің ойымызша, бұл субсидиялар тиімсіз.

«Қазіргі таңда мемлекет мал шаруашылығын дамытумен белсенді түрде айналысуда. Сонымен бірге, бірінші кезекте, асыл тұқымды малдары бар ауыл шаруашылық өндірушілер мемлекеттік субсидияларды ала алады. Ал жеңілдіктер жайында айтатын болсақ, онда бүгінгі күні бордақылау кешендерін салу және құрал-жабдықтарды сатып алу мақсаттарына 9% жылдық пайыз мөлшерлемесімен берілетін несиелер бар. Сонымен қатар, малдың сатып алынуы қаржыландырылады, аналық мал басына берілетін субсидиялар бар, сол сияқты жемшөпті сатып алу үшін қаражат бөлінеді.

ІҚМ тұқымына оралатын болсақ, бүгінгі күні Қазақстанға Канада, Австрия мен Венгриядан малдың аса қымбат тұқымдары әкелінетіндігін айтуға болады. Сонымен бірге Ресейден анағұрлым арзан тұқымды әкелу туралы мәселе көтеріліп отыр. Мұндай мал басы біздің климаттық жағдайларға жақсы бейімделген, ал батыс тұқымдары үшін жергілікті климаттық жағдайларға бейімделу үшін кем дегенде бір жыл қажет» [81].

Біздің ойымызша, мұнда шетелдік асыл тұқымды жануарлармен салыстырғанда бәсекелестік артықшылықтарды қамтамасыз ете алатын, Қазақстанның жағдайларына бейімделген біздің тұқымдардың жеке асыл тұқымды базасы қажет.

## **2.2 Жайылымдық мал шаруашылығының дамуы және оның есепке тигізетін ықпалы**

Жайылымдық мал шаруашылығының дамуы Қазақстан үшін дәстүрлі сала болып табылады. Біздің еліміздегі пайдалы жайылымдық жерлердің болуы, Қазақтардың «Жайылымдық мал шаруашылығы» ежелгі саласын қайта қалпына келтіруі тиіс.

Қазақстан жайылымдық мал шаруашылығын дамытуға ерекше көңіл аударуды, "мал шаруашылығында әсіресе сүтті мал шаруашылығында, жаппай голштинизациямен айналысудың қажет емес, өйткені "жоғары генетикалы мал сапалы жемшөп беруді және ерекше күтіп-бағуды талап етеді". Біз, өз қолымыздағы бар үлкен жайылымдар мен арзан жемшөпті пайдалана отырып, сауым бойынша аз мөлшерде сүт беретін, бірақ шетелден келетін өніммен салыстырғанда бәсекеге қабілетті бола алатын, қызыл-далалық, алатау сиырлардың өзге де бейімделген тұқымдарын пайдаланып, өз жолымызбен жүруіміз қажет – деп агрария экс министрі А.Мамытбеков белгілеп өтті [82].

Қазақстанның Парламент Сенаты табиғатты пайдалану және ауылдық аймақтарды дамыту жөніндегі комитетінде «отарлы - жайылымдық мал шаруашылығы мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіру» тақырыбына арналған дөңгелек үстел ұйымдастырылады», - деп А.Абибуллаев хабарлады [83].

2007 жылы Қазақстандық ұйымдар қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) көшті, бірақ экономиканың аграрлық секторы үшін, соның ішінде, мал шаруашылығы саласы үшін ҚЕХС жүйесіндегі стандарт қарастырылмаған. Өйткені Қазақстанның ауыл шаруашылығы үшін қаржы есебінің стандартын әзірлеу қажеттілігі бар, Қазақстанның қаржы Министрлігі фермер және шаруа қожалықтарында шығындар есебін ұйымдастыру нұсқаулығы үшін қаржылық есептіліктің ұлттық стандартын бекітті (ҚЕҰС-1) [75]. Бірақ, ҚЕҰС-1 стандартында жайылымдық мал шаруашылығына қатысты, ал өнімді жылқы шаруашылығы мен түйе шаруашылығы сияқты салаларға көңіл бөлінбеген. ҚЕҰС-1 стандартында жалпы мал шаруашылығы үшін шығындар есебін ұйымдастыру әдістемесінің мазмұны ашылған және қарастырып отырған салаларда шығындар есебін ұйымдастыру туралы ақпарат жоқ.

Бір ғасыр бұрын шетелде, яғни Батыста шығындардың қолданыстағы есебінің кемшіліктері туралы жазған Ч.Гарринсонның ескертуін шынайы деп мойындауға болады: «Шын мәніне келгенде, шаруашылықты оңтайлы жүргізудің ең үлкен кемшілігі шығындар мен пайданың толымсыз, анық емес және уақытылы емес есебі болып табылады. Дәстүрлі типтегі коммерциялық бөліктің басшысы, әдетте, өндіріс пен өткізудің өзіндік құнының нақты есебі жоқ бәсекелестердің прејскуранттарын (ағымдағы баға, бағанам) пайдалана



отырып, бұйымның сату бағасын белгілейді. Осылайша, бір соқырдың (шынайы емес тұжырымның) артынан ереді. Барлық бәсекелестер калькуляция мәселелеріне қатысты білімсіздігі бірдей деңгейде болған уақытқа дейін, бәсекелестік тең шарттар негізінде жүреді. Дегенмен, озық шаруашылық есепті оңтайлы әдістермен жүргізе бастаған кезде, жағдай күрт өзгереді. Бір жағынан интуиция, аздап жорамалданған толымсыз және анық емес есептік деректерінің негізінде жұмыс жасаудың орнына, ол анық және жеткілікті есептің негізінде жедел үдерісті жүргізе бастайды. Басқа да тең жағдайларда, есептің оңтайлы ұйымдастырылуы, шаруашылық үшін басымдылықты тудырады, онда ол әлсіз ұйымдасқан бәсекелестерін анықтамай қоймайды» [84, б. 207].`

Бүгінгі таңда, Қазақстанның жайылымдық мал шаруашылығында өнім шығындарының есебі мен калькуляциясын ұйымдастыру жолында ұқсас жағдай байқалады. Бұл жұмыста малдың жастық-жыныстық есептік топтарының шегінде жайылымдық мал шаруашылығындағы шығындарды есепке алудың әдістемелік негіздерін әзірлеу әрекеті жасалған. Жайылымдық мал шаруашылығының негізгі салаларындағы шығындардың есебі жылқы шаруашылығының саласы бойынша жалпы түрде жүргізіледі.

Төменде малдың есептік топтарында жайылымдық мал шаруашылығындағы жылқы шаруашылығында шығындарды есепке алу объектісін белгілеу аясында ұсынылып отырған әдістеменің үзіндісі келтірілген.

1. Өнімді жылқы шаруашылығы:

- сүт бағыты (сауын биелер мен бір жасқа дейінгі құлындар);
- ет бағыты (бір жасқа дейінгі құлындар);
- бір жастан асқан жылқы төлі;
- асыл тұқымды жылқы шаруашылығы;
- спорттық жылқы шаруашылығы;
- азықтандырудағы кәрі жылқылар (негізгі табыннан шығарылған жарамыз жылқылар);

- жұмыс бағытына арналған жылқылар.

2. Түйе шаруашылығы:

- сауындағы інгендердің негізгі табыны мен бір жасқа дейінгі боталар;
- етті бағыттағы түйелердің негізгі табыны мен бір жасқа дейінгі боталар;
- өсірудегі бір жастан үш жасқа дейінгі төл;
- азықтандырудағы кәрі түйелер (негізгі табыннан шығарылған жарамыз түйелер).

Кәрі жылқы мен түйелерді негізгі табыннан азықтандыруға бөліп шығару үшін, оларды жеке топтарға бөлу қажет, өйткені оларды сою алдында семіртеді, сәйкесінше олар жайылымдағы мал болып саналмайды.

Жоғарыда белгіленген есептік топтарда шығындарды есепке алу объектілері ұйымдастырылады. «Жұмыс бағытындағы жылқылардың» есептік тобын бөлу, өнімді жылқылардың шығындар есебінің анықтығын және өндірілетін өнімнің өзіндік құнын анықтауда анықтықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жұмыс бағытындағы жылқылар жұмысты жылқы күндері бойынша орындайды, сәйкесінше, калькуляция объектісі ретінде жылқы күнін

кабылдау қажет. Жұмыс бағытындағы жылқылардың жұмысы өнімді жылқылардың тобында есепке алынбауы тиіс.

Шығындарды есепке алу объектісі өзіндік құнды басқару мақсаттары үшін өндірістік шығындарды топтастыруға мүмкіндік береді. Есептің қабылданған объектілері бойынша өндіріске жұмсалатын шығындардың талдамалы есебі ұйымдастырылады. Осының барлығы, ең алдымен, арзан яғни анағұрлым бәсекеге қабілетті өнімді өндіруге мүмкіндік беретін отарлы мал шаруашылығының дамуын көрсетеді.

Отарлы – жайылымдық мал шаруашылығының дамуы орта және ірі шаруашылықтардың көбеюін қарастырады. Жайылымдар бар алыс тағы түкпірлерде мал шаруашылығының өсуі мен дамуы.

Бүгінгі күні жайылымдық мал шаруашылығының мал басы үнемі өсіп келеді. Мемлекет мал шаруашылығын дамыту үшін бірнеше миллиард теңгені салуды жоспарлап отыр, ондағы негізгі мақсаты сапалы экологиялық таза етпен нарыққа шығу болып табылады.

Біздің еліміз, құс етімен қатар, мал шаруашылығының өнімімен қамтамасыз ететіндігін белгілеп өту қажет, оны келтірілген сандардан көруге болады:

- сиыр еті 373,5 мың тонна;
- қой еті 153,8 мың тонна;
- жылқы еті 85,1 мың тонна;
- құс еті 123,1 мың тонна;
- сүт 4851,8 мың тонна;

Ет өндірісінің көлемі малдың санына байланысты. Заманауи жағдайларда мал басының көбеюі – жайылымдық мал шаруашылығын дамытудың негізгі мақсаты.

Диссертациялық жұмыста еліміздің оңтүстік аймағындағы, соның ішінде Алматы облысындағы жайылымдық мал шаруашылығы туралы сөз қозғалады. Біз Алматы облысының барлық аудандарындағы жайылымдық мал шаруашылығының дамуына зерттеу жүргіздік (Кесте 2 және 4). Кесте деректері бойынша, Алматы облысындағы 19 аудандарда жылқы, түйе және қой-ешкілер шаруашылығындағы жылқылардың жалпы саны 312134 бас, түйелердің 7666 басы, қойлар-ешкілердің 4146155 басын құрайды. Жалпы жылқы саны өткен жылмен салыстырғанда 8694 басқа артқанымен, төрт ауданда жоспар орындалмаған олар:

- Ескелді 92,1%;
- Қарасай 86,5%;
- Панфилов 96,2%;
- Ұйғыр 99,4 %.

Ал барлығы 14 аудан бойынша түйелер бар, оларда өсім жоқ керісінше 623 басқа кеміген. Себебі келесі 4 аудандар жоспарды орындай алмаған:

- Ақсу 97,9%;
- Еңбекшіқазақ 98,3%;
- Іле 84,3%.

Кесте 2 – Алматы облысының аудандарындағы жайылымдық малдардың саны

Аудандар	Жылқы				Түйе				Қой мен ешкі			
	2014ж	2015ж	+/-	%	2014ж	2015ж	+/-	%	2014ж	2015ж	+/-	%
Ақсу	21407	22521	1114	105,2	58	48	-10	82,8	347391	347391	0	100,0
Алакөл	20291	20395	104	100,5	110	122	12	110,9	260235	261310	1075	100,4
Балқаш	18495	20307	1812	109,8	93	107	14	115,1	122362	113789	-8573	93,0
Еңбекшіқазақ	19961	20381	420	102,1	58	57	-1	98,3	311797	330141	18344	105,9
Ескелді	9057	8344	-713	92,1	58	66	8	113,8	161920	141467	-20453	87,4
Жамбыл	27278	29313	2035	107,5	1511	1593	82	105,4	554987	570015	15028	102,7
Іле	5660	5704	44	100,8	5430	4575	-855	84,3	159515	160170	655	100,4
Қарасай	5894	5098	-796	86,5					47272	44204	-3068	93,5
Қаратал	8403	8708	305	103,6	53	86	33	162,3	110166	111780	1614	101,5
Кербұлақ	17699	18547	848	104,8	78	73	-5	93,6	297017	308495	11478	103,9
Көксу	14364	15838	1474	110,3	89	120	31	134,8	215061	226867	11806	105,5
Панфилов	20292	19531	-761	96,2	195	223	28	114,4	397943	377276	-20667	94,8
Райымбек	73042	74574	1532	102,1					519694	520379	685	100,1
Сарқан	13621	14372	751	105,5	275	299	24	108,7	124210	125527	1317	101,1
Талғар	7521	7590	69	100,9	275	282	7	102,5	146301	145266	-1035	99,3
Ұйғыр	16550	16450	-100	99,4	6	6	0	100,0	271447	274342	2895	101,1
Қапшағай	1981	1985	4	100,2					56521	56615	94	100,2
Талдықорған	1567	2115	548	135,0		9	9		25650	25645	-5	100,0
Текелі	357	361	4	101,1					5453	5476	23	100,4
Облыс	303 440	312 134	8694	102,9	8 289	7 666	-623	92,5	4 134 942	4 146 155	11213	100,3

Ескерту: ақпарат облыстық мал шаруашылық басқармасы есептемелерінің негізінде құрастырылған

Бұл есептік көрсеткіштердегі негізгі кемшілік ол жастық топтарын белгіленбеген. Мысалы 2014 жылы жылқы саны 303440 болса, 2015 жылы 312 134 ке өсті делінген. Бірақ мал басының жасына және жыныстық-жастық топтарына байланысты ақшалай құны да әртүрлі болады. Сондықтан мұндағы өсу көрсеткіштері көлегейленген, нақты емес, экономикалық өсу белгісіз. Малдардың «тірі салмағын», жыныстық-жастық топтары арқылы, ақшалай сипаттағы «құнын» айқындалады. Сол сияқты түйе, ИҚМ, қой шаруашылығына да аналитикалық есебін жүргізу керек. Аналитикалық есепте жайылымдық жылқы басының қозғалысы жасына қарай жіктеу топтамасымен әрбір бас бөлек жүргізіледі (Кесте 3).

Кесте 3 – Жылқы малының жасына қарай өсу көрсеткіштері

Жасы бойынша		Салмағы кг	Таңба нөмері	Нарықтағы құны
0-6 ай	Құлын			
6-12 ай	Жабағы			
1-1,5 жас	Тай			
1,5-2 жас	Байтал			
2-3 жас	Құнан			
	Құнажын			
3-4	Дөнен			
	Дөнежін			
5-6	Айғыр	-		
	Бесті бие	-		
7 жастан 8	Жуан ат	-		
	Қасабалы бие	-		
8 -11	Сақа айғыр	-		
	Кәртамыс бие	-		
20 жастан жоғары	Жасаған бие	-		
Ескерту - Автормен құрастырылған				

Мұндағы ерекшелік жыл сайын жылдың соңында әрбір бастың қосқан салмағын бірінші құжат арқылы таңба нөмері сайын (Малдардың салмағын өлшеу тізімдемесі) бойынша есепке алынуы керек. Бес жастан асқан жылқылардың салмағы өлшемейміз, ал құлыннан бастап төрт жасқа дейінгі жылқылардың әрбір басын жеке жеке өлшеуіміз керек.

Кесте 4 – Аудандардың шегінде Алматы облысындағы қолда бар ірі қара мал (ІҚМ)

Облыс аудандары	ІҚМ				Соның ішінде, сиырлар			
	01.08. 2014ж	01.08. 2015ж	+/-	%	01.08. 2014ж	01.08. 2015ж	+/-	%
Ақсу	74 123	78 024	3901	105,3	27 952	31 846	3 894	113,9
Алакөл	60 428	63 342	2914	104,8	23 211	26 277	3 066	113,2
Балқаш	73 707	79 221	5514	107,5	34 885	37 132	2 247	106,4
Еңбекшіқазақ	98 351	99 930	1579	101,6	43 446	43 446	0	100,0
Ескелді	33 182	32 497	-685	97,9	15 607	13 657	- 1950	87,5
Жамбыл	109 735	110 775	1040	100,9	32 642	33 034	392	101,2
Іле	59 461	58 631	-830	98,6	20 706	19 822	- 884	95,7
Қарасай	45 087	43 961	-1126	97,5	23 522	26 077	2 555	110,9
Қаратал	40 987	41 611	624	101,5	12 339	15 610	3 271	126,5
Кербұлақ	57 177	57 177	0	100,0	21 093	22 233	1 140	105,4
Көксу	34 665	35 829	1164	103,4	13 943	14 971	1 028	107,4
Панфилов	84 478	81 714	-2764	96,7	33 905	35 700	1 795	105,3
Райымбек	112 648	111 555	-1093	99,0	48 506	52 082	3 576	107,4
Сарқан	41 884	44 607	2723	106,5	17 623	21 112	3 489	119,8
Талғар	41 786	42 763	977	102,3	18 564	18 808	244	101,3
Ұйғыр	69 867	72 312	2445	103,5	33 517	34 033	516	101,5
Қапшағай	5 980	5 986	6	100,1	2 335	2 360	25	101,1
Талдықорған	9 037	9 037	0	100,0	4 039	3 503	- 536	86,7
Текелі	4 321	4 330	9	100,2	1 701	1 720	19	101,1
Облыс	1056 904	1073 302	16398	101,6	429 536	453 423	23 887	105,6

Ескерту - Алматы облыстық мал шаруашлық басқармасының мәліметтері негізінде құрастырылған

4-ші кестенің деректері бойынша ірі қара мал басының, 19 ауданның ішінен 5 ауданды қоспағанда, 100%-дан астам өсу беталысы бар екендігі туралы жалпы қорытынды жасауға болады.

Келесі аудандарда ІҚМ басының өсу жоспары орындалмаған:

- Ескелді 97,9%;
- Іле 98,6%;
- Қарасай 97,5%;
- Панфилов 96,7%;
- Райымбек 99%.

Облыстың жеті аудандарында ІҚМ басының ең жоғары деңгейде өсуін және Қарасай ауданында мал басының ең жоғары деңгейдегі өсуіне белгілеп өту қажет.

Алматы облысындағы өнім өндірісі ойдағыдай орындалғанымен, жайылымдық 100 мал басынан төл алу жоспары орындалмаған (кесте 4).

4 кестенің деректерінен байқағанымыздай, Алматы облысындағы ірі қара мал (ІҚМ) 1/VIII. 2015ж. 1073,3 мың мал басын құраған, оның ішінде сиырлардың 453,4 мың басы, сиырлардың үлес салмағы 23,7%-ға тең (төмен).

Қойлар мен ешкілердің 4134,9 мың басын құрайды, жылдан жылға мал басының саны өсіп келеді, дегенмен төл алынған жағдайда, оның саны тез арада артатын еді.

Кесте 5 – Алматы облысының фермер шаруашылықтарындағы жайылымдық мал шаруашылығы өнімінің өндірісі

Көрсеткіштер	Өлшем бірліктері	01.08. 2014ж.	01.08. 2015ж.	%	+,-
Мал саны					
ІҚМ	мың бас	1 056,9	1073,3	101,6	16,4
Соның ішінде, сиырлар	мың бас	429,5	453,4	105,6	23,9
Қойлар-ешкілер	мың бас	4134,9	4146,2	100,3	11,2
Жайылымдық жылқы шаруашылығы	мың бас	303,4	312,1	102,9	8,7
Түйе	Бас	8289	7666	92,5	-623,0
Өнім өндірісі					
Ет өндірісі	мың тн	155,8	153,9	98,8	-1,9
Сүт өндірісі	мың тн	387,9	402,5	103,8	14,6
Жүн	мың тн	8,0	8,1	100,7	0,1
Бір мал басының өнімділігі					
1 сиырдан алынған сүт	Кг	1759	1776	101,0	17,0
1 мал басын қыркудан алынған жүн	Кг	3,5	3,5	100,0	0,0
Төлді алу					
Бұзаулар	мың бас	422,1	436,9	103,5	14,8
Қозылар-лақтар	мың бас	1720,5	1737,4	101,0	16,9
Құлындар	мың бас	85,7	87,5	102,1	1,8
Боталар (тайлақтар)	мың бас	1,1	1,2	111,9	0,1
100 мал басынан алынған төл					
Бұзаулар	бас	82	53	64,6	-29
Қозылар-лақтар	бас	103	83	80,6	-20
Құлындар	бас	84	53	63,1	-31
Боталар (тайлақтар)	бас	43	41	95,3	-2
Ескерту - Алматы облыстық мал шаруашылық басқармасының мәліметтері негізінде құрастырылған					

1 / VIII – 2015 жылы жылқылардың 312,1 мың басын құраған, мұнда биелер, жалпы санның ішінен жекелеп бөлінбеген. Мал басы 8,7 мың басқа өсті (312,1-303,4).

Өткен жылмен салыстырғанда, ІҚМ басы 16,4 мың басқа өсті. Бірақ, өткен жылы сиырлардың үлес саламағы 23,7% болса, ағымдағы жылы сиырлардың үлес салмағы 16,4 мың басқа артты, бұл сиырлар басына жағымды ықпал етеді.

Осыған орай, фермалар аталған көрсеткіштерді бақылаулары тиіс, өйткені малдардың өнімділігінің өсуі аналық мал басына тәуелді.

Аналық мал басына:

- Биелер (3 жастан жоғары, 16 жасқа дейін);
- Сиырлар (2 жастан жоғары, 15 жасқа дейін);
- Ұрғашы тоқтылар (8 айдан жоғары 6 жасқа дейін);
- Іңгендер (4 жастан жоғары, 17 жасқа дейін).

Сол себептен, біздің ойымызша, агрария есептілігінде мал басының жалпы санының ішінен, сиырлардың ғана емес, сол сияқты ұрғашы тоқтылар, іңгендердің және т.б. «аналық мал басын» бөлек белгілеу қажет, аналық мал басын жеке белгілеп көрсету, ұтылған ысырапты, немесе ұтылған пайданы талдауға мүмкіндік береді. Ұтылған пайда басшылық үшін басқарушылық шешімдерді қабылдау барысында қажет.

Мал басы өнімділігінің төмендеуінде 100 аналық мал басынан төлдің шығуы маңызды болып табылады.

5 кестеден мәліметтері бойынша, 100 аналық мал басынан алынған төл өнімі, 1/ VIII-2015 жылы қанағаттанарлық көрсеткіш емес екендігін көрсетіп отыр:

- бұзаулар – 82 бас;
- қозылар – 103 бас;
- құлындар – 84 бас;
- боталар (тайлақтар) – 43 бас.

Өткен жылмен салыстырғанда (2014), 29 бұзау басы, 20 қозы басы, 31 құлын басы, 2 бота басы алынбаған. Егер ақшалай өлшемге аударатын болсақ, бұл үлкен ысырап, залалдың қомақты сомасы шығып тұр, немесе бұл болжамды пайданың залалы болып саналады.

Шетелдік фермерлік шаруашылықтарының тәжірибесінде 100 аналық бастан төл алу деген ұғымның мәнін түсінбейді. Шетелдік фермерлер, көп жағдайда, орта есеппен, 100 аналық мал басынан 100 төл өнімін алады, тек кейбір жағдайларда түсік немесе туылғаннан кейін өлім-жітім нәтижесінде 1-2 төл өнімі алынбайды [85].

Біздің елімізде кеңес кезеңінен бері, психологиямызда, 100 аналық бастан 100 төл өнімін алу мүмкін емес деген түсінік қалыптасқан. Ия, бұл күрделі көрсеткіш, бірақ ол үшін жұмыс жасау қажет. Оған қол жеткізу үшін сәйкес күтіп-бағу, жем беру, ветеринарлық және зоотехникалық іс-шаралар қажет.

Неліктен, жеке секторында төл өнімі үшін аналықтың бар болуы қажет?

Әрбір саладағы мал басынан алынатын төл өнімінің төмен деңгейі жалпы мал басының өсуіне теріс ықпал етеді.

Мал шаруашылығы өнімінің пайдалылығын арттырудың негізгі қоры өндірілетін өнімнің сапасын жақсарту болып табылады. Бұл, тек сүт өндірісіне ғана емес, сол сияқты сиыр еті, жылқы еті, қой еті мен жүн өндірісіне де байланысты.

Біздің ойымызша, экономикалық өнімділікті арттыруда, «еттің келесідей түрлері» өткізілді деген көрсеткішті жекелеп белгілеудің маңызы зор:

- Сиыр еті;

- Жылқы еті;
- Қой еті және т.б.

Сонымен, жылқы еті, қазы, жая, қарта, шұжық сияқты деликатес өнімдері түріндегі жылқы етін өткізу барысында деликатес өнім, экологиялық таза өнім болғандықтан, көзделген табысты алуға болады. Мұнда, бұл көрсеткіш көлегейленген, бүгінгі нарық жағдайында біздің ұлттық өніміміз – бұл, біздің еліміздің беделі, осыған орай біздің ойымызша «жылқы еті», одан өндірілетін деликатес түрлерін, есептік ақпаратта ашып көрсету қажет.

Жайылымдық мал шаруашылығы өнімінің өндірісін, экономикалық тиімділігін арттырудың негізгі бағыты малды өсіруге жұмсалатын материалдық-еңбек қаражатын үнемдеу арқылы, осы малдың өнімділігін арттыру болып табылады. Болашақта сиырлар, биелер, қойлардың өнімділігі 1,3-1,5 есе ұлғайтылуы тиіс, ал осы малды бордақылауда тірі салмақтың орташа тәуліктік өсімін тәулік ішінде 500-600 г дейін жеткізу қажет. Мал шаруашылығын дамытудың, негізі жайыудың үйлестірілген мөлшері және малға тиісті күтім көрсету болып табылады. Осыған байланысты, бірінші кезекте жем беру қорын дамытуға мән беру қажет.

Заманауи жағдайда малдың өнімділігін арттыру маңызды рөлді атқарады. Ең алдымен, бұл малға жем беруді ұйымдастыру, қыс мезгілінде (боран, көктайғақ) қосымша жеммен қамтамасыз ету:

- астық қалдықтары;
- сүрленген шөп;
- сұлы;
- мал жемі көкөністері (жемдік сәбіз, қызылша және т.б.);
- құнарландырылған жем (қойлардың құрама жемі, ІҚМ құрама жемі)

[86].

Малдың өнімділігін арттыруда малдың асыл тұқымды құрамы маңызды болып табылды.

- тұқымдық құрамын жақсарту;
- жарамсыз қысыр аналықтарды уақытында шығару;
- малдың жарамсыз жастық құрамын шығару.

Мысалы, 2 жастан жоғары тайынша төлі немесе 3 жастан асқан биенің, мал басын арттыруға қатысу мүмкіндігі бар. Осыған орай, ІҚМ табынында немесе жылқы табынында жоғарыда аталған төл, малдың өнімділігін арттыруда маңызы зор.

Сонымен қатар, табындағы қысыр аналықтарды уақытында анықтап, жарамсызын шығару, 15-16 жастан аспайтын бие мен інгендер аналықтарының шекті жасын анықтау және жарамсыздарын табыннан уақытында шығару қажет.

Бұл салада, біздің пікірімізше кезек күтгірмейтін және тезірек шешім қабылдауды қажет ететін көптеген нақты мәселелер туындап отыр. Олар:

1. Жайылымдық мал шаруашылығын малдың түрі мен жасына байланысты есептік топтар бойынша шығындар есебін ұйымдастыру.

2. Малдың түрі мен жасына байланысты есептік топтар бойынша жайылымдық мал шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнын есептеу әдісі.



3. Жайылымдық малдарды қысқы кезеңде ұстау (борандарда, қар жауғанда, көктайғақтарда) үшін жем-шөп дайындау шығындары есебінің әдістемесі.

4. Түрлері бойынша жем-шөптерді дайындауды бағалаудың әдістемесі

5. Қыс мезгілінде жайылымдық малға жем дайындау шығынын есептеу әдісі.

6. Жайылымдық мал шаруашылығындағы жас малға жұмсалған шығындар есебін құрастыру.

7. Негізгі отардан шығарылған үлкен малдарға жем-шөп беру шығындарының есебін ұйымдастыру.

8. Жас мал мен кәрі малдарға жем-шөп беру нәтижесінде алынған тірі мал салмағының өлшемдегі өсімдердің өзіндік құнын есептеу.

Біздің тұжырымдауымыз бойынша, жайылымдық малдарды ұстаудың және өсірудің басты мақсаты мал шаруашылығы өндірісіндегі өнімдердің шығынын үнемдеу болып табылады. Сондай-ақ, жоғары сапалы өнім өндіру мен өнімнің өзіндік құнын төмендету фермерлік шаруашылықты табыспен қамтамасыз етуге кепілдік береді.

Нарық шарты бойынша еңбектің соңғы нәтижесіне топтың қызығушылығын тудыру арқылы табыс алуға және оны өсіруге болады. Қазіргі кезде Қазақстанға тән жайылымдық жерді мал шаруашылығына тиімді пайдаланбауы мен жайылымдық мал шаруашылығының ұйымдастырылуына қанағаттанбаудан бастап, зоотехникалық және ветеринарлық жұмыстағы есеп деңгейінің төмендеуіне дейінгіні қамтитын шешілмеген мәселелер жетерлік.

Жүргізілген зерттеулер бойынша біз алғашқы есептердегі жетіспеушіліктерді анықтадық. Алғашқы құжаттардың болмауы, жайылымдық мал шаруашылығының жеке салалары бойынша алынған өнімдердің саны мен сапасының есебін жүргізуге мүмкіндік бермейтінін көрсетті. Егерде өнім шығарылымының алғашқы есебі болмаса, онда бұл өнімнің есебі туралы мәселені қозғаудың қажеті жоқ.

Өндіріс шығындарын есептеп шығаруды зерттегенде алғашқы құжаттарда жұмсалған материалдық қорларды рәсімдеу бухгалтерлік есептің ең әлсіз жағы екені анықталды.

Қазіргі уақытта жайылымдық малдарды өсіру үшін әр түрлі аурулар бойынша арнайы жұмыстар жүргізу қажет. Әр шаруашылықта есептік топтар бойынша малдарды емдеу жұмыстары жүргізіледі, мысалға, жана туған малға салынатын екпе). Бұл жұмыс спирт, дәрі-дәрмек, вакцина, шприц, мақта сияқты препараттардың шығындарымен байланысты. Фермерлік шаруашылықта жұмсалған дәрі-дәрмектер актілер бойынша есептен шығарылады. Бұл дәрі-дәрмектерді жұмсау мен нақты қолдану нормасының алғашқы құжаттарда көрсетілмеуінен туындайды. Дәрі-дәрмектерді актілер негізінде есептен шығару есептеудегі сенімділікті төмендетіп, құралдың жұмсалуын ұлғайтады. Кезек күттірмейтін басқа да мәселелер болғандықтан дәрі-дәрмектердің жұмсалу нормасын бақылауға мүмкіндік жоқ.

Осыған байланысты біз жайылатын малдарды сақтандыру мен емдеудің дәрі-дәрмектерін есептен шығарғаннан кейін алғашқы мәліметтерді алудың түрлерін ұсынамыз:

- Фермаға немесе мал топтарына сақтандыру және емдеу үшін дәрі-дәрмектер мен препараттар «Дәрі-дәрмектер шығынының тізімдемесі» негізінде қордан алынады.

- Сақтандыру мен емдеу жұмыстары жүргізілгеннен кейін, «Сақтандыруға немесе емдеуге арналған дәрі-дәрмектерді есептен шығару» актісін жүргізіп есепке алуымыз тиіс. Қолданылмаған дәрі-дәрмектер мен препараттардың қалдығы қорға қайтарылады [87].

Малдың өлім-жітім жағдайларын қысқарту. Малдың өлім-жітімі шаруашылықтың кінәсінен, малдардың ауруынан, сапасыз немесе толымсыз жемдеуден болуы мүмкін. Сондықтан, мал өлімін азайту үшін: мал шаруашылығында тазалық ережелерін сақтау, малдарға тұрақты түрде ветеринарлық тексеруді жүргізу, сонымен бірге, төлге қажетті ветеринарлық егуді уақытында жасау, қажетті жағдайларда малды емдеу қажет. Маңыздылығы кем емес тағы бір кемшілік – көптеген шаруа (фермер) қожалықтарында ветдәрігер немесе веттехник, зоотехник сияқты мамандардың жоқтығы, сол себептен барлық шаруашылықтарда малдарға ветеринарлық жұмыс, зоотехникалық іс-шаралар жүргізілмейді. Сонымен қатар, бүгінгі күні ауылды дамытуға, соның ішінде фермер шаруашылықтарын қолдауға елеулі түрде көңіл бөлінеді. Н.Б.Бралиева, К.Ж.Мухсина: «Қатаң бәсекелестік жағдайларында, фермерлік өндірістің тіршілік қабілеттілігі, фермерлердің еңбегі мен тапқырлығы ғана емес, сонымен қатар, баға саясаты, несие мен салық салу бойынша әр түрлі жеңілдіктерді ұсыну, дотациялар, субсидиялар мен бюджеттен бөлінетін өзге де төлемдер, соның ішінде, заттай өнім арқылы іске асырылатын мемлекеттің қуатты қаржылық қолдауымен анықталады» деп сендіреді [88, б. 29].

Қазіргі таңда біздің елімізде, ТМД мен таяу шетелдерде ауылға мемлекеттік қолдау көрсетіледі. Осы бағытта, Н.К.Якубова, Г.Т. Акрамова және т.б. былай деп жазды: «фермер шаруашылықтарын ынталандыру үшін құқықтық, сол сияқты ұйымдастырушылық алғышарттар құрылды. Фермерлерге қолдау көрсету үшін республика бюджетінен елеулі қаражат бөлінді» [89, б. 280].

Біздің елімізде, ауылға қолдау көрсету үшін үлкен көңіл бөлінеді, атап айтқанда бюджеттен немесе жергілікті әкімдіктерден қаражаттар қарастырылған. Дегенмен бұл қаражат шағын фермер шаруашылықтарына дейін жетпейді, осыған орай, көптеген фермер шаруашылықтары бүгінгі таңда, тек күн көруге ғана мәжбүр болып отыр. Сондықтан, басты амал, бұл бүгінгі күні сұранысқа ие өнімді өндіріп, үкіметтік бағдарламаны дамытуға қатысу болып табылады. Үкіметпен мал шаруашылығын дамыту бойынша келесідей бағдарламалар ендізілді: Сыбаға, Алтын асық, Құлан, Ырыс, Аманат.

Міне сол себептен, Алматы облысының мал өсірушілері мал шаруашылығы өнімінің ішкі және сыртқы нарықтарын белсенді түрде қолдана алады. Осыған орай, мал шаруашылығын дамыту және малдың қозғалыс есебін

ұйымдастыру, бұрын-соңды болмағандай аса өзекті және уақытылы болып табылады. Өсіру мен бордақылаудағы малды есепке алудың өз ерекшеліктері бар, өйткені өсіру және бордақылау үдерісінде мал басының саны өзгермейді, тек олардың салмағы қосылып, қондылығы артады, бұл жағдайда оның құны да көтеріледі. Өсіру барысындағы малдың қозғалысымен байланысты барлық операциялардың уақытылы және сенімді есебі, мал басының сақталуын қамтамасыз ету маңызды болып табылады. Малды өсіру мен бордақылау үдерістерінің өсімі тірі салмақтың өсімі (қосылған салмақ) болып табылады, оның құны малдың тиісті түрлері мен топтарын күтіп-бағу жөніндегі шығындарға тең. Қосылған салмақ (өсім) бастапқы салмаққа қосылады және малдардың құнын арттырады.

Осыған орай, мал басының объектісі:

- малдардың барлық салаларынан алынатын өсім;
- мал шаруашылығының барлық салаларындағы және бордақылаудағы мал төлінің тірі салмағының (артық салмағы) өсімі;
- мал төлін жоғарғы жастық топтарына және негізгі табынға ауыстыру;
- бордақылауға қою арқылы негізі табыннан жарамсыз малды шығару.

Жайылымдық мал шаруашылығында биологиялық активтерді есептеуді ұйымдастыру үшін жайылымдық мал шаруашылығының дамуын жіктеуді ашу қажет. Алматы облысында жайылымдық мал шаруашылығының төрт түрі бар:

- ірі қара мал ;
- жылқы шаруашылығы;
- түйе шаруашылығы;
- қой шаруашылығы.

Ірі қара саласы бес іріленген есептік топтарға бөлінген, бұл:


- ет бағытындағы ірі қара малдың негізгі табыны;
- ет бағытындағы ірі қара төлдері;
- сүт бағытындағы ірі қара малдың негізгі табыны;
- сүт бағытындағы ірі қара малдың төлдері;
- семіртудегі ересек малдар.

Жоғарыда аталған есептік топтар бұзаулар алынатын негізгі табынның ірі қара малдарынан өнімнің шығуы мен шығындарын есепке алады. Тірі салмағының өсімін (қосылған салмақ) көнді осы есептік топтан ІҚМ жас малдан аламыз. Сүт бағытындағы ірі қара малдан сүт, төл, тірі салмақтың өсімін (қосылған салмақ), көң аламыз.

Мал шаруашылығының «жылқы өсіру» саласын бес есептік топқа бөлдік (сурет 8).

Іс жүзінде біз спорттық жылқы өсіруді, жұмысқа пайдаланылатын жылқы өсіруді бөлген жоқпыз:

- жылқыларды жайылымдық бағу ет бағытында болуы мүмкін, одан құлын төлдерін, тірі салмақтың өсімін аламыз;
- негізгі табын сүт бағытындағы «өнімдік жылқы өсіру»;
- ет және сүт бағытындағы жылқылардың төлдері;
- асыл тұқымдық жылқы өсіру, негізгі табын;
- асыл тұқымды жылқылардың төлдері.



Сурет 8 – Жайылымдық мал шаруашылығының дамуын жік

Ескерту - Автор құрастырған

Жылқы шаруашылығының есеп саласында бес есептік топтардан қосылған салмақ, тірі салмақтың өсімін, салмақ, сүт биелерінен сүт, көң аламыз. Төлдерден тірі салмақтың өсімін (қосылған салмақ), көң аламыз.

Түйе шаруашылығында біз екі топты бөлдік:

- негізгі табын. Сүт бағытындағы түйелер.;
- түйе төлдері. Осы екі есептік топтардан түйе сүтін, тірі салмақтың өсімі (қосылған салмақ) және жүн, қосалқы өнім көң аламыз.

Қой шаруашылығын біз төрт есептік топтарға бөлдік. Іс жүзінде қой шаруашылығы келесідей есептік топтарға бөліне алады: қылшық жүнді қой өсіру, жұқа терілі қой өсіру, жартылай жұқа терілі қой өсіру және т.б.

Сонымен «Қой шаруашылығын» біз тек қана төрт топқа бөлдік:

- қаракөл бағытындағы негізгі табын;
- қаракөл бағытындағы қойлардың төлдері;
- ет бағытындағы қойлардың негізгі табыны;
- ет бағытындағы төлдер.

Қой шаруашылығынан қаракөл терілерін, төлдерден тірі салмақтың өсімі (қосылған салмақ) алынса, ет бағытындағы қойлардың негізгі табынынан тірі салмақтың өсімін (қосылған салмақ), жүн, көң алынады.

Егер көптеген елдердің тәжірибесі бойынша қойларды сауатын болсақ және ірімшік дайындайтын болсақ, онда «сүт бағытындағы қойлар» есептік тобы пайда болады. Сонымен қатар қой отарында әрқашан ешкілер болады. Ешкілер түбіттік ақ, қара және т.б. болады. Біздің пікірімізше «Ешкі өсіру», әсіресе сүт бағытындағы ешкілер саласын дамыту қажет. Өйткені бүгінгі күні ешкі сүтіне деген сұраныс көп. Біздер құрастырған жайылымдық мал шаруашылығының жіктелуі шығындарды есептеуді ұйымдастыру үшін қажет, өйткені мал шаруашылығы бойынша «Малдар» биологиялық активтерін және осы салалардың есептік топтарын ерекшелеу сұрақтары шешіледі. Бірақ нарықтық экономика жағдайында өнімділікті жоғарылату мақсатында жоғарыда аталған малдардың асыл тұқымдық ерекшеліктері өте маңызды.

Осыған байланысты жайылымдық мал шаруашылығы салалары бойынша малдардың асыл тұқымдық ерекшеліктерін бастапқы құжаттар мен есептік тіркелімдерін есепке алу және рәсімдеуді ұйымдастыруды өте қажет етеді.

Дегенмен бүгінгі күні фермерлік шаруашылықтардың көрсеткіштерінде асыл тұқымдық ерекшеліктерге аса мән бермейді және соған сәйкес зоотехникалық есептеу жүргізбейді. Бірақ бүгінгі күні біздің пікірімізше зоотехникалық есептеуді жүргізу керек, өйткені бұл ақпарат асыл тұқымдық малдар бар болған жағдайда асыл тұқымды мал басын сату кезінде экономикалық табысты жоғалту қаупін болдырмау үшін маңызды мәнге ие. Бүгінгі күні жайылымдық мал шаруашылығын және олардың асыл тұқымдық қасиеттерін дамыту фермер үшін бұрын-соңды болмағандай маңызды және өзекті болуы тиіс. Өкінішке орай ҚЕҰС-1-де малдардың асыл тұқымдық ерекшеліктерін есептеу туралы жазбалар жоқ. Сонымен қатар асыл тұқымды малдарды бағалау өзін түсіндіруді қажет етеді.

Нарық жағдайында егер малдардың зоотехникалық есептеуімен айналыспайтын болсақ, онда шаруашылықтың бәсекеге қабілеттігі туралы ештеңе айтпаса да болады.

Дәл сол себептен біз мал шаруашылығы саласы бойынша зоотехникалық есептеуді топтастыруға талпыныс жасадық. 7 суретте малдардың есептік топтарының тек үшеуі ғана келтірілген, осыған ұқсас мал шаруашылығының басқа салалары бойынша және олардың есептік топтары бойынша зоотехникалық есептеуді ұйымдастыру қажет.

### **2.3 Жайылымдық мал шаруашылығы асыл тұқымды қасиеттерінің зоотехникалық-басқару есебін құру**

Жайылымдық мал шаруашылығының дамуы Қазақстан үшін дәстүрлі сала болып табылады. Біздің еліміздегі пайдалы жайылымдық жерлердің кең болуына байланысты Қазақтардың «Жайылымдық мал шаруашылығы» ежелгі саласын қайта қалпына келтіруі тиіс. Жайылымдық мал шаруашылығына – өнімді мал шаруашылығын, түйе шаруашылығын, қой шаруашылығын және ІҚМ жатқызу керек. Ең бастысы - бұл, күтіп-ұстау жағдайларына қатысты қарапайымдылық және өнімнің өзіндік құны төмен өнімді табынды жылқы шаруашылығы саласының дамуына септігін тигізеді. Жайылымдық малдардың өз биологиялық ерекшеліктеріне қарай малды қорада күтіп-бағумен салыстырғанда елеулі артықшылығы бар. Сонымен бірге, өнімді табынды жылқы шаруашылығына үй-жайларды салу, жемшөпті дайындау үшін үлкен шығындарды жұмсаудың қажеті жоқ, тек боран, көктайғақ жағдайлары туындайтын болса жемшөптің сақтандыру қоры қажет.

Ауқымды, малдың басқа түрлері үшін жетуге қиын жайылымдарды ауыл шаруашылық негізде игеруде, жыл бойғы жайылымдық күтіп-бағу жағдайларында өнімнің төмен өзіндік құны арқылы биелердің сүтін, етті емдәмдік (деликатес) өнім өндіруде жылқы шаруашылығын табынды күтіп-бағудың мәні ерекше. Сонымен қатар, 2013 жылдың қазан айынан бастап «Қазақстан жайылымдық мал шаруашылығын дамытуға ерекше көңіл бөле бастады» [83, б. 2].

Бұл жұмыс «Агробизнес - 2020» бағдарламасының аясында басталды және 2020 жылдарға қарай мемлекеттік қолдаудың көлемі 8%-ға жетті. Сонымен бірге, табынды жылқы шаруашылығының белгілі кемшілігі де бар – яғни нарыққа өнімді жеткізудің маусымдылығы. Осыған орай биелерді жыл бойы саууды алдын ала қарастыру қажет. Тағы бір кемшілігі, біздің ойымызша, бұл өнімді малдармен жүргізілетін асыл тұқымды және селекция жұмысы. Елімізде асыл тұқымды мал басын көбейту үшін қолдан ұрықтандырсақ, бұл асыл тұқымды мал басын сатып алумен салыстырғанда асыл тұқымды өнімді жылқыларды, түйелерді, қойларды өсіру, біздің ойымызша анағұрлым тиімді және арзан. Шетелден сатып алынған асыл тұқымды мал басы аса қымбат. Мұнда, біздің көзқарасымыз бойынша, көптеген жағымсыз төмендегідей:

- Елімізден ауқымды ақшалай қаражат кетеді;

- Шетелде өсірілген асыл тұқымды малдың өзіндік құны өте қымбат, өйткені батыста салынған шығындар біздің елімізде салынған шығындармен салыстырғанда өте жоғары;

- Басқа елден сатып алынған асыл тұқымды малдың Қазақстанның климаттық жағдайларына бейімделу қабілеті белгісіз;

- Сатып алынған асыл тұқымды малды қорада күтіп-бағу, оны жемдеу (оған қажетті жемшөп) қымбатқа айналады;

- Мұқиттың ар жағынан әкелінетін малдармен бірге қандай да бір вирустарды тасып әкелу мүмкіндігі бар (мал аурулары), өйткені осы бағытта малдәрігерлік қызметінің кепілдігі жоқ;

- Екі жыл бұрын аграрияда сатып алынған асыл тұқымды малдың ішінен аурулары бар көптеген мал өртелді;

- Тағы бір мәселе, селекция тұқымын өсіруде қандай генатип өсірілгендігі және оның тұқымға (мал төліне) және алынған сүтке тигізетін ықпалы белгісіз,

- Бейімделу кезеңі өткеннен кейін, осы малдардан алынған өнім өте қымбат және ол аграрияда инфляцияны болдырмауды қамтамасыз ете алмайды;

- Селекциялық жұмыспен айналысу, өзіміздің асыл тұқымды малды өсіру әлдеқайда қолайлы және арзан;

- Біздің елімізде селекциялық жұмыстың дамуы, ғалымдармен жүргізілетін ғылыми зерттеулер жеткілікті;

- Аграрияны инфляциядан сақтау үшін, біздің ойымызша, Қазақстанның байтақ жайылымдары арқылы «жайылымдық мал шаруашылығын» дамыту қажет, бұл бүгінгі таңда үлкен экономикалық басымдылық болып табылады.

Мал шаруашылығын инновациялық дамытудың негізгі бағыттарының бірі селекциялық-асыл тұқымды жұмысты жетілдіру болып табылады. Қазақстанда өсірілетін табынды жылқылар тұқымдарының ішінде, етті бағыттағы және сүтті бағыттағы «көшім тұқымы» жетекші орындардың бірін алады. Атқорада және атқора-жайылымдық күтіп-бағу арқылы өсірілетін жылқыларға қарағанда, көшім жылқылары жыл бойғы табынды күтіп-бағу жағдайына бейімделген.

Ет өнімділігі бойынша көшім жылқылары барлық жергілікті жылқылардан асып түседі (сойыс салмағының түсімі 55,3 – 55,8%), ет пен майдың консистенциясы тығыз, дәмдік қасиеттері өте жоғары, еттің 1 кг құнарлылығы 2000 ккал асады. 100 биеге есептегендегі құлындардың саны жоғары – 78-85 басты құрайды.

Сонымен қатар, Қазақ тұқымдарының ішінде «Жабе» сүтті биесі жоғары бағаланады. Қазіргі таңда Қазақстанда осы асыл тұқымды малдарды селекциялық өсіру жұмыстары сәтті дамып, жетілдіріліп келеді.

Осы 6 кестенің негізінде ғалым-жылқы өсірушілер талдау жүргізіп, жылқылардың селекциялық топтарының экстерьерлік көрсеткіштерін анықтады. Оның нәтижесінде ғылыми зерттеулер жөніндегі есепте ғалымдар былай деп жазған:

«Табынды жылқылардың экстерьерлік ерекшеліктеріне жүргізілген зерттеу көрсеткендей, олар көлемділіктің жоғары көрсеткіштеріне ие 142,6-158,5, бұл оларды етті мал ретінде сипаттайды.

Кесте 6 – Негізгі шаруашылықтардағы жылқылардың селекциялық топтарының фенотиптік көрсеткіштері

Тұқымы Типі	Малдың жынысы	N	Өлшеу, см				Тірі салмағы, кг
			Шоқтығы бойынша биіктігі	Дененің қиғаш ұзындығы	Шеңбері		
					Төс	Алақан сүйегі	
M ± m	M ± m	M ± m	M ± m	M ± m			
Көшім		22	161,0±1,1	164,3 ±1,62	198,5±2,64	22,3±0,2	591,6± 17,6
		243	154,3±1,38	157,8±1,69	187,0±2,83	19,9±0,08	504,2±20,5
Мұғалжар:							
Қожамберді		20	147,5±0,9	152,7±1,3	187,6±2,1	20,0±1,16	492,5±13,9
		261	144,2±1,2	151,3±2,5	179,5±3,1	19,5±0,06	472,5±9,9
Құланды		20	144,5±1,3	150,2±2,1	182,4±2,7	20,0±0,05	482,0±8,1
		263	143,5±1,1	149,3±2,2	178,5±2,5	19,0±0,05	445,6±7,9
Қазақ.:							
Жабы		8	145,3±0,7	151,0±1,1	185,3±0,9	19,4±0,11	472,1±5,3
		124	143,1±0,5	149,2±0,9	179,4±0,7	18,6±0,21	440,6±4,8
Адай		8	146,1±1,8	148,5±1,9	172,2±2,3	19,0±0,05	425,9±5,0
		124	142,5±1,2	144,8±2,1	169,7±2,5	18,0±0,04	400,9±5,9
Найман		10	140,1 ±2,1	143,2±2,7	166,4±3,4	19±0,05	380,5±6,0
		160	138,1±1,9	142,5±2,3	163,5±2,9	18,2±0,04	360,2±5,4
Ескерту - [90, б. 13] Әдебиет көзінен алынған							

Әрбір селекциялық топта жоғары өнімді биелер белгіленген. Көшім тұқымында тірі салмағы 530 кг дейін жететін 25 бие белгіленген, олардың селекциялық дифференциалы 50 кг құрайды; мұғалжар тұқымында қожамберді типі бойынша тірі салмағы 490 кг дейін жететін 25 бие; құланды типі бойынша тірі салмағы 470 кг жететін 25 бие; қазақ тұқымында жабы типі бойынша тірі салмағы 470 кг дейін жететін 25 бие белгіленді – селекциялық дифференциал сәйкесінше 360 кг, адай типі бойынша тірі салмағы 385 кг құрайтын 25 бие, найман тұқымы бойынша тірі салмағы 380 кг құрайтын 25 бие – селекциялық дифференциалы сәйкесінше 25 кг» [90, 14 б.]

Біздің ойымызша, ғалым-жылқы өсірушілеріміздің ғылыми зерттеулерін аса өзекті екендігін мойындау қажет. Әсіресе, табынды күтіп-бағу бойынша асыл тұқымды жылқыларды етті және сүтті бағыттағы Қазақ тұқымдарының типі бойынша өсіру, ерекше назарды қажет етеді. Асыл тұқымды қасиеттерді әзірлеу және енгізу, өнімді жылқылардың селекциялық топтарының алты тұқымдары шегінде өсіру ерекше қолдау мен мақұлдауы мен «ҚазақМШЖЖӨ ҒЗИ» ЖШС (Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми зерттеу институты) негізгі шаруашылықтарында өнімділігі жоғары аналық мал басының қалыптастырылуын қажет етеді.

Жылқы басын сапалы жақсарту жолындағы селекция тәсілдерінің бірі белгіленген параметрлері бар, белгілі дифференциалға қатысты олардың орташа көрсеткіштерінен асатын селекциялық топтарды белгілеу болып



табылады. Негізгі шаруашылықтарда биелердің селекциялық топтары құрастырылды және биелерге айғырларды гомогендік негізде іріктеу жоспары әзірленді. Селекциялық топтарда үйірлер құрылды. Көшім тұқымы бойынша жалпы саны 243 биеден тұратын жылқылардың 22 үйірі құрылды, қожамберді типі бойынша 261 биеден тұратын жылқылардың 20 үйірі, құланды типі бойынша – сәйкесінше 263 бие ішінен 20 үйір; «жабы» тұқымы бойынша – 124 биеден тұратын 8 үйір, адай жылқылары бойынша 124 биеден 8 үйір, найман жылқылары бойынша 160 биеден 10 үйір құрылды [90].

Бұл ғылыми зерттеулердің жұмыс түрлері бойынша белгілі шығындары бар (ұйымдастырушылық, қосалқы):

- асыл тұқымды малдарды есепке алу жөніндегі құжаттаманы толтыру;
- бие үйірлерін белгілеу;
- осы биелерге өндіруші айғырды белгілеу;
- параметрлерді өлшеу;
- мал басын өлшеу;
- қашыруды жүргізу;
- қанды талдау (қан көрсеткіші);
- жағдайларды тіркеу;
- зертханадағы жұмыс және т.б.
- тәжірибені аяқтау бойынша ғалымдардың шешім қабылдауы.

Осы жұмыс түрлерінің барлығын тіркеп, содан соң зоотехникалық-басқару есебін ұйымдастыру қажет. Бұл не үшін қажет?

Біріншіден, жүргізілетін ғылыми зерттеулердің реттілігін тіркеу.

Екіншіден олармен алынатын нәтижелердің орындалуына бақылау жүргізу.


Үшіншіден, кез келген уақытта басқарушылық шешімдерді жедел түрде қабылдау үшін басшылыққа қажетті ақпарат керек болуы мүмкін.

Бүгінгі күні инфляция жағдайында басқарушылық шешімдер әр түрлі болуы мүмкін:

1. Асыл тұқымды көрсеткіштер, олардың пайдалылығы
2. Табынды жылқы шаруашылығын жоспарлау және дамыту мәселелері
3. Шетелге асыл тұқымды жылқыларды өткізу бойынша жоспарлау аспектілері – мүмкіндіктер.
4. Жемшөп қорын, боран, көктайғақ жағдайларына сақтандыру қорын жоспарлау қажеттілігі.

Бүгінгі күні жоспарлау саланы басқару, дамытудың негізгі құралдарының бірі. Жоспарлар қол жеткізілген деңгейге қарай құрылады және жоспарлардың негізі зоотехникалық-басқару есебінің ақпараты болады.

Бір ғана айтарымыз, біздің пікірімізше асыл тұқымды малдардың ересек табыны ғана емес, асыл тұқымдық қасиеттеріне қарай бұзаулардың, боталардың құлындардың туылған сәтінде алынған төлдерге белгі салынуының, таңбалануының өз ерекшеліктері болуы керек (сурет 9).



Сурет 9 – Жаңа үлгідегі таңба басу мысалы

Ескерту - [www.minagri.gov.kz](http://www.minagri.gov.kz) сайт мәліметтерінен алынған [91, б. 6]

Яғни «Асыл тұқымды төл, құлындар, боталар, бұзаулар және т.б. алу карточкасының» толтырылуын алдын ала қарастыру, және онда салынған таңба нөмірін көрсету қажет.

Біздің ойымызша, асылтұқымды малдардың тек ересек табынына ғана емес, сонымен қатар бұзау, құлын, боталардың туу кезінде дүниеге келген төлге де, оларды ерекшелейтін таңба салу, басу қажет. Заманауи жағдайларда, таңба екі қатарға сауырын тұсына салынады. Әрбір асыл тұқымды малдың жеке таңбасы болуы керек.

Зоотехникалық есептеумен қатар, біздің пікірімізше бүгінгі күні мал дәрігерлік есепті компьютерлендіру өте маңызды. Зоотехникалық есепті дамытудың, мал дәрігерлік-санитарлық қызмет көрсету есебін ұйымдастырудың өзектілігі күмән тудырмайды. Оның нәтижесі денсаулығы жақсы, өнімділігі жоғары мал табынын қалыптастыру болып табылады. Малдардың ауруға шалдықпауының алдын алу бүгінгі күні малдарды бағудың және ұстаудың негізгі талаптары болып табылады. Онымен қоса, қоршаған ортаның экологиялық қауіпсіздігінің талаптарын сақтау. Аграрлық салада қолданылатын есептік тіркелімдердің ең маңызды нысаны, бұл ауру малдарды тіркеу Журналы №1<sup>a</sup>- вет нысаны, дезинфекцияны есептеу Журналы №10-вет нысаны және т.б. [92]

Сонымен бірге, табынды жылқылардың геофонын жақсарту үшін ең алдымен, өнімділікті арттыру және экологиялық таза өнімді өндіру мүмкіндігін құру қажет.

Зоотехникалық басқару есебін дамыту, асыл тұқымды малдарға ветеринарлық-санитарлық қызмет көрсету есебін ұйымдастыру өзектілігі күмән тудырмайды.

Бүгінгі күні жайылымдық мал шаруашылығының дамуына үлес қосу үшін жылқы мен түйенің асыл тұқымына мән беруіміз керек. Оған себеп шыққан асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңы 1998 жылғы 9 шілдедегі № 278-1 Қазақстан Республикасының Заңы (2015.27.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) негіз болып отыр [93].

Бұл заңның ішінде асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы деректердің тиісінше есепке алынуын қамтамасыз ету қағидасы қарастырылған. Жалпы жайылымдық асыл тұқымды малдың, соның ішінде жылқыға тоқталатын болсақ көп жылдан бері жылқының асыл тұқымы зерттеліп жатқан сияқты. Онымен айналысып жатқан ғалымдарымыз да жетерлік. Ол мәселені кейінірек қарастырамыз.

Асыл тұқымды малдың жеке карточкасы – уәкілетті орган бекіткен тәртіппен ресімделетін, асыл тұқымды малдың шығу тегін, өнімділік және өзге де сапаларын растайтын асыл тұқымды малды есепке алу нысаны болуы қажет [93].

Зоотехникалық басқару есебімен қатар, біздің пікірімізше, қазіргі таңда ветеринарлық және зоотехникалық басқару есебін компьютерлендіру қажет.

Дегенмен, бүгінгі күні, бухгалтерлік есептің компьютерлік бағдарламаларынан басқа, зоотехникалық басқару немесе ветеринарлық басқару есебі үшін компьютерлік бағдарлама маңызды және аса қажет болып тұр. Республиканың Ауыл шаруашылық Министрлігі орталықтандырылған түрде аталған бағдарламалармен қамтамасыз етуі тиіс.

Заманауи жағдайларда, шет елде есепті компьютерлендіру және автоматтандыруға ерекше мән беріледі. Сонымен қатар, фермерлік шаруашылықтың басшысына бүгінгі күні есепті компьютерлендіру, сол сияқты, зоотехникалық есепті жүргізу артық болып көрінеді. Дегенмен, фермер басқарушылық ақпаратты алу және басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін фермерлік шаруашылықта зоотехникалық басқару есебін жүргізуге мәжбүр,


олардың тізімі 10 суретте келтірілген. Бүгінгі күні фермерлік шаруашылықтағы негізгі кемшілік, олардың осы аталған құжаттарды ресімдемеуі болып табылады. Оның негізгі себебі, олардың қолында бұл құжаттардың болмауы. Біздің ойымызша, Қаржы министрлігі мен Ауыл шаруашылық министрлігі осы мәселені шешулері тиіс. Жаңадан ойлап шығарудың қажеттілігі жоқ, кеңес кезеңінде бұл құжаттар Қазақстанда қолданылған. Бір типті шаруашылық операцияларды бастапқы құжаттардың бірыңғай нысандарымен ресімдеу қажет, бұл, ауыл шаруашылығындағы, соның ішінде, мал шаруашылығындағы бухгалтерлік есепті ұйымдастыруда әр қилылықты жоюға мүмкіндік береді.

Мүмкін бұл жауапкершілікті агроөнеркәсіптік кешен (АПК) мойнына алса дұрыс болар еді. Өйткені фермерлердің қаржылық жағдайлары көтермеуі мүмкін. Сонымен бір агроөнеркәсіптік кешенмен Машина Тракторлы Станция (МТС) құрылса, кішігірім қожалықтар жоспарлы кезекпен өз жұмыстарын тиімді басқарар еді. Онда малдардың асыл тұқымды қасиеттерінің бастапқы есебін оңтайлы ұйымдастыру туралы айтылып отыр.

Әрбір шаруашылықта асыл тұқымды қасиеттердің өнімділігін арттыру мақсатында олардың тұқымды құрамын жақсарту бойынша жұмыс жүргізіледі.

Бұл жұмыстардың барлық түрлерін жалпы шаруашылық есепті, әсіресе зоотехникалық есепті тиісті түрде ұйымдастыру жолымен бастапқы құжаттарда ресімдеу қажет. Кеңес кезеңінен кейінгі уақытта бұл жедел-техникалық есеп түрлерінің бірі болып табылады. Малдардың асыл тұқымды қасиеттерін есепке алу жөніндегі құжаттаманың тізімі мен тәртібі орталықтандырылған негізде КСРО Ауылшаруашылық Министрлігімен әзірленіп бекітілген. Бұл есепті жүргізу жұмысы шаруашылық зоотехнигіне жүктелген. Бүгінгі күні шаруашылықтарда малдардың асыл тұқымды жұмыс бойынша жедел-басқару есебі жүргізілмейді және оның себептері көп.

Қазіргі таңда біздің еліміздің тәуелсіздігіне 25 жыл болып келеді, Қазақстанның ауыл шаруашылық министрлігі шаруа қожалықтарын осы бланктермен қамтамасыз етпейді. Шаруашылықтарда зоотехник лауазымы жоқ. Осыған орай, біздің ойымызша, малдардың асыл тұқымды қасиеттерінің есебін ұйымдастырып, қалпына келтіру қажет. Бұл өте маңызды және жүргізілген жұмыстар туралы малдардың асыл тұқымды қасиеттері туралы алынған нәтижелер жөніндегі ақпаратты алу үшін қажет. Малдардың асыл тұқымды қасиеттерін карточкалар, тізімдемелер, журналдар, бланк-парақтар сияқты құжаттар арқылы көрсетіледі, оларды компьютерде автоматтандырылған түрде қарастыру қажет. Осының барлығы малдармен жүргізілетін зоотехникалық асыл тұқымды жұмыстың нәтижелерін анықтауға ықпал ететін маңызды талдамалы ақпаратты алуға мүмкіндік береді. Компьютерлік өңдеуді қажет ететін, асыл тұқымды малдың зоотехникалық басқару есебі жөніндегі құжаттамасы. Жайылымдық малдың тек үші есептік тобы ғана келтірілген, дәл сондай тәртіпте, жайылымдық мал шаруашылығы салаларында барлық есептік топтарды жүргізу қажет.



Сурет 10 – Асыл тұқымды малды есепке алу құжаттамасы

Ескерту - Зерттеулер нәтижесінде, автормен құрастырылған

Қой шаруашылығы мен ешкі шаруашылығы бойынша асыл тұқымды көрсеткіштердің зоотехникалық-басқару есебін келесі құжаттардың негізінде жүргізу қажет:

- асыл тұқымды қойдың карточкасы (№1-0 н.);
- асыл тұқымды аналықтың карточкасы (№2-0 н.);
- асыл тұқымды серкенің карточкасы (№1 кз.);
- асыл тұқымды ешкінің карточкасы (№2 кз.);
- асыл тұқымды қойдың қашыруы және қоздауын есепке алу журналы (ешкілер) (№3 н. окз);
- қойлардың асыл тұқымды төлін өсіру жөніндегі есепке алу кітабы (ешкілер) (№4-окз);
- қойларды жеке сұрыптау және олардың өнімділігінің журналы (ешкілер) (№5 н-окз);
- қойларды сұрыптау нәтижелерінің жиынтық тізімдемесі (№6-0 н.);
- қойлардың сұрыптау қорытындыларының актісі (ешкілер) (№7-0 н.) [93, б.165].

Қой шаруашылығында қаракөл қойларының тұқымдарына негізделе отырып, барлығы дәл осылай жүргізіледі, тек қаракөлдің сапасын есепке алудың қорытынды тізімдемесі (н.№5-к).

Алматы облысының қой шаруашылығын жайылымдық малдарға жатқызамыз. Асыл тұқымды қасиеттерін жақсарту жолында жүргізілетін жұмысты, оның нәтижелерін жоғарыда көрсетілген құжаттарда ресімдеу қажет.

Асыл тұқымды жылқы шаруашылығы бойынша зоотехникалық-басқару есебін келесідей жүргізу қажет (10 суреттен басқа):

- қашыру әрекетіне биелерді іріктеу (н. №11-л);
- қашыру әрекетіне бие үшін айғырды іріктеу (н. №12-л);
- асыл тұқымды жылқыларды сұрыптау нәтижелерінің тізімдемесі (н. №13-л);
- төлге таңба салуды есепке алу журналы (н. №14-л);
- үйірлі қашыруды есепке алу кітабы (н. №16-л);

Асыл тұқымды түйелері бар шаруашылықтарда өндіруші түйенің сұрыптау карточкасы (н. №1-в) және інгеннің сұрыптау карточкасы (ф №-2в) жүргізіледі [94, б.169].

Зоотехникалық-басқару есебінің жүйесінде осы құжаттардың негізінде орындалатын селекциялық жұмыстардың есебін тек жылқы шаруашылығы бойынша ғана емес, сол сияқты түйе шаруашылығы, қой шаруашылығы бойынша да ұйымдастыру қажет. Малдардың бұл саласын жыл бойы тебіндеп жайылатын жайылымдық малдарға жатқызу қажет (жазда жайылымдарда, қыс мезгілінде қар астынан).

Асыл тұқымды малдарды еліміздің ішінде, Қазақстанда өсіру қажет, яғни асыл тұқымды іспен біздің еліміздің ғалымдары айналысулары тиіс (өйткені еліміздің аймақтарында ғалымдар, «мал шаруашылығы ғылыми зерттеу институты және жем шөп өндірісі», Филиал жауапкершілігі шектеулі серіктестік «қой ғылыми-зерттеу институты» бар. Осы малдардың бастарын көбейтіп, басқа аймақтарға асыл тұқымды малдарды сату қажет, мақсаты – мал

шаруашылығы мен оның өнімінің есебінен Қазақстан аграриясының экономикасы көтеру болып табылады. Қазақстан аграрлық мемлекет және шетелге астық сатумен айналысады. Қазақстан асыл тұқымды малды сатып алмауы тиіс, асыл тұқымды малды шетелге сатуы қажет.

Жайылымдық мал шаруашылығының шегінде артықшылығы – бұл Қазақстандағы өте үнемді сала.

2001 жылдан бастап Орал ауыл шаруашылық тәжірибелік бекетінің бөлімі, мал шаруашылығының ҒӨО және Алматы қаласының мал дәрігерлігімен бірлесе отырып, жылқы басын сақтау және асыл тұқымды құжаттаманы қалпына келтіру бойынша іс-шараларды әзірледі.

Бүгінгі таңда, асыл тұқымды малдардың құжаттамасын қалпына келтіру мәселелерінің мәні ерекше.

Асыл тұқымды көрсеткіштер туралы бастапқы құжаттардың негізінде жайылымдағы малдардың асыл тұқымды көрсеткіштерінің есебін ұйымдастыру қажет. Бірақта бүгінгі күні фермерлік шаруа қожалықтар бұл әдісті қолданбайды. Асыл тұқымды жайылымды мал шаруашылығында зоотехникалық басқару есебін жүргізу өзектілігі күмәнсіз, атап айтқанда жылқы шаруашылығында. Жайылымдағы мал мен қорадағы мал арасындағы айырмашылық асыл тұқым көрсеткіштер сапасы және бәсекеге қабілеті жағынан артықшылығы бар. Қазіргі таңда, жайылымдағы малдардың асыл тұқымды қасиеттері зоотехникалық басқару есебін ұйымдастыруды қажет етеді. Асыл тұқымды малдар, олардың өнімділігі әрқашан да дәстүрлі малдардан артық екендігі ешкімге де күпия емес. Осыған орай, сүтті бағыттағы «Асыл тұқымды биелер қозғалысының зоотехникалық басқару есебінің тізімдемесі» әзірленді (кесте 7).

Осы тізімдеме негізінде биелерді олардың жас құрамы (немесе жас ерекшелігі) бойынша қозғалысты басқаруға, мал басының қаншасын жарамсыз екендігін анықтауға, төл тобынан қаншасын толтыру екендігін анықтауға болады. Атап айтқанда, 3-4 жасында негізгі табынға ауыстыру қажет.

Бұл тізімдеме негізінде көктемге қанша бас сууға қойылатынын жоспарланады.

Бүгінгі күні асыл тұқымды құлын алуда зоотехникалық басқару есебі өте маңызды. Біз «Құлын алудағы зоотехникалық басқару есебі» тізімдемесін жасақтадық (кесте 8).

Бұл көрсеткіштердің барлығы малдардың асыл тұқымды қасиеттерін есепке алуды ұйымдастыруда қажет. Осыған орай, есепті компьютерлендіруді ұйымдастыру, таяу болашақтың ісі. Фермер шаруашылығы дербес болған кезеңде, біздің ойымызша, басқарудың ақпараттық жүйесін қамтамасыз ететін, малдардың асыл тұқымды қасиеттерінің есебін және малдарды емдеу, профилактикасын компьютерлендірудің жете бағаланбауы негізделмеген. Сонымен қатар, фермер шаруашылығының өндіріс көлемі аз емес. Кеңес кезеңінде есепті автоматтандыру мәселелеріне терең мән берілген. К.Н.Нарибаев [95, б. 77] және Я.И.Рошаль [96, б. 30] сияқты ғалымдардың еңбектері есептің автоматтандырылған мәселелеріне арналған.

Кесте 7 – Асыл тұқымды сүт бағытындағы бие басының қозғалысын зоотехникалық басқару есебі тізімдемесі

Сауынды бие түрі	Асыл тұқым				Бастапқы қалдық			Кіріс					Қорытынды кіріс			Шығарылғаны									Қорытынды шығыс			01.08.2015 жылғы қалдық					
	Туылған жылы	жасы	Малдың пасторты	Жазба негізі	бас саны	Тірі салмақ кг	құны	Кіші топтан келгені			Сатылып алынғаны		бас саны	Тірі салмақ кг	құны	Істен шығарылғаны			Сатылғаны			өлгені			бас саны	Тірі салмақ кг	құны	бас саны	Тірі салмақ кг	құны			
								бас саны	Тірі салмақ кг	құны	бас саны	Тірі салмақ кг				құны	бас саны	Тірі салмақ кг	құны	бас саны	Тірі салмақ кг	құны	бас саны	Тірі салмақ кг							құны		
А	Б	1.	2.	3.	4.	5.	6.	7.	8.	9.	10.	11.	12.	13.	14.	15.	16.	17.	18.	19.	20.	21.	22.	23.	24.	25.	26.	27.	28.	29.	30.	31.	
1	Жабе бие	1999	17			5	2003											5	2003												-	-	-
2	Адай	2001	15			5	1999																							5	1999	11 494 25	
3	Жабе	2008	8			1	405																							1	405	232 875	
4	Жабе	2009	7			5	1901																							5	1901	10 930 75	
5	Жабе	2010	5			25	10013																							25	10013	5 757 475	
6	Адай	2010	5			10	4010													5	2001									5	2009	1 155 175	
7	Жабе	2011	4			10	3998																							10	3998	2 298 850	
8	Адай	2011	4			25	9000		30	9400		10	3890							5	1920									60	20370	11 712 750	
Қорытынды																																11 945 625	
Ескерту - Автормен құрастырылған																																	



Кесте 8 – Ағымдағы жылдағы асыл тұқымды құлындардың туылғаннан енесінен айыруға дейінгі қозғалысының зоотехникалық басқару есебінің талдамалы тізімдемесі (асыл тұқымды мал басын құжаттандыру мақсатында)

	Асыл тұқымды биелер						Алынған құлындар басы					Бір жасқа дейінгі төлге ветеринарлық екпе жасау				Енесінен Айыру Күні
	Сүт бағытындағы бие	түрі	туылған жылы	Таңба нөмірі	Жасы	Құлынның туылған күні	Жынысы (еркек, ұрғашы)	түрі	Тірі салмақ кг	Төлді кіріскеалу акті нөмері мерзімі	таңба нөмірі					
А	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
1	Жабы	күрең	1999	05113	17 лет	15.03.15	құлын е	күрең	42	№013 16.03.15	05201					25.11.15
2	Жабы	торы	1999	05115	17 лет	15.03.15	құлын ұ	құлагер	43	№014 16.03.15	05202					25.11.15
3	Жабы	қасқа	1999	05116	17 лет	15.03.15	құлын ұ	қасқа	42,5	№015 17.03.15	05203					25.11.15
4	Жабы	қара	1999	05117	17 лет	16.03.15	құлын е	күрең	41,5	№016 17.03.15	05204					25.11.15
5	Жабы	торы	1999	05118	17 лет	16.03.15	құлын е	боз	42	№016 18.03.15	05205					25.11.15
6	Адай	күрең	2001	05119	15 лет	17.03.15	құлын ұ	күрең	41,5	№017 19.03.15	05206					25.11.15
7	Адай	жирен	2001	05120	15 лет	18.03.15	құлын ұ	жирен	43	№018 20.03.15	05207					25.11.15
8	Адай	аққұла	2001	05121	15 лет	19.03.15	құлын е	аққұла	41,5	№019 20.03.15	05208					25.11.15
9	Адай	жирен	2001	05122	15 лет	19.03.15	құлын е	жирен	42	№020 21.03.15	05209					25.11.15
10	Адай	боз	2001	05123	15 лет	20.03.15	құлын ұ	аққұла	42,5	№021 22.03.15	05210					25.11.15
11																

Ескерту - Автор құрастырған

Ғалымдар өздерінің зерттеулерінде есептің автоматтандырылған жүйесі жағдайындағы бухгалтерлік есептің әдіснамасын түсіндірген.

К.Т.Тайгашинова өз еңбектерінде «Есептік және есептік емес жедел ақпараттың маңыздылығына негізделе отырып, бүгінгі күні, құжат айналымына сәйкес бастапқы құжаттарды күнделікті өңдеу жағдайында компьютерлік технологияны енгізу әбден мүмкін» деп көрсеткен.

«Бастапқы құжаттарды күнделікті тіркеу және бастапқы құжаттардағы пайдалы ақпаратты компьютердің жадысында жинақтау қажет. Сұрау салынған кезде, жедел ақпарат, қандай да бір ақпаратқа деген қажеттілігіне қарай қолданылуы мүмкін» [97, б. 303]. Заманауи жағдайларда, көптеген еңбектер компьютерлік технологиялар мәселелеріне арналған, оның ішінде «бағдарламалармен танысу» айдары бойынша В.Скориковтың ДК «Алтын» Компьютерлік бухгалтериясы» атты еңбегін ерекше белгілеп өтуге болады, автор «Кез келген кәсіпорынның бухгалтериясы көптеген құжаттарды жасауға, сыртқы құжаттарды қабылдап, өңдеуге, еңбексыйымдылығына есептеулерді орындауға, көптеген есептерді, тізімдемелер мен бухгалтерлік тіркелімдерді құрастыруға мәжбүр. Әрбір құжаттың және есеп айырысудың ар жағында өткізбе немесе өткізбелер тобы тұрады ол жаңа құжат журналда бар өткізбе есебінен құралады. Мұнда, әрбір құжат енгізілген кезде «өмірдің барлық жағдайлары үшін жарамды» белгілі ақпаратты талап ететіндігіне тоқталған.

Уақытты үнемдеу үшін бухгалтерге барлық бастапқы құжаттарды бір рет қабылдап, өңдей алатын құрал қажет. «Алтын» Компьютерлік бухгалтериясы ДК-де (дербес компьютер), барлығы бухгалтердің тиімді жұмысы үшін жасалған. Енгізілетін ақпараттың саны, бухгалтерлік құжаттарды құрастырудың бағдарламасын енгізу сәтінен бастап бухгалтер ашып көрсетуі тиіс, талдамалы есеп сызбасын дұрыс енізуге байланысты [98, б. 12].

Бір айтып кететін мәселе, көптеген құжаттарды құру үшін бағдарлама болуы қажет, «Бухгалтер плюс компьютер (Бухгалтер және компьютер)» журналы компьютердегі Бухгалтерлік, Басқару және Салық есебі айдары бойынша материалдар шығарады [99]. Бұл материалдардың ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлер үшін алатын орны зор.

Есеп пен есептілікті ұйымдастыру тәжірибесінде бүкіл есепті компьютерлендіру мен автоматтандырудың толық мүмкіндігі бар. Біздің ұсынып отырған зооветеринарлық басқару есебін, толық компьютерлендіруге болады, тек мал шаруашылығы технологиясының ерекшелігін айқындайтын қолайлы бағдарлама ғана қажет. Бүгінгі күні, бастапқы есептік құжаттарды өңдеумен қатар, есептік құжаттарды автоматты түрде толтыру бағдарламалары бар. Біздің ойымызша, есептік құжаттар нысандарының бағдарламасын мал шаруашылығы саласының технологиясымен үйлестіріп әзірлеу қажет. Сонымен қатар, талдамалы және синтетикалық есептің бухгалтерлік тіркелімдерін әзірлеу қажет. Уақытылы және сенімді ақпаратты иелену – шаруашылықтың тіршілік әрекетін қамтамасыз етудің басты шарттарының бірі.

Осыған орай, компьютерлендіру – бұл, ақпаратты алу жеделділігін қамтамасыз ету негіздерінің бірі.

Бұл жөнінде Б.Даулетбаков: «Тек, агроөнеркәсіптік кешеннің (АӨК) шаруашылық қызметінің әр түрлі аспектілерін жаппай компьютерлендіру және ақпараттандыру ғана, ақпаратты алу жеделділігінің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді, өз кезегінде, одан, қабылданған басқарушылық шешімдердің тиімділігі, дұрыстығы байланысты болады» - деп сендіреді [100, б. 12].

Ауыл шаруашылығы өндірісі нарықтағы сұраныс пен ұсыныс туралы, селекциядағы (іріктелім) ғылыми жетістіктер мен зооветеринариядағы озық технологиялар туралы жедел ақпаратқа деген қажеттілікті тұрақты сезініп отырады. Осыған орай, заманауи жағдайларда есепті ұйымдастыру мен жедел ақпаратты алу барысында бастапқы құжаттардың мәні өте маңызды.

Зоотехникалық құжаттардың негізінде шаруашылық операцияларды құру зоотехникалық есеп жүйесінде ғана емес, сонымен қатар аграрлық саладағы басқару есебін ұйымдастырудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Мал шаруашылығындағы фермалардың өндірістік бөлімшелерінде Төлді кіріске алу актісі, Сүтті саууды есепке алу журналы, Малдарды өлшеу тізімдемесі, Құнарсыз және балғын жемді қабылдау актісі, Жемдер бойынша шығыстың тізімдемесі және т.б. сияқты құжаттар жазылады. Бұл құжаттарды компьютердің көмегімен бағдарламаның негізінде алуға болады.

Мал шаруашылығы салаларының шегінде малдар қозғалысының бастапқы есебі есептің негізі болып табылады. Сонымен қатар, малдардың жыныстық-жастық, есептік топтарының шегінде қозғалыс есебін жүргізу қажет.

Жоғарыда аталған барлық бастапқы құжаттар, малдардың қозғалысы туралы есептілігімен бірге бухгалтерге табысталады. Малдардың қозғалысы туралы есептілік бухгалтерлік шоттарда ақшалай сипатта есепті айқындаудың негізі болып табылады.

Кіріс – бұл мал шаруашылығының салалары бойынша төлдерді алыну, малдардың жыныстық - жастық топтарының арасында тірі салмақтың (қосылған салмақ) өсімін алу, халықтан малды сатып алу, «Малдарды бордақылау» арқылы малды негізгі табыннан ауыстыру.

Шығыс, малдың шығарылуы, мал төлін төменгі топтан жоғары топқа ауыстыру, яғни төлді аналықтан айыру: бұзауды сиырдан, құлындарды биелерден, боталарды інгендерден, қозыларды аналық қойдан айыру. Төлді малдың негізгі табыннан айыру кезінде, жыныстық-жастық топтар бойынша төлді топқа кіріске алу. Келесідей көздер бойынша малдың шығысы:

- есептік топтар бойынша малдың өлім-жітімі;
- есептік топтар бойынша малды бауыздау;
- есептік топтар бойынша төл топтарынан негізгі табынға ауыстыру;
- есептік топтар бойынша өткізілген мал;
- мал шаруашылығының салалары бойынша негізгі табыннан шығарылған жарамсыз мал.

Малдың келіп түсуі және шығарылуы бастапқы құжаттармен ресімделеді. Мал шаруашылығында малдардың қозғалысын есепке алу үшін таңбасы бар мамандандырылған құжаттар бар (ауыл шаруашылық есебі).

Малдарды есепке алудағы маңызды ерекшелік – бұл, мал басының санын, «тірі салмағын», жыныстық-жастық топтарды белгілеу арқылы, ақшалай

сипаттағы «құнын» айқындау болып табылады. Құжатта малдың жасын, түсін, олардың жынысын айқындау, маңызды рөлді атқарады. Мысалы, тайынша, бұқашық сияқты мал жынысының көрсеткіші қалай ерекшеленеді. Тайынша 2 жылдан кейін «құнажын» бола алады, және 9 айдан кейін төл әкеліп, негізгі табынның мал басын толтықтырады. Ал бұқа 18 айдан кейін бордақылауға жіберіліп, бауыздалады, және ет өндіру миссиясын орындайды. Осыған орай, есепте жоғарыда аталған көрсеткіштердің мәні маңызды. Құжаттарда, бұл көрсеткіштердің белгіленбеуі, болашақта пайданы жоғалту тәуекелінің пайда болуына әкеліп соғады.

Осыған орай, төлдің жыныстық-жастық тобын, тірі салмағын және құнын белгілеу жолымен төл қозғалысының талдамалы есебі маңызды рөлді атқарады. Фермер шаруашылығында бұл ақпаратты «Малдың қозғалысын есепке алу кітабы» негізінде алуға болады (34 нысаны). Оның негізінде «Малдың қозғалысы туралы есептілік» құрастырылады (102 нысаны). Біз, 9-ші кестеде өнімді жылқы саласында малдың қозғалысы туралы есептілікті мысал ретінде келтірдік.

Кесте 9 – 1/1/ 2015 ж. қолдағы жайылымдық жылқылар туралы есептілік

Табындық жылқы	Мал басы	Тірі салмағы, кг	Құны, тг.
Биелердің басы	135	44500	7 500 000
Құлындар 2015 құлындар 48, биелер 78	126	9071	3 650 100
2014 жылы туған төл	90	17500	4 100 000
2013 жылы туған төл	95	19950	7 075 000
Сақа айғырлар	9	3690	1 350 000
Барлығы	455	94711	23 675 100
Ескерту - Автор құрастырған			

Алматы облысындағы «Сұңқар» шаруа қожалығы, көбінесе, жайылымдық малдарды ұстайды: қойлардың 585 басы, табынды жылқы шаруашылығы 455 жылқы басы және етті бағыттағы ІҚМ.

Табынды жылқыларының 1 кг тірі салмағының өзіндік құны:

- биелер 395 тг.45 т
- 2014 ж.туған төл 234 тг28т.
- 2015 ж.туған төл 402.35 т.
- 2013 ж.туған төл 354 тг.64 т.

Кесте 10 – 1/1/2015 ж. етті бағыттағы қолда бар ірі қара мал туралы есептілік

Экономикалық көрсеткіштер	Мал басы	Тірі салмағы (кг)	Құны
Мал басының жиынтығы	187	22870 23070	24 248 900
Оның ішінде сиырлар	80	14400	14 100 000
2015 ж. төл, тайынша 51, бұқалар 19	70	550	4 252 000
2014 ж.төл, бұқалар	10	400	1 591 400
2013 ж. төл, (құнажын)	27	7520	4 305 500
Ескерту - Автор құрастырылған			

Бордақылауға белгілеумен, кейінгі өткізу үшін негізгі табыннан малдардың жарамсызын шығару, немесе шаруашылықта бауыздау, яғни малды негізгі табыннан шығару және бордақылаудағы сақа малдың құрамына есепке алу, малдың өлім-жітімі, өлімі, жарамсыз малды негізгі табыннан шығару актісімен ресімделеді (№57 н. және №57-а н. топтық шығару) [101, 17-20 б.].

Малды шығару актісін зоотехник, ветдәрігер, ферма меңгерушісі және мал үшін бектілген жауапты тұлғадан тұратын комиссия құрастырып, өз қолдарын қояды. Акт құрылған күні шаруашылықтың басшысына табысталып, содан соң, фермадаға мал мен құстың қозғалысы туралы есептілікпен бірге, шаруашылық бухгалтериясына өткізіледі және малдың қозғалысын есепке алу кітабында малды есепке алу үшін қолданылады.

Малдың өлім-жітімі немесе өліміне кінәлі тұлғалардан, малдардың құны белгіленген тәртіпте өндіріп алынады. Малды бауыздау кезінде, ет тағамға пайдалану үшін жарамды болса, бухгалтерия мен шаруашылық жұмысшылары ет, қосалқы өнім, былғары шикізатты, жанама өнімді кіріске алудың толықтығын бақылайды. Мұнда, ет пен қосалқы өнімнің нақты шығуы, шығудың қолданыстағы коэффициенттерімен, малдың қондылығын ескере отырып, өніммен салыстырылады. Актілер малдар мен құстардың ауыстырылуын «Малдың қозғалысын есепке алу кітабына» жазу үшін қолданылады (№34 н.). Содан соң, келесі күні оларды, «малдың қозғалысы туралы есептілігінің 102 нысанында» және бухгалтерлік пен зоотехникалық басқару есебінің тіркелімдерінде айқындау үшін, ферма бухгалтериясына табысталады. Малдың қозғалысы туралы есептілік келесі нысан бойынша «Сұңқар» шаруа қожалығында құрастырылған (11 кесте).

Фермер дайындау пункттеріне жіберілетін және басқа ұйымдарға сатылатын малдың есебін жүргізуі тиіс, ферма меңгерушісі, немесе бригадир шаруашылықтың ветдәрігерімен бірге, малдар мен құстарды жөнелту-қабылдау жөніндегі тауар-көлік жүкқұжатын дайындайды (№1-ТКЖ-сх н.). ТКЖ-1 сх. малдарды автокөлікпен, немесе теміржолмен, немесе табынмен қабылдау пункттеріне жеткізу кезінде жөнелтпе құжат ретінде пайдаланылады, малды жөнелту кезінде тауар-көлік жүкқұжатымен қатар, ветеринарлық куәлік, егер асыл тұқымды мал болған жағдайда, асыл тұқымды қасиеттерін растайтын сертификат ресімделеді.

Тауар-көлік жүкқұжатының 4 данасы жазылады. Фермердің қолы (жүргізуші) қойылған бір данасы жөнелту-қабылдау пунктінде қалады, қалғандары жүргізушіге табысталады. Екінші данасы жүк алушыға, үшінші және төртінші данасы – жүктің қабылданғандығы туралы белгісімен, фермер шаруашылығының фермеріне қайтарылады. Малдарды шақырылған көлікпен тасымалдау барысында жүкқұжатының 5 данасы дайындалады, оның 2 данасы автокөлік ұйымының жүргізушісінде қалады. Осы ТКЖ-1 сх негізінде фермер шаруашылығының авто-қызметтерді пайдаланғаны үшін есеп айырысулар жүргізіледі [101, б. 19-21].

Кесте 11 – Ферма 1 2015 жылдың екінші жартысы бойынша 1/VII/-2015ж. отардағы қойлардың қозғалысы туралы есебі

Ауыл шаруашылық есептілігі, № 102 нысаны

«Сұңқар» фермерлік шаруашылығы  
(кәсіпорын)

	Тобы	1/VII/-2015ж. айдың басында қолда бары		Кіріс							Шығыс								31/XII-2015ж. ай соңында қолда қалғаны			
				Өсім		Қосылған салмақ, салмағы	Төл тобынан негізгі табынға		Барлығы		Сатылғаны		Бауыздалған ны		Өлгені		Негізгі табынға ауыстырлған ы				Барлығы	
				мал басы	Салма ғы		мал басы	салм ағы	мал басы	салма ғы	мал басы	салма ғы	мал басы	салма ғы	мал басы	салма ғы	мал басы	салма ғы			мал басы	салма ғы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	
1	Негізгі табын	215	8265				210	7033	210	7033	50	2000	10	390					60	2390	365	12908
2	Ағымдағы жылдың төлі			275	790	5105			275	5895			-		5	15			5	15	270	5880
3	Қойдың төлі	315	6245	X	x	4093			x	4093	95	3051	5	149	5	105	210	7033	315	10338	-	-
4	Жемдеу- дегі қойлар	55	2050	X	x	219			x	219	55	2269							55	2269	-	-
	Барлығы	585	16560	275	790	4312	210	7033	485	17240	200	7320	15	539	10	120	210	7033	435	15012	635	18780
Ескерту - Автормен құрастырылған																						

Бухгалтер: қолы

Ферманың меңгерушісі : қолы

Зоотехник: қолы

Жөнелтілген және қабылданған малдың салмағында айырмашалық бар болған жағдайларда, оның себептері анықталады. Егер салмақтың азаюына малды дайындау пунктіндегі, айдау немесе тасымалдау үшін жауапты тұлғалар кінәлі болса, онда кінәлі тұлғалар заңмен белгіленген тәртіпте жауапқа тартылады.

Бұл кезеңдердің мәнін ашып көрсету қажеттілігі неде? Өйткені, күз мезгілінде қойды өткізу кезінде малдың өлім-жітімі болды:

- 5 төл басының өлімі бір айлық жаста болған;
- 5 қойдың төлі (өткізу үшін тасымалдау жағдайында).

Барлығы 10 мал басы.

Мәжбүрлі түрде малдың сойылуы:

- 1) ересек қойдың 10 басы
- 2) қойдың 5 төл басы (2014жылғы).

Барлығы 15 мал басы.

Қойларды өткізу мақсатында тасымалдау барысында 215 қой басының ішінен 25 қой басынан айырылған. Болжамды пайданың залалы 11,1% құрады, бұл тым жоғары көрсеткіш болып табылады.

Малдардың қозғалысы туралы құжаттар толтырылмаған, қойлардың қозғалысы туралы есептілік құрылмаған. Фермердің қойын дәптері бар және онда малдың есептік топтары және жайылымдық малдардың саласы бойынша мал басының кіріс және шығыс қозғалысын тіркейді.

Біз «жарты жылдың ішінде қойлардың қозғалысы туралы есептілікті» құру әрекетін жасадық. Бұл есептілік фермерлермен дұрыс қабылданды (10 кесте).

Қорытынды: «Сұңқар» шаруа қожалығындағы қойдың басы біртіндеп ұлғайып келеді, бастапқы кезеңде 585 бас, 16560 кг. болса, соңында 635 басы, салмағы 18780 кг. 50 қой басына ұлғайды.

Зерттеліп отырған шаруашылықта 1 мал басынан қырқылған жүн 3 кг.600 гр құрады, 2015 жылы бүкіл қойлардың басынан алынған жүннің мөлшері 1500 кг. Шаруашылықтың жүнді өткізуге байланысты белгілі қиыншылықтары бар.

Жайылымдық мал ретінде, қойларды жемдеу аясындағы көк жем салмағының есебі, Алатаудың тау етегіндегі жайлау жайылымдық жерінде зоотехникалық әдіспен жүргізіледі.

15.03.2015ж. бастап 15.11.2015ж. дейінгі жайылымдық кезеңнің ұзақтығы 245 күнді құрайды. «Сұңқар» шаруа қожалығының атына тіркелген жердің аумағы 350 га. Қыс мезгілінде қойларды күтіп-бағу және жемдеу тәжірибесі.

Біздің зерттеп отырған «Асыл» және «Сұңқар» фермерлік шаруашылықтары аздап азық қорын жинайды, және желтоқсан айынан бастап наурыз айын қамтитын кезең аралығында малдарға қосымша азық береді. Қосымша азық ретінде «Сұңқар» шаруашылығымен дайындалатын пішен мен құрама азық беріледі.

1 мал басына жұмсалатын азықтың нормасы:

Қойлар үшін: 1 күннің ішінде 1 басына пішеннің 2-3 кг.

1 күннің ішінде 1 басына құрама азықтың 300-500 граммы.

Бүкіл қойлардың басын күтіп-бағу үшін қажетті азықтың күндізгі қоры: пішен 635 басы x 3 кг = бір тәулікте 1905 кг.

3-4 ай күтіп-бағу кезінде (желтоқсан-наурыз), 120 күн (4x30=120 күн).

Қойларды күтіп-бағу үшін жұмсалатын азықтың жалпы қоры 120 күн x 1905 кг = 228600 кг немесе 229 тонна.

Құрама азыққа қатысты қажеттілік (300-500 гр.). Орта есеппен бір күннің ішінде қойдың бір басына 400 гр.

1 күннің ішінде бүкіл қойлардың басына:

400 гр x 635 басы = 254000 гр. немесе 254 кг.

120 күнге құрама азыққа қатысты қажеттілік 16,8 тоннаны құрайды, 254 кг x 120 күн = 30480 кг немесе 30,48 тонна.

Алматы облысында қойлар мен ешкілердің жалпы саны (оның барлық аудандары бойынша) 3338727 басты құрайды (9 Қосымша).

Біз, аса ірі емес шаруашылықтың сандарын келтірдік. Әдетте, мемлекеттік субсидиялар немесе жергілікті әкімдіктің жәрдемі мұндай шаруашылықтарға жетпейді. «Сұңқар» фермерлік шаруашылығы 9 адамға жұмыс орындарын ұсынды және 5 ересек адамдардан тұратын фермердің отбасы жұмыспен қамтылған.

Алматы облысында мұндай фермер шаруашылықтары өте көп, 2500-нан астам шағын, орта фермер шаруашылықтары бар.

Екінші тарауда терең талдау жүргізілді жайылымдағы малдың асыл тұқымды қасиеттерін есепке алу және мемлекетпен бөлінген көмекқаржыны (субсидия) қамтитын, ел басшысының тапсырмасы бойынша: «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан», «Аманат», «Ырыс», «Агробизнес 2020» бағдарламаларын іске асыру нәтижесі анықталды. Бұл жұмыста зоотехникалық-басқару есебінің қажеттілігі ашылды. Сауынды биелер қозғалысының «Зоотехникалық-басқару есебінің тізімдемесі» әзірленді.

Асыл тұқымды мал басын шетелден сатып алынған асыл тұқымды мал басы аса қымбатқа түседі және біздің табиғатқа үйреніп ары қарай өсіп өну мүмкіндігі де аз. Сондықтан көбейту үшін елімізде қолдан ұрықтандырсақ, бұл асыл тұқымды мал басын сатып алумен салыстырғанда асыл тұқымды өнімді жылқыларды, түйелерді, қойларды өсіру, біздің ойымызша анағұрлым тиімді және арзанға түсетіндігі дәлелденді. Сонымен асылтұқымды малдардың тек ересек табынына ғана емес, сонымен қатар бұзау, құлын, боталардың туу кезінде дүниеге келген төлге де, оларды ерекшелейтін жеке таңбасы болуы керек.

Зоотехникалық басқару есебімен қатар, біздің пікірімізше, қазіргі таңда ветеринарлық және зоотехникалық басқару есебін компьютерлендіру қажет. Компьютерлік өңдеуді қажет ететін, асыл тұқымды малдың зоотехникалық басқару есебі жөніндегі құжаттамасы. Жайылымдық малдың тек үші есептік тобы ғана келтірілген, дәл сондай тәртіпте, жайылымдық мал шаруашылығы салаларында барлық есептік топтарды жүргізу қажет.



### **3 ШЫҒЫНДАР ЕСЕБІНІҢ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗА ӨНІМ ӨНДІРУ КАЛЬКУЛЯЦИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ, БАСҚАРУ ЕСЕБІНІҢ КАЛЬКУЛЯЦИЯСЫ**

#### **3.1 Экологиялық таза өнімді өндірумен байланысты шығындар есебінің жаңа объектілерін ұйымдастыру аспектілері**

Біздің еліміздегі агрария мәселелері бойынша басылымдардағы зерттеуге сәйкес, жайылымдық мал шаруашылығы ең арзан сала болып есептелінеді. Бірақ, малдарың ішіндегі ең негізгісі бұл жылқыдан деликатес өнімді ет, саумал қымыз сияқты емдік суындарды өндіру болып табылады. Сонымен қатар, біздің пікірімізше, бұл өнімдердің нарықтық бағалануы аса арзан емес. Мұнда барлығы түсінікті, ол сатушылар арасындағы баға жөніндегі келісім болуы мүмкін.

Осыған орай, бухгалтерлік есепте шығындарды тиісті түрде бөлу мен шыққан әр түрлі өнім түрінің өзіндік құнын есептеу қажеттілігі туындайды. Ауыл шаруашылық өндірістің негізгі салаларында шығындардың есебі есептеу объектілері бойынша емес (дән, сүт, төл), есеп объектілері бойынша жүргізіледі (жаздық бидай, қой шаруашылығы және т.б.). өнімнің алуан түрлері арасындағы шығындар белгіленген коэффициенттер бойынша, оның бағасына және өзге де тәсілдеріне пропорционал түрде бөлінеді.

Негізгі өндірістен алынған ауыл шаруашылық өнім (өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы), бір бөлік ретінде азық пен тұқым ретінде қалып отырса, ал бір бөлігі өткізу үшін арналған – яғни, ауыл шаруашылық өнімнің тауарлық бөлігі, бір бөлігі – алдағы өсіру үшін төл ретінде қалып отырады.

Мал шаруашылығында шығындар есебінің құрылуында, бірқатар ерекшеліктер бар, бұл саланың ерекшеліктерімен анықталады. Мал шаруашылығында өсірілетін малдың түріне қарай бірқатар дербес салалар бар: ірі қара мал, шошқа шаруашылығы, қой шаруашылығы, құс шаруашылығы және т.б. Өз кезегінде, осы салалардың әрқайсысы өнімнің жекелеген түрлерін шығаруға маманданатын нақты өндірістен тұрады: ірі қара мал саласы – сүті мал шаруашылығы мен етті алу бағытында мал өсіру; құс шаруашылығы – жұмыртқа мен ет өндірісі және т.б.

Сәйкесінше, мал шаруашылығындағы шығындар өндірістің салалары мен олардың түрлері бойынша ажыратылады. Осының барлығы бухгалтерлік есепте көрсетілуі тиіс (нәтижесінде, тиісті талдамалы шоттарды ашу).

Мал шаруашылығында, басқа салаларда секілді, жұмсалатын шығындар бір текті емес. Олар әр түрлі нақты материалдық шығыстардан (азық, биопрепараттар, дәрі-дәрмек, әр түрлі материалдар, және т.б.), жұмсалған еңбек, негізгі құраодардың амортизациясынан және т.б. тұрады. Мал шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп, сәйкесінше, шығындарды олардың түрлеріне қарай қатаң бөлінуін қамтамасыз етеді [72, б. 71].

Аграрияда жиырма жыл бойы шығындардың есебі жеткілікті жүргізілмеген, онда өзіндік құн, калькуляция туралы сөз қозғаудың қажеті жоқ. Мал шаруашылық өнімінің өзіндік құнын төмендетуге ықпал ететін

шығындарды үнемдеуге қол жеткізу, саладағы табысты көбейту үшін жайылымдық мал шаруашылығында өзіндік құнды калькуляциялау есебін жүргізу қажет. Бұл объектілерде туындайтын шығындар көп, сондықтан оларды есепке ала отырып, бақылау маңызды. Аграриядағы заманауи бизнес шығындарды басқаруды бұрын-соңды болмағандай талап етеді, ол үшін салада қандай себептерге байланысты дағдарыс болатынын анықтау басты мәселе. Есептен негізсіз шығарылған азық, яғни тәжірибеде көбінесе бункерлік салмақ бойынша жасалатын, уақыт өте құрғап кету ықтималдығы бар астық қалдықтары және қыс мезгілінде бастапқы салмағы бойынша кептірілмеген, малдармен тұтынылатын пішендер мал шаруашылығының фермаларында жайылымдық малдарды күтіп-бағу тәжірибесіндегі артық шығын болып табылады

Келесі түрі, малдарды күтумен, жаюмен және жемдеумен айналысатын жұмысшылардың еңбекақы төлемінде пайда болуы мүмкін артық шығын. Тәжірибеде, негізінде жұмысшылардың көп болуы себебінен еңбекақы төлеміндегі артық шығын, онда еңбек шығындарының нормативтері сақталмайды. Бүгінгі күні нарық, сонымен қатар дағдарыс, нарық жағдайында жұмыстар аз жұмыс күшінің көмегімен орындалады, К.Т.Тайгашинованың пікірінше, «Жаңадан жұмыс жасау ниетінің болмауынан, түпкілікті нәтиженің деңгейі төмен. Еңбектің жаңадан ұйымдастырылуы, жұмыстарды аз жұмыс қолдарын пайдалану арқылы орындауды қажет етеді» [102, б. 64].

Еңбекті жаңадан ұйымдастыру, бүгінгі күні көп нәрсе өзгерді және ең бастысы өндірістің әрбір объектісінің өзін өзі өтеуі маңызды. Бұл мақсатқа жету үшін ең алдымен әрбір объект бойынша шығындардың есебін ұйымдастыру керек. Осының барлығы аталған шығындарды басқару мақсатында басшылыққа ақпаратты дайындау және ұсыну үшін қажет.

Сонымен бірге, дағдарыстан арылатын болсақ, нарықтық экономика жағдайында шығындарды тұрақты түрде басқару қажет. А.У.Хамидовтың пікірінше, «кәсіпорындардағы шығындарды басқару, кез келген объектіге тән болып келетін барлық функциялардың орындалуын қарастырады» [103, б.165].

Оған қоса, жылқы еті, қымыз бен шұбат деликатес өнім бола тұрып, одан экологиялық таза өнім өндіреміз. Соңғы аталғанның имиджін мойындату үшін, бірнеше қосымша объектілерді ұйымдастыру қажет:

- экологиялық қауіпсіздікті, өндірісті растайтын сапаны талдау үшін қажетті зертханалар;
- азық-түлік өнім қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында малдардың денсаулығын сақтау жөніндегі іс-шаралар;
- жайылымдар мен жайылымдық жемшөптің нашарлау жағдайына жүргізілетін зертханалық талдау;
- жайылымдардың өнімділігін жақсарту бойынша шаралар, осы бағытта жұмсалған шығындар;
- экологиялық таза өнімді растайтын, өндірілген өнімге жүргізілетін зертханалық талдау.

Бұл мәселе жөнінде, В.К.Радостовец өз пікірін келесідей білдірген, «Залалдарды тудыратын себептердің бірі өнімнің өзіндік құнын жүйелі түрде көтеру болып табылады, осыдан мемлекет пен жабдықтаушыларға қатысты мерзімі өткен берешек жиналып, өндіріске жұмсалатын шығындарға жүргізілетін бақылау бәсеңдейді» [104, б.3].

Яғни, автордың пікіріне сәйкес, шығындар қолданылатын еңбек және материалдық құралдардың көлеміне, техниканы пайдалану деңгейіне, өндірісті ұйымдастыру және көптеген басқа да факторларға байланысты өсуі немесе төмендеуі мүмкін. Сәйкесінше, өндіруші өндірісті шебер басқарған жағдайда, ол шығындарды төмендетудің көптеген тетіктеріне ие болады. Немесе В.Э.Керимовтың ойынша: «Өнімнің өзіндік құнын қалыптастыру үдерісін басқарудың мәні зор, және ең бастысы, өндірістік шығындардың қатаң есебі мен материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының үнемді және оңтайлы пайдаланылуына жедел бақылау жүргізу, иесіздікпен және ысырапшылдықпен жүргізілетін күресті күшейту болып табылады» [105, б. 110-111].

Осыған орай біз, ABC жүйесі бойынша шығындарды бағалау әдісін қолданатын шығындарды есепке алу, шығындарды барынша азайтудың жаңа әдістемесін ұсынамыз.

Әр уақытта шаруашылық өзінің иелігінде бар заттарды дұрыс бөлмейді. Шығындарды бақылаудың ең жақсы тәсілі – нәтижелерге шоғырлану. Ережеге сәйкес шығындардың аз деңгейіне емес, жоғары деңгейдегі нәтижелерге бағытталу қажет.

Шығындардың төмендеуі өзіндік құнның төмендеуіне әкеледі, кәсіпкерге кепілдікті табысты қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, өз өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Ғалымдар Р.Ю. Куватов, Ж.С. Нусипов бәсекелік пен бәсекеге қабілеттілік туралы өз пікірлерін келесідей білдірген: «Нарық пен нарықтық механизм бәсекелестіксіз болмайды, өйткені нарықтық қатынастарға көптеген фирмалар, көптеген сатып алушылар мен сатушылар қатысады, өндірушілер мен сатып алушылар қолданыстағы бағаларға бейімделген уақытта бағадағы кемсітушілік болмайды және олар бағаны алушының рөлін атқарады» [106, б. 337].

Ғалымдардың пікірлерін қолдай отырып, әрбір фермерлік шаруашылық, ең алдымен өзінің бәсекеге қабілеттілігін сезінетіндігін белгілеп өткен жөн.

А.А.Сатмұрзаев нарықтағы бәсекеге қабілеттілік туралы былай деп жазған: «Соңғы жағдайдағы сақтықтың себебі, басқа салалардан бәсекелестердің осы нарыққа кіру үшін «жем» ретінде, сатудың жоғары пайдалылығына қол жеткізу ниетінің болмағандығы. Егер фирма өз қызметінде дәл осы мақсатты ұстанатын болса, онда бұл оның басшылығы ұзақ болашаққа «қалыпты» табыстылықты сақтап тұруға ұмтылатындығын және аса жоғары табыс алуда көршілес нарықтардан жаңа бәсекелестердің пайда болу қауіптілігін білдіреді» [107, б. 57].

Дегенмен, жайылымдық мал шаруашылығы саласындағы, соның ішінде, өнімді жылқы шаруашылығы саласындағы бәсекелестер, биелерді сауу кезінде, сүтті тек қымызды өндіру үшін ғана емес, сонымен қатар жасанды сүт қоспасын тұтынатын балалар, әсіресе жаңа туған нәрестелерге сүт қоспасының орнына, сүт тағамдарымен қамтамасыз ету үшін де алады. Бие сүті өзінің биологиялық құрамы

бойынша ана сүтіне жақын болып келеді (альбумин сүті). Сонымен қатар, Т. Шарманов пен Р.Х. Кадырова «бие сүтін ішек-қарын жолдары ауратын науқастарды емдеу үшін пайдалануға болады деп»- жазған [108, б. 7]. Осыған орай, науқас адамдарды емдеу үшін және халқымыздың денсаулығын сақтау мақсатында емханалар мен шипайжаларды күнделікті қамтамасыз ету қажет. Бие сүтін өндіру мен жеткізуде фермерлік шаруашылықтар еліміздің ішінде және одан тыс бәсекеге қабілетті бола алады. Бүгінгі күні, халық медицинасында балалар мен ересек адамдардың иммунитет жүйесін көтеру үшін ешкі сүті қолданылады.

Түйе сүтінің құнды қасиеттері бар. Шұбат, сүт ашытылғаннан кейін бір тәуліктен соң алынады, ал түйе сүтін сауылғаннан кейін дереу, емдеу үшін жіберуге болады. Жайылымдық малдардың жоғарыда аталған өнімдерімен, біздің еліміз өткізудің ішкі және сыртқы нарықтарында бәсекеге түсе алады. Бәсекелестік артықшылықтар шығындар есебінің негізінде анықталады. Осыған орай біздің ойымызша, фермер шаруашылықтарында шығындардың есебін ұйымдастыру қажет. Жылқы етінің, деликатес өнімі ретінде емдік қасиеттері бар. Қазы, жая, қарта жеңіл сіңірілетін диеталық өнім. Бұл диеталық деликатес өнімге деген сұраныс оның бәсекеге қабілеттілігін анықтайды [109].

Еліміздегі белгілі академик Э.Ф.Госсен былай деп жазған: «Қазіргі таңда, қолда бар мүмкіншілікті пайдалану қажет. Мен әрқашан былай айтамын: біздің жая, қазы, қымыз, шұбатымызды консерванттар қосылған түрлі түсті шұжықпен және тауықтың сан етімен салыстыруға болады ма?! Жылқы шаруашылығы мал шаруашылығының ең арзан саласы, ал оның өнімі, керек десеңіз, ең дәмді деликатес өнім. Бірақ – мемлекеттік деңгейде ең талап етілмеген өнім. Міне, мұнай долларларын қайда салу қажет, БСҰ келіссөздер жүргізуде, осы мәселені ойластыру қажет.

Менің білуімше, қазы мен жая Германияда өте танымал...

- Тек Германияда ғана емес, француздар да жылқы етін жақсы көреді, оны жақсы көрмейтін адам бар ма? Бізде – 25 миллион гектар тастанды жерлер бар. Тағы 10 млн. тыңайған жерлер бар. Бұл, жыл бойғы жайылымдық мал шаруашылығы үшін үлкен аумақ, тек тұрақты түрде күзету қажет. Мен соғыс кезінде жылқы баққам, оның не екендігін білемін. Сонымен бірге, жайылымдық жер мал басының азаю салдарынан елеулі дәрежеде жаңарған. Сондықтан, жылқы шаруашылығы астық шаруашылығымен қатар, тез арада дамуы қажет.

Мұндай қадамдар депрессиялық аудандарда тұратын ауыл тұрғындарын жұбата ала ма?

- Мен, «болашағы жоқ» ауылдардың ақсақалдарымен әңгімелестім, олар, тіршілік ету үшін ештеңелері қалмаса да, ол жерден кетпейтіндігі туралы тура айтты: бұл, олардың атамекені, Отаны. Демек, мемлекет оларды әлеуметтік мәдени тұрмыспен қамтамасыз ету тиіс. Бүгінгі күнгі міндет – әрбір ауылды оның шегіне дейін ойрандатып алмау. Мен, осындай жақын арадағы ауылдардың тобын агроқалаларға біріктіруді ұсынар едім. Бұрынғы кезде, 30 км қашықтықта бөлімшелері бар орталық мекенжайлар болған. Сонымен қатар, жарықты қамтамасыз ету үшін «Қостанай дизелінде» электр генераторлар өндірісін қалпына келтіру қажет» [110, б. 8].

Академиктің пікірін қолдай отырып, «Жайылымдық жылқы шаруашылығын» дамыту үшін біздің елімізде барлық алғышарттардың бар екендігін белгілеп өтуге болады. Сол сияқты, аз шығындар негізінде ұлт денсаулығын көтеру мақсатында жылқы етінің деликатесімен қатар, бие сүті, ешкі сүті, түйе сүті бойынша нарықтың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету стратегиясын іске асыру шарты болып табылады.

В.А. Баринов, В.Л. Харченко белгілеп өткендей, «Шығындар бойынша көшбасшылық»:

- басты міндеті – бағаның бәсекеге қабілеттілігін қолдау;
- шығындарды төмендету үшін тұрақты күш жұмсау;

Дифференциация (саралау):

- өнімге деген сұраныс экономиканың жалпы жағдайына аса тәуелді болмайтындай, өнімді дамыту;

- клиент үшін екінші кезектегі мәселе болып табылатын тұтынушылық қасиеттерді қамтамасыз ету үшін жұмсалатын шығындарды қысқарту (шығындарды есепке алудың ABC-әдісі) »... [111, б. 170].

Дағдарысқа қарамастан, біздің ойымызша, сыртқы нарықтағы сұраныс туралы сөз қозғамас бұрын, мемлекет ішінде халықтың бие сүтіне деген сұранысы артады. Мұндағы бір ерекшелік, осы өнімдерді өндіруге жұмсалатын нақты шығындарға сүйене отырып, нақты бағаны сақтау.

Т.Д. Суранаев, Э.У. Кулова: «Шығындарды есепке алу мен бақылау жүйесінің дұрыс таңдалуы өзекті болып табылады. Шығындарды есепке алу және бақылау жүйесін таңдау барысында мамандандырылған ауыл шаруашылық кәсіпорындарында келесідей қағидаларға негізделу қажет:

- өнімді шығару және өткізудің тұрақтылығы;
- өнімнің тауарлығы;
- өндірістің мамандануы.

Өзгерген өндірістік қатынастар бухгалтерлік есепті ұйымдастыруға қатысты жаңа тәсілдемені анықтайды. Басқарудың мақсаттары, ал оның салдарынан талаптар да өзгерді» - деп белгілеп өткен [112, б. 37].

М.К.Нарибаевтың ойынша, «Жаңа тиімді технологияларды енгізу есебінен тамақ өнімдерін шығару және қамтамасыз етумен байланысты аграрлық сектор сегменттерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажет» [113, б. 14].

Заманауи жағдайлардағы маңызды талап - бұл фермердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету (бәсекеге қабілеттілік тек жаңа өніммен ғана емес, сонымен қатар қазы, жая, жал, шұжық, қарта немесе шұбат, қымыз және т.б. сияқты қолда бар ұсынылатын өнімге қатысты сатып алушылардың жақсы беделімен де қамтамасыз етіледі). Жоғарыда аталған өнім өндірісінің дамуы, ауыл қоғамының дамуын қамтамасыз етеді.

Дағдарысты төмендету мен болдырмау мақсатында, ауылға арналған жаңа экономиканың элементтерін (жаңа жұмыс орындарының құрылуы және экологиялық таза өнімді өндіру үшін кадрларды даярлау) қарастырамыз. Оларға келесілер жатады:

- мал дәрігерлерін, зоотехниктерді даярлау;

- зертханаларды ашу және шикізат, сүт, ет, жемшөп, жайылымдар, су, атмосфераға және т.б. талдау жүргізу үшін биологтар, химиктарды даярлау;
- жылқы еті деликатестерін қайта өңдеу және өндіру бойынша технологиялар және т.б.

«Нұрлы жол» бағдарламасын іске асыруда, «Хладобойня (Қасапхана)» сияқты жылқыны сою жөніндегі өндірісті ашу мүмкіндігі бар, содан соң: қазы, жая, шұжық, жал, жая сияқты деликатес өндіру үшін жылқы етін қайта өңдеуге болады.

Биені сауу бойынша фермаларды қосымша ашуға болады:

1. Қаймағы алынбаған бие сүтін балаларға арналған сүт тағамдары үшін қаптау, құю немесе емханалар мен шипажайларға өткізу.
2. Қымыз цехті (өнеркәсіптік өндіріс ретінде).

Ешкілерді сауу бойынша ұсақ фермаларды ашу, ешкі сүтін салқындатып, құю, халыққа өткізу, балалар емханаларын, мектепке дейінгі балалар мекемелерін қамтамасыз ету.

Саулықтар (қой) бар болған жағдайда, Молдавия, Сербияның тәжірибесі бойынша қойды саууды ұйымдастыру, алынған қой сүтінен ірімшік дайындау қажет.

Біздің елімізде жайылымдық мал шаруашылығының дамуы пайдалы жайылымдық жерлердің болуымен байланысты. Біздің пікірімізше, малдарды көшуі арқылы малды жайылымдарға айдау негізінде жайылымға жіберу жүйесін қайта құрудың өзектілігі мүмкін, бұл таулы немесе сырт жайылымдарды пайдалану жолдарының бірі. Соңғы идеялардың іске асырылуы ең алдымен орталық, облыстық, аудандық және жергілікті басқару органдарымен жүргізілетін, жайылымдарды мемлекеттік басқару ісіне байланысты. Жайылымдарды басқару бұл ерекше стратегия, ол малдардың, қойлар мен ешкілердің, табынды жылқылардың, түйелер мен етті бағыттағы ірі қара малдың тұрақты дамуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, бұл пайдалы жерлердің қоғамдық маңыздылығына және жайылым жерлердің тұрақты дамуына байланысты [114].

Тек 1994 жылдан 1997 жылға дейін ауыл шаруашылық айналымында пайдаланатын жерлердің жалпы көлемі 52 млн. гектарға азайтылды, егістік 7,5 млн. га, пішендіктер мен жайылымдар – 37,4 млн. га.

Бұл жағдайда экологиялық жағдай да шиеленіседі: 18 млн. га егістік жел және су эрозиясына ұшырайды, ал барлық егістіктің үштен бірі тозған, Қазақстанның 66% аумағы шөлге айналды». [115, б. 22-23]

Бұл қоршаған ортаны қорғау егістіктердің жағдайына теріс әсер етті дегенді білдіреді. Кеңестік кезеңде үлкен қате жіберілді және малды көп ұстаудан жер қатты тозып кетті. Жол, құбыр салу, мұнай өндіру және т.б. нәтижесінде жайылымдық жерлер істен шығарылды, ал аудан орталығынан 200-300 шақырым қашықтағы жайылым жерлер сақталып қалды. Осы жайылымдарды бүгінде пайдалану үшін малды көшіп жүріп бағуды енгізу қажет. Сонымен бірге мұның да өз қиындықтары бар, малды айдау бағытын

әзірлеу және суаттардың болуы. Фермерлер мамандармен біріге отырып, осы жүйені тәжірибе жүзінде сынақтан өткізулері тиіс.

Далалық жайылымда бағылған малдың және тау мен тау етегі жайылымдарына бағылатын малдың өз ерекшеліктері бар.

Жабайы табиғатты қорғау орталығының деректерін зерттей келе келесідей тұжырымдар жасалды: «Әртүрлі жайылымдық жағдайларда бағылатын мал шөптің қалыңдығына қолайлы да, теріс те әсерін тигізуі мүмкін. Рұқсат етілетін жайылымдық жүктеме нормативтері сақталса жердің тапталуы болмайды, жайылымдағы далалық өсімдіктерге қолайлы әсер етеді. Бұл жағдайда қалың шөпте қурайлар саны, оның қураған бұтақтары азаяды, топырақ көнмен байытылады. Негізгі шымды жер дақылдарының азғана басылуы олардың аралас шөптермен салыстырғандағы бәсекелік артықшылығын төмендетеді. Сондықтан қалың шөптегі бұршақ тұқымдастарының және аралас шөптердің үлесі артады. Әдетте, дұрыс отау шөп жамылғысының тығыздығын арттырады. Қалың шөптегі қу бұтақтардың үлесінің азаюы жасыл азықтың үлесінің өсуіне мүмкіндік береді [116].

Жайылымдық жүктеменің асып кетуі далалы өсімдік әлемінде жағымсыз өзгерістерді тудырады. Көп жылдық жүктеменің нәтижесінде шабындық шөптің бозы, өзге де құнды астық және бұршақ тұқымдастары біртіндеп жойылады, оның орнына арам шөп өседі. «Малдың жайылымда шектен тыс жайылуы жер қыртысын тығыздатады және өсімдіктердің өсуіне кедергі келтіреді. Жер қыртысының нашарлауы шөптің өсуін баяулатады. Жайылымдардың сапасы мен өнімділігі төмендейді. Дала өзінің құрғашлыққа төзімділік сияқты маңызды қасиеттерінен айырылады. Әсіресе, далалы жайылымдарға қой жою жағымсыз әсер етеді. Ірі қара малдың тигізетін жағымсыз ықпалы анағұрлым төмен. Далалы өсімдік үшін жылқы жаю қауіпсіз болып саналады. Малды жаю кезінде қойлардың тұяқтары жер қыртысын 5,4 кг/см<sup>2</sup> күшпен басады, ИҚМ үшін бұл көрсеткіш 5,1 кг/см<sup>2</sup>, жылқылар үшін 2,6 кг/см<sup>2</sup> құрайды. Қойлардың жүрген жол бірлігін есептегенде, жылқылар немесе сиырлармен салыстырғанда іздері 2 есе көп болады» [117, б. 6].

2006 жылы Қазақстанда түгендеу жүргізілді [118].

Казахстанская правда газетінде Марьям Турежановна «Земля без белых пятен» атты мақалада 2013 жылы жүргізілген түгендеу туралы жазады. Түгендеудің бірінші кезеңінің қорытындылары 3 млн.га астам ауыл шаруашылық жерлердің игерілмегендігін анықтайды [119]. Бұл мәселе Үкіметтің кешегі отырысында талқыланды.

Өткен жылы Ел басымыздың тапсырмасы бойынша айналымға енгізілген ауыл шаруашылық пайдалы жерлерді түгендеу жұмыстары басталды. Еліміздің аумағы – 272,49 млн.га екендігін ескере отырып, бұл күрделі тапсырма болып табылады. Осы аумақтың 222,24 млн га ауыл шаруашылық пайдалы жерлерге теңестірілді, соның ішінде: егіндік жер – 29,41 млн га, көп жылдық көшеттер – 0,12 млн.га, шабындық жерлер – 5,16 млн.га, жайылымдық жер – 187,55 млн.га. Жалпы республикасы бойынша жалпы аумақтың 40%-ы немесе 91, млн.га ауыл шаруашылық айналым үшін белгіленген [119].

Өткен жылы 31 млн. гектардан астам жер жаппай тексерілді. Алғашқы нәтижелер қандай? Өкінішке орай, айтарлықтай емес. ҚР аймақтық даму вице-министрі Қайрат Үскенбаевтың ақпараты бойынша ауқымы 3 млн. гектардан астам ауыл шаруашылық пайдалы жерлердің игерілмегендігі анықталды, соның ішінде шамамен 400 мың га егіндік жер құрайды. Сонымен қатар бос жерлердің жартысынан астамы – шаруа қожалықтарын жүргізу үшін ұсынылған жерлер.

Сол сияқты, түгендеу жұмыстары басқа да бірқатар мәселелерді анықтады: қағаз жүзінде ғана бар АӨК шаруашылық субъектілері, әрекеттегі субъектілер атауларының өзгеруі, алынған ауқымдар мөлшерлерінің есептік деректермен сәйкессіздігі, суландыру жүйесінің, суландыру ғимараттарының нашар техникалық жағдайы және т.б. Көп аграрий үшін егіс айналымы беймәлім. К.Үскенбаевтың деректері бойынша оны тек зерттелген егіндік жер ауқымының 6%-на ғана қолданады.

- Егіс айналымы тек ірі жер пайдаланушылармен ғана қолданылады, көп жағдайда, Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Павлодар және Қызылорда облыстарында-деп белгілеп өтті.

- «Суландыру желісінің апатты жағдайы туралы мәселе бірінші жыл көтеріліп отырған жоқ. Түгендеу тек сандарды қоса түсірді, мысалы, суландыру жүйесінің 60%-на қалпына қайта келтіру жұмыстары қажет».

Бұл жерлердегі анықталған барлық мәселелердің себебі – жүйелі жұмыстың жоқтығы және жердің тиісті түрді есепке алынбауы, деп еліміздің Үкіметімен ескерту жасалынды.

Әрбір гектар әкімнің есебінде болу тиістілігі, - Үкімет отырысында айтылды. Ауыл шаруашылық аймақтардың объективті есебін жүргізу, деректердегі айырмашылықтарын анықтау және оларды жою қажет. Оған қоса біз әртараптандыру, әсіресе өсімдік шаруашылығында әртараптандыру мәселесін ерекше қарастырамыз.

Осыған орай, еліміздің Үкіметі аймақтық даму және ауыл шаруашылық министрліктеріне түгендеуді жалғастыру, ауыл шаруашылық бағыттағы жерлерді тиімді пайдалану жөніндегі аймақтық бағдарламаларды құру тапсырылды. Облыс әкімдіктері әрбір гектарды айналымға алу, жайылымдық жерлерді сумен қамтамасыз ете отырып, оларды пайдалануды ұйымдастыру бойынша шаралар қолдануы тиіс.

Республиканың жайылымдық әлеуетін толық пайдалану үшін салалық бағдарлама шеңберінде жайылымдарды суландыру көзделеді. 2014-2020 жылдар кезеңінде шамамен 4000 жуық шахталы және құбырлы құдықты салу және қалпына келтіру болжанып отыр. Бұл шығындарды өтеу үшін 2014 жылдан бастап құдықтарды салу бойынша шығындардың 80%-ына дейін өтеу жолымен инвестициялық субсидиялар тетігі енгізіледі.

Жайылымның өнімділігін қалпына келтіру бойынша жұмыс жүргізуді инвестициялауды ұйымдастыру оларды есепке алу үшін қажет болады.

«Жер теліміне жеке меншік құқық, тұрақты пайдалану құқық актісі» есепке қабылдауға негіз болып табылады, оның нысаны мен берілу тәртібі 1996 ж. 8 сәуірдегі №402 «Азаматтар мен заңды тұлғаларға жер теліміне жеке



меншік құқық, тұрақты пайдалану құқық актісін беру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен белгіленген [120, б. 1-3].

Жерді есепке алуды көрсетуге негіз бастапқы құжаттар болып табылады.

Жер кодексі жер қатынастарын реттеуді жүзеге асырады [121, б. 1-3]. Алайда, өкінішке орай, онда жайылымдық жерлер мен оларды пайдалану тәртібі туралы айтылмайды.

Табиғатты қорғау әрекеттерінің шығындар есебін ұйымдастыру өзектілігі еш күмән келтірілмейді. Жергілікті әкімдіктер немесе департаменттердің салатын қаржыларының бәрі де экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолына жұмсалатыны бәріне де белгілі. Осыған орай біз, жайылымдарды жақсарту бойынша табиғатты қорғау әрекеттеріне шығындарға есеп жүргізуді екі негізгі өлшемде жүргізуді ұсынамыз:

- Болашақ инвестиция есебін ұйымдастыру

- Жүргізілген жұмыстар бойынша нақты шығындар есебін ұйымдастыру:

а. шаралар түрлері бойынша ағымдық шығындар (жайылымдарды қоршау, шөптердің ең жақсы тұқымдарын себу және т.б.).

ә. күрделі салымдар түрлері бойынша күрделі шығындар. Мысалы: құдықтар қазуға немесе жасанды су қоймаларын жасауға шығындар.

б. Мал шаруашылығы салалары бойынша және малды есепке алу тобы бойынша малды сауықтыруға шығындар.

в. Экологиялық таза өнімдер өндірісіне шығындар (сертификаттау, асыл тұқымды мал өсіруге лицензия алу).

Есепті, біздің ойымызша, бастапқы бес жылда инвесторлар, мемлекеттік органдар, әкімдіктер, департаменттер ақшалай өлшеммен қорытынды есеп жасаумен жүргізе алады. Бұл есептілікті статистикалық ақпарат ретінде статистикалық органдарға тапсыру керек. Қазіргі таңда мемлекеттік органдарда, немесе ауыл, мал шаруашылығы департаментінде және т.б. табиғатты қорғау әрекеттерін басқару үшін статистикалық ақпараттар жетіспейді. Ол үшін жайылымдық егістіктерді жақсарту мақсатында жүргізілетін және болжамдалатын шығындар бойынша есебі өте қажет.

Бес жыл өткеннен кейін жайылымдық мал шаруашылы субъектісі, белгілі бір пайда алынатын болады, сонда табиғатты қорғау әрекетіне кейбір шығындарды жайылымдық мал шаруашылықтары басшыларының тікелей жауапкершілігіне жүктеуге болады. Соған сәйкес аталған шаруашылықтар ағымдық шығындар есебін ұйымдастыруды өздері жүргізуі тиіс. Біздің елімізде ауыл шаруашылығында, оның ішінде жайылымдарды ұстау және жақсартудағы табиғатты қорғау бойынша шығындар есебінің аяғына дейін жетілдірілген әдістемесі әлі де жоқ деп айтуға болады. Осы кемшіліктің алдағы уақытта тек теорияда ғана емес, іс жүзінде жүзеге асатындығына сенгіміз келеді [122].

Су ресурстарын басқару өкілеттігі берілген Қоршаған ортаны қорғау министрлігі су шаруашылығын дамыту жөніндегі бағдарламаны әзірлеу бойынша басталған жұмыстарды жалғастыруда, ол бағдарлама ауыл шаруашылығының, оның ішінде, мал шаруашылығының мұқтаждықтары үшін гидротехникалық құрылыстарды салуға және қайта жаңартуға мемлекеттік

инвестицияларды көздейді. Жемшөп өндірісін дамытуды ынталандырудың тағы бір тетігі алқаптарды әртараптандыру болып табылады. Мұнда да позитивті алға жылжу бар. 2013 жылы жемшөптік дақылдар 3,1 млн. гектарға егілді, бұл 2012 жылдың деңгейінен 10%-ға артық (сүрлемдік дақылдар – 88,7 мың гектар, біржылдық шөптер – 490,5 мың гектар, көп жылдық шөптер өткен жылдардың егістіктерін ескере отырып, 2,5 млн. гектар алқапқа орналасатын болады). Анықтама ретінде: 2009 жылмен (2,5 млн. гектар) салыстырғанда өсім 24 %.

Болашақта тыңайған және құнарсыз жерлерді игеру жолымен түбірімен жақсартылған жерлерге егілген дақылдарды есепке алғанда, жемшөптік дақылдардың егістік алқабын 8,8 млн гектарға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Бұл үшін жергілікті атқарушы органдармен алқаптарды әртараптандыру бойынша меморандумдарға қол қойылды [123, б. 5].

Жалпы, республика бойынша егіс алаңдарын пайдалану туралы сөз қозғалып отыр. Атап айтқанда, Алматы облысы бойынша 575,6 мың га егіс алаңдары бөлінген. Ағымдағы жылы 30,6 млн. га түгендеу жұмыстары жоспарланып отырғандығын айтып өту қажет, 60 аудан, 820 ауылдық өңірлерді және 80 мың шаруашылық субъектілерді тексеру көзделіп отыр.

12 кестенің деректері бойынша Алматы облысындағы жалпы жердің аумағы 4 207 606 га

- оның ішінде ауыл шаруашылық жерлер 4 163 986 га
- егіндік жер 650 838 га
- шабындық жер 15 039 га
- жайылым жер 3 291 360 га

Егер егіндік және шабындық жерлердің көрсеткіштерін салыстыратын болсақ:

- шабындық жер 650 838 га
- оның ішінде егіндік жер 575 600 га

- 75 230 га
- Яғни, жалпы шабындық жердің ішінен 650 838 га
- Егіндік жер пайдаланылады 575 600 га
- Егістік ретінде пайдаланылмағаны 75 230 га

Кесте 12 – 2008 ж. 1 қаңтары бойынша шаруа қожалықтарының (фермер) жеке меншігіне сатып алынған және мерзімсіз пайдалануға алынған пайдалы жерлердің құрылымы

Аудандардың атауы	Жалпы жер ауданы	Барлық ауыл шаруашылық пайдалы жерлер	мың гектар		
			Егіндік жер	Шабындық жер	Жайылымдар
1	2	3	4	5	6
Алматы облысы	4207606	4163986	650838	15039	3291360
-соның ішінде: Ақсу	400352	399079	46317	17540	319557

## 12 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Алақоль	358519	347230	51731	34420	249072
Балқаш	322867	319319	2791	4188	311187
Енбекшіқазақ	269350	268177	67149	8913	188144
Ескелді	167615	162775	36849	9436	115331
Жамбыл	405461	405461	71297	3916	327900
Іле	190334	188679	30265		158357
Қарасай	42896	42841	25462	418	16404
Қаратал	103257	12873	6363	882	95622
Кербұлақ	320008	313791	93825	5550	204039
Көксу	409960	407745	25269	4870	374553
Панфилов	261309	260088	31930	6037	216054
Райымбек	347182	347182	49966	20966	270015
Сарқан	379788	376758	74116	28716	269551
Талғар	61059	60734	13853	420	42857
Ұйғыр	141237	135195	17542	4018	113032
г.а. Қапшағай	15033	14905	3124		11671
г.а.Талдықорған	10550	10352	2367	40	7926
г.а.Текелі	832	802	622	69	88
Ескерту - ҚР статистика агенттігінің деректері негізінде алынды [118, 5б.]					

Алматы облысы бойынша біздің зерттеулеріміз, «мерзімсіз пайдалануға алған және шаруа (фермерлік) қожалықтарының жеке меншікке сатып алған 2008 ж. 1 қаңтарындағы, пайдаланатын жерлердің құрылымы, мынадай көріністі береді: 15,63% пішендікке, 79% жайылымдыққа келеді екен». [106, 5 б].


2015 жылдың 1 шілдесі бойынша Алматы облысы аудандарының шегінде 2,1 млн.га, оның ішінен 36%-ы пайдаланылып, 63.5%-ы пайдаланылмаған, яғни 953 187 га. Бұл жайылымдық мал шаруашылығы үшін қор болып табылады.

«Жайылымдық мал шаруашылығы» саласындағы өсімдік пен жануарлардың арасында экологиялық өзара байланыс бар. Жайылымдық күтіп-бағу кезінде малдар біртіндеп жайылып, жылжып жүреді, бір жерде өсімдік (жемшөп) шектен тыс желініп, тапталмайды, өсу мерзімінің жалпы ұзақтығын ұлғайтады [124].

Заманауи жайылымдық мал шаруашылығы табиғи, сол сияқты, нақты аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына сәйкес болуы тиіс. Ең алдымен, табиғи жайылымдардың биоөнімділігін және жайылымдардың қайтымсыз нашарлау тәуекелдерін ескеру қажет.

«Жайылымдық мал шаруашылығын» (етті) қалыптастыру үшін және ең алдымен малдарды жаю мен жемдеу мүмкіндіктерін беретін табиғи шабындық жерлер мен жайылымдардың жерлер үлкен мүмкіндіктерге ие болып отыр.

Қазақстан жері кең аграрлық бағыттағы ел, оның үстіне дәстүрлі жайылымдық мал шаруашылығы саласын дамыту үшін жайылымдық жерлер де баршылық сурет 11.



Сурет 11 – Қазақстан Республикасының жер қоры (санаттары бойынша)

Ескерту - <http://abai.kz/post/view?id=7872> сайтының мiлңметтері негiзiнде автормен құрастырылған [125, б. 1-4]

Елімізде 11 суреттен көріп отырғанымыздай елімізе ауылшаруашылық мақсаттағы жер 100,8 млн гектар, қордағы жер 100,1 млн гектар, жайылымдық жер 68362,5 млн гектар, шабындық жер 2077,8 млн гектар жер бар. Жайылымдық жеріміз өте кең – бұл мал бағуға арналған ғана емес, осы саланың дамуымен қатар мал шаруашылығын өркендету, халықтың әл-ауқатын жақсарту, жұмыссыздықтар қатарын азайту мәселелеріне байланысты. Таулы аймақтардағы жайылымдардың шөп азығы құнарлы қасиеттері мен экономикалық жағынан ең құнарлы болып келеді. Таулы және тау маңайындағы жайылымдарда жаз мезгілінде малдарды азықтандырады, қыс мезгілінде жазық жайылымдарға, боран немесе апат кезінде алдын ала дайындалған пішенмен, пішіндемемен азықтандырылады. Мұндай жемшөптің үлесі көп болған сайын, азық мөлшері арзанға айналады, сүт пен ет өнімдерінің өзіндік құны төмен болады. Маманданырылған «Жайылымдық мал шаруашылығын», жайылымдық күтіп-бағу мен өсіру ісін қарқынды дамытуға болады.

### 3.2 Басқару есебінде экологиялық таза өнім өндірісін ұйымдастыру мәселелері

Заманауи бизнес-стратегиясында және болашақта экологиялық таза өнім өндірісінің өзектілігі күмән тудырмайды.

Емдік қасиеті бар сусындарды және жылқы етінің диеталық деликатестерді алу үшін өнімді жылқылар мен түйелердің басын көбейту мақсатында селекциялық-асыл тұқымды қасиеттерін жақсарту Қазақстанның ұлттық көкейтесті мәселес болып табылады. Еліміздегі және жалпы бүкіл жер шарындағы экологиялық жағдайдың айтарлықтай нашарлауынан, экологиялық таза өнімге деген сұраныс арта түседі.

Бүгінгі күні, ұлт денсаулығын сақтау мақсатында экологиялық таза өнімді өндіру және өткізу механизмін құру мәселелері белсенді түрде талқыланып келеді [126, б. 28].

Экологиялық таза өнім – деп айту өте оңай. Экологиялық таза өнім өндірісін мойындау үшін қойылатын негізгі талап, «Өндірісті экологияландыру» жөніндегі барлық талаптарды сақтау және осы шарттарды іске асыру болып табылады – бұл аса үлкен еңбекті талап ететін үдеріс.

Осы талаптарды орындау, механизмді әзірлеу өте қиын. Бұл күрделі мәселе, келесідей аспектілердің зерттелуін талап етеді:

1. Жайылымдардың жағдайы – экологиялық фактор ретінде – жайылымдарды басқару, жайылымдарды сауықтыру, экологиялық қауіпсіздігін анықтау мақсатында талдау-сынау шараларын жүргізу.

2. Малдардың ауруының алдын алу шаралары, малдардың профилактикасы, оларды емдеу.

3. Адам денсаулығын сақтау тәуекелінің төмендеуіне малдәрігерлік қызметтің жауапкершілігі.

4. Жайылымдық малдардың денсаулығы мен экологиялық қауіпсіздігі үшін табиғатты қорғау қызметі.

5. Кадрларды дайындаудан бастау қажет, жерді, жайылымды, жемшөпті, малдардың өзін, сүтті, етті, қымызды талдау-сынау жұмыстарын жүргізу үшін білікті мал дәрігерлері, зоотехниктер, зертханашылар, биологтар, химиктер және т.б. қажет. Бұл шара зерттелетін объектілердің, өнімдердің экологиялық қауіпсіздігін анықтайды.

Ең бастысы, «экологиялық таза өнім» мойындалатын өндірістің қай жерде өндірілетіндігі болып табылады – бұл, жер, аймақ пен оның құрылысы, ғимарат, су ортасы мен қоршаған орта экологиялық қауіпсіздік үшін зерттелуі және құжатпен расталуы тиіс.

Экологиялық фактор ретінде малды жайылымдарда жаю, экожүйе үшін өте маңызды. Шаруашылықтар орналасқан жерлер, сол сияқты жайылымдар экологиялық қауіпсіздік талаптарына жауап беруі тиіс.

Қазіргі кезде дала жайылымдарының өнімділігі 6-8 есеге төмендейді. Сонымен бірге, пайдалы жерлердің құрғақшылыққа төзімділігі төмендейді, бұл құрғақшылық жылдарында малды жайылымдағы азықпен қамтамасыз етумен байланысты күрделі мәселені тудырады. Азығы жеткіліксіз малдың өнімділігі

аз болады, бұл «Жайылымдық мал шаруашылығы» өндірісінің, соның ішінде, табынды жылқы шаруашылығы өндірісінің экономикалық пайдалылығын күрт төмендетеді.

Жылқы өсіруші ғалым Нурушев М.Ж. тұқымы әр түрлі жылқыларға жүргізілген көп жылдық экологиялық бақылау (зерттеу), *equus caballus* тұқымының ішінде тек адай жылқысы ғана осы жағдайда өсіп-өнім, тұқым тарату қабілетіне ие, яғни оның адам үшін экологиялық таза өнімді өндірудегі рөлі, әлемдегі бірде бір тұқыммен салыстыруға келмейді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Өйткені, оның табиғи мекендеу аймағы гектарынан 1,5 центнерден аспайтын өнімділігі бар жайылымдар болып табылады, сонымен қатар көп жағдайда, бұл тырбық өте тұзды, сирек, кей кезде тікенді, шаңы мен жәндіктері көп өсімдік аймағы болып келеді деп атап көрсеткен [127, б. 142].

Бірақ, бұл жайылымдар мен ондағы өсімдіктер ауру болса, онда экологиялық таза өнім өндірісі туралы сөз қозғаудың да қажеті жоқ.

Жайылымдық жүктемені экологиялық қауіпсіздікті анықтау мақсатында зерттеп қана қоймай, сонымен қатар табиғи пайдалы жерлердің өнімділігін және «Жайылымдық мал шаруашылығының» пайдалылығын арттыру үшін оңтайландыру қажет. Сонымен қатар, табиғи далалы пайдалы жерлерде келісімді жайылымдық жүктемені сақтаған жағдайда өсімдіктер, жануарлар мен құстардың көп түрлері сақталады.

Еліміздің әр түрлі аймақтарындағы табиғи дала жайылымдары өздерінің құрамына және өнімділігіне қарай ерекшеленеді. Сол сияқты, олардың, дала өсімдіктеріне тән болып келетін жалпы белгілері де бар: (шабындық шөп) шымды астық тұқымдастары, боз, бетеге, қоңырбас және т.б.

Сонымен қатар, Семей облысы сияқты радиоактивті ластанған жерлерде жылқы, сиыр, қой етін өндіру мүмкіндіктері зерттелген. Жайылымдарда және азықта радиацияның шектен тыс жиналуы жануарлар мен адам үшін улы болып табылады.

Немесе, мұндай фактілер, Орынбор облысының аймақтарында ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың орналасуынан, шектен тыс ауыр металлдардың жиналатындығын білдіреді (сынап, күшән (мышьяк), қорғасын, мырыш және т.б.). Ауыр металлдармен ластанған жерлердегі өсімдіктер сырт жағынан қалыпты дамуы мүмкін. Дегенмен, мұндай өсімдіктерді азық үшін пайдаланған өте қауіпті, өйткені ауыр металлдардың жоғары концентрациясы (шектен тыс шоғырлануы) жануарлар мен адам үшін улы болып келеді [128, б. 158].

Өкінішке орай, жайылымдар ауру, олардың жағдайы нашар. Ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей, «Тек Беларусь Республикасында 1986-1991 жж. айналымнан 0,5 млн.га ауыл шаруашылық пайдалы жерлер шығарылды. Ресейдің цезий-137 тығыздығымен, ең ластанған аймақтарының аумағы 15 ки/км<sup>2</sup>-ден бастап (555Бк/м<sup>2</sup>) 2,5 тыс. км<sup>2</sup> дейін. Осыған орай, радиациялық орталығы жоғары аймақтарда ауыл шаруашылық пайдалы жерлерді пайдаланудың оңтайлы жолдарын әзірлеу қажеттілігі туындады. Белоруссия, Ресей институттарының бірқатар ғалымдары осы бағытта белсенді жұмыс жүргізу үстінде» [129, б. 34].

Ғалымдар зерттеулер жүргізді, соның ішінде малдардың ағзасын цезий-137 тазалау тәсілдері жүргізілді (сою алдында 18 айдан асқан бұқашықтар). Оның нәтижесінде жүргізілген талдаудың көрсеткіштері оң болды, ет адамдар үшін тұтынуға жіберілді.

Союға 90 тәулік қалғанда «таза» азық мөлшерін пайдалану барысында бұқашықтардың бұлшық ет тініндегі цезий – 137 мөлшері 17,0 есеге, бүйректе – 13,2, жүректе – 15,7, бауырда-16,2 және өкпеде – 13,2 есеге төмендеді, 300 тәулік ішінде – сәйкесінше 23,9; 16,8; 19,6 және 15,2 есеге төмендеді [129, б.34].

Бірақ, біздің ойымызша, мұндай ет «экологиялық таза өнім» деп танылуы мүмкін емес, бұл ет адамға тұтыну үшін деп қана танылған. Мұндай етке ешқандай сараптама «Экологиялық таза өнім сертификатын» бермеуі тиіс.

Ең бастысы, біздің ойымызша, «экологиялық таза өнім өндірісінің» түсінігін ойланып пайдалану қажет. Бұл түсінік көптеген талаптарға негізделе отырып, өзіне жауапты болуы тиіс, әсіресе, жоғарыда айтылып кеткендей, техногендік мәртебесі бар жерлерде малды күтіп-бағу мен өнімді өндіру туралы сөз қозғалған жағдайда. Немесе Н.Г.Догарова, Е.А.Ажмулдинов және т.б. авторлар «Экологиялық таза мал шаруашылық өнім өндірісі» мақаласында, еті және сүт шикізатының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері, экологиялық сәтті шаруашылықтың, сол сияқты экологиялық таза ет пен сүттің медициналық-биологиялық және санитарлық нормаларына жауап беруі тиіс деп жазған [130, б. 148]. Немесе радиоактивті ластанған жерде етті өндіру мүмкіндігін зерттеу жөніндегі зерттеулер сипатталған (Чернобыльдік АЭС).

Талдау жүргізу әдістемесін ашатын, экологиялық таза ет пен сүттің медициналық-биологиялық және санитарлық нормалары мақұлдауды қажет етеді. Сонымен қатар, радиациялық аймақта сойылған, өсірілген малдан алынған ет өзінің сапасы бойынша «Экологиялық таза өнім» бола алмайды. Соңғысы ет пен сүттің ерекше мәртебесін білдіреді. Бұл зерттеулер тек адамның етті тұтыну мүмкіндігін ғана білдіреді. Мұндағы басты мәселе, кез келген өнімді «экологиялық таза өнім» деп мойындау үшін, оның экологиялық қауіпсіздігімен қатар, жайылым мен азықтың экологиялық қауіпсіздігін растау қажет.

Мұндай талдауларды жүргізу керек, ол үшін экологиялық таза өнім ретінде сапалы сипаттаманы анықтайтын зертхана-құрал-жабдық, мамандар қажет (малды сойғаннан кейін). Зертхана-құрал-жабдықтың болуы, қажетті мамандардың болуы далалы, таулы таза жайылымдарды, олардың пішендерін, сапасын зерттеу мақсатында белгілі шығындарды қажет етеді, экологиялық қауіпсіздікті талдау экологиялық таза өнімді өндіру үшін қажетті шарт болып табылады. Егер, Алматы облысының жайылым жерлері туралы сөз қозғалатын болса, малды жаю кезінде боздың молшылығы азайып, оның орнына бетеге пайда болады. Сол сияқты сан түрлі шөптер өсіп, бұршақ тұқымдас өсімдіктер азаяды. Желінбейтін арамшөптің үлесі артады. Нәтижесінде *бетегелі кезең* пайда болады. Бұл кезеңде пішеннің тығыздығы мен өнімділігі айтарлықтай төмендейді. Құрғашылыққа деген сезімталдығы артады. Жаз мезгілінің екінші

жартысында пішеннің күйіп кетуі байқалады. Бұл көрсеткіштер жайылымдардың нашарлауына әкеліп соғады.

Жайылымдық дигрессия (ауытқу) деген түсінік бар. Жайылымдық дигрессия кезінде пішенің өнімділігі азаяды, түр-тұқым құрамы қосылады, дала шөбінің орнына арамшөп қаптайды. Ең алдымен, өсімдіктер тобының құрамынан құнды дәнді және бұршақ тұқымдас азық жоғалады.

Жайылымдық дигрессия – бұл келесідей төрт кезеңнен тұратын көп жылдық үдеріс.

- Селеулі шөптер (аздап тапталған);
- Бетегелі (орташа тапталған);
- Жусанды-бетегелі (қатты тапталған);
- Толық тапталған (езілген дара арамшөп өскен тақыр жер) [113].

Бүгінгі күні мұның барлығы мамандармен зерттеледі, жердің, жайылымдардың өнімділігін бағалау әдістемесі мен тәсілдері бар.

Жайылымдық дигрессия кезінде, түр-тұқым құрамының өзгеруімен қатар, пішеннің тығыздығы мен биіктігі төмендейді, шым мөлдірлігі мен қуаты азаяды, жер асты органдарының және ондағы пайдалы заттардың жалпы қоры, тамырлардың өту тереңдегі, тұқым өнімділігі, өсімдіктердің өміршеңдігі, астық өнімділігі төмендейді; жер тығыздалып құрғайды; су және жел эрозиясы дами бастайды; жердің құнарлылығы төмендейді [131]. Жоғарыда аталған көрсеткіштер ғалымдар арқылы жер, жайылым, өсімдік әлеміне, олардың дамуына, жер (топырақ) ауруларына және т.б. жүргізілген зерттеулері негізінде анықталады.

Таулы жайылымдар жеке зерттеледі, соның ішінде оңтүстік, солтүстік бөктерлердің белгілі мәні бар.

Жаз мезгілінде «Лепсі» тау жайылымдары пішенге бай болып келеді. Бірақ, қыс мезгілінде малдар көбінде дала жайылымдарында тебіндеп азықтану жолымен күтіп-ұсталады, тау жайылымдары көктем мен жаз мезгілдерінде қолданылады, - деп В.Г.Левин белгілеп өткен [132]. Осыған орай, жайылымдарды (жерлерді) бөлу кезінде, «экологиялық таза өнімді» өндіруді көздейтін шаруашылықтар жоғарыда аталған талаптарға сәйкес, жердің «экологиялық қауіпсіздігін» бағалау арқылы зерттеу жүргізулері тиіс. Бұған қоса, бұл мәселелерді мемлекет деңгейінде шешу қажет. Өйткені мұның барлығына субсидиялар немесе инвестициялар қажет. Мемлекет деңгейінде «Экологиялық таза өнім өндірісінің» мәртебесі – АӨК болашақта экологиялық таза өнім өндіруге арналған жайылымдық мал шаруашылығын дамыту жөніндегі бағдарламаның жобасын қарастыру.

Сол сияқты ғылыми-зерттеу мекемелерінің экологиялық-экономикалық нормативтік құжаттарын, нұсқауларын, ұсыныстарын, ғылым мен озық тәжірибенің жетістіктерін ескеру қажет. Кез келген жаңа өндіріс қоршаған ортаға теріс әсерін тигізеді.

Экологиялық-экономикалық зиянның мөлшерін есептеу әдістемесіне тоқтала кетсек. Оның анықтамасының жерді пайдалану ерекшелігімен түсіндірілетін өзіне тән ерекшеліктері бар. Ол өндіріс (егін шаруашылығы мен



азық өндірісі) пен кеңістік базистің құралы екендігі белгілі (мал шаруашылық кешендерді, фермаларды, гараждарды және басқа да өндірістік және қызмет көрсетуші объектілерді орналастыру). Сондықтан оны пайдалану бағытына қарай, жерге келтірілетін экологиялық-экономикалық залалдың құрамы, сәйкесінше оны анықтау әдістемесі ажыратылады.

Ресей ғалымдары А.В.Ткач, А.А.Степанов, Л.И.Ушвицкий былай болжамдайды: «Экологиялық-экономикалық тиімділіктің көрсеткіштерін анықтау ауыл шаруашылық өндірісінің жиынтықты тиімділігін объективті бағалауға, өндіріс процесінде табиғат ресурстарын пайдалану нәтижелілігін анықтауға, табиғи ортаны ластаумен және бұзумен байланысқан шығындарды есептеуге, және де қоршаған ортаның экологиялық жағдайының біраз нашарлау салдары болып табылатын, өнімді жоғалтуды анықтауға мүмкіндік береді».

«Экологиялық-экономикалық зиян - бұл қоршаған орта жағдайының сапа жағынан нашарлауы нәтижесінде ауыл шаруашылыққа келтірілетін нақты немесе ықтимал залалдардың құндық нысаны, немесе осы залалдарды өтеу үшін жұмсалатын қосымша шығындар» [133, б.41].

Экологиялық-экономикалық залалды бағалау үшін, ауыл шаруашылық қызметтің үдерісінде табиғи ортаға келтірілген экологиялық зиянды, және осы ауыл шаруашылық өнімнің нәтижесінде алынбаған салмақты болдырмау немесе жою үшін қажетті шығындарды құндық бағалауға негізделетін қайта құру тәсілдемесі пайдаланылады.

Экологиялық-экономикалық тиімділікті бағалау үшін ақпараттық база ретінде жылдық есептің, ауыл шаруашылықтың болашақ жобалары мен бағдарламаларының деректерін, салалық бағдарламаларды, жерге орналастыру жобаларын, селекциялық-асыл тұқымды жұмыс жоспарларын, нормативтік және басқа да материалдар қолданылады.

Ауыл шаруашылығында өндірістің негізгі құралы ретінде пайдаланылатын жерге келтірілетін экологиялық-экономикалық зиян, жер жағдайының сапалық нашарлауын құндық бағалау кезінде көрінеді, ең алдымен ауыл шаруашылық пайдалы жерлер өнімділігінің төмендеу нәтижесінде алынбаған өнім шығындарымен және топырақ құнарлылығының төмендеуімен сипатталады. Оны келесі формула бойынша есептейді:

$$П1 = П1Н * Si \quad (3)$$

мұндағы,  $П1$  – шаруашылықты экологиялық теңгерімсіз жүргізу салдарынан топырақ құнарлылығының жоғалуынан туындайтын экологиялық-экономикалық залал;

$П1Н$  – топырақ құнарлылығының төмендеуінен туындайтын үлестік экологиялық-экономикалық зиянның мөлшері;

$Si$  – құнарлығы төмен ауыл шаруашылық пайдалы жердің 1 түрінің ауқымы, га.

Топырақтың жоғалған құнарлылығынан туындайтын үлестік экологиялық-экономикалық зиянның мөлшерін, оны қалпына келтіру үшін

қажетті шығындардың сомасымен (3) және осы жерлердің (П) 1 га топырақ құнарлылығының төмендеу салдарынан нақты алынбаған ауыл шаруашылық өнімнің құнымен келесідей анықтайды:

$$П1 = 3 + п \quad (4)$$

Жоғалған құнарлылықты қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың сомасы, жердегі қарашірік (гумус) пен құнарлы заттар мөлшерінің жоғалуы салдарынан туындайтын зиянды жоюға қажетті шығыстарды құндық бағалау негізінде есептеледі [133, б. 41].

Егін шаруашылығы мен мал шаруашылығының оңтайлы жүйелерін құру кезінде өндірістік циклде, кем дегенде тұтынылатын табиғи ресурстардың ұдайы өндірісін қамтамасыз ете отырып, экологиялық аспектілерді ескеру қажет. Әйтпесе, экологиялық қайта құруды ескермеген жағдайда (мысалы, қазіргі таңда көптеген ауыл шаруашылық кәсіпорындарында іске асырылатын топырақты қорғау іс-шаралары) біраз уақыттан кейін (ұзаққа бармай) табиғи ортаның ұдайы өндірісін ескермегендіктен үш есе қымбат шығын жұмсалуды мүмкін. Бұл аксиоманы дәлелдеудің қажеті жоқ, дегенмен көптеген фактілермен расталады және аграрлық өндіріске салынған қаражаттың төмен экономикалық қайтарымының негізгі себептерінің бірі болып табылады [134].

Осы жайлы А.В.Голубевтің пікірі былай, «Сөйтіп, аграрлық өндірісті негіздеу, экономикалық пен қатар экологиялық аспектілерді де, және де АӨК кәсіпорындарының қызмет атқаруына үлкен әсер ете алатын, көптеген бұрынғы маңызы аз факторлардың пайда болуын туғызатын, нарыққа өту кезеңінде өндірістік қатынастың ерекшелігін есепке алу керек» [135, б. 45].

Қысқы жайылымдарды пайдалану арқылы жылқыларды табынды жолмен күтіп-ұстау шаралары іске асырылатын аудандарда, пайдалы жерлер малды қысқы және жазғы жайылымға жаю үшін жекелеп телімдерге бөлінеді. Жыл сайын қысқы және жазғы жайылым (жайыс) үшін телімдерді ауыстыру ұсынылады. Сонымен бірге, жаз мезгілінде жайылымдар аумағының жартысы тапталудан демалады, сондықтан болашақта малды айдап жаю жүйесін ұсынамыз.


«Малды айдап жаю жүйесі. Малды жүйесіз жаю кезінде жайылым кезеңінде өсімдіктер құнарлы заттардың жеткілікті қорын жинап үлгермей, бірнеше рет тапталады» [135, б. 45].

Жайылымдарда малды қыста ұстаудың өзіндік белгілі тәртібі болады, алдымен, қар астынан тебіндеп азық таба алатын жылқы жайылуы тиіс, одан соң ірі қара мал, қой, ең соңында түйе жайылады. Қысқы тебіндеп жайылуларда осы ізділікті сақтау өз нәтижесін беретінін тәжірибе көрсетіп отыр.

Біздің ойымызша, азықтар жөніндегі БҒЗИ-мен ұсынылып отырған іс-шараларды қалпына келтіріп, кеңейту қажет.

Сонымен қатар, аграриядағы бизнес-үдерістің дамуы шығындарды басқаруды талап етеді. Өсімдік шаруашылығының ғалым-агрономдары жайылым жағдайларын жақсартумен айналысады. Өсімдік шаруашылығы

жайылымдық мал шаруашылығы үшін азық өндіреді. Осыған орай, аграрияның бизнес-үдерісі өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығына тәуелді болады. (сурет 12).



Сурет 12 - Жайылымдық мал шаруашылығының негізгі бизнес-үдерістері

Ескерту - Автор құрастырылған

Осыған орай, К.Джон Шанк, Виджей Говиндараджан ғалымдары «Бизнес-үдерісті дамытуда шығындарды басқару мәселелерін» зерттеген [136, б. 66]: атап айтқанда:

- Құндылықтар тізбегін анықтау, жайылымдық мал шаруашылығын күтіп-ұстау, емдік және деликатес өнімдердің өндірісін қамтамасыз ететін экономикалық қызметтің түрлері үшін шығындарды, табыстарды және активтерді анықтау;

- Экономикалық қызметтің әрбір түрін реттейтін, факторларды құратын шығындарды белгілеу;

- Бәсекелестердің артықшылықтарынан асып түсетін тұрақты бәсекелік артықшылықты құру, шығындарды басқару немесе құндылықтар тізбегінің реконфигурциясының көмегімен басқару.

Экологиялық таза өнімдерді өндіру кезіндегі бизнес - үрдістердің басқару есебін ұйымдастыру айтарлықтай шығындарды талап етеді, сондықтан да менеджменттің тексеруі үшін маңыздырақ болып табылатын үрдістерді бөліп көрсету қажет.

Біз, 12 суретте жайылымдағы малдарға қатысты келесідей негізгі бизнес-үдерістерді ұсындық.

Азықтар жөніндегі БҒЗИ субсидияларды немесе инвестицияларды бөлу кезінде экологиялық қауіпсіз азықтарды қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізеді және еліміз «экологиялық таза өнім өндірісі» мәртебесін алуды қалайтын болса.

Келесідей әдіс, жайылымдарды қоршау арқылы жаздық рапсты егуге болатындығы – бұл дақыл топырақтың (жердің) құнарлылығын жақсартады. Бұл дақыл жиырма жылдан астам уақыт бойы Белорусь елінде өсіріліп келеді. «Ғалымдар күздік жаздық рапстың өнімділігін және жемнің құндылығын ерекше белгілеп өтті» [137, б. 11].

Рапстың тамырынан бөлінетін заттар топырақта сақталатын патогендердің диаспорасы жағдайын бұзады. Патогендердің диспорлары (өсімдік қожайыны болмаған жағдайда) өсіп-өнім, көптеген факторларға деген тұрақтылығын жоғалтады – микроб-антагонистердің ықпалы, қоректенудің жеткіліксіздігі, құрғап кету. Нәтижесінде ол ұлғайып, қоздырғыш құрып кетеді.

«Витебск облысында орташа балшықтағы шымды-алтын тәріздес топырақта жүргізілген тәжірибелер, рапстың бұрынғы егіс ретінде, арпаның өнімділігіне тигізетін ықпалын және оның тамырында шіріктермен зақымдану дәрежесін анықтады» [138, б. 53].

«Зерттеулер көрсеткендей, рапс бұрынғы егіс ретінде, арпаның тамырдағы шіріктермен зақымдану дәрежесін 34%-ға азайтты, ал арпа өнімділігі 4,3ц/га көбейді. Арпаның тамырдағы шіріктермен зақымдану дәрежесінің төмендеуімен қатар, зақымданған өсімдіктердің жалпы саны азайды» [139].

Кейіннен рапс Сібірде өсіріле бастады, жем - шөп жөніндегі БҒЗИ бұл дақыл - құнды көк жем деген ұсыныс шығарды [140].

Топырақтың құнарлылығын арттыру тәсілдерін аша отырып, Ф.Ф.Федляр рапс – өсімдіктерді қорғау құралы деген қорытынды жасады [141, б. 285].

«Казагро - инновация» АҚ, «Қазақ МШ ҒЗИ» ЖШС және «СевКАЗНИИЖИР» ЖШС ғалымдары, жылқыларды тебіндеп жайылуда азық үшін жаздық рапс егуді ұсынады.

Жарық күнінің ұзақтығы қысқаратын, оң температура төмендейтін және суық мезгіл бойы байқалып тұратын қатаң климат жағдайларында, барлық дақылдарды өсіру мүмкіндігі жоқ. Қазақстанның солтүстік аймағының жоғарыда аталған жағдайларына, көбінде жаздық рапс пен сұлы бейімді болып келеді. 40-45 күннің ішінде олар 100-150 ц/га жететін көк масса (салмақ) жинайды. Бұл күз-қыс мезгілдерінде жылқыларды ақуызы жоғары жеммен жемдеуге және дайындалған жемді үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұл дақылдардың жоғары жемді құндылығы бар, олар тіптен төмен температурада және қар жамылғысы мезгілінде өз құндылықтарын сақтайды. Нәтижесінде,

олар тіпті жайылымдарды пайдалану барысында жылқылар үшін күшті көк жем ретінде пайдаланылады.

Бірақ, Қазақстанның солтүстік аймағында күз-қыс мезгілдерінде жылқыларға жем беру мақсатында бұл дақылдарды күтіп-баптау мен пайдалану технологиясы зерттелмеген.

Зерттеулер көрсеткендей, өсімдік шаруашылығы мен жайылымдық мал шаруашылығы өзара тәуелді болып келеді, сонымен бірге шығындар жұмсалады. Жайылымдық мал шаруашылығын жүргізумен байланысты бизнес-үдерісте туындайтын шығындар.

Мал шаруашылығы саласын қарастыра отырып, жайылымдық мал шаруашылығы осы саланың ең өнімді бағыттарының бір екендігін айтып өту қажет, өйткені ол құнды емдімдік өнімдер өндірісін арттыру қабілетіне ие, сонымен бірге, мал шаруашылығының басқа салаларымен салыстырғанда, өнім бірлігіне жем мөлшері, қаражат пен еңбек аз жұмсалады. Соңғы жылдары жайылымдық мал шаруашылығының дамуында жағымды беталыс байқалады, бұл бізге таяу жылдары еліміздегі халықтың ең құнды сусындар және емдік, деликатес азық-түлік өндірісіне қатысты қажеттіліктерді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. 13 суретте өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімі бизнес-үдерісінің негізгі кезеңдерінде туындайтын шығындар ұсынылған.

Жайылымдағы малдар қыс мезгілінде қар астындағы тебіндеп жайылу арқылы өздеріне азық табады. Сондықтан күздік рапс егісі қажет, қар астындағы көктеп келе жақтан егіс, жайылымдағы малдарға көк жем алу үшін мүмкіндік береді. Жайылымдағы малдар үшін қыс мезгіліндегі жем шөптің қоры тек боран, көктайғақ, апат жағдайлары үшін ғана қажет.

Біз болашақта жеріміздің құнарлығын арттырып, өндірістік, өнімділік қабілетін арттыруымыз үшін, жаңашылдыққа бет бұрып, қазірде бос жатқан жерлерге рапс шөбін егу мәселесін қолға алуымыз керек.


Сол себептен, бұл мәселе Солтүстік Қазақстан аймағында жүргізілгендей, зерттеуді қажет етеді.

Алғаш рет солтүстіктің континенттік климаты жағдайында қыстық жем үшін жаздық рапс пен сұлы егісінің технологиясы әзірленіп, жылқы шаруашылығының өнімділігін арттыру үшін күз-қыс мезгілдерінде жайылымды пайдалану әдісі әзірленді.

Ол үшін тәжірибелі бөлінген жерлерде, күз-қыс мезгілдерінде жылқылардың тебіндеп жайылуы үшін, бес мерзім бойы (22 маусым; 2 шілде; 12 шілде; 22 шілде және 2 тамыз) жаздық рапс пен сұлы егісі арқылы жайылым айналымының бейімделген сызбалары әзірленді.

Мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы саласындағы ауыл шаруашылығы табиғат пайдаланушы болғандықтан, қоршаған ортаға жағымсыз ықпал етеді, жайылымдар жүйесіз пайдаланылады, тезек қаттау, егіс алаңдарын химиялық тыңайтқыштармен өңдеу және т.б.

13 суретте өсімдік және мал шаруашылығы өнімі бизнес-үдерісінің негізгі кезеңдерінде туындайтын шығындар қарастырылған.



Сурет 13 – Жайылымдық мал шаруашылығы үшін өсімдік шаруашылығы өнімі бизнес-үдерістерінің кезеңдерінде туындайтын шығындар

Ескерту - Автор құрастырылған

Мал шаруашылығының қалдықтары жайлы айтатын болсақ, бұл ең алдымен тезек, оны жинастырып, содан соң одан отын дайындау қажет. Ежелгі уақыттан бері малшылар жиналған тезектен қи дайындап, кептіріп, отынның қысқы қорын дайындаған. Ал қазіргі кезде тезекті 1-2 жыл ішінде қаттап тастап, оны шірітіп, шірікті өсімдік шаруашылығында пайдалану қажет. Бүгінгі таңда оның басқа нұсқасы келесідей, алдымен тезекті жинап, одан газ дайындалады, бірақ ол үшін құрал-жабдық қажет. Мал шаруашылығына қызмет көрсететін «халықты» газбен қамтамасыз етуге болады.

Жергілікті жерлерде малды қайта өңдеу жағдайында, мал союдың нәтижесінде қалдықтар қалады, малды қайта өңдеудің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін аталған қалдықтармен айналысу,

санитарлық-эпидемиологиялық станция талаптарына негізделе отырып іске асырылуы қажет.

Сол сияқты, қырылған малды көму, тұтас етті жою жөніндегі шығындар маңызды болып табылады, басқару есебін ұйымдастыру қажет, есепте малдың өлім-жітімінен туындаған шығын, індеттің салдарынан туындаған шығын айқындалады, бұл өте маңызды. Мұндай ақпарат статистика хабаршысында жарияланауы тиіс.

Жергілікті әкімдік мал қорымдарына арналған жерлерді бөліп беруі тиіс. Бүкіл фермер шаруашылықтарына және жеке қоныстарға мал қорымының орналасқан жері туралы хабарлау қажет, көму талаптарын сақтау қажет.

Көмуді әкімдіктің рұқсатымен іске асыру қажет. Оның мақсаты қоршаған ортаның экологиялық талаптарын сақтау болып табылады. Өлген малды көмбей, оны жайылымға тастаған фермер шаруашылығының басшысына жаза қолдану керек. Қырылған малдың көмілмеген өлігі қоршаған ортада жаман иісті және уландырғыштықты тудырады. Сонымен бірге, малдың аурудан қырылуы нәтижесінде, көмілмеген мал өлігін жартқыш жануарлар немесе иттер жеп кетуі мүмкін, бұл өз кезегінде індеттің таралуына ықпал етеді.

Улы, биологиялық және әлеуметтік сипаттағы қауіпін азайту үшін негізгі шаралары бұл:

- малдардың денсаулығын қорғау;
- тұтынушылардың денсаулығын қорғау;
- қоршаған ортаны қорғау.

Санитарлық және фитосанитарлық шаралардың орындалуы – малдарды ауру мен зиянкестерден қорғауды талап етеді. Мал дәрігерлігі саласындағы заңнама едәуір дәрежеде, малдарды тексеру, оларға диагностиканы ұйымдастыру мәселелеріне арналған. Сонымен қатар, мал шаруашылығын саласындағы заңнама ветеринарлық аспектілерге, сол сияқты, малдарды бақылау мен ауруларды жою мәселелеріне арналған [142].

«Ветеринарлық қызмет туралы 10.07.2002 жылы шыққан Заңға сәйкес, ветеринарлық қызмет, лицензиясы бар тәжірибелік мамандар келесідей қызметтерді іске асырады:

1. емдеу және профилактика;
2. ветеринарлық дәрі-дәрмекті, препараттарды өндіру мен өткізу;
3. жем қоспаларын өткізу;
4. дезинфекциялау құралдарын дайындау мен өткізу;
5. зертханалық және диагностикалық жұмыс;
6. азық-түлік өнімдерін тексеру [143, б. 1-10].»

Сонымен қатар, мал дәрігерлерінің өздері зооветеринарлық жабдықтау мекемелерінен, ветеринарлық дәріханалардан, ветеринарлық препараттардан үлкен қашықтықта болуы мүмкін, оқуға қатысты қол жетімділігі жоқ, оның салдарынан өздерінің білімдерін және дағдыларын жетілдіре алмайды.

Бүгінгі күні, одақ кезеңінде болған мониторинг жоқ. Малдарға жүргізілетін диагностика жағдайы нашар. Әсіресе, соңғы он жылдықта малдардың құс гриппі, доңыз гриппі сияқты аурулардың таралған, сол сияқты аусыл,

бруцеллез, туберкулез, эхинококкоз, кене аурулары және т.б. аурулар таралған. Малдардың ауруларын анықтау, содан соң оларды емдеуге байланысты тұрақты күрес жүргізу үшін, қомақты қаражат және кем дегенде 10-15 жылға арналған мемлекет бағдарламасы қажет. Бұл аурулар, малдармен байланыс болған ауыл халқының арасында да таралған.

С.Т.Дәуғалиева өз зерттеулерінде былай деп тұжырымдайды: «Адамдармен малдың патологиясында бейқалыпты микобактериялар деп аталатындардың рөлі белгісіз болып қалып отыр. Ғалымдар бейқалыпты бактериялардың, нокардия, коринобактериялардың және туберкулез қоздырғыштарының жақын туыстығын анықтап отыр. Біздің зерттеулеріміз көрсеткендей, мал туберкулиніне әсер ететін және әсер етпейтін малдың дерттік материалынан, сондай-ақ біздің ортамыздағы объектілерден бейқалыпты микобактериялар бөлінеді» [144, б. 49].

Аурудың бұлай таралуы 1997 жылда басталып, бүгінгі күні де орын алып келеді. Фермерлер өз қаражаттарын мал дәрігерлеріне жұмсамайды, бұл көбіне фермерлердің қолында қаражаттың болмағандығымен түсіндіріледі.

Ауру малды анықтау мақсатында малдарды тексеру және оларға диагностика жүргізу, індеттің алдын алу бағдарламасы, малдың жарамсызын шығару және емдеуге келмейтін ауру немесе қырылған малды жою мақсатында шаруашылықтарға шығындарды өтеу шаралары. Малдарды емдеу бағдарламасы, дәрі-дәрмекпен, вакцинамен және ветеринарлық құрал-жабдықпен қамтамасыз ету бағдарламасы қабылданған [145]. Осының барлығы, адамдардың денсаулығын сақтау мақсатында «Жайылымдық мал шаруашылығына» қызмет көрсететін халықтың денсаулығын және экологиялық таза өнім өндірісін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының 10.07.2002 жылы қабылданған №339-ІІ «Малдардың денсаулығы туралы» Заңы [143, б.1-10], ветеринарлық шараларды өткізу, малдарды егу, вакциналау бойынша шығындарды қарастырады.

Үкімет малдардың денсаулығын қорғау бойынша қызметтерді көрсету жөніндегі ветеринарлық жүйенің жетілдіру бойынша белгілі шараларды қабылдайды. Қазіргі таңда, мемлекеттік қолдау көрсету жолында ұйымдастырушылық мәселелер талқылану үстінде (жеке мал дәрігерлері), олар мемлекетпен, жергілікті билікпен келісім-шарттарға отыра алады. Көптеген жағдайларда жергілікті билік, халықтың тіршілігін қамтамасыз етуде бұл мәселені басты мәселе немесе маңызды деп санамайды. Жоғарыда аталғанның барлығы малдардың денсаулығын және тұтынушылардың денсаулығын қорғау үшін тікелей ықпал етеді.

Ветеринарлық медицина туралы заңда халықаралық стандарттардың талаптарымен бұл аурулардың тізімі кеңейтілген. Мұнда күрделі мемлекеттік бағдарламалар қажет, ол бюджеттен ақшалай қаражаты өтеумен байланысты. Яғни, ауырған малдарды жою немесе малдан алынатын бұзылған өнімді жою жағдайында, фермерлерге өтемақы төлеу үшін қажет.

Халықаралық эпизоотикалық комитеттің (БСҰ) ережелеріне негізделі отырып, ауруларды «бір облыстан кейін келесі облыс» қағидасы бойынша



ауруларға бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік болады, онда белгілі бір облыс аурусыз болып жарияланады, содан соң тек осы облыстың өнімдері экспортқа сертификатталады. Осыған орай, біздің елімізде шетелге мал шаруашылығы өнімін өткізумен байланысты мәселелер туындайды. Бұл жөнінде, аталған бағытта, бүгіннен бастап қажетті жұмысты жүргізу қажет.

Санитарлық және фитосанитарлық шаралар, бұл тұтынушылар ретінде, батыс елдер үшін қойылатын талаптар және халықаралық сауданың талаптары секілді. Осыған орай, біз, қоршаған орта мен экологиялық қауіпсіз мал шаруашылығы өнімін қамтамасыз ету мақсатында, өндірушілерде, сол сияқты қайта өңдеушілерде, талдауларды жүргізу жөніндегі зертханаларды құруымыз қажет. Бір уақытта, мүдделі тараптардың ақпараттылығын қамтамасыз ету керек. Қазақстандық мамандар осы стандарттарды халықаралық деңгейде талқылауда белсенді түрде қатысуға міндетті.

Мұнда азық-түлік өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында, малдардың денсаулығын қорғау маңызды болып табылады. Бір уақытта аурулардың профиликатикасы мен жем-шөп есептілігінің басқару есебін ұйымдастырудың маңыздылығын фермерлер, мал дәрігерлері, қасапшыларға дейін терең ұғынуы керек.

Мал шаруашылық өнім сапасының мәселесі өнімнің экспортына қатысты сияқты көрінеді. Ал республика ішінде, еліміздің ішінде, біздің халқымыз үшін, өткізілетін мал шаруашылық өнім сапасының маңыздылығы жоқ па? Бұл, оған қоса біздің денсаулығымыз.

Міне сондықтан, санитарлық және фитосанитарлық шаралар тұтынушылар мен өндірушілердің мүдделеріне қарай сақталуы тиіс. Сонымен қатар, бүгінгі таңда ұсақ құстарды, ет пен сүтті қайта өңдеумен айналысатын компаниялардың, барлық параметрлер бойынша қажетті талдау жүргізу үшін зертханалық құрал-жабдықтары жоқ [142, б. 290].

Қайта өңдеу ұйымдарында сапаны арттыру мен сұрыпталымды кеңейту мақсатында ілгерінді технологияларды жаппай пайдалану, өнімділігі жоғары құрал-жабдықтарды енгізу, сол сияқты азық-түлік өнімдерінің жаңа түрлерін шығару жөніндегі мәселелер өте баяу шешіліп келеді. Автоматтандырылған басқару жүйелері енгізілмей келеді. Нәтижесінде, қазіргі таңда, тұтынушылардың денсаулықтары кепілдікпен қамтамасыз етілмеген. Сондықтан ауру малдарды күтіп-бағумен байланысты тұлғалардың ауруға шалдығу жағдайлары арта түседі. Сол сияқты, ауру малдан жұғатын аурулар тарайды. Күрделі бағыттағы аурулар ұзақ уақыт бойы емделеді және ауруға шалдыққан тұлғалар үшін шығынды болып келеді.

Біздің жағдайымызда, малдан туберкулез, бруцеллез жұқтыру салдарынан туындайтын зиян аз емес. Еңбекке деген қабілеттілікті жоғалтумен қатар, аурудан зардап шеккен адамдарды ескеретін болсақ, өздері ақы төлеуге дайын бола тұра, дендерінің сау болып қалуын тілейді. Бірақ, оларды емдеуге жұмсалатын шығындарға ешкім жауапты емес. Осының барлығы экологиялық дағдарысқа әкеліп соғады. Аймақтық экологиялық мәселелер ауруды жұқтыру бойынша зиянның пайда болуының тікелей көзіне айналады.

Е.М.Үпішев осы мәселелер бойынша былай деп жазады: «адам өзінің биологиялық болмысы мен өсіп бара жатқан табиғаттан алшақтық арасындағы қарама-қайшылықтардың зардабын шегеді... инфекциялар аса көп, аурулар жастың ұлғаюына қарай созылмалыға айналады. Адам экологиясы мәселесі енді көбіне денсаулық сақтаудың мәселелеріне туындатып жатады» [146, б. 9].

Қоршаған ортаны қорғау адамның маңызды міндеттерінің бірі болып табылады, өйткені кез келген зиянды қоспалар ерте ме кеш пе, су, топырақ арқылы малдардың ағзасына өтеді, содан соң ет немесе сүт түрінде адам ағзасына өтеді.

К.А.Алишева шынайы түрде «Тек таза қоршаған ортада толығымен сау болуға болады – бұл аксиома» деп дәлелдейді [147, б. 224].

Малдардың ауруларын зерттеу жөніндегі шараларды, қан талдауын, диагностиканы міндетті түрде жүргізу қажет. Осылайша, біз еліміздің ішінде азық-түлік қауіпсіздікті қамтамасыз етеміз. «Халықтың денсаулығы» бағдарламасын іске асыру қажет, «Таза су» бағдарламасы жүзеге асырылды, біздің ойымызша «Пайдалы тағам» бағдарламасын әзірлеу қажет, соның ішінде малдардың еті мен сүті. Ол үшін жеке қоныстар, шаруа (фермер) қожалықтары, кооперативтер, агроөнеркәсіптік кешендерден т.б. бастап, «Бүкіл мал басын зерттеу (тексеру)» бағдарламасы қажет. Зерттеу жүргізу үшін құрал-жабдық, жабдықталған зертханалар мен мамандар қажет. Не себептен біз тек сыртқы нарық үшін малдарға және ауыл шаруашылық өнімге зерттеуді, диагностиканы жүргізуіміз қажет. Малдарға және өнімге жүргізілетін зерттеулердің барлық түрлері ішкі нарық үшін сапалы экологиялық таза өнімді алу мақсатында қажет. Нәтижесінде сап-сау мал, экологиялық пайдалы өнім кепілдігіне халық ие болады, оған қоса біздің қоғамымыздың денсаулығына кепілдік беріледі [148].

Табиғи ортада адамның бойында әр түрлі ауруларды тудыратын биологиялық ластаушылар кездеседі. Топырақта, тірі ағзалардың денесінде, адамның бойында ауру тудырушы микроағзалар болуы мүмкін (вирустар). Инфекциялық аурулардың қоздырғыштары өте қауіпті, олар қоршаған ортаға бейімді, және бірнеше жылдар бойы тіршілік ете алады.

Сонымен қатар, тұрмыстық қалдықтар, олардың қоршаған ортасы туралы Б.Е.Нурсейтов жазған, «-топыраққа-ластаушы заттардың жер үстіндегі сумен (жауын-шашын, қар) шайылу есебінен және топыраққа сіңу арқылы;

- бактериялық ластану - қалдықтардың жатып қалуы, адамның инфекциялық ауруларының негізгі жұқтырушысы болып табылатын таратукеміргіштер мен шыбындардың көбейуі үшін жағымды орта болып саналады» [149, б.17].

Ластанған топырақ (жер), қалдықтар тасталған орындар, инфекция көзі болуы мүмкін. Олар мал мен адам ағзасына өсімдікпен немесе тамақпен түседі. Инфекциялық аурулардың пайда болу себебі құдықтағы су, немесе жер асты суы болуы мүмкін, сол себептен суды ішпес бұрын оны қайнату қажет. Көлдердің, бөгеттердің ластанған көздері инфекциялар, індеттерді қоздыру себебіне айналуы мүмкін. Дем алған уақытта ауа-тамшылы жолмен адам ағзасы жұқтырылуы мүмкін.

Табиғи-ошақты аурулармен жұқтырылған малдар өз кезегінде, өзімен байланыста болған адамдарға ауру жұқтырады, бұл туберкулез, бруцеллез.

Малдан малға, малдан адамға берілетін өзге ауруларды жәндіктер, кене сияқты жұтырушылар болып табылады.

Осыған орай қоршаған ортаның сапасы туралы тұрақты қамқорлық халық денсаулығының жоғары деңгейі үшін толыққанды негіздерді қалыптастырады.

Табиғатты қорғау қызметі қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған.

Бұл мақсаттар үшін мемлекеттік бюджеттен үкіметтік қолдау көрсетіледі.

Үкіметтік қолдау жайылымдарды қалпына келтіруге, оларды сумен жабдықтауға бағытталған, малдарды тексеру мен емдеуге жұмсалатын шығындар басқару есебіне алынуы тиіс. Сонымен қатар, көптеген экономистердің ойынша, табиғатты қорғау үшін пайдаланылған шығындарды анықтау қиын, осыған орай есепті ұйымдастыруда өзінің қиындықтары да бар.

Өнеркәсіпте табиғатты қорғау қызметіндегі шығындардың есебін ұйымдастыруға қатысты шет мемлекеттердің тәжірибесі алғашқы қадамдарын жасап отыр. БҰҰ жүргізілген конференция өзінің алғашқы нәтижелерін көрсетті.

«Шаруашылық тәжірибені зерттеу нәтижелері, табиғатты қорғау қызметіне жұмсалатын шығындардың мақсаттылығын көрсетті. Жекелеген шаралар көп жылдар бойы қолданылып келеді және тікелей, қолайлы және уақытпен тексерілген. 1989 ж. зерттеуде белгіленген, шығындарды анықтау және оларды әр түрлі шоттарға жатқызумен байланысты қиындықтар, басқару есебі саласының мамандары болып табылмайтын, бірақ тиісті техникалық тәжірибесі бар қызметкерлерді пайдаланған жағдайда, жеңілмейтін тосқауыл емес. Табиғатты қорғау қызметімен байланысты шығындар анықталғанымен, бұл анықтама субъективті болуы мүмкін. Оның нәтижесінде, табиғатты қорғау қызметіне қатысты шығындарға қайсысы жататындығын шешу қажет» [150, б. 16].

Табиғатты қорғау қызметінің есебін ұйымдастыру мәселесі өзекті болып табылады және көптеген себептерге байланысты кідіріссіз шешуді талап етеді, олардың бірі: Заманауи жағдайларда экологиялық қауіпсіздіктің өсуін жай ғана тоқтату мүмкін емес, онымен толықтай айналысу қажет.

Басқа себебі, бүгінгі таңда экономиканың әрбір саласында шешілуі тиіс қоршаған ортаны қорғау мәселесі.

### **3.3 Жайылымдық мал шаруашылығын экологияландыру, экологиялық таза өнім өндірісі шығындарының басқару есебі, калькуляция әдістері**

Бүгінгі күні экологиялық таза өнім өндірісінің шығындар есебінің өзектілігі, оның өзіндік құнын құру маңызды рөлді атқарады. Шығындар сыныптамасының мәнін ашу барысында классикалық түсінікке сүйенетін болсақ, шығындардың тұрақты және өзгермелі түрлері бар. Бірақ, өндіріс көлемінің өзгеруімен өзгермелі шығындар, тұрақты шығындар секілді бір

мағыналы болмауы да мүмкін. Әдеби көздердің зерттеулері көрсеткендей, ғалымдар мен тәжірибешілдер шығындарды негізгі және үстеме шығындарға бөлетін басылымдар жеткілікті.

Өнімді өндіруге жұмсалатын шығындарды есепке алу мен орындалған жұмыстардың әдіснамасы мен түсініктерді ашу өзектілігі күмән тудырмайды.

Заманауи жағдайларда өнімді өндіруге жұмсалған шығындарды есепке алу әдісін ашып қарастыру маңызды рөлді атқарады. Өйткені шығындарды есепке алу әдісі бұл өндірістік есеп негіздерінің негізі болып табылады. В.Ф Палий өзінің зерттеулерінде былай деп жазған: «Шығындарды есепке алу мен калькуляциялау мәселелері бухгалтерлік есеп жүйесінде орталық орындардың бірін алады». Өндіріс шығындарының есебі мен өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау әдіснамасын жетілдіру және оларды ұйымдастыруды жақсарту жолдары туралы талқылаулар, дау-дамайлар әлі де жалғасып келеді [151, б. 4].

Шығындарды есепке алу әдісі өнім мен орындалған жұмысты калькуляциялау әдісімен бірге қарастырылады.

Сонымен қатар, С.А.Щенков, шығындарды есепке алу әдістемесінің анықтамасын «кәсіпорындардағы өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау мен оны өндіруге жұмсалған шығындарды есепке алу әдісі деп, өндіріс шығындарын қамту, жүйеге келтіру және бақылауға қатысты белгілі тәсілдеме» түсіндіреді [152, б. 189].

Әдіс ретінде төмендегілер бойынша шығындарды сипатталуын көрсетуге болады:

- күтіп-ұстау мен мақсаты;
- тағайындау орны (бригада, телім, цех);
- жұмыстардың түрлеріне қарай шығындардың орталықтары (күю, тығындау және т.б.);
- өнімнің түрлері бойынша (ірімшік, қаймағы айырылған сүт, сарысу және т.б.);
- ұсақ бөлшектер немесе жартылай фабрикаттардың түрлеріне қарай;
- шығыстың нормалары бойынша (металл, мата);
- шығындардың үнемділігі мен өтелімділігі.

Дайын өнімнің өзіндік құнының серпінін құру. Шығындарды есепке алу, сәйкесінше өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау, бұл шартталған үдеріс болып табылады. Шығындарды есепке алу әдісін таңдау өндіріс технологиясына (еңбек сыйымдылығы) ықпал етеді [153].

А.Ш.Маргулис былай деп белгілеп өткен: «Өңдеу өнеркәсібі салаларында технологиялық үдерістің ерекшеліктерімен шартталған, өндірістік шығындарды есепке алу мен өзіндік құнды калькуляциялаудың келесідей әдістері қолданылады:

- шығындарды жинақтаудың қайта бөлістік әдісі...
- шығындарды жинақтаудың өтпелі әдісі...
- шығындарды жинақтаудың тапсырыстық әдісі...
- нормативтік әдіс...» [154, б. 192].

Біздің мақсатымыз, басқару есебінде шығындардың сыныптамасын зерттеу болып табылады. Біздің ойымызша, басқару есебіндегі шығындардың сыныптамасын К.Кеулимжаев пен Н.А.Құдайбергенов сәтті ашқан

«Шығындарды есепке алу және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау әдісі ретінде, өнімнің (жұмыс, қызметтер) нақты өзіндік құнын анықтау үшін өндіріске жұмсалатын шығындарды құжаттау мен айқындау тәсілдерінің жиынтығы деп санау қажет».

Шығындарды есепке алу мен өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау әдістерінің сыныптамасында өнім өндірісін ұйымдастыру мен технолоиясы, шығарылатын өнімнің, орындалатын жұмыс пен көрсетілетін қызметтің номенклатурасы (тізімдеме) анықтаушы рөлді атқарады [155, б. 109-110].

Заманауи жағдайларда шығындардың өндірістік есебінің және өнім калькуляциясының негізгі теориялық ережелері қалыптасқан секілді. Сонымен бірге, бұл мәселелер экономика салаларында соңына дейін шешілмеген.

Бұл жөнінде, әділ түрде В.Ф.Палий былай деп айтып кеткен:

«Жетістіктерді белгілей отырып, теориялық тұжырымдарда белгілі мәселелер мен қарама-қайшылықтар туралы, зерттеуде қолданылатын әдістердің жетіспеушілігі туралы жасырудың қажеті жоқ» [151, б. 5]. Егер, шығындарды есепке алу мен өнім, жұмыстар мен қызметтерді калькуляциялаудың салалық ерекшеліктері туралы сөз қозғалатын болса, онда бұл салада көптеген шешілмеген мәселелер бар.

Сондықтан, бүгінгі күні пікірталастардың негізгі объектісі шығындарды есепке алу мен өнімнің өзіндік құнын есептеу әдістері болып табылады, өйткені жете зерттеуді және белгілі тұжырымдарды талап ететін көптеген жарияланымдар бар.

И.Г. Кукукинаның пікірінше: «Шығындардың функциялар бойынша есебі мен сыныптамасы, осы шығындарды бақылауға жауапты басшының жауапкершілігін қадағалауға мүмкіндік береді» [156, б. 136].

Бірақ, автормен басқару есебіндегі шығындар сыныптамасының өзі толығымен ашылмаған.

К.Т.Тайгашинова өз еңбегінде «Басқару есебі шығындарының сыныптамасын» ұсынған [157, б. 89-108]. Шығындар сыныптамасының бірнеше бағыты және әрбір бағыттың өз сыныптамасы бар. Басқару есебіндегі басқару мақсаттарына негізделе отырып, біздің ойымызша, аграрлық сала шығындары негізінде үш бағыт бойынша топталады:

- жемнің құнын анықтау үшін;
- басқару шешімдерін қабылдау және жоспарлау үшін;
- бақылауды жүргізу және реттеу үшін.

Басқару есебіндегі өндірістік шығындардың әрбір бағытының өз сыныптамасы бар (кесте 13).

Жемнің, соның ішінде жайылымдағы жемнің немесе өнімнің құнын анықтау үшін, шығындар келесідей жіктеледі:


- тікелей және жанама;
- негізгі және үстеме;
- өнімнің өзіндік құнына кіретін (өндірістік) және өндірістен тыс (мерзімді немесе кезең шығындары);
- бір элементті және кешенді;
- ағымдағы және бір жолғы.

Кесте 13 – Басқару мақсаттарына негізделе отырып анықталған шығындардың сыныптамасы

Есептің бағыты	Шығындардың сыныптамасы
Жемдердің соның ішінде жайылымдағы жем құнын анықтау үшін шығындар	Тікелей және жанама; Негізгі және үстеме. Өнімнің өзіндік құнына кіретін: - (өндірістік) және есепті кезеңнің шығындары (мерзімді); - бір элементті және кешенді; Ағымдағы және бір жолғы.
Шешімдерді қабылдау және жоспарлау үшін шығындар	- Тұрақты (шартты-тұрақты). - Өзгермелі (шартты-өзгермелі). - Бағалау кезінде есепке алынатын және алынбайтын. - Қайтарылмайтын шығындар. - Жүктелген шығын (ұтылған пайда). - Шекті және өсімді. - Жоспарланатын және жоспарланбайтын
Бақылау мен реттеуді жүргізу үшін қажетті шығындар	- Реттелетін. - Реттелмейтін.
Ескерту - Автормен құрастырылған	

Біздің жағдайымызда, аграрлық саладағы қорлар бұл жем болып табылады. бұл жемдер жайылымдағы жем болуы да мүмкін.

Басқару есебіндегі шығындардың сыныптамасына жүргізілген зерттеулерді Н.Н.Шишкоедова белгілеп өтті, оған сәйкес шығындар мен табыстардың ара қатынасын белгілеу қағидасына негізделе отырып, шығындарды кіру және уақыты өткен деп бөлуге болады (сурет 14).



Сурет 14 – Пайда болған (актив) және уақыты өткен шығындардың топтамасы (шығыстар)

Ескерту - [158] әдебиет негізінде автормен жасалынды


Шығындардың дәл осындай сыныптамасын К.Т.Тайгашинова келтірді. Автордың айтуынша, шығындардың осындай жолмен бөлінуі қандай бір соманы активтердің немесе шығыстардың құрамына жатқызу туралы шешім қабылдауының негізгі факторы болып табылады.

Біздің пікірімізше, шығындарды басқаруда бақылау мақсаттары үшін келесідей белгілер бойынша жіктеген дұрыс:

- өзіндік құнға қосу тәсілі бойынша;
- өндіріс көлеміне қарай;
- мерзімді пайда болуына қарай;
- шығындардың құрамы бойынша.

Шығындардың бұл сыныптамасы қандай да бір шығындарды өнімнің өзіндік құнына қосудың сенімділігін және негізділігін анықтауға мүмкіндік береді.

Тікелей және жанама шығындар. Өнімнің жеке түрлерінің өзіндік құнына жатқызу тәсілдеріне қарай шығындар тікелей және жанама болып бөлінеді. Өнімнің нақты түрін өндірумен байланысты және олардың өзіндік құнына кіретін шығындарды тікелей шығындар деп атайды. Олар тиісті 8110 «Негізгі өндіріс» шоттарының дебеті бойынша есепке алынады (сурет15).



Сурет 15 – Аграрлық саладағы операциялардың басқару есебінің ерекшеліктері

Ескерту - Автор құрастырған

*Негізгі және үстеме шығындар.* Өзінің мақсатына қарай шығындар негізгі және үстеме болып бөлінеді. Негізгі шығындарға жемдердің, материалдардың,

оның ішінде жайылымдағы жемнің құны, негізгі өндірістік жұмысшылардың еңбекақылары мен оның үстіне есептелетін төлемдер және экологиялық таза өнімді өндірумен және оның өндірістік өзіндік құнын құрайтын төлемдер. Үстеме шығындарға өндірісті ұйымдастырумен, қызмет көрсетумен және басқарумен байланысты шығындар кіреді.

Үстеме шығындардың келесі түрі – шоттар талап етілетін шығындар, олардың мақсаты әр түрлі. «Шарасыз шығындар» немесе «тәуелді шығындар» деген түсініктер бар. Тәуелді шығындарға, мысалы: жайылымдарды күтіп-ұстау, оларды сауықтыру, көк жайылымдардың өнімділігін арттыру үшін күздік жаздық рапс егісіне жұмсалатын шығындарды келтіруге болады. Малдардың өнімділігі жайылымдарды күтіп-ұстау, олардың өнімділігіне байланысты болады. Шарасыз шығындар бұл болжам – малдарға диагностика жүргізу (сынау-талдау), көрсетілген ветеринарлық қызметтер үшін шот ұсынатын ветқызметтер. Жұмыс орындалғаннан кейін шот ұсынады.

Осыған орай, шығындардың негізгі санаттарын белгілеу қажет:

- алдын ала төленген үстеме шығындар – басқару есебінде болашақтағы қызметтер үшін шығындар түрінде туындайды;

- жұмсалған шығындар – ерте ме кеш пе алдын ала төленген шығындар, жұмсалған (шығындалған) шығындарға айналады, оны шығындардың басқару есебінде айқындау қажет. Көптеген тәжірибешілдер, есеп жүргізуді және осы шығындарды болашақ кезеңге жатқызуды, содан кейін бір жыл ішінде өнідіріс негізінде есептен шығаруды ұсынады. Ең алдымен, бұл шығындар туралы ақпарат менеджерлерге басқару шешімдерін қабылдау үшін қажет, ол үшін болашақ кезең шығындары жөніндегі толық ақпарат талап етіледі.

Басқарушы менеджер «шығындар» және «шығындардың объектісі» не екендігін түсінуі қажет.

Шығындарды белгілі мақсаттарға қол жеткізу үшін қолданылған ресурстар немесе орындалған (ветеринарлық қызметтер) ресурстар ретінде анықтау қажет. Мысалы, жайылымдарды күтіп-ұстау, күздік рапс егісін күтіп-


ұстау бойынша шығындар, негізгі мақсаты жайылымдағы малдардың өнімділігін арттыру, малдарды күтіп-бағу.

Басқару есебінде – көрсеткіштерді заттай көрініс түрінде есептеуге тура келеді (мал басы, есептік топтар, жайылымдардың гектары, олардың өнімділігі және т.б.). Немесе есепке алынатын объект шығынының жағдайына ықпал ететін үстеме шығындарды бағалау қажет. Осыған орай, біздің ойымызша, кез келген шығындар белгілі бір мақсатпен байланысты, яғни әрқашан «шығындардың объектісін» анықтау мүмкіндігі бар. (сурет 14)

Үстеме шығыстарды үлестірудің бірыңғай мөлшерлемелері бар тәрізді. Бұл әдістеме тікелей шығындарға – материалдық және еңбекақы төлемі сияқты шығындарға пропорционал (тепе-тең) болып келеді. Формула бойынша.

$$\frac{\text{үстеме шығындар}}{\text{материалдық шығындар} + \text{жұмысшылардың еңбекақылары} + \text{төлеу}} \times 100 \quad (5)$$





Сурет 16 – Калькуляция баптары бойынша өндіріске жұмсалатын шығындар

Ескерту - Автормен құрастырылған

Бірақ, қазіргі таңда, бұл үстеме шығындарды үлестірудің ең дұрыс әдісі емес, бұл шығындарды есепке алудың және үстеме шығындарды бөлудің дәстүрлі әдісі, бұл әдіс өзіндік құнды құруда көпетеген дәлсіздікті тудырады.

Бүгінгі күні, осы үстеме шығындарды бөлуде жетілдіру мәселесі туындайды. Сонымен қатар, шығындарды есепке алу мен өнім калькуляциясының әдісін таңдау мәселесі пайда болады. Зерттеу жүргізген ғалымдардың пікірлері:

1. С.М.Бычкова және И.Е.Глушков, ауыл шаруашылық ұйымдарында өнімді өндіруге жұмсалатын шығындарды есепке алу әдісі үдерістік әдіс екендігін белгілеп өтті. Профессор Л.И.Хоружий есепке алудың қарапайым әдісін ерекше белгілеген [159- 160, б. 115].

2. Шығындарды есепке алудың дәстүрлі әдісіне негізделе отырып, ғалымдар: О.Н. Волкова және М.А. Вахрушина 17 суретте ұсынылып отырған, үш белгі бойынша шығындарды есепке алу мен өнімнің калькуляциясына қатысты тәсілдеменің мәнін ашқан.

Өзіндік құнға кіретін шығындардың құрамын регламенттеуге тарихи сипат тән болып келеді, яғни көп жағдайда, ел экономикасы дамуының нақты кезеңінде мемлекеттің салық саясатымен анықталады. Шығындардың кейбір түрлері (мысалы: кадрларды дайындау мен қайта дайындау және т.б.) белгіленген тәртіпте бекітілген нормалардың шегінде өзіндік құнның құрамына енгізіледі.

Салық салу мақсаттары үшін жұмсалған шығындар белгіленген тәртіпте бекітілген лимиттер, нормалар мен нормативтерді ескере отырып түзетіледі. Біздің жағдайымызда, шығындар драйверіне негізделе отырып есепте қолданылмаған ABC жүйесін ұсынып отырмыз (сурет 17).



Сурет 17 – Шығындарды есепке алу мен өзіндік құнды калькуляциялауға қатысты дәстүрлі тәсілдемелер

Ескерту – [161, 103 б.] дерек көзінен алынған

Сонымен бірге, біздің ойымызша, аграрийдегі басқару есебінде бұрын қолданылмаған мүлдем жаңа механизм әдістемесін әзірлеу қажет. Ал өндірісті экологияландыру кезінде әр уақытта болатын «шарасыз шығындар» орын алады.

Бүгінгі күнгі біздің мақсатымыз, шығындарды құрудың жаңа әдістері АВС әдісін жатқызуға болады. Алдымен өндірісті экологияландырудың негізгі функцияларын қамтамсыз ету мақсатында шығындарды «шығындардың баптары» бойынша топтастыру мәселесін қарастырамыз.

Экологиялық таза өнім өндірісіндегі негізгі функция экологияландыру - «өндірісті экологияландырудан» басталады (шаруашылықтың өзін экологияландыру).

Заманауи жағдайларда экологияландыру мәселесі орын алған, өйткені ол үлкен шығынды, ұйымдастырушылық ауқымды жұмысты қажет етеді. Фермер шаруашылықтарының оны іске асыру мүмкіндіктері жоқ, себебі оған қажетті қаражат жоқ. Ал экологиялық таза өнім өндірісін, өндірісті экологияландырусыз іске асыру мүмкін емес, өйткені экологиялық қауіпсіздік туралы кепілдік жоқ. Сонымен қатар, біздің елімізде өнімді шет елге өткізу ісін жүзеге асыру қажет. Экологиялық кепілдіксіз, сертификатсыз бұл мәселені шешу мүмкін емес.

Экологиялық таза өнім өндірісі өте өзекті. Экологиялық таза өнімді өндіру жөніндегі барлық ұйымдастырушылық жұмысты АӨК немесе Ауыл шаруашылығы Министрлігі жүргізуі тиіс, өйткені ол үшін қаражат пен субсидиялар (көмекқаржы) қажет. Біздің ойымызша, бұл шығындарды АӨК немесе Ауыл шаруашылығы Министрлігіне жүктеу қажет.

Фермер шаруашылығы немесе кооператив экологиялық таза өнім өндірісін жоспарлайтын болса, онда АӨК (аймақтық) немесе Ауыл шаруашылығы Министрлігі тауар өндірушіге қолдау көрсетуге, «өндірісті экологияландыру», «экологиялық таза өнім» жөніндегі жұмысты жүргізуде жәрдем көрсетуге міндетті. Бұл жұмысты АӨК мойнына алу керек. АӨК шаруашылықтарға өндірілген өнімнің «сапасына» және «экологиялық қауіпсіздігіне» кепілдік беретін сертификаттарды алуға жәрдемдесуі тиіс.

Осыған орай өндірісті экологияландыру бойынша жұмсалған шығындарды басқару үшін ақпарат қажет (экологиялық қауіпсіздікті растау мақсатында өнімді талдау. БҰҰ талаптарына қатысты кепілдік сапасы және т.б.). Бұл ақпаратты басқару есебі дайындайды. Бүгінгі күні, есеп тіркелімдері жоқ. Міне сондықтан, біз шаруашылықтағы мал дәрігерлік қызметтер бойынша орындалған жұмыстарды есепке алу тізімдемесін әзірледік. Бұл тізімдеме фермер шаруашылықтарында немесе кооперативте жүргізілген жұмыстарды есепке алу үшін қажет. Бұл тізімдеменің бірінші мақсаты орындалған жұмыстардың сомасын анықтай отырып (әрбір шаруашылықта), калькуляция жүргізу және шығындарды экологиялық таза өнім өндірісіне жатқызу болып табылады (кесте 14).

Кесте 14 – Шаруашылықтағы ветеринарлық қызмет көрсетілген кезең ішінде орындалған жұмыс есебі

Тізімдеме								
Жазба	Орындалған жұмыс көлемі	Шығындар					Қорытынды шығын	Ескерту
		Бас саны	Еңбек ақы тг	Әлеум. к салық	медикамент шығыны	Басқада шығын		
А	1	2	3	4	5	6	7	8
1	Малдар диагностикасы							
2	Жас малдарды егу							
3								
4								
5								
6								
7								
8								
9								
Ескерту - Автор құрастырылған								

Бұл тізімдеменің екінші мақсаты орындалған жұмыстар шығындарының сомасы, шығындарды өтеу үшін АӨК қажет.

Шаруашылықтарда малға ветеринарлық зерттеу жүргізумен қатар, экологиялық қауіпсіздікті анықтау мақсатында жұмыстардың келесідей түрлерін жүргізу қажет, мысалы:

- жайылымдардың жағдайын талдау;
- азықты талдау;
- суды талдау;
- құрал-жабдықты талдау;

- сауыншылар, табыншылар, қымыз цехі жұмысшыларының денсаулық жағдайларын талдау (кем дегенде әр қайысысында санитарлық кітапшаларының болуы);

- өнімді шыны бөтелкелерге (ешқандай жағдайда пластмасса бөтелкелеріне күймау).

Жоғарыда аталаған талаптардың барлығы өндірісті экологияландыруға жатады, олардың барлығын ескеру қажет. Мұнда кешенді жұмыс жүргізу, экологияландыру талаптарын орындау қажет, есепті жүргізіп ғана қоймай, сонымен бірге, жайылымдық мал шаруашылығының экологиялық жағдайын басқару қажет. Таяу болашақта АӨК саласын тиімді дамыту мақсатында, біздің ойымызша, фермер шаруашылықтарында, кооперативтерде экологиялық таза өнімді өндіру мәселелерін шешу үшін, аудандық аудандардың АҚК-де тиімді басқарудың үздіксіз бақылауына қол жеткізу қажет.

Міне сондықтан, «өндірісті экологияландыру» «экологиялық таза өнім» бойынша шығындарды есепке алу мен шығындарды бақылау қажет. Осының барлығы экологиялық таза өнімнің өзіндік құнын арттыруға ықпал етеді. Экологиялық таза өнім қарапайым (әдеттегі) өнімнен қымбат болады. Сонымен қатар, қазіргі таңда, экологиялық таза өнімге деген сұраныс тұрақты түрде артып келеді. Осыған орай, АӨК фермерлерге біз ұсынып отырған «Тізімдемелерді» толтыруға, есепті ұйымдастыруға жәрдемдесуі тиіс. Мысалы, «Рапс» егу жөніндегі жұмыстың тізімдемесі (кесте 15) берілген.

Кесте 15 – 200 шаршы м<sup>2</sup> жайылым ауданында «рапс» егу арқылы орындалған жұмыстың үстеме шығындарды есепке алу

<b>Тізімдеме</b>										
Жазба	Шығын баптары	Рапс дақылдарын құны							Қорытынды шығын	Ескерту
		Еңбек ақы шығыны		тұқым құны	Тұқым егуге дайындық жұмыстары	Агрегаттық Жұмыс	Жабдықтар шығыны	100 га жайылымды		
		жұмыс күні	Еңбек ақы							
A	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Еңбек ақы									
2	Әлеуметтік салық аударымы									
3	Тұқым шығыны									
4	Егістік басталардағы жерді дайындау									
5	Себу жұмыстары									
6	Басқада шығындар									
	Қорытынды									
Ескерту - Автормен құрастырылған										

Егу жөніндегі шығындар АӨК өз мойнына алады, біздің ойымызша, есепті де АӨК жүргізуі тиіс. Тек бір ерекшелік, шығындар сомасын жұмыстар жүргізілген фермер шаруашылығының өніміне жатқызу керек. Ең бастысы, шығындардың есебін ұйымдастырумен қатар, экологияландыру бойынша жұмыстарды калькуляциялау қажет.

Сондықтан, біздің ойымызша, өз функцияларын атқаратын шығындар есебін ұйымдастыру мен айқындау үшін шығындардың жаңа баптарын құру қажет, өндірісті экологияландыруда шығындардың келесідей баптары болуы тиіс:

- кадрларды дайындау және қайта дайындаумен байланысты шығындар (зертханашылар, биологтар, дәрігерлер, мал дәрігерлері және т.б.);
- «экологиялық таза өнім өндірісін» басқарумен байланысты шығындар;
- сапа көрсеткіштерін жақсартумен байланысты, өнімге, шикізатқа, жемдерге, малдарға, жерге, құрал-жабдықтарға, экологиялық қауіпсіздікке кепілдік беретін жұмыскерлердің өздеріне жүргізілген талдаумен байланысты шығындар;
- құрал-жабдықтарды сатып алумен, зертханаларды жабдықтаумен байланысты шығындар (талдауларды жүргізу үшін);
- жайылымдардағы тебіндеп жайылатын малдардың қоршалған жайылымдарын пайдаланумен байланысты шығындар;
- суды пайдаланумен байланысты шығындар;
- ветеринарлық қызметтің сервисіне, малдарға профилактика шараларын жүргізу, зерттеу және емдеу үшін жұмсалатын шығындар;
- экологиялық таза өнім өндірісімен тікелей байланысты шығындар, соның ішінде материалдық, еңбек шығындары;
- үстеме шығындар (коммуналдық, жоғарыда аталған баптарға енгізілмеген әлеуметтік шығындар).

Жоғарыда аталған баптар, біздің ойымызша, экологиялық таза өнім өндірісіне жұмсалатын шығындардың есебін айқындайды.

Осыған орай, қазіргі таңда, шаруашылықтар өндірілген өнімнің өзіндік құнын, әдетте ұсыныс бағасының төменгі шегі болып саналатын толық шығындар бойынша және салық салу мақсаттары үшін өнімнің түзетілген өзіндік құнын есептейді (салық өзіндік құны). Түзетілген өзіндік құн әрқашан шаруашылықтың иелігінде қалатын пайданың есебінен өтеледі. Мұнда бір кемшілік бар, «экологиялық таза өнімнің» өндірісі – әдеттегі өнімнен қымбатырақ болады.

Өнімнің өзіндік құнының сенімділігін арттыру мақсатында біз, үстеме шығындарды есепке алудың және шығындар драйвері (тасымалдаушысы) қызметтері калькуляциясының АВС жаңа әдістерін ұсындық.

Үстеме шығындары - ұсынылатын шотқа қатысты ветеринарлық қызмет сервисінің өзіндік құнын анықтау қажет, яғни 1 мал басына келетін қызметтердің сервисін есептеу қажет.

Сонымен қатар, шығындардың ішкі жедел есебінің басымды рөлі артады, өйткені толық талдамалы ішкі есеп, есептің жеделдігіне және басқару шешімдерді қабылдау үшін ақпараттың уақытылы ұсынылуына ықпал етеді. Есепті ұйымдастыру үшін, біз, есепті кезеңдегі шығындарды есепке алу тізімдемесін жүргізуді ұсынамыз (В-12), яғни - В-12 нысанындағы Тізімдеме өнімді өндіруге жұмсалған шығындарды, кезең шығыстарын және аяқталмаған өндіріс бойынша шығындарды есепке алу үшін арналған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылдың 14 қазанындағы №1172 [134, б. 3-13] Қаулысымен бекітілген «Бухгалтерлік есепті жүргізу ережелерін» негізге ала отырып, өкінішке орай, фермер шаруашылықтары, кооперативтер, ЖШС шығындардың есебін жүргізуге міндетті. Бірақ, бүгінгі күні, көптеген

шаруашылықтар шығындардың есебін жүргізбейтіндігі, өзіндік құнды анықтаймайтындығын растайтын фактілер бар. Мұның барлығы, өзіндік құн көз мөлшерімен анықталады. Осыған орай, шығындардың есебі қажет. «Өндіріске жұмсалатын шығындар есебінің» ұсынылып отырған №12 Тізімдемесі, өнімнің өзіндік құнының сенімділігін анықтауда, өнімді калькуляциялауда маңызды рөлді атқарады.

Басқару үдерісінің бөлігі бола отырып, бұл тізімдеме: шығындарды, сол сияқты ағымдағы қызметін бақылауға, оның даму стратегиясымен жайылымдағы малдарды күтіп-бағу тактикасын жоспарлауға, ресурстарды оңтайлы қолдануға, әрбір үдерістің ішінде қызметтің нәтижелерін өлшеу мен бағалауға, шешімдерді қабылдауда субъективтілікті жоюға мүмкіндік беретін маңызды ақпаратты ұсынады. Нарықтық экономиканың негізгі қаиғдалары барлық шаруашылықтардан олардың өз бетімен шешім қабылдауларын талап етеді: қандай көлемде және сұрыпталым жайлы, өткізу нарығында өнім бәсекеге қабілетті болу үшін өнім сапасының қандай деңгейін өндіру қажет екендігі, оның қандай бағамен сату, кіммен іскерлік қатынас орнату, қаржы инвестицияларын тартудың тиімді нұсқасын таңдау сияқты мәселелер. Осындай жағдайларда, шығындардың есебіне жоғары талаптар қойылады, өйткені шығындар нарықтық қатынастардың құрылымында, сол сияқты оларды реттеу механизмінде маңызды рөлді атқарады. Әсіресе, егер біз экологиялық таза өнімді өндіретін болсақ, басқа өндірістерге қарағанда, аталған өнімді өндіру үшін көп шығын қажет болады.

Есеп объектілерінің және шығындар баптарының жетілдірілуі, өндірісті «экологияландыру шығындарымен» байланысты «экологиялық таза өнім» өндірісінің технологиясын жетілдіру талаптарына негізделе отырып іске асырылады. Ол үшін шығындарды жатқызудың қолданыстағы тәртібін өзгерту қажет. Шығындар драйверлеріне (тасымалдаушы) негізделе отырып, үстеме шығындар тобының АВС әдісін ұсынып отырмыз, біздің пікірімізше, жайылымдағы жылқ басына келетін қызметтің осы түрінің өзіндік құнын анықтау қажет (18 сурет). Қызметтердің көпшілігі малдардың жасына қарамастан, талдау және профилактикасы бойынша стандартты болып келеді.

1. *Ветеринарлық қызметтер сервисінің* сомасы: 159250 тг (мал дәрігерлерінің еңбекқыларын төлеу үшін шот ұсынылды 68250 тг, зерттелген 455 мал басына жұмсалған дәрі-дәрмектің құны 91000 тг).


2. Малдың 1 басына келетін ветеринарлық қызметтердің өзіндік құнын анықтадық:  $159250:455=350$  тг.

3. Дәрі-дәрмек үшін шығындар тасымалдаушысының мөлшерлемесі  $91000:455=200$ тг, мал дәрегерлерінің еңбекақыларын төлеу үшін шығындар тасымалдаушыларының мөлшерлемесі  $68250:455=150$ тг.

4. Ағымдағы жылы туған құлындардың бір басына келетін операциялардың өзіндік құны  $200 \times 126 = 25\ 200$  тг.

$150 \times 126 = 18900$  тг.

Барлығы 44100



Сурет 18 – Шығындарды топтастыру мен калькуляциялауды жетілдіру мәселелері  
 Ескерту - Автормен құрастырылған



5. Сүтті бағыттағы биелерге келетін операциялардың өзіндік құны:

$$200 \times 135 = 27000 \text{тг}$$

$$150 \times 135 = 20250 \text{тг.}$$

$$\text{Барлығы} \quad 47250 \text{тг}$$

6. Операциялардың өзіндік құны, құлындармен бірге сүтті бағыттағы биелердің есептік топтарына келетін ветеринарлық қызметтердің құны 91350 теңге. ( $44100+47250=91350$ ).

7. Басқа есептік топтарды дәл осындай жолмен есептейміз (18 сурет).

Жоғарыда калькуляцияның есептелуін көрсеттік, ABC жүйесі бойынша малдың бір басына келетін шығындардың сомасын анықтаймыз. Бұның барлығы әрбір есептік топтағы шығындар есебінің анықтығын арттыру үшін іске асырылады.

Өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау, екінші сатыда шешілетін міндеттердің бірі болып табылады, сондықтан біздің ойымызша, шығындардың есебі мен калькуляциялауды жеке қарастырудың қажет жоқ. Өзіндік құнның анықтамасы экологиялық таза өнімді өндіруге жұмсалатын шығындардың сомасын білдіреді.

Шаруашылықтарда өндірістік шығындарды басқару үшін біз бірнеше тұжырымдамалар мен тәсілдемелерді ұсынамыз.

Ең тартымды тұжырымдама стратегиялық жайғастыру болып табылады. Оның негізі басқару есебі мен шығындарды талдау саласына экологиялық таза өнім өндіру ұйымының дамуы туралы ақпаратты енгізу болып табылады. Сонымен қатар есеп, экологиялық таза өнімді өндіру туралы шешім қабылдаған шаруашылықтың қабылдаған даму стратегиясына сәйкес іске асырылуы тиіс.

Бұл тұжырымдама шығындарды басқару объектісі ретінде, есептік емес, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан қарастырады.

Б. Нидлз, Х. Андерсон, Д. Колдуэлл: «функциялар бойынша шығындарды есепке алу әдісін» ұсынды (операциялық есеп немесе ABC әдісі), олардың ойынша өнім бұл – шығындардың пайда болу себебі емес, нәтижесінде шығындар пайда болатын операцияның (жұмыстардың) себебі [162, б. 12].

Бұл әдіс үстем шығындарды өнім құнына дәстүрлі әдіспен емес, қолайлы әдісі бойынша есептеу болып табылады. Келесі нұсқасы бұл, күздің соңында құлындар енесінен айырылғаннан кейін жайылып жүретін қоршалған жайылымдағы күздік рапс егісінің үстеме шығындары. Буаз биелердің қыс мезгілінде тебіндеп жайылуы (Сурет 19).

Күздік рапсты егу бойынша үстеме шығындардың сомасы жабылып, шот жабылады:  $29887+22477+37544=89908$ тг.


1. Рапс егу жөніндегі жұмыс шаруашылық агрономының қол астында өсімдік өсіру бригадасымен жүргізілді.

а) күздік рапс егу жөніндегі өсімдік шаруашылығы жұмысшыларының еңбекақылары  $50\,000$  тг.

б) рапс тұқымының құны  $55\,000$  тг.

в) тұқым себу агрегаты  $75\,000$  тг.

Барлығы  $180\,000$  тг.



Сурет 19 – Шығындарды есепке алу және калькуляциялаудың ABC әдісі

Ескерту - Автормен құрастырылған

2. Мал шаруашылығының өсімдік өсіру бригадасы 180000 тг шот ұсынды
3. 200 га қыстық жайылымдарға жүргізілетін егу жұмыстары. Шығындар драйверіне негізделе отырып, қыс мезгілінде тебіндеп жайылуы бойынша шығындарды есептік топтарға бөлу қажет, ол үшін 1 га келетін операцияның құнын анықтау қажет  $180000\text{тг}:200\text{га}=900\text{тг}$ .
4. Енесінен айырғаннан (қазан-желтоқсан) кейін құлындарға жүргізілетін операциялардың өзіндік құны олар 91 күн бойы 100 га қоршалған жайылымда өсіп-өнді (Кесте 16).

Кесте 16 – 100 га қамтитын өсімдік шаруашылығы бригадасының ABC жүйесі

	Шығындардың тобы	Сомасы тг.	Шығындар драйвері тасымалдаушы мөлшерлемесі	Операцияның өзіндік құны
1	Еңбекақы төлемі	50000,0	100 га	$180000:200 = 900$ тг
2	Күздік рапс тұқымының құны	55000,0	$90000:365=247\text{тг}$	$900\text{тг} \times 100 = 90000$ тг Құлындардың 91 күн жайылуы $91 \times 247 = 22477\text{тг}$
3	Тұқым себу агрегаттарының жұмысы	75000,0	1 жайылым күні	Буаз биелердің 121 күн жайылуы $121 \times 247 = 29887\text{тг}$ . Сауын биелердің 153 күн түнгі уақытта жайылуы $153 \times 247 = 37544$ тг
4	Барлығы	180000,0		
Ескерту - Автор құрастырған				

5. 100 га жұмсалған шығындардың мөлшерлемесі  $900\text{тг} \times 100=90000\text{тг}$ .
6. 1 жайыс күніне жұмсалатын шығындар тасымалдаушысының мөлшерлемесі 1 күнде  $90000:365=247\text{тг}$ .
7. 91 күн бойы құлындарға жүргізілген операциялардың өзіндік құны  $91 \times 247=22477\text{тг}$ .
8. Қаңтар айынан бастап сәуір айы аралығында буаз биелерді жаю үшін жүргізілген операцияның өзіндік құны  $=121$  күн  $121 \times 247=29887\text{тг}$ .
9. Сауын биелерді түнгі уақытта жаю үшін жүргізілген операциялардың өзіндік құны. Мамыр-қыркүйек  $=152$  күн  $\times 247=37544\text{тг}$ .
10. Жыл бойында аумағы 100 га құрайтын жайылымдарда пішенді қалыптастыруға жұмсалған үстеме шығындардың сомасы 89908 тг. ( $29887\text{тг}+22477\text{тг}+37544\text{тг}$ .)

Үстеме шығындарды негізгі шығындарға жатқызу.

- I. Үстеме шығындарды негізгі өндіріске жатқызу, экологиялық таза өнім өндірісінде сауын биелерді күтіп-бау, бие сүті.  $29887\text{тг}+37544\text{тг}=67431\text{тг}$ .
- II. Өткен жылы туған төлді, құлындарды күтіп-бағу  $22477$  тг.
- III. 100 га көк жайылымды күту үшін жұмсалған шығындар жабылды.
- IV. Қалған 100 га қоршалған жайылымдарда басқа есептік топтар ұсталынады, бөлу қағидасы дәл сондай.

V. Үстеме шығындарды есепке алу әдістемесі және оны ABC әдісі бойынша бөлу. Келесі баптан бастап аталған әдіске ұқсас:

- кадрларды дайындаумен байланысты шығындар (зертханашылар, биологтар, дәрігерлер, мал дәрігерлері және т.б.).

Бір ерекшелігі бұл баптың мақсаты мен мазмұны:

- Экологиялық таза өнім өндірісін басқарумен байланысты шығындар;

- Осы баптың мазмұнында экологиялық менеджментті жүргізумен байланысты шығындар болады 20 сурет.

### «AB-костинг «(ABC)» әдісі

Өзіндік құны есептеу мен басқарудың тиімділігін анықтау мақсатында шығындар есебі мен калькуляциялаудың негізгі объектісі ретінде операцияларды қарастыратын калькуляция жүйесі, яғни бұл жүйеде компания жұмыс операциялардың жиыны ретінде қарастырылады.

Күрделі жұмыс операциялары, олардың ресурстарды тұтынудың қосарлас есептеуімен бірге оның жай құрамдас бөліктеріне бөлінеді

**ABC әдісі тапсырыстық калькуляция әдісіне ұқсас, бірақ оның келесідей ерекшеліктері бар:**

- тапсырыстар бойынша үстеме шығыстарын бөлу барысында негіз ретінде негізгі өндірісті жұмысшылардың еңбегі қолданылмайды;
- үстеме шығыстары әр түрлі мәні бар баптардың жиынтығы ретінде қарастырылады

Сурет 20 – Шығындар есебінің болашақты бағыттары

Ескерту - Автормен құрастырылған

Технологиялық объектілердің экологиялық тәуекелдерін азайту үшін, жобалардың экологиялық сараптамасы мен экологиялық менеджмент жүйесін ұйымдастыру сияқты сақтандыратын шаралар ең тиімді болып табылады. Бүгінгі таңда, Алматы облысының жерлерінде, жайылымдарында жылқыларды күтіп-бағу және 11 аудандарында қымыз, оның ішіндегі жеті ауданда жылқы етін өндіру мүмкіндігі бар, біздің ойымызша, бұл аудандардың шаруашылықтары экологиялық таза өнімнің өндірушілері бола алады.

Біз, Алматы облысының 11 аудандарына зерттеу жүргіздік, және ондағы малдың саны орта фермерлік шаруашылықтарындағы малдың санынан төмен болып келеді. Қымыз бен жылқы етін өндіретін «фермерлік шаруашылықтар» (17 және 18 кестелерінде берілген).

Кесте 17 – Қымыз өндіретін «фермер шаруашылықтары»

Аудандар	Шаруа қожалықтары	өндіретін өнім
Балқаш	Жақсылық	ҚЫМЫЗ
Жамбыл	Мыңбай	ҚЫМЫЗ
Іле	Тілек	ҚЫМЫЗ
Балқаш	Бекбауыр	ҚЫМЫЗ
Балқаш	Алатау	ҚЫМЫЗ
Балқаш	Улан	ҚЫМЫЗ
Талғар	Сәрсекбек	ҚЫМЫЗ
Іле	Маханов У.С.	ҚЫМЫЗ
Райымбек	Ұларлы	ҚЫМЫЗ
Райымбек	Мади	ҚЫМЫЗ
Райымбек	Саниязов	ҚЫМЫЗ
Ескерту - Автормен құрастырылған		

Осы шаруашылықтардағы өнімді табынды жылқылардың саны 200-250 жылқы басынан аспайды, соның ішінде 50-ден аспайтын сауын биелер бар. Малдың барлық түрлеріне (қойлар, ІҚМ) күтім көрсететін жұмыспен қамтылғандардың саны 10-12 адам. Бірақ, жұмысбастылық, бұл игі іс болып табылады. Әрбір шаруашылық залалға ұшырап отырған жоқ, белгілі табысты алып отырады

Кесте 18 – Жылқы етін өндіретін «фермер шаруашылықтары»

№	Аудандар	Шаруа қожалықтары	өндіреді
1	Балқаш	Жақсылық	Жылқы еті
2	Сарқан	Даурен	Жылқы еті
3	Іле	Тілек	Жылқы еті
4	Балқаш	Улан	Жылқы еті
5	Көксу	Айдос	Жылқы еті
6	Ескелді	Қостаев	Жылқы еті
7	Көксу	Манзоров	Жылқы еті
Ескерту - Автормен құрастырылған			

11 ауданның қызмет саласын, Алматы облысының алты аудандарын зерттей отырып, Балқаш ауданындағы «Жақсылық» (ШК) и «Ұлан» (ШК) қымыз бен жылқы етін өндіретіндігін көрсетті. Сол сияқты, Іле ауданындағы «Тілек» шаруашылығы қымыз бен жылқы етін өндіреді. Райымбек ауданындағы 8 шаруашылықтың ішінен, үш шаруашылық қымыз ғана өндіреді. Балқаш ауданы қымыз өндіреді. Талғар ауданының бір шаруашылығы қымыз өндірумен айналысады. Жамбыл ауданының бір шаруашылығы қымыз және Іле ауданының бір шаруашылығы қымыз өндіреді. Бұл шаруашылықтар деликатес өнімдерді өндіріп, дамып жұмыс жасауға дайын. Бірақ, олардың жайылымдармен байланысты жағдайлары қиын. Оларға үкіметтік қолдау көрсету қажет, әсіресе экологиялық таза өнім өндірісін ұйымдастыру бағытында мемлекеттік қолдау керек.

Негізінде, үкіметтік қолдау дегеніміз, асыл тұқымды материалмен және жайылымдық жерлермен қамтамасыз ету. Жайылымдық жерлер жеммен қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде жайылымдық мал шаруашылығының дамытудың негізі болып табылады. Жайылымдық мал шаруашылығының дамуы, шығындардың басқару есебінің және өнімнің өзіндік құнын есептеу механизмін (инструменталын) құру қажеттілігін тудырды. Осыған орай, экологиялық өнім өндірісінде жайылымдық мал шаруашылығының басқару есебін құру өзектілігі күмән тудырмайды.

Егер де біз, экологиялық таза өнім өндірісінің мәртебесіне талаптанбайтын болсақ, онда шығындардың есебі келесі әдістеме бойынша ұйымдастыралады.

Соңында, мал шаруашылығындағы өндірістік үдеріс, әдетте, белгілі фермерлерге шоғырланады. Тиісінше, бухгалтерлік есепте шығындарды жекелеген өндірістік бөлімшелер бойынша бөлудің қажеттілігі болмайды (малдың бір түрі бірнеше фермалерда күтіп-ұсталынатын жағдайлардан басқа).

Сонымен, мал шаруашылығында шығындар салалар, олардың түрлері немесе малдың технологиялық топтары, өндірістік бөлімшелері мен жұмсалған шығыстардың түрлері бойынша есепке алынады. Шығындардың бірінші белгі бойынша бөлінуі, талдамалы есептің тиісті құрылуы есебінен қамтамасыз етіледі. Шығындардың талдамалы шоттары мал шаруашылығының негізгі салалары бойынша ашылады, ал саланың ішінде – өндірістің әрбір түрі бойынша немесе малдың тобы бойынша ашылады. Шығындардың түрлері есеп тіркелімдерін тиісті түрде құру арқылы бөлінеді. Шығындардың есебі шығындардың әрбір түрі мен бабының жеке тармағын бөлу жолымен, көп тармақты нысанды тіркелімдерде жүргізіледі. Бөлімшелердің өндірістің есептемелерін құру арқылы бөлімшелер бойынша шығындардың бөлінуі қамтамасыз етіледі.

Мал шаруашылығы саласында шығындарды есепке алудың әр түрлі әдістерін пайдалану туралы мәселе туындамайды. Барлық қажетті деректер, талдамалы есеп пен есеп тіркелімдерінің нысандарын әдеттегі құру кезінде алынады. Мал шаруашылығында талдамалы шоттардың жабылуы өнеркәсіптік өндірістердің кейбір талдамалы шоттарының жабылуымен үйлесітірілуі тиіс, мысалы, өнімді қайта өңдеу шоты. Мұнда, әсіресе, шоттарды жабу реттілігі сақталуы қажет, өйткені малдың бір түрінің немесе топтарының өнімі малдың басқа түрі немесе топтары үшін қолданылуы мүмкін.

Осыған орай, шығындардың кейбір бөлігі жекелеген талдамалы шоттар бойынша жоспарлы өзіндік құны бойынша бағалануы мүмкін.

Мал шаруашылығында талдамалы шоттар өсімдік шаруашылығы бойынша шоттар және өсімдік шаруашылығының өнімін қайта өңдеуді есепке алу бойынша талдамалы шоттар жабылғаннан кейін ғана жабылады, өйткені мал шаруашылығы осы өндірістер өнімінің елеулі өнімін азық ретінде тұтынады [73, б.72].

### 3.4 Экологиялық таза өнім өндірісі шығындарының есебі мен калькуляциясы

Жылқы мен түйе шаруашылығының жастық-жыныстық есептік топтарының шегінде, жайылымдық мал шаруашылығындағы өнімнің калькуляциясы мен шығындарды есепке алудың әдістемелік негіздерін әзірлеу өзектілігі күмән тудырмайды. Бұл салалар Қазақстанда дәстүрлі түрде жоғары табысты, жайылымдық мал шаруашылығы болып табылады. Жылқы шаруашылығы мен түйе шаруашылығының емдік және емдәмдік өнімінің басымды бағыты биелердің сүтінен дайындалған қымыз, шұбатты жасау үшін қайта өңделген інгендердің сүті, және жылқы деликатестері болып саналады. Жоғарыда аталған барлық өнімдер Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар оның шекарасынан тыс: Ресей Федерациясы, Бельгия, Германия мен Францияда жоғары сұранысқа ие.

КСРО ыдырағаннан кейін ірі кеңес шаруашылықтары күйреді, меншікті жекелешендіру нәтижесінде фермер және шаруа қожалықтары пайда болды. 1990 жылы фермерлер бухгалтерлік есепке мән бермеген, шығындарды есепке алумен айналыспаған, соның нәтижесінде алынған өнімге баға берілмеген. Өткізу барысында баға көз мөлшерімен (жуық шамамен) белгіленген.

Сонымен бірге, нарықтық баға белгіленген, өйткені өнімге деген сұраныс жоғары болды. Мал шаруашылығында шығындардың есебін ұйымдастырудың негізгі себебі, бұл әдістеменің жоқтығы болды.

Оған қоса біз «экологиялық таза өнім» мәртебесіне ие болсақ, біз «өндірісті экологияландыру» талаптарын сақтаймыз, сәйкесінше шығындар да арта түседі.

Шығындар есебінің ғана емес, сонымен қатар алынған экологиялық таза өнім бағасының анықтығын қамтамасыз ету мақсатында. Осыған орай, біз әрбір салада шығындарды есепке алу объектісін белгілеу, шығындарды есепке алу механизмін жасадық. Сонымен қатар шығындар тасымалдаушылары бойынша әрбір саланың ішінде калькуляция объектілерін белгіледік.

Көп мақсатты есеп жүйесінде шығындарды есепке алудың екі тобын белгілеу қажет: жауапкершілік орталықтары мен биологиялық активтердің есептік топтары. Сондықтан шығындарды есепке алу объектілерінің номенклатурасы шығындардың баптарынан, сол сияқты, жайылымдық мал шаруашылығы малдарының есептік топтарынан тұруы мүмкін (19 кесте).

Нақты жағдайларда жайылымдық мал шаруашылығындағы өнім шығымы мен шығындардың өндірістік есеп үлгісінің құрылуын уақытылы және қажетті екендігін мойындау керек. Бастапқы құжаттар өнім шығымы мен шығындардың өндірістік есебін ұйымдастыру негізі болып табылады:

- азықты босату үшін;
- құрал-сайман, арнайы киім мен материалдар шығысы үшін;
- еңбекақыны төлеу үшін;
- мал шаруашылығы салаларының шегінде малды күтіп-ұстау үшін.

Кесте 19 – Өндірістік шығындарды есептеудің нысандары, жайылымдық мал шаруашылығының өнімдерін есептеу нысандары

Өндірістік шығындарды есептеу нысандары	Өнімді есептеу нысандары	Өнімнің өзіндік құнын есептеу бірлігі
<b>Өнімдік жылқы өсіру</b>		
1. Бөлуге дейінгі құлындары бар сүт бағытындағы биелердің негізгі табыны	Төл сүт	1 бас 1 ц
2. Ет бағытындағы жайылымдық жылқылардың негізгі табыны	тірі салмақтың өсімі құлындар	1 бас
3. Өсірудегі 1 жылдан асқан төлдер (бие, айғыр құлындар)	жұмыс тірі салмақтың өсімі	1 жұмыс күні 1 ц
4. Асыл тұқымды жылқы	тірі салмақтың өсімі құлындар	1ц 1 бас
5. Спорттық жылқы	жұмыс	1 жұмыс күні
<b>Түйе өсіру</b>		
1. Боталары бар, сауылатын түйелердің негізгі табыны	Төл сүт	1 бас 1 ц
2. Ет бағытындағы түйелердің негізгі табыны	тірі салмақтың өсімі	1 ц
3. Өсірудегі және семіртудегі 1 жылдан асқан боталар	тірі салмақтың өсімі	1 бас
Ескерту - автормен құрастырылған		

Өнімнің шығымы мен шығындардың өндірістік есебін, жайылымдық мал шаруашылығының салалары бойынша өндірістік есепте ай сайын көрсету қажет.

Өнімді жылқы шаруашылығы үшін бұл есепті келесідей есептік топтардың шегінде жүргізу қажет:

- сүтті жылқы шаруашылығы, бір жасқа дейінгі құлындар мен сауын биелер;

- етті жылқы шаруашылығы, бір жасқа дейінгі құлындар;

- асыл тұқымды жылқы шаруашылығы;

- бір жастан үш жасқа дейінгі жылқы төлі және т.б.

Есептік топтарында түйе шаруашылығы өнімінің шығымы және оларды күтіп-ұстау үшін жұмсалатын шығындарды ай сайын есепке алу үшін, «Өндірістік есеп» сияқты дербес есептік тіркелімді пайдалану қажет. «Өндірістік есеп» салалар мен есептік топтарда өнім шығымы мен шығындардың талдамалы есебін көрсетеді.

Құрылатын өзіндік құнның анықтығы мал шаруашылығы салаларында табыстың анықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осы мақсатта, үш бөлімнен тұратын «Өндірістік есептің» есептік тіркелімдері әзірленді.

1. Бірінші бөлімі саланың техникалық-экономикалық сипаттамасын ашады (орташа мал басы, малды күтіп-ұстау үшін арналған жайылымның көлемі, боран немесе апат жағдайларында азықтың сақтандыру қоры, ғимарат, құрылыспен қамсыздандырылуы).



2. Екінші бөлімі бастапқы немесе жиынтық құжаттардың негізінде малдың есептік топтарын күтіп-ұстау үшін жұмсалатын шығындарды көрсету үшін арналған, онда ай ішіндегі шығындардың баптары бойынша жазбалар енгізіледі, содан кейін шығындардың барлық мөлшері бойынша қорытынды (жиыны) есептеледі.

3. Үшінші бөлімі бастапқы құжаттардың негізінде төлді кіріске алу актісі, малды өлшеу тізімдемесі және өнім шығымының есебін көрсету үшін тіркелімдер жасалады.

Айдың соңында өнім шығындары мен шығымының қорытындысы, өспелі қорытынды бойынша жыл басынан есепті жылға дейінгі кезеңді қамти отырып, үш бөлімнен тұратын жиынтық есептік тіркелімге енгізіледі. Қарастырылып отырған тіркелімдер 2015 жылы Алматы облысының фермер шаруашылықтарында енгізілді. Осыған орай, өнім шығыны мен шығындарының өндірістік есебін ұйымдастыру үлгісі өзекті болып табылады, оны тәжірибеде пайдалану тәртібі төменде қарастырылады [163, б. 31].

Жемшөп шығындарының мөлшері туралы бір ай ішіндегі ақпарат оны есепке алу тізімдемесі негізінде (42-ші нысан) «Жемшөптер» бабына шығындарды есепке алу журналы негізінде жазылады (35-ші нысан). Қыс мезгілінде, сонымен бірге, боран немесе апат кезінде жайылымдағы малмен желінген азық ғана көрсетіледі. Қалған уақытта жайылымдағы мал тебіндеу жолымен азықтанады. Табыншылар, қойшылардың еңбекақыларын төлеу бойынша шығындардың деректері жұмыс істелген уақытты есепке алу кестесі немесе «Еңбекақы төлеу» бабы бойынша (69 нысаны) мал шаруашылығындағы жұмыскерлердің еңбекақыларын есептеу негізінде тиісті тізімдемелерде толтырылады. Мал шаруашылығында қолданылатын және есептің нақты объектілеріне жататын негізгі құралдар бойынша есептелген амортизация сомасы, амортизация есебі көрсетіледі.

Дәл осындай есеп, қой қора, атқора немесе өзге де ғимараттардың амортизациясын есепке алу объектілеріне жататын сомалар үшін, «Амортизация» бабы бойынша құрылады. Қолданылған материалдар, құрал-сайман, арнайы киім бойынша шығындардың сомалары тиісті талаптармен-жүкқұжатпен немесе лимиттік-алу карталарымен және материалдардың, малдәрігерлік дәрі мен биодәрі-дәрмек, «Материалдар» бабы бойынша фермаларды, астау, қоршауларға ағымдағы жөндеу жүргізу үшін құрылыс материалдарының қозғалысы туралы есептің деректерімен расталады.

Ұсынылып отырған үлгіде шығындарды есепке алудың жекелеген объектілері ретінде мал шаруашылығында бөлінетін шығындар, азықтарды дайындау бойынша шығындар, мысалы «Құлындармен сауын биелер» жатады.

Ай сайын осы шығындар сомаларының жиыны мал шаруашылығындағы есептің объектілері бойынша бөлінеді және тиісті баптарда жеке тармақ түрінде өндірістік есепте көрсетіледі. Мысалы: жылқыға үшін сұлы өндіру бойынша шығындар «Азықтар» бабы бойынша дербес тармақпен көрсетіледі.

Жайылымдық мал шаруашылығының өнім шығымын есепке алудың ұсынылып отырған үлгісі негізгі және қосалқы өнім шығынын көрсетеді, ол

8110 «Негізгі өндіріс» шотының кредиті; «Жайылымдық мал шаруашылығы», «Құлындары бар сауын бағытындағы биелер» талдамалы шоты, құлындар төлінің шығымы, тірі салмағы, мал шаруашылығы саласын биологиялық активтер, 2520 «Малдар» шоты, 01 «Төл» қосалқы шоты мал басының саны мен тірі салмақ өсімінің центнері көрсетіледі.

Өнімің шығымы туралы деректер тиісті құжаттардың негізінде көрсетіледі. Сүт шығымы сауылған сүтті есепке алу журналы, малды өлшеу негізінде малдың тірі салмағының өсімі (98 нысаны), төл – (жылқылардан, түйелерден, қойлардан) төлді кіріске алу актісінің негізінде (95, 96, 106 нысандары). Бұл бөлімде көрсетілген өнім шығымы туралы ақпарат, өнім мен малдың қозғалысы туралы тиісті жиынтық нысандарда: фермалардағы мал мен құстың қозғалысы туралы есептерде (102 нысаны), мал мен құсты есепке алу кітаптарында айқындалған, тиісті жиынтық нысандарына көрсетілген деректерге сәйкес болуы тиіс. Өндірістік есепте 8110 «Негізгі өндіріс» шотының кредиті бойынша айналымдарды, «Жайылымдық мал шаруашылығы» қосалқы шотын, байланыстырылатын шоттар бойынша: 2520 «Биологиялық активтер «Малдар», 1320 «Дайын өнім», 1310 «Материалдар» бойынша жүйелеу қажет.

Мал шаруашылығындағы өнім шығымы мен шығындар есебін ұйымдастыру әдістемесінде, шығындардың ай сайынғы талдамалы есебінен басқа, өнім шығымы мен шығындардың жиынтық есебін жүргізу қажет, ол үшін жайылымдық мал шаруашылығы салаларында «Жиынтық есептік тіркелім» жасалады.

Жайылымдық мал шаруашылығы салаларында өнімінің шығымы мен шығындарының жинағы есептелген сомасының дәлдігін анықтау үшін қажет. Ал өнім шығымы өнімнің өзіндік құнын анықтау үшін керек. Шығындардың жиынтық есебі ай сайын жылдың соңына дейін өспелі қорытынды арқылы шығындардың сомасын есептеу үшін қажет. Шығындардың бұл сомасы арқылы барлық алынған өнімнің өзіндік құны есептеледі. Мал шаруашылығында тек жылдың соңында жыл бойындағы шығындардың қорытындысы жылдың соңында алынған өнімге калькуляция жүргізу мүмкіндігі болады. Өнім шығымы мен шығындар есебінің жинағы жиынтық есептің тізімдемесінде жүргізіледі.

Малдың есептік топтары бойынша ай бойындағы қорытынды өндірістік есептен айдың бойындағы айналым түрінде 8110 «Негізгі өндіріс» шотының кредиті, «Жайылымдық мал шаруашылығы» қосалқы шоты, «Өнімді жылқы шаруашылығы» талдамалы шоты, тиісті дебеттелетін шоттармен корреспонденция түрінде «Сүт бағытындағы биелер» есептік тобы бойынша синтетикалық есептік тіркелімге аударылады. Фермер шаруашылықтарының немесе кооперативтің бөлімшелері, соның ішінде сүтті бағыттағы жылқы шаруашылығында, ай сайын құжат айналымының кестесімен белгіленген мерзім ішінде, бухгалтерияға шығындар бойынша өндірістік есептерді ұсынулары тиіс, онда өндірістік есепке енгізілген деректер тиісті тексерістен өткеннен кейін, синтетикалық есептің бухгалтерлік тіркелімдерінде жазбалар жүргізеді (синтетикалық шоттар бойынша №10 журнал ордері).

Жайылымдық мал шаруашылығында, жалпы шаруашылықтағы шығындарды есепке алу объектілері бойынша жиынтық деректерді алу үшін, жайылымдық мал шаруашылығының әрбір саласы бойынша жиынтық өндірістік есеп жүргізіледі, онда мал шаруашылығының есептік тобының, содан соң жалпы шаруашылықтағы өнім шығымы мен шығындар туралы ақпарат жинақталады. Сондықтан өндірістік есепті талдамалы есептің тіркелімі ретінде қарастыру қажет.

Өндірістік есептің қорытындылары (жиыны) 8110 «Негізгі өндіріс» талдамалы шоты бойынша ақпараттан тұрады. Әр түрлі бөлімшелердегі аттас мал болған жағдайда, жиынтық өндірістік есепті құру үшін, бөлімшелердің тиісті өндірістік есептердің деректері жинақталады; қандай да бір мал бір бөлімшеде ғана болса, бұл есептің деректері жиынтық өндірістік есепке аударылады. Ол үшін бөлімшелердің өндірістік есептердің біріне қосымша парақты пайдалануға болады.

Бір уақытта жазбалармен қатар, жиынтық өндірістік есепке бөлімшелердің өндірістік есептерінен алынатын қорытынды деректер, корреспонденттелетін шоттар бойынша топтастыру арқылы, өнім шығымы мен шығындардың синтетикалық есебінің №10 журнал-ордеріне енгізіледі.

Жиынтық өндірістік есептегі мал шаруашылығы бойынша шығындар туралы деректер, 8110 «Негізгі өндіріс» шоты, «Өнімді жылқы шаруашылығы» қосалқы шоты бойынша шығындардың сомасына сәйкес болуы тиіс.

Осылайша, барлық салалар үшін жалпы мәселе, шығындарды есепке алу объектілері ретінде, өнімді жылқы шаруашылығы өндірісіндегі тікелей материалдық және еңбек шығындарын ұйымдастыру, қызмет көрсету, күтіп ұстау үшін жұмсалатын шығындарды, өндірісті басқаруға жұмсалатын шығындарды белгілеу болып есептеледі.

Басқа сөзбен айтқанда, шығындарды есепке алу объектісін таңдау, өндіріс технологиясының ерекшеліктеріне, өндірісті ұйымдастыру түріне биологиялық өнімді өндіретін шаруа қожалығын басқару құрылымына байланысты. Шығындарды топтастыру қағидаларының сақталуы, калькуляциялау объектілеріне тікелей ықпал етеді, сонымен қатар, биологиялық өнімнің өзіндік құнын басқару талаптарына жауап беретін негізгі шарт болып табылады.

Дегенмен, жайылымдық мал шаруашылығы өндірісіне, соның ішінде өнімді жылқы шаруашылығы өндірісіне жұмсалатын шығындарды есепке алу және өнімнің калькуляциясына қатысты өзге тәсілдемені талап ететін маңызды мәселе туындады. Шығындар малдың есептік топтары бойынша, шығындардың шаруашылық жауапкершілік орталықтары бойынша топтастырылатындығын ескеретін болсақ, онда өнімнің калькуляциясын оны өндіру орындары бойынша қарастыруға болады. Шығындардың есебін ШЖО бойынша көрсету өзектілігі күмән тудырмайды.

Шығындардың пайда болу орындары шығындарды есепке алу объектісі ретінде шығындардың жете нақтыланған (деталды) талдамалы есебін білдіреді. Осыған орай, шығындардың пайда болу орындары калькуляция объектісі ретінде бола алатын өнім өндірісі туралы ақпаратқа ие.

Шығындарды есепке алу объектілері бойынша топтастырыған ақпарат, басқару талаптарына жауап беруі тиіс және аяқталмаған өндіріс пен дайын өнімнің арасында шығындарды бөлудің негізі және калькуляция объектілердің шегінде биологиялық активтердің калькуляциясы үшін қажет.

Шығындар есебін жетілдірудің басты бағыты шығындарды есепке алу объектісімен және калькуляция объектісімен өзара тығыз байланыста болатын шығындардың пайда болу орындары бойынша есептеу жүргізіледі. Негізгі басымдылық ретінде, мұнда алынатын табыстардың сенімділігін қамтамасыз ететін, шығындар есебінің сенімділігі мен өнімнің өзіндік құнының сенімділігін ерекше белгілеу қажет.

Төменде жылқы шаруашылығы мен түйе шаруашылығы салаларында жайылымдық мал шаруашылығына қатысты шығындарды есепке алу объектісін және калькуляция объектісін құру жөнінде ұсыныстар жасаймыз.

Бұл, тек өлшем бірлігі емес екендігін айтып өткен жөн, ол калькуляцияланатын объектінің сапасын және тұтынушылық құнын сипаттайды. 2015 жылы Қазақстанның фермер шаруашылықтарында енгізілген, жайылымдық мал шаруашылығы өнімінің калькуляциясын есептеу әдістемесі әзірленді (енгізудің тиісті актілері бар). Бұл тікелей, шығындарды есепке алу объектісі малдың дербес есептік топтары болып табылатын, жайылымдық мал шаруашылығының зерттеліп отырған саласына жатады, ал калькуляциялау объектісі ретінде төл мен тірі салмақтың өсімі (қосылған салмақ) саналуы мүмкін. Өнімді калькуляциялау немесе өнімнің калькуляциясы түсініктерін қарастырып көрейік.

Калькуляциялық өлшем бірлігі, әдетте, өнімнің тиісті түріне қатысты стандарттарда немесе техникалық шарттарда қабылданған өлшем бірлікке сәйкес болады. Өнімді өндіру жоспарында заттай көрініс түрінде көрсетілуі тиіс. Егер өндіріс көлемінің өлшем бірлігі ретінде сүт немесе төл бойынша, бір күндік азық, тірі салмақ және т.б. бойынша шартты-заттай көрсеткіштер, шартты өлшем қолданылатын болса, бұл көрсеткіштер калькуляциялық өлшем болып саналады. Аграрлық саладағы, соның ішінде фермер шаруашылығындағы калькуляциялау, келесідей қағидаларды ескере отырып жүзеге асырылады.

Калькуляциялау объектілерін және калькуляциялық өлшем бірліктерді белгілеу (көп жағдайларда шығындарды есепке алу объектілері мен калькуляциялау объектілері сәйкес келмейді). Осының барлығы тікелей, жайылымдық мал шаруашылығының салаларына жатады. Шығындарды есепке алу объектілері малдың дербес есептік топтары болып саналады, ал калькуляциялау объектісі төл, тірі салмақтың өсімі (қосылған салмақ) болып табылады. Ұсынылып отырған есептік топтар шығындарды есепке алу объектісін болып, ал олардан алынатын өнім шығындардың тасымалдаушылары бойынша калькуляция объектісін құрады.

Сонымен қатар, шығындар бойынша жауапты тұлғаны тағайындаумен, шығындардың пайда болу орындары бойынша шығындарды есепке алу

әдістемесі ұсынылып отыр. Шығындардың талдамалы, жиынтық және синтетикалық есебін көрсетуді ұйымдастыру әдістемесі әзірленді.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, есептің автоматтандырылған жүйесінің бағдарламасы жатқан шығындардың өндірістік есеп үлгісін ұсынуға болады деп санаймыз. Болашақта үлгі негізіндегі құзырет, балансқа шығуды қамтитын бастапқы құжаттардан бастап, қаржы есептілігінің өзге де нысандарын құруға дейін, шығындардың өндірістік есебінде барлық операцияларды дәйекті түрде көрсету үшін бағдарламалық қамсыздандырудың автоматтандырылған жүйесін әзірлеу қажет.

Өнімнің шығындарын есепке алу мен калькуляция мәселесі әр уақытта өзекті болған, ал бизнес-стратегиялардың даму жағдайларында көптеген ғалымдар мен тәжірибешілдер өз зерттеулерін осы аталған мәселеге арнады.

Өнім шығындарының есебі мен оның калькуляциясы саласына қатысты, шетелдік және отандық ғалымдардың пікірталастары төменде келтірілген. Көптеген авторлардың шетелдік батыс ғалымдардың басылымдары зерттеліп, пікірлеріне баға берілді, сонымен бірге талқылау тәртібінде Ресей Федерациясы мен Қазақстан ғалымдарының пікірлері зерттелді.

Қаржы есептілігінің ұлттық стандарттарына сәйкес (ҚЕҰС-1), шығындар келесідей топтастыру белгілер бойынша жіктеледі:

- пайда болу орындары бойынша – жайылымдық мал шаруашылығы саласының ішіндегі салалар бойынша, малдың есептік топтары бойынша (мұндай сыныптама есепті шығындардың пайда болу орындары бойынша ұйымдастыру үшін және өнімнің өндірістік өзіндік құнын белгілеу үшін қажет);

- шығындардың тасымалдаушылары бойынша – төлдің бір басы, тірі салмақты, өсімнің бір центнері, сүттің бір центнері және т.б.

Өнімді жылқы шаруашылығының есептік топтары – (мал шаруашылық өнімнің өзіндік құнын анықтау үшін қажет).

Жоғарыда аталған авторлар мал шаруашылығы өнімді «Малдар» биологиялық активтер ретінде белгілемеген, мысалы; құлындар, боталар, қозылар секілді төл.

Қазақстанда В.К.Радостовец бірінші болып биологиялық активтерді белгілеп, оларды есепке алу мәселесін қарастырған [164].

Заманауи бизнесте биологиялық активтердің есебі маңызды және қажетті тарау, міне сондықтан малдың төлі мен тірі салмақтың (қосылған салмағы) биологиялық активтерінің калькуляциясы уақытылы және қажетті болып табылады. Калькуляция объектісі калькуляциялау кезінде сенімділіктің міндетті шарты және биологиялық активтердің өзіндік құны туралы қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді. Заманауи бизнесте бүкіл шаруашылық бойынша ғана емес, сонымен қатар жайылымдағы малдың есептік топтарында есепте, шығындардың пайда болу орындары бойынша, бригадаларда өнім калькуляциясы бойынша, шығындарды есепке алу мен өнімді калькуляциялау әдістерін жетілдіру қажеттілігі анық байқалып отыр. Бригадалар шегінде алынатын табысты анықтау қажет. Бұл мәселе, Алматы облысының фермер

шаруашылықтарындағы есептің тәжірибесіне енгізу жолымен ішанара шешілген.

Қазақстанда кең жайылымдық пайдалы жерлердің бар болуы, жайылымдық мал шаруашылығын дамытуға мүмкіндік береді. Мал шаруашылығын дамыту үшін, үкіметпен «Агробизнес-2020» бағдарламасы қарастырылған.

Міне сондықтан, шығындар есебін ұйымдастыру, мал шаруашылығы өнімінің өзіндік құнын анықтау қажеттілігі пайда болды.

Бұл бағыттағы негізгі кемшілік, қаржы есебі шығындарды есепке алу объектілерін, шығындардың топтасуын, жайылымдық мал шаруашылығы өнімінің калькуляциясын ақпаратпен қамтамасыз етпейтіндігі болып табылады.

Жайылымдағы малдың өнімділігі мен асыл тұқымды қасиеттері. Кеңес шаруашылығы күйрегеннен кейін, мал шаруашылығы өнімі шығындарын есепке алу мен калькуляциясының әдістемелік негіздері жоғалды. Мәселе келесіде, жедел ақпараттың, сол сияқты үдерістің заманауи бизнес зерттемелері, малдың асыл тұқымды қасиеттері өнімділігінің есебі туралы, өнімнің өзіндік құны туралы сенімді ақпаратты талап етеді, біздің ойымызша, басшылық үшін бұл ақпаратты басқару есебі ұсына алады.

Шығындардың, өзіндік құнның, табыстардың басқару есебінің механизмін құру мәселесін шешу өзектілігі күмән тудырмайды. Біз басқару шешімдерді қабылдауда, басқару есебін құру механизмін әзірлеуде, басшылық үшін жедел ақпаратты дайындау мен ұсыну үшін әрекетін іске асырдық.

Нәтижесінде, жайылымдық мал шаруашылығын дамытудың басқару есебі келесідей бағыттарда есепті ұйымдастырудың толық мүмкіндігіне ие:

- жайылымдарды күтіп-ұстау үшін жұмсалатын шығындарды ескепке алу, олардың өнімділігі;
- бастапқы құжаттарды рәсімдеу негізінде жайылымдағы малдың асыл тұқымды қасиеттерінің зоотехникалық-басқару есебі;
- шығындарды есепке алу объектілері белгіленді,
- өнім калькуляциясының объектілері;
- қардың астынан тебіндеп азықтанатын жайылымдағы малды күтіп-ұстау жолын есепке алу әдістемесі ашылды (өнімді жылқы шаруашылығы, түйе шаруашылығы, қой шаруашылығы), боран, көктайғақ және т.б. жағдайларда қыс мезгілінде азықтың сақтандыру қорының қажеттілігі анықталды;
- «Бие сүті сауымын есепке алу журналы» әзірленді, сүт пен төлдің өзіндік құны анықталды;
- орындарда шаруашылықтардағы (фермерлік немесе кооперативтерде) биелердің сүтін қымызға айналдыру, інгендердің сүтін шұбатқа айналдыру үшін қайта өңдеп шығару әдістемесі берілді;
- өнімді жылқы шаруашылығының өніміне калькуляция жүргізілді, қымыз бен шұбаттың өзіндік құны анықталды;
- өнімді өткізу әдістемесі әзірленді, қымыз, шұбатты өткізуден түсетін табыс анықталды [165, б. 3-208].

Жоғарыда айтылғанның барлығы фермерлік шаруашылықтың немесе кооперативтің басшылығын, жедел басқару шешімдерін қабылдауда қажетті ішкі ақпаратпен қамтамасыз етеді. Біздің ойымызша, басқару есебімен дайындалып, ұсынылған ішкі ақпаратты дамыту қажет.

Бір қарағанда, аграрлық салада, соның ішінде жайылымдық мал шаруашылығында басқару есебінің механизмін құру жолында барлығы іске асырылғандай болып көрінеді. Сонымен бірге, біздің зерттеулеріміз көрсетіп отырғандай, бүгінгі күні, менеджмент үшін басқару есебімен ұсынылған ішкі ақпаратты дамыту қажет.

Жылқы шаруашылығы өнімінің өзіндік құнын анықтау үшін шығындарды есепке алу объектісін, содан соң калькуляция объектісін анықтау қажет.

Экономикалық әдебиетте шығындарды есепке алу объектісінің түсінігі өнімнің, соның ішінде өнімді жылқы шаруашылығы өнімінің өзіндік құнын анықтау мақсатында өндіріске жұмсалатын шығындарды топтастыру деп анықтайды.

Калькуляция нысандарының есептеп шығаруды есептеумен және есептеп шығару бірлігімен (калькуляция нысанының өлшем бірлігі) мақсаттық байланыстары бар. Дегенмен бұл жай ғана өлшем бірлігі емес, ол калькуляцияланатын нысанның сапасы мен тұтынушылық бағасын сипаттайды.

Калькуляция бірлігі, әдетте, өнімнің сәйкес түріне стандарттарда немесе техникалық шарттарда және заттай түріндегі өнім өндіру жоспарында қабылданған өлшеу бірліктеріне сәйкес келуі тиіс. Егер өндіріс көлемін өлшеу бірлігі ретінде сүт немесе төл, жемдеу күні, тірі салмақ және т.б. шартты бірліктердегі шартты-заттай көрсеткіштер қолданылатын болса, онда дәл осы көрсеткіштер есептеу бірліктері болып табылады. Аграрлық саладағы, жекелей алғанда шаруа қожалығындағы есептеу келесі ұстанымдарды ескере отырып жүргізіледі: есептеу нысандарын және есептеу бірліктерін анықтау, көптеген жағдайларда шығындарды есептеу нысаны мен есептеу нысандары сай келмейді.

Шығындардың пайда болған орнында өнімнің өзіндік құнын есептеу.

Есептеу нысандары болып табылады: жайылымдық жылқы шаруашылығында сүт бағытындағы негізгі табын бойынша – сүт және төлдер. Сүт бағытындағы жылқы шаруашылығындағы негізгі өнім болып сүт және төлдер табылады. Негізгі өнім жыл бойы өзіндік құнымен бағаланады.

Сүт пен төлдердің өзіндік құнын анықтау үшін коэффициенттік әдіс қолданылады. Бұл үшін биелер мен өндіруші-айғырларды ұстау жөніндегі шығындардың жалпы сомасынан қосалқы өнімнің бағасы шегеріледі. Шығындардың қалған сомасы белгіленген коэффициенттерге байланысты сүт пен төлдер арасында таралады: төлдердің бір басы шамамен 6 шартты бірлікке теңеледі, ал биелердің сүттері 1 шартты бірлікке теңестіріледі. Сүт пен төлдің өзіндік құнын есептеу 20- кестеде келтірілген.

Кесте 20 – Жайылымдық жылқы бағудағы құлындардың және сүттің өзіндік құнын есептеу

№	Көрсеткіштер	өлшем бірлігі	Бастардың саны	Теңгемен шығындар
1	Биелердің және өндіруші-айғырлардың бастары Олардың ішінде сауылғаны	бастар	55 50	- -
2	Сүт биелерін және өндіруші-айғырларды бағуға жұмсалатын шығындарды қоса алғандағы бағу бойынша шығындар Өндірісті экологияландыру: а) ветеринарлық қызмет б) рапс егу	-	-	4 350 000 9 250 20 000
3	Басқа өнімдердің бағасы (көң 55т*1000)	-	-	55000
4	Құлындарға және сүтке жатқызылатын шығындар (4350 000+ 9250+20000-55000=4324250)	-	-	4324250
5	Алынған өнім: Құлын Бие сүті	бастар ц	50 270	- -
6	Шартты бірліктерге шаққандағы алынған өнім: Құлын 1 бас 6 шартты бірл.(6*50)=300 Сүт, ц. (270*1)	Шартты бірлік	300 270	- -
	Барлығы шартты бірліктер.		570	
7	Шартты өнімнің бір бірлігіне түсетін шығындар (4324250/570=7586тг	-	7586	
8	Негізгі өнімге жатқызылатын шығындар: құлын (7586тг*300= 2 275 800тг) сүт (7586тг*270= 2 048 220 тг)	-	2 275 800 2 048 220	
9	Өнім бірлігінің өзіндік құны: құлын (2 275 800 / 50 б = 45 834 тг) сүт 270=7586/100 ө/к. 1л 75т 86т.		45 834 75,86	
Ескерту - Автор құрастырылған				

Сүт бағытындағы жайылымдық жылқы шаруашылығы өнімінің өзіндік құнын есептеу.

1. Сауылатын биелерді және өндіруші-айғырларды бағуға жұмсалған шығындарды қоса алғанда, оларды ұстау жөніндегі шығындардың жалпы сомасы 4350000 теңге

2. Жылқы көңі 50 тонна, тоннасына 1000 теңгеден. (50\*1000=50000)

3. Төлге және сүтке жатқызылатын шығындар 4 324 250тг

(ветеринарлық қызметтің құнын және рапс егу құнын қосып көңнің бағасын шегереміз (4350 000+ 9250+20000-55000=4 324 250тг)

4. 50 бас құлындар алынды, сүт центнермен 270 центнер алынды.

5. Алынған өнімдерді шартты бірліктерге ауыстыру:



Сүт ц.  $270 \cdot 1 = 270$  шартты бірлік.

Төл бастары.  $50 \cdot 6 = 300$  шартты бірлік.

Жиыны 570 шартты бірлік

6. 1 шартты бірлікке кететін шығындар  $4324250 \text{тг} / 570 = 7586 \text{тг}$

Төлдерді алуға және өсіруге түсетін шығындар.  $7586 \text{тг} \cdot 300 = 2\,275\,800$  теңге

1. Құлындардың 1 басының өзіндік құны  $2\,275\,800 / 50 \text{ б} = 45\,834 \text{ тг}$

2. Бие сүтін өндіруге кететін шығындар  $7586 \text{тг} \cdot 270 = 2\,048\,220 \text{ тг}$

3. 1 ц бие сүтінің өзіндік құны  $7586 \text{тг} / 100 = 75 \text{ тг } 86 \text{ тиын}$

1 литрдің өзіндік құны 75 теңге 86 тиын.  $270 = 7586 / 100$  ө/қ. 1 л 75 т 86 т.

Шығындардың пайда болған орны бойынша құлындары бар сауылатын сүт бағытындағы биелердің өнімінің өзіндік құнын есептеу 2015 жылдың тамыз айына дейін енгізілген. Жылқы малын саууды 2015 жылдың 1 қыркүйегінен бастап тоқтатты.

2015 жылдың қыркүйегінен желтоқсанына дейін осы мал басына жұмсалған шығындар есебі ет бағытындағы жылқы шаруашылығына ұқсас жүргізілді.

2015 жылдың желтоқсанында құлындарды биелерден бөліп алды.

1 қыркүйекке дейін құлындарға 1 бас құлынның тірі салмағын бақылаулық өлшеу бойынша орташа есеппен 65 кг-нан белгіленген. Есептік жылдың желтоқсанында 4 ай (қыркүйек-желтоқсан) ішінде тірі салмақтың өсімін қоса есептейміз.

Бөліп алу күні бақылаулық өлшеу 1 құлынның тірі салмағын орта есеппен 170 кг-нан белгіленген. 1 құлынға тірі салмақтың өсімі 105 кг (170 кг-65 кг) анықталған. Құлындарды өлшеу тізімдемесі бойынша 5250 кг ( $105 \cdot 50$ ) немесе 52,5 ц тірі салмақтың өсімі (қосылған салмақ) алынған және кіріске алынған.

Бөлу алдындағы құлындары бар сүт биелерін ұстауға жұмсалған шығындардың сомасы 2015 жылдың 30 желтоқсаны күні 1 207 500 теңгені құрады.

Бөлуге қойылған құлындардың өзіндік құнын есептеуді жүргізейік.

1. 1 ц тірі салмақтың өсімін өзіндік құнын анықтайық:  
 $1207500 / 52,50 \text{ц} = 23000 \text{тг}$ .

2. Бөлуге қойылған 1 құлынның өзіндік құнын анықтайық:

а) биелерді сауу аяқталғанға дейін құлынның өзіндік құны 45 834 теңге.

б) сауын аяқталған соң бөлуге қойылған 1 құлынның өсімінің бағасы (қыркүйек-желтоқсан)  $1207500 / 50 \text{ б} = 24150 \text{ тг}$

в) бөлуге қойылған 1 құлынның өзіндік құны  $45\,834 \text{ тг} + 24150 \text{ тг} = 69984 \text{тг}$   
Орташа тірі салмағы 170 кг 1 (құлын).

Жылқы төлдерінің өзіндік құнын есептеу центнермен тірі салмақтың өсіміне жасайды, ұстауға жұмсалған шығындардың жиынынан қосалқы өнімдерді алып тастайды және тірі салмақтың алынған өсіміне бөледі.

3. Еңбек ақы шығындарына қымыз дайындау ісінің шеберлеріне еңбек ақы төлеу шығындарын жатқызады.

Амортизация шығындарына қымызды пісу жабдығына және қымыздың тиісті соңғы дайын болу уақытына жеткізетін (бір тәулік ішінде) бөлмеге есептелген амортизация сомасы жатқызылады.

Өзге де үстеме шығындарға мүлікті, арнайы киімдермен қамтамасыз ету, қымызды пісу үшін электрокуат және жылу шығындарын, тұтынушыға қымызды жеткізу бойынша көлік шығындарын жатқызады.

«Қымыз цехының» шығындарын өнеркәсіп өндірісінің шығындары ретінде шығындар элементтері бойынша ескереміз:

1. материалдар;
2. еңбек ақы төлеу;
3. аударымдармен алғанда;
4. жабдықтар мен негізгі құралдар амортизациясы;
5. өзге де шығындар.

Материалдық шығындарға марлі, химикаттар, шыныларды жуу үшін қолданылатын препараттар, флягтар, шелек бөшкелері және басқа да мүліктерді жатқызуға болады (кесте 21).

Кесте 21 – 2015 жылы бес айдағы қымыз цех шығындарының есебі

	Шығындар элементтері	Шығындар сомасы						Ескерту
		Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Барлығы шығындар	
1	Материалдар	15800	16800	12800	12700	7600	65700	Қосамыз бие сүтінің өзіндік құны 2 048 220
2	Еңбек ақы төлеу, аударымдармен алғанда	65 000	65 000	65 000	65 000	65 000	325000	
3	Амортизация	8000	8000	8000	8000	8000	40000	
4	Өзге де үстеме шығындар	41300	40300	44300	44400	49500	219800	
	Барлығы шығындар	130100	130100	130100	130100	130100	650500	2 048 220
Ескерту - автормен шығындар жинақтамасын зерттеу нәтижелері бойынша құрастырылған								

Қымыз цехын қамтамасыз етуде бір айдағы шығындар нормативі 130100 тенгені құрады (бес айда 650500 тенге). Қымыз өнеркәсіптік қайта өңдеудегі дайын өнім ретінде осы цехта құйылып берілмейді, яғни бөтелкемен дайындалмайды.

Қымыз флягпен сатып алушыға беріліп, содан кейін флягтар келесі күні цехқа қайтарылып отырады (сатып алушы өнімнің жаңа партиясын алу үшін қайтадан келген кезде).

Биелердің сүті қымыз цехында қымызға қайта өңделген, қымыз дайындау бойынша 5 ай ішіндегі шығындар 650500 тг. құрады.

3.1. 1 ц қымыздың өзіндік құнын анықтаймыз

а) бие сүтінің өзіндік құны 2048 220тг

б) Қымыз дайындау жөніндегі шығындарды қосамыз

$650500 \text{ тг} + 2 \cdot 048220 = 2\ 698\ 720 \text{ тг}$

в) 1 ц қымыздың өзіндік құнын анықтаймыз  $2048220/270 \text{ ц} = 7586 \text{ тг}$ .

3.2. Қымыз 1 литріне 350 теңгеден немесе 1 центнеріне 35000 теңгеден өткізілген.

а) қымыз өткізуден түскен жалпы табысты анықтаймыз  $270 \text{ ц} \cdot 35,0 \text{ тг} = 9450\ 000 \text{ тг}$

б) ветеринарлық қызметпен рапс егу құны  $159250 \text{ тг} + 180\ 000 \text{ тг} = 339250 \text{ тг}$ ,

б) қымызды өткізуден түскен табысты анықтаймыз

$9450000 \text{ тг} - 2698720 \text{ тг} - 339250 \text{ тг} = 6\ 412\ 030 \text{ тг}$

Жыл соңында 8110 «Негізгі өндіріс» шотының «Мал шаруашылығы» субшотын, оның «Сүтті жылқы шаруашылығы» аналитикалық шотын шығындар есебі бойынша жабу қажет және жылқы шаруашылығы саласында аяқталмаған өндіріс болмайды, баланста шығындарды есептеу шоты көрсетілмейді, өнімнің шығуымен жабылады. Қымызды сатудан алынған табыс осы саланың «Сұңқар» шаруа қожалығына пайда әкелетіндігін растайды.

Үшінші тарауда үстеме шығындарды есепке алу мен «өндірісті экологияландыру», экологиялық таза өнімнің калькуляциясы және басқару есебінің механизімін құруға тигізетін ықпалы сияқты мәселелерді шешті. Осының барлығы, ең алдымен шығындарды басқарумен байланысты.

Экологиялық таза өнім «өндірісін экологияландыру» мәселесінің зерттелуі ABC жүйесі бойынша шығындарды экологияландырудың әдістемелік және тәжірибелік әдістері орындалды. Жүргізілген ірі күрделі жұмыстардың шегінде, өндірісті экологияландыру мәселесіне қатысты біртұтас көзқарас әзірленді. Кадрларды дайындаудан бастап, экологиялық қауіпсіздіктің жай-күйін тексеру үшін зертханалардың құрылысын ұйымдастыру, азық, құрал-жабдық, малға қызмет көрсететін тұлғалар және т.б. дейін.

Экологиялық таза өнімнің өзінің экологиялық қауіпсіздігіне қатысты санитарлық-мал дәрігерлік кепілдіктер ерекше белгіленген.

Өндірісті экологияландыру шығындарын есепке алу тізімдемесі әзірленді.

Автор ABC әдісі бойынша калькуляция есептеулерін әзірленіп, әдістемелік атқарылған жұмыс көлемі бәсекелестік тәжірибелік ұсыныстардың қорытынды деңгейіне дейін орындалды.

Өнім өндірісін экологияландырудың басқару есебінің зерттеуі мен ұсынылып отырған әдістемесі, шығындардың баптарын ашудың әдістемелік негізі болып отыр. Ұйымдастырушылық әдістемелік негіздердің мақсатында шығындар драйверлеріне негізделе отырып ABC әдісі қолданылды. Осыған орай, экологиялық таза өнім өндірісінің әдістемелік негіздері құрылды. Өндірісті экологияландыру бойынша жұмыстарды калькуляциялау есебі ұсынылды. Ұлт денсаулығын сақтау мақсатында экологиялық таза өнімді өндіруде шығындардың басқару есебін ұйымдастыру жолы ұсынылды.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Басқару есебінің дамуына жүргізілген кешенді зерттеудің негізінде, жайылымдық мал шаруашылығында басқару есебін құру механизмі әзірленді. Сонымен қатар, экологиялық таза өнім өндірісі. Өндірісті экологияландырудың негізгі талаптарын орындауда, шығындардың драйверіне негізделе отырып ABC әдісімен шығындарды есепке алудың жаңа әдістерін қамтамасыз ету қарастырылды. Халықымыздың денсаулығын сақтау жолында экологиялық таза өнім өндірісінің экологиялық қауіпсіздігіне кепілдік беру мақсатында үстеме шығындарды құру, өндірісті экологияландыру объектілері калькуляциясының механизмі әзірленді.

1. Қазіргі таңда экономикалық ғылымда басқару есебінің теориясы мен әдіснамасының негіздеріне жүргізіліп отырған зерттеулер бар. Мұнда басқару есебінің пайда болу бастауында кімнің бірінші екендігі, қай уақытта және «қай елде» екендігі белгісіз. Сондықтан біздің зерттеулеріміз басқару есебінің даму тарихына бағытталды, яғни басқару есебі ғылымының даму бастауында кім тұрғандығын терең зерттедік.

Басқару есебінің ерекшеліктеріне жүргізілген зерттеу, келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

- өндірісті басқару мен болашаққа арналған шешімдерді қабылдау үшін менеджментке (әкімшілікке) қажетті ақпаратты ұсыну;
- өнімнің (жұмыстар, қызметтер) калькуляциясы, нақты өзіндік құнын және белгіленген нормалардан, стандарттардан, бюджеттерден, сметалардан ауытқуларды есептеу.

Біздің зерттеулеріміз көрсетіп отырғандай, жоғарыда айтылған ақпарат «ішкі ақпараттың» мазмұнына кіреді. Заманауи нарық «сыртқы ақпаратты» ұсынуды талап етті – бұл, өндірілетін өнімнің сапасын және өнімнің бәсекелестік артықшылықтарын басқару, сол сияқты, саланы болжау маңызды болып табылады. Және де ең бастысы, басқару шешімдерін қабылдауда (күн сайын) менеджерлерге ақпаратты ұсыну. Шетелдік басылымдарға жүргізілген зерттеу көрсетіп отырғандай, дәстүрлі басқару есебін жетілдіру қажет.

Бұл жұмыста, біз басқару есебінің функцияларына өнім сапасын ғана емес, оның бәсекеге қабілеттілігін де жатқызу керек екендігін белгіледік.

Шығындарды басқару әдістемесін зерттей отырып, малды қорада күтіп-бағумен салыстырғанда жайылымдағы малдың бәсекелестік артықшылықтары дәлелденді. Өйткені жайып баққан мал эпидемиялық аурулармен көп ауыра бермейді өнімі өтімді, сапалы, өзіндік құны төмен. Жайылымдағы малдардан диеталық өнімді алатынымызды ескеретін болсақ, халықтың аталған өнімге деген сұранысы да тұрақты түрде өсіп отырады.

2. Жайылымдық мал шаруашылығының өнімін өндіру шығындарын басқару есебінің, әдістері жеткілікті деңгейде әзірленген жоқ. Осыған орай, осы бағытта басқару есебін құру мәселелерін зерттеуге қатысты қызығушылықты арттырған ақпараттық қамсыздандырудың кемшілігінен туындады. Ақпарат

жайылымдық мал шаруашылығының дамуын басқару мақсатында басқару есебінің жүйесінде құрылады:

- жайылымдық пайдалы жерлерді басқару мен есепке алу;
- жайылымдық жерлердің және қоршаған ортаның экологиялық жағдайын басқару және есепке алу;
- малдардың диагностикасы, профилактикасы және малдарды емдеу;
- шығындарды есепке алу аспектілері және малдарға ветеринарлық қызмет көрсетуді нормалау;
- жайылымдағы малдарды емдеу және профилактика жүргізуге үшін жұмсалатын шығындарды есепке алу әдісі.

Біздің жүргізген зерттеулеріміз көрсетіп отырғандай, жайылым жерлердің бар болуы, жайылымдық мал шаруашылығын дамытуға мүмкіндік береді. Қоршаған ортаның экология мәселелерін зерттеу, жайылым жерлерді сауықтыру, басқару қажет екендігін түсінуміз қажет. Жайылымдардың (жерлердің) экологиялық жағдайы, қоршаған орта жайылымдық малдардың амандығына денсаулығына ықпал етеді. Осыған орай, заманауи бизнес-үдерісте малдың уақытындағы профилактикасы мен емделуі, ешқандай күмән тудырмайды. Малдың денсаулығы өндірілетін өнімнің сапасына, сонымен бірге, біздің денсаулығымыз үшін (осы өнімді тұтынушылар үшін) ерекше рөлді атқарады.

Міне сондықтан, біз жайылымдық мал шаруашылығының жағдайы мен дамуының мәнін аштық, басқару есебін құру қажеттілігі дәлелденді (осы бағыттарда).

3. Жайылымдағы малдың асыл тұқымды қасиеттерінің зоотехникалық басқару есебін құру мәселесі шешілді.

Бүгінгі аграрлық саладағы зоотехникалық-басқару есебінің қажеттілігі туралы мәселе пікірталастық мәселеге айналды. Сол сияқты, экономикалық ақпараттың басқа да түрлерімен, атап айтқанда жайылымдық мал шаруашылығының саласындағы ақпараттың түрлерімен арақатынасы.

Бұл еңбекте зоотехникалық ветеринариядағы (мал дәрігерлігі) мәселелер, зоотехникалық-басқару есебінің қажеттілігі сипатталады. Асыл тұқымды жылқыларды табындап өсіру бойынша ғылыми-жылқы өсірушілердің селекциялық жұмыстары ашылды.

Жұмыста шет жақтан жайылымдағы асыл тұқымды малды сатып алмау туралы ұсыныс берілген. Жайылымдағы малдың асыл тұқымды құрамын жақсарту үшін, еліміздегі ғалымдардың тәжірибесін пайдалану қажет. Асыл тұқымды жылқылар, жабы, мұғалжар, адай тұқымдары ыңғайлы түрде шығарылады. Асыл тұқымды мал басына берілетін субсидияны тиімді түрде пайдалану керек. Асыл тұқымды жылқыны сатып алмай, оны өзімізде өсіру (қолдан ұрықтандыруға болады). Сонымен бірге, асыл тұқымды мал басын көбейтудің басқару есебін ұйымдастыру қажет.

Осыған орай біз басқару есебінің нәтижесінде бәрнеше тізімдемені жасадық:

- 1) Асыл тұқымды биені саууға қою тізімдемесі;

1.1) Әрбір басқа бөлек таңбалы нөмерімен есепке алу тізімдемесі, ол аналитикалық есепке жатады;

2) Жаңа туылған құлындарды енесінен жартылай айырып, бір айдан кейін биені сауынға қойғаннан кейінгі аналитикалық есепке алу тізімдемесі. Мұнда әрбір құлын салмағы, топтық түрлері (еркек, ұрғашы), таңбалық нөмерлері көрсетілуі керек екендігі ұсынылды. Себебі желтоқсан айында енесінен айырған күні құлындар бір жасқа толған топқа ауыстырылады және есептегі салмағы да маңызды. Ол кезде құлындардың салмағы шамамен 170 - 180 кг-ға дейін жетеді

Жұмыстағы өзекті мәселелерге және мал шаруашылығының даму болашағына жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, мал шаруашылығын оңтайлы дамыту үшін мал шаруашылығының саласын дамытудың заң шығару базасы құрылды, үкіметпен «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы», «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы», «Мал дәрігерлігі туралы», «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» және т.б. заңнамалық актісі қабылданды.

4. Өндірілетін өнімнің сапасын бақылаудың әрекетті құралы бола алатын, шаруашылықты басқару үшін ақпараттық дайындауда, экологиялық таза өнімді өндіруде шығындарды есепке алудың жаңа объектілерін ұйымдастыру мәселелері зерттелді.

Біздің зерттеуімізде диссертациялық жұмыстың басынан бастап соңына дейін, экологиялық таза өнімді өндіруде өндірілген өнім сапасының үлкен рөлді алатындығы ерекше белгіленген. Диссертацияда жайылымдық мал шаруашылығы ең арзан сала екендігі дәлелденген.

Дегенмен, ең бастысы, жылқыдан диеталық өнім – еті мен емдік қасиеті бар қымыз бен саумал сияқты сусындарды өндіру болып табылады. Олардан «экологиялық таза өнім» өндіреміз. Осы мақсатта, мойындау үшін қосымша бірнеше жаңа объектілердің шығындар есебін ұйымдастыруды ұсынып отырмыз, оның маңызы бұл жанама шығындар:

- өндірістің экологиялық қауіпсіздігін растайтын (сапаны) талдау үшін қажетті зертханалар;

- азық-түлік өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында малдың денсаулығын сақтау жөніндегі шаралар;

- жайылымдар мен жайылымдағы жем - шөптердің жағдайына жүргізілетін зертханалық талдау;

- жайылымдардың құнарлылығын жақсарту жөніндегі шаралар, осы бағытта жұмсалған шығындар;

- өндірілген өнімнің экологиялық таза өнім екендігін растайтын зертханалық талдау.

Біз шығындарды есепке алу, шығындарды барынша азайтудың жаңа әдістемесін, ABC жүйесі бойынша шығындарды бағалау әдістерін ұсындық.

ABC әдісі – әдістің алгоритмі жанама шығындарды бөлу операциясына, шығындардың драйверіне байланысты болады. Шығындардың есебі операциялардың немесе жұмыстардың түрлері бойынша жүргізіліп,

операциялардың өзіндік құны анықталды. Мұндай әдіс, шығындардың есебінде және осы шығындарды басқаруда нақты ақпаратпен қамтамасыз етеді. Бұл әдіс біздің зерттеп отырған «Жайылымдық мал шаруашылығының» объектілері үшін пайдалануға тұрарлық. Атап айтқанда, биелерді саууды ұйымдастыру жұмыстарының түрлері бойынша шығындардың басқару есебін ұйымдастыру және экологиялық таза өнімді өндіру жұмыстарының түрлері. Сонымен бірге, барлық болашағы бар әдістер біздің зерттеулеріміздегі шығындарды есепке алу объектілері үшін қолдануға болады.

Қорытынды кезең бұл, басқару есебінің әдіснамасын енгізу болып табылады, оның оңтайлы орындалуы, тұтас алғанда жүйенің реттелген және әдісқой жұмысымен белгіленеді. Дегенмен, ол жұмыстың барысында енгізілетін кейбір түзетулер мен өзгерістерді де жоққа шығармайды, өз кезегінде, олар өзінің мақсаттылығын жоғалтпайды. Бұл жұмыста жылқы етінің (деликатес) қазы, жая, шұжық, жал және т.б. бие сүтінің, қымыздың емдік қасиеттері белгіленді.

Заманауи жағдайлардағы маңызды талап, бұл фермердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету (бәсекеге қабілеттілік тек жаңа өніммен ғана емес, сонымен қатар қазы, жая, жал, шұжық, қарта немесе шұбат, қымыз және т.б. сияқты қолда бар ұсынылатын өнімге қатысты сатып алушылардың жақсы беделімен де қамтамасыз етіледі). Жоғарыда аталған өнім өндірісінің дамуы, ауыл халқының дамуын, сонымен бірге, ауыл қоғамының дамуын қамтамасыз етеді.

5. Жайылымдық мал шаруашылығын дамыту мәселелерін зерттеу, экологиялық қауіпсіздіктің талаптары әзірленді.

Жайылымдық мал шаруашылығының дамуы Қазақстан үшін дәстүрлі сала болып табылады. Біздің еліміздегі пайдалы жайылымдық жерлердің болуы, Қазақтардың «Жайылымдық мал шаруашылығы» ежелгі саласын қайта қалпына келтіруін талап етті.

Ел басы «Қазақстан - 2050» Стратегиясында белгілеп өткендей, біздің, ауыл шаруашылық өндірісінде сапалы серпіліс жасау үшін күш-жігеріміз жеткілікті. Бұл әсіресе, қазіргі таңда, жаһандық азық-түлік нарық жөніндегі болжам құбылмалы болып отырған кезеңде өте маңызды болып отыр. Егер де Қазақстан дәл осы уақытта сапалы өніммен сыртқы нарықтарға шығатын болса, бұл жағдайда, сапалы ет өнімімен, онда біз ірі экспорттаушыға, сол сияқты, әлемдік нарықта өте құнды болып саналатын экологиялық таза өнімді өндіру саласындағы ірі ойыншыға айналуымыз мүмкін деген тапсырмасын негізге алдық.

Бүгінгі күні жайылымдық мал шаруашылығының мал басы үнемі өсіп келеді. Мемлекет мал шаруашылығын дамыту үшін бірнеше миллиард теңгені салуды жоспарлап отыр, ондағы негізгі мақсат сапалы экологиялық таза етпен нарыққа шығу болып табылады.

Өндірісті экологияландыруды орындаудың алғашқы көзі ең алдымен, таза жерлер, экологиялық содан соң экологиялық таза жайылым жерлер, болып табылады.

Диссертацияда Қазақстан, Ресей, Белоруссия, Украинаның экологиялық қауіпті аудандары зерттелді.

Жұмыста тәуекелді азайтудың негізгі шаралары келесідей екендігі анықталды:

- малдардың денсаулығын қорғау;
- тұтынушылардың денсаулығын қорғау;
- қоршаған ортаны қорғау.

Санитарлық және фитосанитарлық шаралардың орындалуы – малдарды ауру мен зиянкестерден қорғауды талап етеді. Мал дәрігерлігі саласындағы заңнама едәуір дәрежеде, малдарды тексеру, оларға диагностиканы ұйымдастыру мәселелеріне арналған. Сонымен қатар, мал шаруашылығы саласындағы заңнама ветеринарлық аспектілер, сол сияқты, малдарды бақылау мен ауруларды жою мәселелеріне арналған.

Мұнда азық-түлік өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында, малдардың денсаулығын қорғау маңызды болып табылады. Бір уақытта аурулардың профиликатикасы мен жем-шөп есептілігінің басқару есебін ұйымдастырудың маңыздылығын фермерлер, мал дәрігерлері, қасапшыларға дейін терең ұғынуы керек.

Мал шаруашылық өнім сапасының мәселесі өнімнің экспортына қатысты сияқты көрінеді. Ал республика ішінде, еліміздің ішінде, біздің халқымыз үшін, өткізілетін мал шаруашылық өнім сапасының маңыздылығы жоқ па? Бұл, оған қоса біздің денсаулығымыз.

6. Жайылымдық мал шаруашылығын экологияландыру талаптарына негізделе отырып, шығындардың басқару есебінің, олардың сыныптамасының әдістемелік негіздерінің мәселесін зерттелінді.

Диссертацияда біз, басқару есебіндегі шығындардың сыныптамасын ашып көрсеттік. Осы бағытта ғалымдардың пікірталастары ұсынылды.

Басқару есебіндегі басқару мақсатарына негізделе отырып, біздің ойымызша, аграрий шығындары негізінде үш бағыт бойынша топталады:

- жемнің құнын анықтау үшін;
- басқару шешімдерін қабылдау және жоспарлау үшін;
- бақылауды жүргізу және реттеу үшін. Басқару есебіндегі өндірістік шығындардың әрбір бағытының өз сыныптамасы бар (13 кесте).

Бұл жұмыста шығындардың толық сыныптамасы берілген. Дегенмен, біз негізгі және жанама (үстеме) шығындардың сыныптамасына тоқталамыз.

Негізгі шығындарға жемдердің, материалдардың, оның ішінде жайылымдағы жемнің құны, негізгі өндірістік жұмысшылардың еңбекақылары мен оның үстіне есептелетін төлемдер, экологиялық таза өнімді өндірумен және оның өндірістік өзіндік құнын құрайтын төлемдер. Үстеме шығындарға өндірісті ұйымдастырумен, қызмет көрсетумен және басқарумен байланысты шығындар кіреді.

Үстеме шығындардың келесі түрі – шоттар талап етілетін шығындар, олардың мақсаты әр түрлі. «Шарасыз шығындар» немесе «тәуелді шығындар» деген түсініктер бар. Тәуелді шығындарға, мысалы: жайылымдарды күтіп-



ұстау, оларды емдеу, көк жайылымдардың өнімділігін арттыру үшін күздік жаздық рапс егісіне жұмсалатын шығындарды келтіруге болады. Малдардың өнімділігі жайылымдарды күтіп-ұстау, олардың өнімділігіне байланысты болады. Шарасыз шығындар бұл болжам – малдарға диагностика жүргізу (сынау-талдау), көрсетілген ветеринарлық қызметтер үшін шот ұсынатын ветқызметтер. «Өндірісті экологияландыру» талаптары бойынша өз жұмысымызды орындай отырып, шоттарды ұсындық.

Шығындарды белгілі мақсаттарға қол жеткізу үшін қолданылған ресурстар немесе орындалған (ветеринарлық қызметтер) ресурстар ретінде анықтау қажет.

Мысалы, күздік рапс егісінің жайылымдарын күтіп-ұстау бойынша шығындар, негізгі мақсаты жайылымдағы малдың өнімділігін арттыру үшін, малды қыс мезгілінде тебіндеп азықтануы үшін күтіп-бағу. Рапс егу арқылы жеріміздің құнарлығын көтеріп, өндірістік өнімділік қабілетін арттыра аламыз десек болады. Мұның барлығы өндірісті экологияландыру талаптарынан туындайды.

Негізгі және үстеме шығындарды есепке алу әдістемесі ұсынылды. ABC әдістемесі бойынша өндірісті экологияландыру есебінің мәселесі шешілді.

